

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122 (043)

Қолжазба құқығында

**САРСЕНБАЙ ЖАНАТ АСЫЛХАНҚЫЗЫ**

**Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе:  
норма және узус**

8D02307 – Қазақ филологиясы

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Салқынбай А.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Шахин И.  
(Егей университеті, Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ НОРМА МЕН УЗУС</b>	
1.1 Норма және узус: әлемдік және қазақ тіл біліміндегі зерттелуі.....	12
1.2 Коммуникативтік тәжірибедегі норма мен узус.....	28
1.3 Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникативтік нормалары.....	61
1.4 Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма және узус.....	72
1.5 Бірінші бөлім бойынша түйін.....	84
<b>2 ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ НОРМА МЕН УЗУС</b>	
2.1 Әлеуметтік желідегі қазіргі ауызекі сөйлеу тілінің көріністері.....	85
2.2 Әлеуметтік желідегі норма мен узус.....	109
2.3 Екінші бөлім бойынша түйін.....	137
<b>3 ҚАЗІРГІ КИНО ТІЛІ: НОРМА МЕН УЗУС</b>	
3.1. Қазіргі кино тілі: дискурстық ерекшелігі.....	140
3.2. Кинодағы вербальдық және бейвербалдық лебіз: норма мен узус көріністері.....	163
3.3. Кинодағы фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норма.....	181
3.4 Үшінші бөлім бойынша түйін.....	191
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>192</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>195</b>
<b>ҚОСЫМША А – сауалнама</b>	

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Тілдің дамуы, ең алдымен, ауызекі сөйлеу тілі арқылы қалыптасатын заңдылықтарға, қағидаларға негізделеді. Қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық болмысына тән басты қағида олардың бір-бірімен үйлесімділігі. Тарихи қалыптасқан жүйе қазіргі әдеби тіліміздің негізіне айналған, сондықтан бүгінгі ауызекі сөйлеу тіліндегі дәстүрлі қолданыстарды сақтау – тілдің ішкі құрылымдық табиғатын дамыту үшін аса маңызды. Әлемдік тіл білімінде қалыптасқан бұл заңдылықты барлық дамыған әдеби тілдер сақтайды. Мәселен, әлемдік тілдер қатарындағы ағылшын, испан, неміс, араб, қытай, урду тілдерінде тарихи қалыптасқан заңдылықтарды сақтау – қазіргі таңда белсенді зерттелуде. Қазақ тілінің үйлесімдігі мен үндесім заңдылығына негізделген қағидаларын қазіргі сөйлеу тілінде норма ретінде сақтау үшін жазылған терең ғылыми зерттеулер жеткілікті. Бұл тұрғыда, әсіресе, А.Байтұрсынұлы жасаған үлгіні зерттеу, зерделеу, бағалау және қабылдау өте маңызды. Ғалым «Тіл – құрал» еңбегінде: «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [1, 30] деп тұжырымдайды.

Ұлт этномәдениетінің бірегей феномені саналатын тілдің күйі, жағдайы, тазалығы қоғамның сөйлеу мәдениеті деңгейімен анықталады. Алайда тіл – мәні жағынан әлеуметтік, ал жұмсалыу тәсілі бойынша индивидуалды құбылыс болғандықтан, оның әлеуетін әрбір сөйлеуші жеке өзінше қолданады. Сондықтан *индивидтің сөйлеу мәдениеті* проблемасы қоғамда бұқаралық сипаттағы өзекті мәселеге айналып отыр.

Практикалық стилистика аясында пайда болып, кейіннен дербес сала ретінде қалыптасқан тіл мәдениеті іштей тармақталып, оның ғылыми пән ретінде қарастыратын нысаны әлдеқайда кеңейе түсті. Тілдік норма, тілдік жүйе мен дағды, функционалдық-стилдік норма, мәтін нормасы, сөздің коммуникативтік сапалары, тіпті соңғы жылдары тіл экологиясы – әлеуметтік лингвистика, сөз мәдениеті тұрғысынан қарастырыла бастады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің күнделікті қолданысында норма мен узус мәселесі өте күрделі әрі шешілмеген мәселенің бірі болып отыр. Сөйлеушілердің ауызша сөйлеуінде қазақ тілінің тек лексикалық нормалары ғана емес, сонымен бірге грамматикалық нормаларының да бұзылуы күнделікті жиі кездесетін сөйлеу әрекетіне айналуда. Осыған байланысты сөйлеу әрекетіндегі норма мен узус мәселесін ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігі айқын аңғарылады.

Зерттеудің басты ерекшелігі – күнделікті сөйлеу тілінде әдеби нормалардың сақталуын жақсарту үшін, телеарналар мен әлеуметтік желілердегі халыққа кең таралатын бағдарламалардың тілін ғылыми тұрғыдан саралау, норма мен узустың ғылыми ерекшеліктерін анықтап,

қолданыстағы басты кемшіліктерді, олардың болуы себебін нақты ғылыми деректер негізінде зерделеу.

**Зерттеудің өзектілігі.** Қоғамның дамуы мен тілдің қалыпты қызмет етуіне этносаралық, тіларалық қатынастарының тең әрі тұрақты дамуына ықпал ететін демократиялық бағыттағы тіл саясаты, тілдік жағдаят тікелей байланысты. Әлеуметтік лингвистиканың пәндік және теориялық ұғымдары мен зерттеу әдістерін пайдалана отырып, қазіргі қазақ тіліндегі әдеби тілдік нормалар мен ауызекі сөйлеу тіліндегі узуалды қолданыстарды ғылыми тұрғыдан зерделеудің өзектілігі бар. Диссертацияда соңғы жылдары ерекше маңыз алып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген коммуникативтік лингвистика мен әлеуметтік лингвистика саласы бойынша жазылған ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін теориялық негіз етіп аламыз.

Бүгінгі күні тіл білімінде сөйлеудің коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени аспектілерін қарастыру көкейтесті мәселе саналады. Әдеби норма сөйлеу тілінің әлеуметтік қарым-қатынас кеңістігінде сақталуы маңызды екені, әрі оны узуспен байланысты зерделей отырып, узустың қалыптасуындағы ерекшеліктерді зерттеу – қазіргі таңдағы қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Сөйлеу мәдениетін сақтаумен қатар тілдік ортаның ерекшелігін ескеру, қарым-қатынас арнасы (ауызша, жазбаша, әлеуметтік желілер түрлері, кино саласы т.б.), ортаның қарым-қатынас жасау ұстанымдарын білу, сөйлесімдердің тілдік сапасы, оның ішінде норма мен узусты анықтау зерттеудің өзектілігі болып табылады.

Ғылыми зерттеулерде «тілдік норма», «әдеби норма» немесе «сөйлеу мәдениеті» деген терминдер жарыспалы қатар қолданылады. Қарым-қатынас болған жерде узустық қолданыстардың да небір түрі кездесе береді. Осы уақытқа дейін узусты талдау оның «дұрыс» не «бұрыс» жағын көрсетумен ғана шектеліп келді. Алайда узу терминінің (дефиниция) анықтамасын беріп, оның пайда болу себептерін анықтағанда ғана сөйлеу нормасы мен узустың пайда болу тетігін дұрыс саралауға болады.

Әлеуметтану мен коммуникация салаларында жаһандану заманауи мәдени өнім құралдарын (фильмдер, теледидар, интернет, БАҚ, жаппай жарнама және т.б.) ғаламдық бұқаралық мәдениет деп түсіндіреді. Мұнда батыстың мәдени құндылықтары басым болуда. Қазақстанның мәдени-қоғамдық кеңістігінде жаһандану міндетті түрде модернизациялы «жаңғырумен» бірге дамуда.

Сөйлеу – тіл арқылы ойды жарыққа шығару үдерісі. А. Байтұрсынұлы: «Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандықтан. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай

сөзінің жүйесімен тіссе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 37] деген сөздерінің астарында осы күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан мәселелерімізді сол кезеңнің өзінде кесіп-кесіп айтып өткен. Алайда тілді әркім өзінше қолданады. Нәтижесінде сөйлеу үдерісінде сөз саптау қолданыстарының қалыптанған және қалыптанбаған сөздердің орын алуы мүмкін. Қазіргі коммуникативтік тәжірибеде норма мен узусты зерттеудің адамдар арасындағы қарым-қатынас үшін, сондай-ақ көптілділік жағдайында қолданылатын тіл не тілдердің өміршеңдігін сақтау үшін қажеттілігі тақырыптың өзектілігін айқындай түспек.

Адамдар арасындағы коммуникация негізі болып саналатын сөйлеуде қате жібермеу – қазіргі қазақ тілін қолданушылар үшін бірден-бір қажеттілік. Қазақ даналығы бойынша «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ», кез келген адам «көңілдегі көрікті ойын» жеткізуде қателеспеуге тырысады. Тіл – таңба жүйесі, оны өмірде қолдану – сөйлеу, қарым-қатынас түрінде жүзеге асады.

Тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қоғамда қызмет етуі, сондай-ақ тілде ұлттық, мәдени ерекшеліктердің көрініс табуы – қоғамның тілді қолдануының нәтижесі. Тілдік материалдарды қолдана отырып қарым-қатынас жасау барысында адамның өз ойын, білгенін дұрыс жеткізе алуы – адам әрекетінің әрі қарай дұрыс жүзеге асуының кепілі. Ал әрекет бар жерде міндетті түрде қателесу де болады. Осы тұрғыда, норма және оның түрлері, норма және узус, әдеби тіл нормасы, норма және оның жүйемен, дағдымен (узус) байланысын, варианттылықты зерттеу тілдік норманың ортологиялық базасын кеңейте түседі.

Сөйлеу қателерін әлеуметтік тұрғыдан қарастыру, алдымен, әлеуметтік лингвистика ілімінің мақсаттары мен зерттеу нысанын анықтауды қажет етеді. Әлеуметтік лингвистика қоғамдық ережелер мен нормаларды анықтайтын, тілдік ұжымның тілге деген қатынасын түсіндіретін және реттейтін ғылым болып табылады.

Узус терминіне «дағды», «тосын қолданыс», «жалпылама қолданым» секілді терминдермен еңбектерде анықтама берілген. Зерттеу жұмысымызда ғалым Р.Сыздықтың пікірін басшылыққа алып, көзқарастарын мақұлдаймыз.

Қазіргі сөйлеу тәжірибесінің ерекшелігі – ауызша сөйлеу салаларының күрт дамып, кең қанат жаюында. Қоғам көп тыңдап, аз оқуға бейімделіп келеді. Алайда телефон, радио, теледидар, видео, кино сияқты аудиовизуалды байланыс құралдары жазбаша сөйлеу тілінің рөлін бәсеңдете түскенмен, ақпараттық технологиялардың жаңа толқыны (әлеуметтік желі, телеграм-бот) жазба тілі қажеттілігін дәлелдеп, маңыздылығын арттыруда.

Әлеуметтік лингвистика тілдің динамикадағы жай-күйін қарастырады десек, тілдің бүгінгі қалпын толығымен медиакеңістіктен көруге болады. Өйткені соңғы он жыл көлемінде адамзат коммуникация құралдары мен тәсілдері саласында нағыз төңкерісті бастан кешіп жатыр. Ғаламтор мен басқа да ақпараттық коммуникациялық технологиялар біздің өміріміздің барлық саласына түбегейлі әсер етіп, жаңа дағдылар мен қабілеттерді, ойлау

амалдарын туғызуда. Бұған дейін болмаған әлеуметтік желілер, блогтар, жеке масс-медиа, т.б. секілді жаңа құбылыстар пайда болды. Қазіргі медиа қоғамдық пікірге әсер етуші күштен қоғамдық пікірге жетекшілік ететін күшке айналды. Бұл үдерістер бір жағынан оң, ал екінші жағынан теріс әлеуметтік өзгерістерге алып келуде.

Ақпараттық технологиялардың дамуы ақпаратты іздеудің, сақтаудың және көрсетудің жаңа тәсілдерін ғана тудырып қоймай, қазіргі коммуникация құралдары мен жаһандық ықпалдардың әсерімен қалыптасып жатқан жаңа мәдени және тілдік ортаның пайда болуына ықпал етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақтілді әлеуметтік желі, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі теориялық тұрғыдан ұғыну, оның тілін коммуникациялық аспектіде зерттеу арқылы ұлттық тілдің бүгінгі жай-күйін шынайы анықтау мүмкіндігі туады. Біз бұл зерттеу жұмысымызда ауызша (жазбаша) сөйлеу үдерісінде узустық құбылыстардың орын алу себептерін қарастырып, оларды жүйелеп көрсетуге тырыстық.

Кино тілінде сөзді вербалды және бейвербалды амалдар арқылы зерттеу тілдік тұлғаны сөз мәдениетінің іргелі түпқазық ұғымы ретінде алу, тілдік тұлғаның санасындағы тілдік және тілдік емес білімдер жүйесін когнитивтік құрылым ретінде қарай отырып, коммуникацияның сәтті/сәтсіздігін білімдер жүйесімен байланыстыру зерттеудің әлеуметтік аспектісімен байланысты жаңалығы деуге болады.

**Зерттеудің нысаны.** Коммуникативтік тәжірибедегі сөйлеу тілі, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі сөйлеушілерінің тілі, кино тілі.

**Зерттеудің пәні.** Қазақ тілді коммуниканттардың қазіргі сөз қолданыстарының коммуникативтік аспектісі.

**Зерттеудің мақсаты.** Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибеде, яғни әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан тілдің қолдану өрісінде норма мен узус негізінде қалыптасқан нормадан саралап ажырату, жүйе негізінде қалыптасқан норманың ауытқу тұстарын көрсету. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай нақты міндеттер қойылды:

**Зерттеудің міндеттері:**

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма мен узусты анықтау;
- коммуникативтік тәжірибедегі норма мен узус туралы зерттеулерді саралап,
- әлеуметтік желідегі қазіргі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтау;
- кино тілінің дискурстық ерекшелігін анықтау;
- кинодағы вербалдық және бейвербалдық лебіздердің ерекшеліктерін анықтау;
- кинодағы фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норманың ерекшеліктерін анықтап, ғылыми-практикалық ұсынымдар жасау.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі.** Зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерімен қатар грамматикалық категориялардың сипаты

тұрғысынан С.Аманжолов, Б. Сағындықұлы, А.Ысқақов, Т.Қордабаев С.Исаев, С.Бизақов, еңбектері;

тіл мен мәдениет, тіл мен сананың қатынасы, тіл тазалығы аясында Л.П. Ступин, Я. Йылмаз, Р.Кушикердоған, Ф. Гултегин Е.Йаман, М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Күдерина, Н.Рысалиева, Б.Қапалбек, А.Әміржанова еңбектері;

тілдік норманы қалыптастырған Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев, Б. Сағындықұлы, А.Алдашева, Қ.Қадырқұлов еңбектері;

норма мен узус терминдеріне жеке тоқталып өткен еңбектер Л.В. Щерба, Л.П. Крысин, Э. Косериу, Л.К. Латишев, И.В. Пекарская, Ю.С.Степанов, Е.В. Ерофеев, А.Н. Кудлаев, Д.Е. Розенталь, М.А. Теленкова Ж.М.Гузеев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Малбақов;

Әлеуметтік лингвистикаға қатысты М.М.Копыленко Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Х.Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова, Н.З.Шаймерденова, М.К.Исаев, З.К.Ахметжанова, А.Салқынбай, С.Баяндина, А.Құмарова, С.Асанбаева, А.Абасилов, О.Жұбаева, К.Күркебаев еңбектері;

Медиакеңістік, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты Ө.Айтбайұлы, Н.Қарашова, Р.Барлыбаев, А.Алдашева, Б.Момынова, Ш.Мәжітаева, О.Бүркітов, Қ.Қадырқұлов, С.Сапина, Г.Ерназарова т.б. еңбектерінде зерттелді. Ал газет тілінің прагматикалық аспектіде зерттелуін М.Мұқашева, В.Әбішева, Ә.Игенсартова, Б.Райымбекова, Б.Момынова, Қ.Есенова, Ф.Жақсыбаева, А.Жұмағұлова т.б. еңбектері;

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты прагматикалық, коммуникативтік, лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырған В.Н.Рябов, А.А.Матусевич, Е.И.Горошко, Г.Ю.Виноградов, Е.Н.Вахрамова, Н.В.Кузнецова, Н.А.Муравьев, Е.В.Исаев, К.Садирова еңбектері;

Кинодискурс саласындағы А.Әділова, Ш.Нұрмышева, А.Тұяқбаева т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының мақсаты мен тақырыптық ерекшелігіне байланысты коммуникативті әдіс, сипаттама, талдау, жүйелеу және түсіндіру, тілдік факторларды салыстыра отырып зерттеу, құрылымдық-семантикалық, когнитивті-прагматикалық интерпретация, компоненттік талдаулар негіз болды. *Әлеуметтік мониторинг* (бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық тепе-теңдікті анықтау), *мазмұндық талдау* (әлеуметтік желілердің, бақ, киносценарий мәтіндерін анықтауға мүмкіндік беретін бірліктерді талдауда); статистикалық талдау (кинотеатрлардың атауларына қатысты сандық талдауда); әлеуметтік сауалнама жүргізу; эксперимент, жүйелеу әдістері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Тілдік норма, әдеби норма, узус ұғымдарының арасындағы өзара байланысты және олардың арасындағы айырым белгілерді талдау, ұсыныстар беру мақсатында қазіргі қазақ әдеби тіліндегі объективті норманы және нормалану үдерістерін танытатын тілдік фактілер қамтылды. Эмпирикалық материалдар «Қазақ тілінің

орфографиялық сөздігі» (1988, 2013), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011), «Сөзтүзер» (Қате қолданыстар сөздігі) сөздіктерінен іріктеліп алынды. 2013-2023 жылдар аралығында басылып шыққан «Qazaq gazerreti», «Stan.kz» сайтынан («Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» сияқты мерзімді басылымдардың) материалдары пайдаланылды. Әлеуметтік желілерден фейсбук пен ватсап материалдары пайдаланылды. Қазақ киноларынан соңғы он жылдықта жарық көрген фильмдерге («Кейкі мерген», «Сарай сыры», «Ұлт ұстазы. Ахмет», «Оян, қазақ. Міржақып», «Мен жастарға сенемін. Мағжан», «Келінжан» т.б.) тілдік талдау жасалды.

Зерттеу жұмысында тілдік материалдардың жалпы саны – 2000-нан астам бірлік алынды. Бұқаралық ақпарат құралдарынан жинақталған материал (950-ден астам), 500-ден астам әлеуметтік желі мәтіндері, кинодискурс мәтіндерінен (400-ден астам), эксперимент материалдары (200-ге жуық).

**Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері.** Зерттеу жұмысы үш кезең арқылы жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде (2020-2021) тілдік нормаға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбына сәйкес еңбектерімен танысып, оларға талдау жасалып, болашақ зерттеудің негізгі бағыттары мен тұғырлары нақтыланды.

Екінші кезеңде (2021-2022) зерттеу жұмысының негізінде алынған тұжырымдар, басты идеялар айқындалды, әлеуметтік лингвистиканың басым бағыттары белгіленді, норма мен узустың аражігі анықталып, теория мен практика ұштастырылды. Узусқа қатысты теориялар нақтыланып, мысалдар жинақталды. Аялық білім арқылы эмотивтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді технологиясы дайындалды. Әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы арнайы мақала ретінде жарық көрді.

Үшінші кезеңде (2022-2023) зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытыланды. Эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы лингвоэкологиялық білім берудің жолдары нақтыланды. Эмотивтік құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту технологиясының тәжірибелік эксперименті жасалды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Қазіргі коммуникациядағы қарым-қатынаста, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде мақсатты түрде қолданылатын норма мен узус зерттеу жұмысына кешенді түрде алғаш рет зерттеліп, олардың лингвопрагматикалық механизмі жан-жақты сипатталды. Атап айтқанда:

- ұлт этномәдениетінің бірегей феномені тіл – әлеуметтік ортада қолданылатын қарым-қатынас құралы ретінде коммуникативтік қырынан сипатталды;

- тілдік норманың негізгі қағидаларын пайда болуы, салыстырмалы түрде талданып, ортақ ерекшеліктері айқындалды. Олардың тіл қабаттарынан алатын теориялық және әдістемелік тұрғыдан баға берілді;



- жаңа қолданыстағы узустың нормалану деңгейі анықталып, тілдік норма мен узустың аражігі көрсетілді;
- қазақ тіл білімінде әлі де басы ашыла қоймаған талас мәселелер жүйе-норма-узу (сөз саптау кезінде адамның сөйлеу әрекетіне тән сөздер, қате қолданыстар, узустық қолданыстар, норманың нақты белгілері, қазіргі «сән» қолданыстардың дағдыға айналуы, узусты танудың нәтижесінде норманың қалыптасуы) анықталды;
- Узустық қолданыстар коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлері бойынша ажыратылып көрсетіледі;
- Сөйлеу әрекетінің мақсатына байланысты уәжді және уәжсіз ауытқулардың болатыны анықталды;
- БАҚ бетіндегі узустық қолданыстардың ерекшеліктері айқындалып, олардың ұлттық-мәдени сипаты танымдық тұрғыдан талданды.
- Қазақ мерзімді баспасөзінде қолданылған сөздердің норма мен узустың ерекшеліктері алғаш рет арнайы зерттелді. Сондықтан норма мен узустың медиамәтіндегі берілу тетігі ұсынылды.
- Зерттеу жұмысында экрандық шығарманың суреттеу тілі, кино тілі, стильдік бағытын зерттеуге алынды. Бұл бағытта ғылыми тұрғыда жазылған лингвистикалық зерттеу жұмыстары жоқтың қасы.
- Отандық кино тіліне сараптамалық талдау жүргізіліп, алғаш рет қазақ киносының тілі ғылыми тұрғыда жүйеленіп зерттелді.
- Көркем әдеби шығарма дискурсы бастапқыда жазба тілінде орындалғанмен экранға бейімделген (сценарий) сәттен бастап, сөйлеу тіліне лайықталып құрылып, кино жанрының ерекшелігіне сәйкес диалог, полилог, монолог түрінде жүзеге асырылады. Әрі оның негізгі өзегі ауызша сөйлеу мен кинетикалық сөйлеу түрлерінен құралады.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Қазіргі қазақ тілінің коммуникативтік тәжірибе алаңында жіберілетін қателерді анықтау тіл теориясын үш тұрғыдан дамытады: 1) әдеби тіл нормасы мен нормадан ауытқу құбылыстарын саралайды; 2) тілдік құбылыстарды уақыт тезіне салып, ондағы ауытқу мен нормаларды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттейді; 3) норма мен узустың аражігін ажыратып, узусты зерттеу арқылы теориялық тұжырымдар жасайды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелерін теориялық тұрғыдан тұжырымдап, қазақ тілі негізінде дәйектеуге көмектеседі.

**Жұмыстың практикалық маңызы.** Диссертация жұмысының теориялық нәтижелерін ескере отырып, практикалық талдаудың нәтижесін арнайы сөз қателері, қате қолданыстар, узустық қолданыстар, қазіргі коммуникативтік сөз жұмсалымдары сөздігін жасауда, құрастыруда пайдалануға болады. Жұмыста қарастырылған теориялық пікірлер мен қағида-тұжырымдамалар туралы ойларға сүйене отырып, арнайы курстарда, жоғары оқу орындарының филология және журналистика факультеттерінде «Сөз мәдениеті», «Стилистика және тіл мәдениетінің негіздері», «Қазіргі

қазақ публицистикасының тілі», «Қазақ сөз этикеті», «Тілдік қарым-қатынас», «Әлеуметтік лингвистика» сияқты арнаулы курстар, көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сонымен бірге ғылыми зерттеу жұмыстарына және тілашар құрастыру кезінде де зерттеу материалдарына дереккөз бола алады.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.**

1. Медиакеңістік – техногендік өркениет пен ақпараттық жаһандану жағдайында ақпараттың қозғалысы мен коммуникациялық байланыстардың шекарасы жойылған, аудиторияның әлемді қабылдауының идеологиялық, эмоционалдық, тіпті түпсаналық танымын қалыптастыратын, ақпараттар мен мәдени кодтар жасалатын, таратылатын және эстетикаланатын басты сандық экожүйе. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма мен узустық қолданыстар анықталды.

2. Қазіргі коммуникация тәжірибесінде норма мен узустың орын алу себептері әлеуметтік лингвистиканың сөйлеу формалары бойынша айқындалады; қарым-қатынастың ауызша түрінде ойлау мен ойды тіл арқылы жарыққа шығару сәтінің бір уақытта жүзеге асырылуына байланысты узустық қолданыстарды пайдалану ықтималдығы жоғары.

3. Ақпараттық технологияның прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленетін жаһандық платформалар аясында қазақ тілді әлеуметтік желі жүйесіндегі мәтін мазмұны сарапталды. Facebook, Whatsapp желілеріндегі узустық қолданыстар анықталды.

4. Кино – синтезделген өнер туындысы, ол экрандық шығарманы тарату құралы. Кино тілінің дискурстық ерекшелігі бар және зерттеу маңызды.

5. Кино тілінде қолданылатын әр алуан әдеби лексикалық бірліктер қабылдаушы топтың лексикасына әсер етіп, тілдік сипатын қалыптастырады, олардың сөздік қоры мен құрамын толықтырады. Тарихи кинолардан қазіргі сөйлеу тілінің нормасы сақталған, ал қазіргі түсіріліп жүрген кино тілінен узустық қолданыстар кездеседі. Кинодағы вербалдық және бейвербалдық лебіздердің ерекшеліктері мол.

6. Кинодағы фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норманың ерекшеліктері анықталып, ғылыми-практикалық ұсынымдар жасалынды.

**Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары.** Зерттеуден алынған негізгі нәтижелер бойынша 9 мақала жарық көрді. 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда; 1 мақала – Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда; 5 мақала – отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланған. Докторлық диссертацияның мазмұны Иранда шығатын SCOPUS тізіміне енген «International Journal of Society, Culture & Language» журналына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен Әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысының Филология сериясына «Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен узустық ерекшеліктер» (Алматы, 2023 жылдың №1), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының Филология сериясына «Linguistic interpretation of contemporary historical films» (Астана, 2023 жылдың №2), Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысының Филология сериясына «Әлеуметтік желідегі тілдік қолданыстар: норма және узус» (Алматы, 2023 жылдың №3) тақырыптары бойынша жарық көрген мақалаларда, халықаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жасалған баяндамаларда берілді.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады (сауалнама мәтіні мен диаграммасы, кесте, сөздік).

# I БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ НОРМА МЕН УЗУС

## 1.1 Норма және узус: әлемдік және қазақ тіл біліміндегі зерттелуі

Тілдің әлеуметтік және саяси дамыған қоғамда қызмет етуі үнемі реттеуді талап етеді, өйткені, ең бірінші, тілдің лексикалық қоры мен сөйлеу нормаларының түрленуінде көрініс табатын тілдік жүйе өзгерістерінің спонтанды үдерісі саяси көпшілік және мемлекеттік институттардың қызмет ету мәселесі, білім берудің құлдырауы, бұқаралық ақпарат құралдарының іркілісі сияқты қоғамдық қатынасқа қиындықтар туғызады. Сөйлеудің әсер етуі таным үдерісімен тікелей байланыса отырып, білімді қабылдау үдерісінде туындайтын қателермен, қандай да бір фактінің маңыздылығын бағалаудағы қателермен, жаңа білімді меңгеруде когнитивтік жүйенің бұзылуымен анықталады.

Норма, узус терминдері әлемдік және отандық тіл білімінде әртүрлі ұғымда қолданылады. Бірде «узус» норма ұғымына синоним, енді бірде қарама-қарсы мағынада қолданылса, кейде «узус» терминіне «қолданыс» лексиконы балама ретінде беріледі. Жалпы бұл ұғымдардың мағынасы олардың атқаратын негізгі функциясын, мақсатын айқындау барысында нақтылана түседі. Бұл ұғымдардың әлемдік және отандық тіл білімінде зерттелу деңгейі де әртүрлі. Шетел тіл білімінде норма мен узус әр қырынан, тілдің әртүрлі жүйесінде зерттелген.

Түрік ғалымдары Якуп Йылмаз «Türkçede Dil Yanlışları, Özel Kitaplar Yaınevi (Түрікшеде тіл қателіктері)» (Ыстамбұл, 2010), Ренгин Кушикердоған «Reklam iletirinde Türk Dil kullanımı ve Uygulamadaki Dil yanlışları (Жарнамалық хабарламада түрік тілін қолдануы және қолданыстағы тіл қателіктері)» (Ожак, 2013), Фатма Гултегин «Sosyal bilgiler ders kitaplarında düşünmeyi engelleyen dil yanlışlarının belirlenmesi (Әлеуметтік ғылымдар оқулықтарындағы ойлауға кедергі болатын тілдік қателіктерді анықтау)» (Ақсарай, 2018), Ертуғрыл Йаман «Türkiye Türkçesinde Güncel Söyleyiş Sorunları ve Dil Yanlışları (Түркия түрікшесінде қазіргі таңдағы сөйлесу мәселелері және тіл қателіктері)» (Егей, 2020) норма мен узус ұғымдарына зерттеу жүргізген және «узус» терминін қолданбайды, оны қате қолданыстар секілді сөздермен алмастырған.

Диссертацияда Л.П. Крысиннің «Современный русский язык: Система – норма – узус», «Языковая норма и речевая практика», Э. Косериудің «Новое в лингвистике» Л.К.Латишевтің «Технология перевода» және И.В. Пекарская, Ю.С. Степанов, Е.В. Ерофеев пен А.Н. Кудлаевтың т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Отандық тіл білімінен Р.Сыздықованың «Тілдік норма және оның қалыптануы», М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары», сонымен бірге А.Ысқақов, Т.Қордабаев, С.Бизақов, Н.Уәлиевтің еңбектері арқау болады.

Қай тілде де айтылу нормасы, жазылу нормасы, дұрыс сөйлеу нормасы тәрізді бірқатар нормалардың болатыны белгілі. Тіл дамып, өзгерген сайын оның нормалары да өзгереді. Оның үстіне тілдік ортада болатын алуан түрлі сапалық өзгерістер тілдік нормаларға өте қатты әсер етеді.

Қазіргі тілдік ахуалда «орта тіл иесін» анықтау да қиынның қиыны. Оның себебі – өткен кезеңдегі «ұлт тілдерінің тоғысуы», «қос тілділік» идеясының нәтижесінде ұйысқан тілдік орта бұзылды, қазақ тілін меңгеру деңгейі ала-құла болып кетті. Бұл туралы белгілі ғалым Б.Хасановтың еңбектерінде жан-жақты сөз болады [2; 25].

Түркі лексикографиясын зерттеуші ғалым Ж.М.Гузеев нормативтіліктің бес белгісін атайды:

- 1) Тілдік құбылыстың тұрақтылығы;
- 2) Оның таралу дәрежесі;
- 3) Оның тілдік заңдылықтары мен тенденцияларына үйлесімділігі;
- 4) Сөздіктің мақсатына сай болуы;
- 5) Тілдік ескерткіштердің сенімділік дәрежесінің жоғары болуы.

Ғалым іле-шала осы аталған белгілердің осал жақтарын жан-жақты дәлелдейді. Мәселен, оның айтуынша: а) әдеби тілдің нормалары бір қалыпта болмады, баяу болса да өзгеріп отырады; ә) қате құбылыс та кең таралуы мүмкін; б) тілдік құбылыс сөздіктің мақсатына сай келуі де анық өлшем болып саналмайды. Бұл түрлі қырынан қарастыруға болатын құбылыс; в) тілдік ескерткіштің сенімділік дәрежесін анықтау да оңай емес. Сондықтан ғалым: «нормативтіліктің немесе нормаға сай келмеушіліктің айқын өлшеуіші осылардың барлығын ескеріп, бірге қолданғанда ғана байқалмақ» - деген шүбәлі қорытындыға келеді [3, 5].

Тілдегі норма мен нормативтілік туралы жазылған арнаулы әдебиеттің молдығы белгілі. Солардың ішіндегі ғылыми деңгейі өте жоғары еңбектердің бірі – герман тілдерінің белгілі маманы Л.П. Ступиннің «Проблема нормативности в истории английской и американской лексикографии» [4] атты докторлық диссертациясы мен «Проблема нормативности в истории английской лексикографии (XV-XX вв.)» атты монографиялық зерттеуі. Аталған еңбектерде ғалым норма мен нормативтілік құбылысының даму жолын ғылыми зердеден өткізеді. Қазіргі кездегі қазақ лексикографиясындағы норма мен нормативтіліктің мәселелеріне тікелей қатысты, ғылыми құндылығы жоғары еңбек болғандықтан, осы шығармаға жіті назар аудару қажет деп ойлаймыз.

Л.П.Ступин норманы тілдік жүйе мен сөйленімнің (речь) ара жігіндегі, осы тіл өкілдерінің тілдік жүйенің өзіне қатысын көрсететін прагматикалық фактор деп біледі.

Ғалым **норма мен норманың кодификациясы** ұғымдарының ара жігін айқындаған Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері болғандығын еске салады. Олардың пікірі бойынша, норма жасырын (имплицитті) түрде мәтіндерде көрініс табатын болса, ашық (эксплицитті) түрде тілдік норма туралы оқулықтар мен сөздіктерді құрастырушы авторлардың норма туралы

түсініктері түрінде кодификацияда көрінеді: *кодификация дегеніміз тілде объективті түрде бар норманың әлеуметтік тұрғыдан түсінілуі, сол арқылы тиісті оқулықтарда айғақталуы* [5,13].

Бірінші топ – нормативтіліктің өлшемі тілден тысқары, сыртқы факторда десе, екінші топ – нормативтілік тілдің өз табиғатына тән дейді. Бірінші топтағылар екі түрлі ғылыми көзқарасты ұстанады: а) қағидалар теориясы; ә) тілдік тиімділік теориясы.

Тілдік тиімділік теориясын жақтаушылар қазіргі табиғи тілге сын көзімен қарайды, тілді түзету керек, адамның ойын дәл, нақты, логикаға сай, тиімді етіп жеткізудің жолдарын қарастыру қажет дейді. Тілдегі үнемдеу тәсілін жақтаушылар да осы топқа кіреді.

Нормативтілік тілдің өз табиғатында бар қасиет деген көзқарасты ұстанушылардың өзінде, ғалымның айтуынша, төрт түрлі пікір бар.

- 1) аумақтық бедел теориясы;
- 2) әдеби бедел теориясы;
- 3) тілдік шарттылық теориясы;
- 4) жалпылама қолданым (узус) теориясы.

Аумақтың (аймақтың) беделіне сүйенетіндер норманы тұрақтандыру, бекіту жолындағы негіз ретінде аумақтық диалектіні ұсынады. Үлгі ретінде әдетте ең беделді диалект алынады. Ғалым бұл ұстанымды дамыған ұлттық тілге қолдануға болмайтындығын жазады. Біріншіден, бұл қоғамдағы даулы мәселелерді көбейтетін болса, екіншіден, таза тілдік тұрғыдан, бір ғана аумақтық вариантты норма ретінде тану ұлттық тілдің жұтануына әкелетінін айтады [5,84].

Әдеби бедел теориясы беделді, белгілі классик ақын-жазушылардың шығармаларының тілін үлгілі нұсқа ретінде ұсынып, оларды нормативтіліктің негізі ретінде санайды. Кезінде Л.В. Щерба да осы пікірде болып: «Бәрі де дұрыс тілде сөйлегісі келеді. Бірақ дұрыс сөйлеудің нормасын қайдан іздеуді білмейді. Жауап өте қарапайым: әдебиетіміздегі классиктердің шығармаларын оқыңыздар» [4,52].

Норма мәселесімен арнайы айналысқан мамандар да тілдік деректердің өткен кезеңдегі жазушылардың шығармаларында қолданылуын нормативтіліктің басты өлшемдерінің бірі санайды.

Л.П.Ступиннің пікірі бойынша, аталмыш дәстүрдің теориялық тұрғыдан байқалатын кемшілігі: біріншіден, ұлы тұлғалардың ұлы шығармалары тілдегі сөздердің мағынасын айқындауға, стильдік өңін ашуға, жазба тұлғасын белгілеуге зор үлес қосады. Бірақ, бұл сөздердің айтылымын белгілеп бере алмайды. Себебі ол мүмкін емес. Жер-жерде бір сөздің бірнеше фонетикалық варианты болуы мүмкін. Әр жерде өмір сүретін адамдардың сөздерді дыбыстап сөйлеу жағынан ерекшеліктері көп болады. Екіншіден, бұл теорияны жақтаушылар классиктердің туындыларының тілі миллион сан халықтың ауызекі сөйлеу тіліне шешуші әсер етеді деп ойлайды. Шындығында тілдік норманы жазушылардың өздері жасамайды. Олар халықтың тілінде бар дайын норманы пайдаланады. Олардың тілге өң беруі,

оны әрлендіре түсуі, байыта түсуі мүмкін. Бірақ тұтас бір халықтың тілін нормаға сала алмайды [4,16].

Үшіншіден, ғалымның пікірі бойынша, тілдің үнемі жаңаруда, өзгерісте болатыны анық. Мәңгі қозғалыстағы жасампаз халық тілі бір сәтке де тоқтаусыз, тоқыраусыз ағымда болады. Ал ұлылардың шығармалары – ұлы данышпан суреткердің қаламынан туған полотно тәрізді теңдесі жоқ туындылар. Екеуінің айырмасын аңғару қиын емес.

Ғалым әдеби бедел теориясының төртінші, басты кемшілігі ретінде оның тиянақсыздығын, ақын-жазушылардың кейбір еңбектеріндегі кейбір қиын сөздерді нормативті қолданыс қатарына қоспаушылықтың барлығын атайды.

Жалпылама қолданым (узус) теориясы бойынша, тілдік ұжым мүшелері тілінде тұрақты түрде, үнемі қолданылатын тілдік құбылыстардың бәрі де нормативті болып саналады.

Л.П.Ступин узус теориясының негізін салушы ретінде ағылшын тілшісі Дж.Крэпті атайды. Бұл теория бойынша, тілдік үлгі тілден тысқары болмайды. Ол тілдің ішінде, тілдік тәжірибеде болады. Адамдардың түрлі топтарының тілдік тәжірибесі әрқилы болатындықтан және ол өзгермелі әлеуметтік сөйленім жағдайына тәуелді болатындықтан, бұрынғы жалпыға бірдей жалғыз дұрыс норма концепциясының орнына норманың мүлде жаңа түсінігі ұсынылады [72].

М.Малбақовтың еңбегінде *тілдік ұжым* кең ұғымда да (осы тілде сөйлеушілердің барлығы), тар ұғымда да (әлеуметтік топтар, аумақтық топтар, жас ерекшелігіне байланысты топтар, білім дәредесіне байланысты топтар, т.б.) ұғынылуы мүмкін. Демек бұл жағдайда нормалардың бірнеше жүйесі болады. Олардың бәрі осы тілдегі нормалардың архижүйесіне кіреді. Узус теориясы осы архижүйеге кіретін нормативті варианттардан таңдау, таңдағанда белгілі бір нақты әлеуметтік сөйленім жағдайына үйлесетін, осы жағдайда шынымен тиімді болатын вариантты таңдау мүмкіндігін береді [72].

Ғалым жалпылама қолданым (узус) теориясын Прага лингвистикалық үйірмесі мүшелері (Пражский лингвистический кружок, 1967) мақұлдағандығын жазады.

*Жалпылама қолданым* (узус) принципі де қазақ тілінде әрқашан қолданыста болды. Қазақ тілінің сөздік қорында, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымында бар аймақтық, диалектілік ерекшеліктер, кәсіби тіл, ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері кеңінен қамтылып келеді. Мәселен тілімізде фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дублеттердің молдығы баршаға аян. Олар біздің диалектологиялық, түсіндірме сөздіктерімізде кеңінен қолданылып келеді. Екі томдық түсіндірме сөздікте, әсіресе халқымыздың тіл байлығын мол қамтыған он томдық түсіндірме сөздікте сөйлеу тілінің ерекшеліктері де, жергілікті ерекшеліктер де, диалектілік лексика да, кәсіби лексика да жеткілікті дәрежеде берілген.

Нормативтіліктегі жалпылама қолданым принципі әлемдік лексикографияның маңдай алды туындыларында, әсіресе ағылшын мен американ лексикографиясы туындыларында басты ұстаным ретінде қабылданған.

Жалпытілдік норманың көптеген нормалар жүйесінен құралуы – ақиқат құбылыс. Жеке-жеке ғылым салаларының өз метатілдері бар екендігін көрсететін шектеуіштер, уақыт пен кеңістікке қатысты тілдік айырмашылықтарды білдіретін шектеуіштер, тіл әдебіне байланысты, т.б. түрлі-түрлі шектеуіштер жалпы тіл мен жеке сөздің күрделі құрылымынан хабар береді.

Бұрынғы «орта тіл иесі» теориясының мәні – жұрттың көбісіне, көпшілікке ортақ құбылыстарды бейнелеу болса, узус теориясының мәнісі – адамдардың жас, білім, аймақ, т.б. өмір жағдайларына байланысты ерекшеліктерінің бәрін ескере отырып, солардың бәрін де қанағаттандырарлықтай шешім табуға ұмтылу. Узус теориясы тілдегі барлық құбылыстарды да ең тиімді жолмен ашуға мүмкіндік бере отырып, ешқашан архинормамен қайшылыққа келмейді. Қарапайым ғана мысал: осы талап тұрғысынан, түсіндірме сөздіктерде дублеттердің бәрі де беріледі.

Қазақ тіл білімінде тілдік норма мен нормаға қатыссыз сөздерді жіктеген, оның арасын ашып, айқындаған А. Байтұрсынұлы екенін ерекше атап өтуіміз керек. Өйткені күні бүгінге дейін бұл мәселе туралы ұлт ұстазының айтқан пікірлері ғылыми тұрғыдан талдауға, талқылауға түспеген. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінің тіл ғылымы теориясы үшін де берері мол екені қазіргі қазақ тіл білімінде көп айтыла қоймаған өзекті мәселенің бірі. Ғалым «Сөз өнерінің ғылымы» атты бірінші бөлімінде мынадай ой айтады: «Сөз жұмағы тіл деп аталады. Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі, 2) әншейін тіл. *Ақын тілі* айрықша өң беріп айтылған сөз; *әншейін тіл* ондай өң берілмей, жай айтылған сөз» [6,16]. Автор одан әрі ақын тілімен сөйлескенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен, лебіз көрнекі болып шығатынын, ал әншейін тілмен сөйлегенде, сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш болып шығатынын ескертеді. Демек, Ақымет бұл жерде әдеби нормамен көркем сөйлеу жүйесін тілге тиек етіп айтып отырғаны анық. Ал «айрықша өң беріп айтылған сөз» қазақ тілінің нормалық жүйесін айқындаушы маңызды фактор екені айқын.

Қазақ әдеби тілінің тарихын, оның бастауы мен дамуын Абай шығармаларымен ұштастыра қараған ғалым Қ.Жұбанов «Қазақ тіліндегі зерттеулер» еңбегінде ақынның шығармалар тілін сипаттай отырып, нағыз тілдік нормаға тән негізгі белгілерді көрсетеді. «Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абай тілінің сөздігі, грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптық күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сыярлық қана болып қоймайды; бірі олай, бірі бұлай да кетпейді; солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі



жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады. Берілген көңілдің шабытына, көтеріңкі бәсендігіне қарай, түрленіп, грамматикалық формалары бірде есім, бірде етістік болса, өлең өлшеуі, ырғағы бірде шұбалаң, бірде жүрдек болып келеді. Сөйтіп, Абай өлеңінің мазмұны өзіне лайық түрге орана келсе, түрі де бойына шақ мазмұнын жамылып келеді. Түр мен мазмұн тек жарасып отырмайды, бір-біріне ауысып, бірінен-біріне құйылып отырады» [7,292]. Ғалым үйлесім тапқан сөз жүйесінің, норма түскен, жалпыхалыққа түсінікті әдеби тілдің үлгісін көрсетеді.

Сондай қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихын диалектілер мен Абай шығармалары арқылы зерттеген ғалым С.Аманжолов «Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихының мәселелері» еңбегінде тілдік норманың басты сипаты жалпыхалықтық, түсінікті, ортақ болуына байланысты өз тұжырымын жасайды [8,102].

«Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин жасалуына көп еңбек сіңірген қазақтың жазба әдеби тілі халыққа өз туындысында жақын және түсінікті, бірақ ол өңделіп, тазарып мәнерленген. Дегенмен, халық тілі, халық даналығы жазушының немесе ақынның, тіпті данышпан адамның тілі мен даналығына қарағанда әлдеқайда бай. Міне, сол себепті ұлы жазушылар мен ақындардың тілі әр уақытта халықтық лексика мен сөйлемшелердің есебінен байып отырады. Абай өлеңдерінің әрбір жолы халықтың мақал-мәтеліндей есептелетіні тегін емес.

Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсаринге дейін Қазақстанның ақын-жазушыларының ешқайсысы да олар сияқты поэзияны мұндай бағаламаған, ешкім ана тілінің тазалығына бұлайша көңіл аудармаған, ешкім көркем сөздің рөлі мен мәнін олардай анықтамаған.

Абай Пушкин мен Лесков сияқты поэзияда қолданылатын әрбір сөзді бағалап, оны орынды қолданған» – дей келе тілдік нормаға тән жүйелілікке, үйлесімділікке осылай баға береді [9, 193].

Жалпы тілдік норма және оның заңдылықтары туралы ғалым М.Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» еңбегінде былай тұжырымдайды. «Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Қазақ халқының қазіргі әдеби тілі халықтың ауызекі тілі негізінде жасалған. Бірақ ауызекі тілде, ауыз әдебиеті тілінде бар нәрсенің бәрі әдеби норма деп танылмайды. Әдеби тіл солардан керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегінен өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сондықтан әдеби тіл – белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл. Оның құрамындағы тіл байлықтары, әсіресе жаңадан енген сөздер, тіл жұмсаушылардың бәріне бірдей қызмет етуге тиіс. Жазу арқылы нормаланбаған тіл қаншама көркем болғанмен, «әдеби тіл» деген ұғымға дәл

келмейді [10, 142]. Ғалым нормалануды әдеби тілдің басты критерийі ретінде көрсетеді. Ал нормаланудың басты алғышарты ретінде – жазу арқылы қалыптасқан, бірізділікке түскен, орфографиялық заңдылықтарды қарастырады. Бұл еңбекте «узус» мәселесі нақты зерттеу аясына кірмейді, тек жекелеген тілдік жүйенің салаларын талдау барысында ғана кездестіреміз.

Л.П. Крысиннің редакторлығымен жарық көрген ұжымдық монографиялық «Современный русский язык: Система – норма – узус» еңбегінде норма термині екі мағынада қолданылады – кең және тар. Кең мағынада норма дегеніміз – бұл белгілі бір тілдік идиоманы басқа тілдік идиомалардан ерекшелейтін дәстүрлі және өздігінен қалыптасқан сөйлеу әдістері. Бұл түсінікте *норма узус* ұғымына жақын, яғни осы тілді қолданудың жалпы қабылданған, қалыптасқан тәсілдері. Бұл жерде мысал ретінде аймақтық диалектіге қатысты норма туралы айтуға болады. Мысалы, Солтүстік орыс диалектілері үшін «*оканье*» деп айту қалыпты жағдай болса, ал оңтүстік орыстар үшін – «*аканье*» деп қабылданған, яғни дыбыстық заңдылықтар орын алған [11].

Тар мағынада, норма – тілдің мақсатты кодификациясының нәтижесі ретінде қаралады. Норманы бұлай түсіну әдеби тіл түсінігімен тығыз байланысты. Кейде нормаланған немесе кодификацияланған аумақтық диалект деп аталады. Жалпыхалықтық тіл, әлеуметтік және кәсіби жаргондар кодификацияланбайды, сондықтан тар мағынадағы норма ұғымы оларға қолданылмайды.

Лингвистикалық ғылымда алғашқылардың бірі болып уругвайлық лингвист Э. Косериу норманы екі жақты (дескриптивті – қоғамда қабылданған тілдік бірліктермен сөйлеу, прескриптивті – қалай дұрыс солай айту) деп түсіндіреді. Бұл ғалымда норманы кең және тар мағынасында айқындап көрсетеді. Кең мағынада норма қарастырылып отырған қоғамда айтылуы керек тілдік бірліктерді емес, айтылған, жүзеге асқан тілдік бірліктерді қамтиды. Ал тар мағынада норма – белгілі бір қоғамдық мақсатта тілдік құралдардың қалыптасқан нәтижесі [12, 175]. Норманы осыған жақын түсінікте Прага лингвистикалық үйірмесі өкілдерінің еңбектерінен де табуға болады.

Сонымен норма: 1) дәстүрлі түрде норма, тілдік бірліктер мен сөз тіркесімдерінің қалыптасқан көп жылдық нәтижесі 2) кодификация ретінде тілдік бірліктерді пайдалануға қатысты ережелер жиынтығы. Ал Батыс лингвистикасында «норма» ұғымына «стандарт» термині қабылданған. Себебі кейбір заманауи зерттеушілер «стандарт» немесе «стандартты тіл» термині әдеби тіл деп аталатын тілдің мәніне дәлірек сәйкес келеді деп есептейді. Ал әдеби тіл деген ұғым бірде нормаланған деген мазмұнды ассоциациялайды.

Ал Л.К.Латишев «Технология перевода» еңбегінде «Тілдік норма – сөйлеудің генерациясын бақылайтын тілдік жүйеден кейінгі фактор. Бұл бейнелі тілдік сүзгінің бір түрі, ол тілдік жүйеде көрініс алатын, тілдік қолданыста бар, тілде қызмет ететін және қоғам дұрыс деп таныған нәрсені

өткізеді. Сөйлеу тілінде жоқ жүйенің бірліктері қолданылмайды [13]. Сондықтан да белгілі лингвист Е.Косериу норманы «жүйені – ұжымдық жүзеге асыру» деп тұжырымдайды.

Осы аталған еңбекте норма мен узусқа жеке анықтама беріледі. «Норма дегеніміз – белгілі бір тілде және сөйлеуде ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігі туралы сол тілде сөйлейтін халықтың қалыптастырған ережесі».

Сөйлеудің (мәтіннің) генерациясын реттейтін тағы бір фактор – сөйлеу нормасы. Оның басқаша – узус деп атайды. «Узус» терминінің өзі латынның «usus» сөзінен шыққан, ол «пайдалану, қолдану, әдет-ғұрып» дегенді білдіреді. «Узус» лингвистикалық термин ретінде адамдардың сөйлеу қарым-қатынасындағы қалыптасқан қағидаларды, белгілі бір ережелерді түсіну дегенді білдіреді. Сондықтан да узус – тілді жағдаяттық қолдану ережелерінің жиынтығы болып табылады. Ол белгілі бір тілдік қауымдастықтың әртүрлі қарым-қатынас жағдайында сөйлеу дағдысы мен дәстүрін көрсетеді [14, 64-65]. Сөйлеудің узустық нұсқалары қарым-қатынас барысында сәтті қолданылуы да немесе керісінше болуы да мүмкін. Осылайша узус – бұл көп факторлы және көп өлшемді құбылыс, онда жеке факторлар белгілі бір жағдайда өзара әрекеттеседі, бірігеді, сондықтан кейде ажырату қиын.

Л.П. Крысин норма негізгі лингвистикалық ұғымдардың бірі болып табылғандығымен, оны барлық лингвистер бірдей түсіндіреді деп айтуға болмайтындығын айтады. Ғылыми әдебиеттерде бұл ұғымдардың әртүрлі анықтамалары бар. «Норма дегеніміз – тілдік бірліктердің белгілі бір қоғамда қабылданған сөйлеу қағидаттарын, жеке тұлғаның сөйлеуінде тілдік құралдардың қолданылуын реттейтін ережелердің (нормативтердің) жиынтығы». «Узус – белгілі бір қоғамда қабылданған қолданыстағы сөздер фразеологизм, айналымдағы т.б. тілдік бірліктер» [11, 484].

Ал тіл мен сөйлеуді, оның заңдылықтары мен қағидаттарын жүйелеген Ф.де Соссюр норманы дербес лингвистикалық концепция ретінде бөліп көрсетпейді, дегенмен оның ілімінде тілдік норма зерттеудің алғышарттары жүйесі ретінде ғана емес, сонымен нормативтік жүйе ретінде де қарастырылады.

Д.Е. Розенталь және М.А. Теленкова «Лингвистикалық терминдердің сөздігінде» ұғым ретінде норма мен узусқа мынадай анықтама береді: «Норма – қолдану тәжірибесінде орныққан тілдік (сөйлеу) нұсқаларының ең негізгісі. Узус – лат. usus – әдет-ғұрып, ережелер, қолдану – белгілі бір тілде сөйлеушілердің қабылдаған, қалыптастырған сөздер, тұрақты тіркестер, формалар мен құрылымдар [15, 152-153]. «Норма» және «узус» ұғымдарына Н.Н. Семенюк «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» өте екіұшты анықтама береді: «Тілдік норма дегеніміз – қарым-қатынас процесінде тандап алынған және бекітілген тілдік жүйенің ең тұрақты жүзеге асатын тілдік бірліктердің жиынтығы». «Узус (латын тілінен usus – қолдану, пайдалану, әдет-ғұрып) – жалпы қолданыстағы тілдік бірліктер. Узус ұғымы тіл нормасы

және тілдік жүйе ұғымымен тығыз байланысты. Әдетте тілдік бірліктердің әдеттегі қолданысы сөздіктермен бекітіледі» [16, 532].

И.В. Пекарская узус ұғымы – сөйлеуге, *норма* – тілге бағытталуы керек дейді. Ол норманы «тілмен байланысты шындық, тіл жүйесінің тұрақты түрде жүзеге асырылатын ережелерінің жиынтығы» деп, ал узусты «сөйлеу нормасы ретінде, белгілі бір қоғамда қабылданған сөйлеу дағдыларының жиынтығы» деп түсіндіреді [16,151].

Ю.С. Степанованың «Жалпы тіл білімінің негіздер» еңбегінде норма ұғымы екі жолмен түсіндіріледі.

1-норма: белгілі бір ұлттың тілдің нормалары басқа тілдің нормаларына қарама-қарсы болуы мүмкін. Шетелдік азамат «сауатсыз» орыс тілінде сөйлейтін адамға қарағанда, кейде бірдей жүйе мүмкіндіктерін пайдалана отырып дұрыс коммуникация құрады. Сонда «сауатсыз» ана тілінде сөйлейтін адамның тілдік формалары тілдің нормасына кірмейді, ал шетелдіктер сөйлеген тілдік формалар тілдік нормаға сай келіп жатады.

2-норма: тілдік идиоманың нормасы (мысалы, әдеби тіл немесе диалекті). Кейбір фразеологиялық тіркестердің нормалары сол тілдегі екінші идиоманың нормаларына қарама-қарсы болады. Мысалы, әдеби нормативтік тілдегі *клапаны* сөзіне автомеханиктердің кәсіби сөйлеуінде *клапана* деп екпін біріншісінде алғашқы буынға, кейінгісінде соңғы буынға түскені дұрыс деп қарастырылады [16,15].

Тілдік жүйенің жүзеге асуы ретінде норма мен узус анықтамасына қайта оралсақ, узус ұлттық тілдің жүзеге асуы, ал норма белгілі бір жүйенің жүзеге асуы болып шығады.

«Норма мен узус ұғымдарының арақатынасы туралы мәселе» мақаласында Е.В. Ерофеев пен А.Н. Кудлаев норма мен узустың бір-бірінен формальды параметрлері бойынша емес, сол тілде сөйлейтін халықтың тілдік ерекшеліктеріне сай тұжырым жасайды. «Норма – тілдік бірліктерді дұрыс және қажетті іске асыру, ал узус – жалпы қабылданған барлық тілдік бірліктердің қолданысы болып табылады» [17, 28].

Норманың жалпы табиғатын анықтауға келгенде, еуропалық тілдер бойынша зерттеулерде негізінен Прага мектебі өкілдерінің және орыс тіл білімі ғалымдарының еңбектеріне сүйеніш жасалады. Шын мәнінде шетелдік лингвистикада норма жайын зерттеудің салмақты, ғылыми дәстүрі Прага мектебі өкілдерінің еңбектерінен бастау алады. Сонымен қатар В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Б.Н. Головин, К.С. Горбачевич, В.А. Ицкович, Л.П. Крысин, С.П. Обнорский, С.И. Ожегов, Л.И. Скворцов, Б.С. Шварцкопф, Е.Н. Ширяев, Д.Н. Шмелев сынды көрнекті ғалымдардың аты-жөнін атасақ та жеткілікті. Дегенмен орыс лингвистикасында тіл мәдениеті, оның ішінде норма туралы көзқарастар ХҮІІІ ғасырдың орта тұсынан бастап қалыптаса бастаған, алғашында «норма» терминінің орнына «сөзқолданыстың тиімділігі» (эффективность словоупотребления), қарым-қатынас жасау барысындағы нысаналылық (коммуникативная целесообразность) тәрізді түсініктемелер қолданылған. Бұл жөнінде 1978

жылғы еңбегінде К.С. Горбачевич былайша көрсетті: «Еще полстолетия назад термин «норма» применительно к языку был малоупотребителен» [18,26]. Көптеген пікір алмасулардан кейін тілдегі бір құбылыстарды екіншілерінен ажырататын, белгілі бір ұлттың тілі мен мәдениеті арасындағы байланысты және осы байланыстың деңгейін, жетілгендігін көрсететін тілдік категорияны анықтап алудың қажеттігі байқалған, сөйтіп, орыс зерттеушілерінің айтуынша «норма» термині Прага мектебінде (А. Едличканың еңбектерінде) қолданыла бастаған.

Кейінгі кезеңдердегі норма туралы ғылыми ізденістерде зерттеушілер негізінен орыс ғалымы С. Ожеговтің пікіріне сүйенеді. Ғалымның пікірі – алдыңғы кезеңдердегі жалпылама айтылған тұжырымдар жүйеленіп, нақты түрде қорытылған анықтамалардың бірі, осы анықтама аксиомаға айналған, екіншіден, норма категориясын әрі қарай зерделей түскен ғалымдардың еңбектерінде функционалды стилистика, антропоэзектік лингвистика, элеуметтік лингвистика, тіл мәдениеті, ортология салаларының әдіснамасын қолдана отырып осы тұжырымның тереңдетілген, дамытылған тұстары да бар (оларға кейінірек тоқталатын боламыз). Осы себепті алдымен С. Ожегов қалдырған анықтаманы дәл жеткізу мақсатында түпнұсқа мәтінді ұсынамыз. «Норма – это совокупность наиболее пригодных для обслуживания общества средств языка, складывающихся как результат отбора языковых элементов из числа сосуществующих, наличествующих, образуемых вновь или извлекаемых из пассивного запаса прошлого в процессе социальной, в широком смысле, оценки этих элементов [19, 259-260].

Осы анықтаманы толықтыратын пікірлердің бірі – «норма дегеніміз – тілді қолданушылардың сөйлеуінде/ жазуында қайталанып қолданылатын, жаппай мойындалған тілдік бірліктер; сөздіктерге енгізілген, ережелерде көрсетілген тілдік бірліктер» [20,4]; ал екінші бір анықтамада норма / тілдік норма / әдеби норма жоғары білімді адамдардың сөйлеу практикасында қалыптасқан ережелер түрінде, тең мағынада анықталады: «Норма (языковая), норма литературная – принятые в общественно-речевой практике образованных людей правила произношения, грамматические и другие языковые средства, правила словоупотребления» [21, 4].

Түбіміз бір әзірбайжан, өзбек, ұйғыр, түрік сияқты түркі халықтарының ежелден келе жатқан атауларды сөздік қорларында сақтап қалғандықтан олардың арасында тілдік тұрғыдан алшақтық байқалмайды. Ол халықтардың түркі жазба әдеби жәдігерлерін түпнұсқада оқығанда бізге қарағанда жеңіл әрі тез түсінетіні де сондықтан. Сөзіміз дәйекті болу үшін Түркия еліндегі ғылыми тағылымда кезінде іздеген ақпаратымыз бойынша зерттеу жұмысымызға енгізуді жөн көрдік.

Докторантура бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан Егей университетінен (Түркия) өткен кезімізде шетелдік ғылыми кеңесші, профессор Ибрахим Шахинмен бірге бірлесе отыра, Егей университетінің диссертация жұмыстарымен етене таныстық. Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес түрік тіліндегі еңбектер баршылық. Мәселен, Якуп Йылмаз «Türkçede

Dil Yanlışları, Özel Kitaplar Yayınevi (Tүрікшеде тіл қателіктері)» (Ыстамбұл, 2010), Ренгин Кушикердоған «Reklam iletirinde Türk Dil kullanımı ve Uygulamadaki Dil yanlışları (Жарнамалық хабарламада түрік тілін қолдануы және қолданыстағы тіл қателіктері)» (Ожак, 2013), Фатма Гултегин «Sosyal bilgiler ders kitaplarında düşünmeyi engelleyen dil yanlışlarının belirlenmesi (Әлеуметтік ғылымдар оқулықтарындағы ойлауға кедергі болатын тілдік қателіктерді анықтау)» (Ақсарай, 2018), Ертуғрыл Йаман «Türkiye Türkçesinde Güncel Söyleyiş Sorunları ve Dil Yanlışları (Tүркия түрікшесінде қазіргі таңдағы сөйлесу мәселелері және тіл қателіктері)» (Егей, 2020).

Түрік тілі кірме терминдерді өз тілінің заңдылығына бағындырып енгізетіні бәрімізге аян. Мысалы, ірі кәсіпорындарында пайдаланатын картаны «*клуб картасы*», «*түйіндеме*» деген сөзді «*СiVi*» немесе «*TiVi*» телевизиялық аббревиатурасы сияқты қысқартылған сөздермен қолдануды түрік халқы мақұлдамайды. Бұған қоса «*консенсус* (келісім)» және «*пазл* (пазл)» сияқты түрік тіліндегі баламалы сөздерді түрік тіліне мәжбүрлеп қолдануды құптамайтындықтарын өз еңбектерінде атап өтеді [22]. Түркия түрік тіліндегі қазіргі сөйлеу мәселесі мен тіл қателіктері жөніндегі еңбектерге тоқталайық. Бүгінгі түрік тілін дыбыс, сөз, айтылу, мағына, синтаксис және грамматикалық ережелер тұрғысынан қарастырады.

Күнделікті сөйлеу үдерісінде дыбыс және айтылу қателері	
1. «а» дыбысын тарылту («а» дыбысын «и» дыбысына жақындату)	<ul style="list-style-type: none"> <li>• farkındayım</li> <li>• olıcak</li> <li>• kutlayıp</li> <li>• uğrayıp</li> <li>• kıpırdayım</li> <li>• ısınmaya</li> </ul>
2. “а” дыбысының созылуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>bulunacānı</li> <li>olucā</li> <li>articā,</li> <li>alınacānı</li> </ul>
3. “і” дыбысының кеңеюі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• bağış &gt; bağaş</li> <li>• yağış &gt; yağaş</li> <li>• sunacağız &gt; sunacaaz</li> <li>• aşığı &gt; aşaa</li> </ul>
4. “е” дыбысының тарылуы (“е” дыбысын “і” дыбысына жақындату)	<ul style="list-style-type: none"> <li>• geleceğiz → geleciiz</li> <li>• dinleyici → dinliyici</li> <li>• değil → diil</li> <li>• gelecek → gelicek</li> </ul>
5. “е” дыбысының ұзаруы	<ul style="list-style-type: none"> <li>beence</li> <li>geençler</li> <li>heerkes</li> <li>beelki</li> </ul>
6. дыбыс және буынның түсуі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• alıyor mu → alıyo mu?</li> <li>• görüyorlar → görüyolar</li> <li>• seyrediyoruz → seyrediyoz</li> <li>• takıyordu → takıyodu</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>•birkaç → bikaç</li> <li>•bir kere → bikere</li> <li>•sonra → sora</li> <li>•bir de → bide</li> <li>•şüphesiz → şüpesiz</li> <li>•merhaba → meraba</li> <li>•rastgele → rasgele</li> <li>•çift → çif</li> </ul>
7. Дыбыстардың қосылып айтылуы	<p>iade &gt; iyade  aile &gt; ayile  ait &gt; ayit  puan &gt; puvan</p>
8. Қажетсіз кеңею	<ul style="list-style-type: none"> <li>*fâkir</li> <li>*zâfer</li> <li>*bertâraf</li> <li>*li/se</li> <li>*meydâna</li> <li>*yukarıdâki</li> <li>*kazazâdelere</li> <li>*nâzım nazım (şiirle uğraşan) (şiir türü)</li> <li>*kâtil katil (öldüren) (öldürme)</li> <li>*vâkıf vakıf (bilen, hâkim ) (kurum)</li> </ul>
9. Қате қысқартулар	<ul style="list-style-type: none"> <li>•dāvā dava</li> <li>•vâli vali</li> <li>•dāmât damat</li> <li>•kâzâ kaza</li> </ul>
10. Дыбыстың өзгеруі	<ul style="list-style-type: none"> <li>•düzenlenen → düzennenen</li> <li>•araç → araş •gereç → gereş</li> <li>•üçlü → üşlü</li> <li>•amaçları → amaşları</li> <li>•üç beş → üj bej</li> <li>•domates → domatez</li> <li>•herkes → herkez</li> </ul>
<b>Үзіліс, екпін және интонациялық қателер</b>	
<b>Кідіріс қателері</b>	<p>Türk / dilinin gelişim seyirinde...  İnsan / direncine karşı...</p>
<b>Жұрнақ және сөз қателері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>•Eve giderek, salona girerek, koltuğa oturarak televizyonu açtı.</li> <li>•Oturmaksızın, dinlenmeksizin, durmaksızın çalıştı.</li> <li>•Toplantıda bakanlığın, yatırımlarının malî kaynaklarının sonuçlarının ne olacağını...</li> <li>•umut etmek = ummak</li> <li>•başvuruda bulunmak = başvurmak</li> <li>•gecikmeyapmak = gecikmek</li> <li>•film yapmak = film çevirmek</li> <li>•çocuk yapmak = çocuk sahibi olmak, doğurmak</li> <li>•Bahçeliyapmak = Bahçeli'yegitmek</li> <li>•banyo yapmak = yıkanmak</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>•yenilgi almak = yenilmek</li> <li>•müzik yapmak = müzikle uğraşmak</li> <li>•kasetyapmak = kaset çıkarmak</li> <li>•sigara kullanmak = sigara içmek</li> <li>•çay almak = çayıçmek</li> <li>•beklemeyapmak = beklemek</li> </ul>
Сұрыптау қателері (сөйлемнің құрылымы орынсыз жұмсалы)	<p>Otuz beşyaşındaki milli takımımızın kaptanı Oğuz          Bir hafta içindeyapımı tamamlanan köprü hizmete açıldı.          “Her İzmir’egidişimdeyağmuryağıyor.”          “Formayı kaptırmaya niyetim hiçyok.”          Yeni doğum yapan sanatçının köpeği basına tanıtıldı.          Arkadaşımızın daha çok söyleyecek sözü var.          Seni görmek istiyorum çok.          Meraba, Aylin been!</p>
Ескерту – әдебиет негізінде құрылған [46, 70].	

Зерттеу нәтижесі бойынша осы жіктелімді басшылыққа алуға болады. Себебі біздің тілдік құрылысымыз түрік грамматикасына ұқсас. Түрік грамматикасында «узус», «норма» деген терминдер қолданыста жоқ. Ал қазақ тілінде орыс тілінен енген термин ретінде қолданылады. Қате қолданыс ретінде танып, оны «а» дыбысын тарылту («а» дыбысын «и» дыбысына жақындату), “а” дыбысының созылуы, “і” дыбысының кеңеюі, “е” дыбысының тарылуы (“е” дыбысын “і” дыбысына жақындату), “е” дыбысының ұзаруы – орфоэпиялық узустар деп қарасақ; дыбыс және буынның түсуі, дыбыстардың қосылып айтылуы, дыбыстардың қажетсіз кеңею, дыбыстың өзгеруі, қажетсіз қысқартулар – орфографиялық узустар деп жіктеп бөліп, мысалдармен көрсетілген. Ал екпіннің дұрыс қойылмауы, интонация мен кідірістердің нормадан ауытқу себептерін ерекшелеп түсіндіреді. Ал жұрнақ пен сөз қателерін, сұрыптау қателері (сөйлемнің құрылымы орынсыз жұмсалы) секілді қате қолданыстардың түрік тілінде кездесетінін бірден аңғаруға болады. Түрік ғалымдарынан үйренеріміз көп, мәселен «узус», «норма» терминдерін қаз-қалпында алмай, өз тілімізден аудармасын тауып алғанымыз жөн болар еді.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу қателеріне өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бері бастап назар аударыла бастады. Мәселен, 1924 жылы қазақ білімпаздарының сиезінде қазақ тілінің әдеби нормасын белгілеу және сол кездегі әдеби тілден ауытқулардың небір түрлері туралы аса қызу пікірталастар туғанын айтуға болады. Қазақ тіл білімінде сөйлеу қателерін әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Бірақ М. Балақаев, Р.Сыздықова, Н.Уәли, С. Бизақов т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде стилистика, сөйлеу мәдениеті тұрғысынан қарастырылған [66]. Ал қазіргі сөйлеу тілін коммуникативті тәжірибеде зерттеп жүрген ғалымдар: Б.Құрманованың «Multilingual Practices in the Students’ Microcommunity» (IJSC, 2023) [23], К. Садированың «National Features of Family Discourse: A Comparison of Kazakh,



Russian, and English Languages» (IJSL, 2023)[24], З.Құрманбекованың «A Linguistic Analysis of Social Network Communication» (IJSL, 2023) [25] т.б. еңбектерді атауға болады.

Қазақ тіл білімінде норма, узус ұғымдары әдеби тіл, сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті, тіл тазалығы аясында қарастырылады. М.Балақаев, С.Исаев, Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, А.Ысқақов, С.Бизақов, Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылады.

Тілді әдеби қалпына келтіретін, нормалайтын нәрселер – әртүрлі сөздіктер мен оқулықтар, оқу құралдары, әр алуан әдебиет пен көпшілікке арналған үгіт-насихат орындары; оқу-ағарту орындары мен өнер-білім, ғылым мекемелері т.б. Сөйтіп, тілдік норманы айқындаудың критерийі бірнеше болғанда, соларды баянды етудің, жұртқа танытудың жолы да бірнеше болады:

1) Кодификация жолы (тілдегі заңды құбылыстарды оқулық және басқа құралдар арқылы насихаттау).

2) Тендестіру жолы (тілдік құбылыстарды ресми түрде қабылдап, оларға жалпы халыққа ортақтық сипат беру, мысалы, орфографияда, терминологияда) [26, 153].

Ғалым А. Салқынбай мен Е.Абақан құрастырған «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» нормаға мынандай анықтама беріледі.

Тілдік норма – қоғаммен тікелей байланыста іріктелген тілдік жүйе. Норма – лингвистикалық және тарихи-әлеуметтік категория. Оның әлеуметтік аспектісі – тіл құбылыстарының сұрыпталуы мен бағалану жүйесінен көрінеді, бұған эстетикалық компонентте кіреді. Әдеби норма мен тілдің нақтылы қолдануы арасында үлкен алшақтықтың болуы заңды құбылыс, ол алшақтық қоғамның даму сатысына, оның әлеуметтік құрылысына және тілдік жағдайдың ерекшелігіне байланысты болады. Білім беру дәрежесі мен ақпарат құралдарының дамуы, әдетте тілдік тәжірибенің қалыптасуына алып келеді. Нормативті бөлінудің негізгі түрлері: жазбаша және ауызекі тілдердің белектенуі; тілдің әртүрлі қызметтік стилистикалық салаға бөлінуі; әдеби тілдің бірнеше жергілікті (ұлттық) түрлерге бөлінуі. Тілдегі норманың жазба және ауызекі деп бөлінуі күрделі құбылыс, өйткені, осы екі тіл түрлерінің арасында үлкен алшақтық болуы мүмкін. Әдеби норманың өзегін стилистикалық жағынан бейтарап, ең көп қолданылатын сөздер құрайды, оның перифериясына архаизмдер мен жаңа сөздер жатады. Қазіргі әдеби тіл нормасының қалыптасуы кезінде, әдетте, белгілі бір қаланың не аймақтың тілі негізге алынады, мыс., Париж, Мәскеу, ал Қазақстандағы осындай аймақ Орталық Қазақстан болып есептеледі (С.Аманжолов). Әдеби тілдер тарихында жазба тіл нормасы ауызекі тіл нормасынан бұрын қалыптасатыны белгілі. Қазіргі әдеби тілдердің көпшілігіне жазба тіл нормасы мен ауызекі тіл нормасының жақындасуы тән болады [27,154].

Л.В.Щерба академиялық типтегі сөздіктердің әлеуметтік негізін айқындауда кезігетін қиындықтар қатарына жазба әдеби тіл мәселесін қосып:

«Әдеби тілге әдеби сөйлеу тілімен қатар әдеби жазба тіл де кіреді. Біз өткен ғасырларда жазылған шығармаларды да оқи береміз. Ал, бірақ, солардағы сөздердің көбісін түсінгенмен, оларды ауызекі сөйлеу тілінде айтпақ былай тұрсын, жазбаймыз да. Себебі қазіргі норма басқа» - дейді [16,73].

Қазақ тіл білімінде норма мен узусты бір арнаға тоғыстырып, зерттеу еңбегін жарыққа шығарған ғалым – Р.Сыздық. Ғалымның еңбектерінде қазақ тіл білімінде осы тақырыпқа қатысты еңбектерді саралап, зерттеп, бір тақырыпқа топтастырады. Норма және узус, нормалану, кодификация терминдеріне нақты анықтамалар береді.

Әсіресе тілдік нормалардың қалыптасуында тілдің табиғатынан тыс экстралингвистикалық әлеуметтік, саяси, мәдени факторлардың да үлесі болатындығын ескеру қажеттігі даусыз. Қазақ тілінің бүгінгі тағдырында халықтың сауаттылық деңгейінің көтерілуі, бұқаралық ақпарат каналдарының өріс алуы, әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі және «мемлекеттік тіл» статусына ие болып, саяси құқығының көтерілуі үлкен мән алып, оның барлық жағынан дамуына, нормаларының қалыптаса түсуіне зор ықпалын тигізіп отыр [26,9].

Әдеби тілдің нормативтік базаларын (негізін, көзін) анықтаудың да мәні зор. Өзге тілдер сияқты қазақ тілінің нормаларының негізі – жалпы халықтық сөйлеу тілі. Тілдік нормалар сол тілдің құрылымдық жүйесінен шығады, яғни тілдік жүйеге сай құрылымдық тәртібі – тілдің табиғи (өзіндік) нормаларын түзеді. Бұл нормаларды ұрпақтан ұрпаққа ұластырып отыратын кумулятивтік қызметті ауызша сөйлеу тілі, ауыз әдебиеті, жазу пайда болған кезеңдерден бастап жазба үлгілері атқарады [28,12].

Көп тілші ғалымдар «тілдік норманы» әдеби тілдің басты сипаты ретінде қарастырады. Әдеби тіл арқылы норма терминінің мәнін ашады. Ғалымдардың көпшілігі норма – жалпыхалықтық сипат алған, қалыптасқан құрылымдар дегенді негізгі нысан етеді.

Сондай тілші ғалымдардың бірі С.Исаев «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде «тілдің әдебилігінің бірден-бір көрсеткіші – халықтың белгілі кезеңдегі қоғамдық рухани мәдениет өндірісінің құралы бола алу, халықтың рухани байлығын, сөз өнерін жеткізудің, мәдени талап-тілектің қоғамдық көрінісі, мәдениет туындыларының құралы мен оны іске асырудың амалы бола алуы» деп түсіндіреді.

Тілдің әдебилігі, сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы оның орныққан жүйелі нормалары негізінде ғана жүзеге аспақ. Әдеби тілдің өзіндік нормалары тілдік құрылымның әрбір деңгейімен немесе қабатымен тығыз байланыста болып, солардың шеңберінде көрініп отырады. Тілдік құрылымның әр деңгейінің қалыптасқан, шындалған, сымбатталған тұрақты нормалары болып отырады. Сол деңгейлік нормалар жиынтығы және солардың жүйесі жиналып келіп, әдеби тілдің бір бүтін жалпы нормаларын құрастырып қалыптастырады [29, 13-14].

Әдеби тіл дегеннің ең басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл – бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде норманы әдеби тілдің өлшемі ретінде көрсетіп, оның ең негізгі екі белгісін айтады.

Тіл-тілдің өзара бір-бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі – тілдің сөздік, екіншісі – тілдің грамматикалық жақтары. Тілдің осы екі жағының бірлігінен біртұтас тіл құралады да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас құралы ретінде қызмет ете алады [30, 5].

Қазіргі баспасөз тілі мәдениетінің кемеліне келіп дамыған дәуірінде вариант сөздерін бір өлшем – жүйеге келтіру үшін әдеби тілдің стильдік тармақтарын, ішкі заңдылығын, сөздің шығу төркінін ескерумен қоса, тілді ресми түрде нормалау бағытындағы әрекет те елеулі болмақ. Әсіресе, жазу нормасын жетілдірудің тіл мәдениетін дамытудағы қызметі айырықша. Емленің басты шарты – бірізділік, тиянақтылық. Шынтуайтында жетілген орфографиясыз әдеби тіл нормасына қатысты мәселені түпкілікті шешімін тауып реттеу мүмкін емес.

Норма мен узус ұғымдарына отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектерін арқау ете отырып, талдадық. Бұл ұғымдардың әрқайсысына тән, жеке терминдік сипаттамалары нақтыланды. Сонымен бірге әдеби тіл, сөз мәдениеті шеңберінде қарастырылған норма, нормалану, кодификация ұғымдары кеңінен талданады. Нормаланудың критерийлері анықталады, узус пен норманың, узус пен диалект, жаргон, қарапайым сөздердің арасы айқындалады.

Тілдік жүйелердің әрқайсысына тән нормалық сипаттары талданады. Мысалы, тілдегі варианттылықтың, оның әдеби тілде норма болып, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің дараланып, сұрыпталып қалыптасуындағы алғышарттары айтылады. Тілдік норманың қалыптасуындағы баспасөз, газет-журнал, сахна тілдерінің маңыздылығы айқындалады. Орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтардың, ережелердің сүзгіден өтіп, сұрыпталып қалыптасуы норманың басты сипаты екендігі көрсетіледі. Ал узус нормаға жатпайтын, бірақ тілде қалыптасқан, көпшілік мақұлдаған, тілдік дағдылар жиынтығы болып табылады.

Соңғы уақытта саяси және экономикалық, әлеуметтік себептерге байланысты ата-бабамыздан келе жатқан шұрайлы да шырайлы тіліміз едәуір өзгерістерге ұшырауда. Орта ғасырлық әдеби жәдігерлерімізге кеңінен қолданылған түркі сөздер мен тіркестер қолданыстан шығып, оның орнын орыс атаулары немесе орыс тіл арқылы енген еуропа кірме сөздері ауыстырды. Ғылым мен білім саласында қолданылатын нақты терминдерді айтпағанның өзінде, күнделікті қарым-қатынастағы көптеген атаулар мен тұрмыстық сөздердің өзі орыс сөздерімен аталды.

Норманың тұрақтылығы халықтың дүниетанымын, ұжымдық тәжірибесін, рухани мұрасын, мәдени дәстүрін сақтауға, келесі ұрпаққа

жеткізуге мүмкіндік береді. Сол танымдық, руханилық дүниеліктердің, мәдени дәстүрді сақтап, келесі бір аса зор рухани құндылықтарды жасаудың, дамытудың қуатты әлеуеті болуы тілдік норманың тұрақтылығымен байланысты.

## 1.2 Коммуникативтік тәжірибедегі норма мен узус

Алыс-алыс ғасырлар қойнауынан мәдениеттер мен өркениеттер мидай болып араласып, үлкен ұлттар шағын ұлттардың тілі мен ойлау, сөйлеу өрісін тарылта бастаған бүгінгі жаһандану дәуіріне өзінің сөз байлығы мен ой-өрісін сақтап, аман жеткен қазақ тілі үшін де бұл ортақ қағида. Қағидаға адал болсақ, тілімізді дамыта алғанымыз. Тілімізді сақтап-дамыта алсақ, ұлт ретінде өмір сүру, қоғамдасып ғұмыр кешу, мемлекет болып ірге бекіту дейтін іргелі де күрделі мәселелерді шеше алғанымыз. Басты мақсат та осы.

Тілдің қолданыс аясының кеңеюі қазақ тілінде сөйлеу мен жазу мәдениетінің көтерілуіне тек оң ықпал етті деп біржақты жауап бере алмасымыз анық. Бүгінде қазақ тілінің қолданысында норма мен узус мәселелері араласып, оны теориялық жағынан қайта зерделеп, күнделікті тәжірибедегі қолданысын, әсіресе публицистикалық стильдің көрінісі саналатын бұқаралық ақпарат құралдарында реттеудің өзектілігі жоғары болып отыр. Тілдік норманың сақталуын қадағалап, сөз мәдениетінің деңгей-дәрежесін сараптап отыру – тіл мамандарының міндеті. Диссертациялық зерттеудің басты нысаны – қазіргі коммуникативтік тәжірибеде қолданылып жүрген норма мен узус мәселелері.

Әлеуметтік лингвистиканың негізгі мақсаты – белгілі бір қоғамды құрайтын адамдардың тілді қалай қолданатынын және қоғамдағы өзгерістер тілдің дамуына қалай әсер ететінін зерттеу. Бұл мақсат екі түбегейлі әлеуметтік лингвистикалық мәселеге – тілдің әлеуметтік дифференция мәселесіне және тіл дамуының әлеуметтік кондициялануы мәселесіне сәйкес келеді.

Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуына үлес қосқан алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А.Байтұрсынұлы [1], Қ.Жұбанов [7], М.Балақаев [9], С.Аманжолов [8] т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың ереже түрінде берілуі әдеби тілдің кодификацияланған нормаларды қалыптастыруда маңызы ерекше. Қазақ тіл білімінде тілдік норманы зерттеп, біршама анықтама беріп, бірізді қалыпқа түсіріп жүрген қазақ зерттеушілерінің арасында ғалым Ғ.Мұсабаев [31], І.Кеңесбаев [32], Р. Сыздық [26], Н. Уәли [14], Ғ. Қалиев [33], Ә. Болғанбаев [33], Б. Сағындықұлы [34], А.Алдашева [35], Қ.Қадырқұлов [36] еңбектерін атауға болады. Ал норма мен узус мәселесіне қатысты тұжырымдамаларды Р.Сыздықтың «Тілдік норма және оның қалыптасуы», Н.Уәлидің «Сөз мәдениеті», А.Алдашеваның «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа қолданыстар», Қ.Қадырқұловтың «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа

қолданыстар», М.Малбақовтың «Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері» атты еңбектерінен ғана кездестіреміз.

Қазақстанда әлеуметтік лингвистика бұрынғы КСРО-дағы әлеуметтік бағыттың негізінде дамыды. Еліміздің тәуелсіздігін алғаннан бергі уақыт ішінде республикадағы тілдік ахуал, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары зерттелді, әлі де тереңдей түсуде. Бүгінгі таңда осындай іргелі зерттеулердің көмегімен еліміздің өзіндік тілдік құрылысы және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешімін табуда. Бұл бағытта М.М.Копыленко Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Х.Хасанұлы, Э.Д.Сүлейменова, Н.З.Шаймерденова, М.К.Исаев, З.К.Ахметжанова, А.Салқынбай, С.Баяндина, А.Құмарова, С.Асанбаева, А.Абасилов, О.Жұбаева, К.Күркебаев т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Адамның тіліне, оның күнделікті сөйлеу дағдысына әлеуметтік ортаның көптеген әсерлері болады. Міне, осыны әлеуметтік лингвистика қарастырады. Егер мұны бізге жете таныс «дәстүрлі» лингвистикамен салыстыратын болсақ, ол тілдік таңбаны (дыбыс, сөз, морфема, аффикс, сөз тіркесі, сөйлем) айтылым, жазылым түрлеріне, мағынасына, бір-бірімен қатынасына, олардың уақыт бойында өзгеруіне талдау жасаса, әлеуметтік лингвистика сол тілдік таңбаларды адамдар жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, ортасына, білім деңгейіне, мәдени ұстанымына т.с.с. байланысты қалай пайдаланады: бәрі бірдей ме, әлде әртүрлі қолдана ма дегенге баса назар аударады. Біздің зерттеу жұмысымыз синхронды әлеуметтік лингвистика бағыты.

Адамның сөйлеу ерекшелігі көбінесе қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болады. Әрбір жағдаятта адам әртүрлі сөйлейді: әңгімелесушімен тең жағдайда немесе одан өзін жоғары, басым ұстауы (кейде оған тәуелді болуы) мүмкін. Жалпы адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әр алуан рөлдерді: *әке – бала, күйеу – әйел, бастық – қызметкер, жұмысшы, сатушы – сатып алушы, дәрігер – емделуші, мұғалім – оқушы, оқытушы – студент т.б.* орындайды. Осындай рөл түрлері сөйлеу мен сөз саптау дағдысының ерекшелігін танытады. Айталық, бала әкесімен құрдасындай сөйлеспейді. Сондай-ақ студент пен оқытушының, дәрігер мен емделушінің, бастық пен бағыныштының сөз саптаулары қалалық көліктегі таныс не таныс емес адамдардың сөйлесулеріндегідей болмайды.

Осы айтылғандардан көріп отырғанымыздай әлеуметтік лингвистика өз назарын тілге, тілдің ішкі құрылысына емес, оның қоғамда қалай қолданылатынына назар аударады. Әлеуметтік лингвистика тілді дұрыстап сөйлеп, дұрыс қолданушылармен емес, өз сөйлеулерінде қоғамда, тілдік ортада қалыптасқан тілдік норманы бұзатын, қателесетін, бірнеше тілдік стильдерді немесе бірнеше тілдің элементтерін араластыратын нақтылы адамдарды нысана етеді. Тілді қолданудағы осындай барлық ерекшеліктерді білу, оларды талдап түсіндіру, болу себептерін анықтау тілді дамыту жұмыстары үшін маңызды мәселе болып табылады.

Тіл білімінің бір тармағы болып саналатын «әлеуметтік лингвистика» көптеген ғылыми-практикалық проблемаларды қамтиды. Ол тек тілдің қолданысындағы ағаттықтары мен жазудағы қателерді тауып, көрсетіп отыруды ғана көздемейді. Тіл қолданысындағы қателерді көрсету үшін олардың дұрыс болуға тиіс базасын тану қажет, демек, тілдік жүйені, ол жүйеге сай қалыптасқан нормаларды айқындап алуы шарт. Сондай-ақ тіл тіршілігінде тек сөздер ғана емес, дыбыстар, ол дыбыстардың айтылу сазы дегендердің мәні зор, бүгінгі тілдердің қызметі жазумен қоян-қолтық астарласып жатыр, бұл күнде тіл жазусыз қызмет ете алмайды, сондықтан емле мәселесі де «тіл мәдениетін», яғни жазуда да дұрыстықты, жүйелілікті, қолайлылықты талап етуі – заңды. Бұдан да биіктеу қарасақ, әлеуметтік лингвистика ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдермен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады. Демек, тіл мәдениетін әңгімелеуде (талдауда, зерттеуде) «мынау – дұрыс, мынау – бұрыс» деп қою мүлде жеткіліксіз, сол дұрыстық пен бұрыстықтың негізін табу керек, ол негіздердің бір-бірімен сабақтастығын, алдыңғы кезеңдермен іліктестігін айқындау керек.

Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына иек артады. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің (түрлерінің) белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз – осы жүйенің іске асқан (көрінген) материалдың мүмкіндіктері. Бұл екеуін бөлек-бөлек айырып қарап сөз ететін де, айырмай, бірінің орнына екіншісін атай беретін де зерттеушілер бар. Шындығында, тілдік құрылым – құлаққа естілетін, «отыз тістен шығатын» деректі ұғым атауы, ал тілдік жүйе – сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады. Демек, тілдік нормалардың «табан тірер» жері – тілдік құрылым екен де, тілдік құрылымның «арқасүйері» – тілдік жүйе екен.

Қолданыста тілдің элементтері *дыбыс, сөз, сөйлем* тілдік құрылымға иек артса, ал тілдік құрылым тілдік жүйеге негізделеді. Ғалым Р.Сыздықтың еңбегі бойынша бұл ретте орыс тіл білімпаздарының ойымен астасып, үш сатыны атайды, біріншісі – тілдік мүмкіндіктер жүйесі, екінші сатыда – осы жүйенің материалдық көрінісі, тілдің құрылымы, үшінші сатыда – сол материалдың қолданысы. Осы жұмыстағы біздің әңгімеміздің мазмұны тілдік норма теориясының осы танымынан шығады [26,7].

Тілдік норманы сөз ету үшін бұл саланың терминдеріне назар аударсақ. Алдымен, норма, нормалану және кодификация терминдерін білдіретін ұғымдар жөнінде түсінік берелік. Норма – негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың кодификациясы – бір әрекет емес, соңғысы тіл үдерісіне адамдардың араласуы, яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын бекіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді [26, 7].

Тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қоғамда қызмет етуі, сондай-ақ тілде ұлттық, мәдени ерекшеліктердің көрініс табуы – қоғамның тілді қолдануының нәтижесі. Тілдік материалдарды қолдана отырып қарым-

қатынас жасау барысында адамның өз ойын, білгенін дұрыс жеткізе алуы – адам әрекетінің әрі қарай дұрыс жүзеге асуының кепілі. Ал әрекет бар жерде міндетті түрде қателесу де болады. Осы тұрғыда қате және оның түрлері, қате және норма, әдеби тіл нормасы, норма және оның жүйемен, узуспен байланысын, варианттылықты зерттеу тілдік норманың ортологиялық базасын кеңейте түседі.

Қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың алпыс-жетпісінші жылдары әдеби норма мәселесінің әлеуметтік резонанс алған кезі деуге болады. Бұл кезеңде, одан кейінгі 80-90-жылдарға дейін де норма көбіне тыйымдар жүйесі қызметін атқарды. Нормаландыру, норманы бұзушылық баспасөз беттерінде қоғамдық талқыға түсіп отырды. Мұның өзі сол кезеңнің тілдік тіршілігінде кодификацияланған норманы ұстану, сөз қолдану, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды аз уақыт ішінде бекіте түсуде, шығып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының, сөздіктердің, баспа өнімдерінің сапасын көтеруде мәдени жұртшылыққа ықпалын тигізді [37,104].


Қоғамның тіл тіршілігінде болып жатқан келеңсіздіктер, әрине, қазіргі зиялылардың алаңдаушылығын туғызбай қойған жоқ. Бүгінгі таңда тілімізді сақтап қалу үшін қолдану өрісін кеңейту, қызмет аясын кеңейту қаншалықты маңызды болса, тілді сауатты, әсемдігін, әуезділігі, икемділігі мен орамдылығы тәрізді эстетикалық, этикалық сипаттарын, коммуникативтік сапаларын жұтатпай қолдану соншалықты өзекті мәселелердің біріне айналды.

Мұндай мәселелер ең алдымен сөз мәдениеті деген ұғымның өзін анықтай түсуді қажет етеді. Өйткені заманның, дәуірдің, олардың кезеңдеріндегі өзгерістер, жаңару-жаңғырулар сол кезеңдердегі қоғамның вербалды қатынас құралы болып отырған тіліне, тіл тіршілігіне әсер етпей қоймайды. Мұның өзі бұрынғыны елеп-екшей отырып, мәселеге жаңа қырынан қарауды қажет етеді. Бұл жайт соңғы жылдары лингвистикада сөз мәдениеті деген ұғымға берілген анықтаманың да қайта қаралуына ықпал етті. Осымен байланысты қазіргі кезде сөз мәдениеті ұғымына жалпылама түрде мынадай анықтама беріліп жүр: «Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятына, ерекшелігіне сәйкес талғап, таңдап қолдану арқылы діттеген коммуникативтік мақсатқа жетуге барынша мүмкіндік беретіндей етіп тиімді түрде ұйымдастыру» [37,105].

Норманың негізгі сипаты – жұртшылықтың бәріне бірдейлігі, тұрақты және өзгермелі болуы. Егер норма тұрақты болмаса, тез өзгеріп отырса, бір ұрпақ екінші ұрпақты түсінбестей халге ұшырайды.

Алайда норманың тұрақтылығы абсолютті шама емес. Норма да экстралингвистикалық түрткі жайттардың барысында өзгеріп отырады. Бірақ бұл өзгеріс үздіксіздік арқылы жүзеге асады. Нормадағы үздіксіздіктің мәні мынада: дәстүрлі құбылыс пен жаңа құбылыс әуелде жұртшылықтың еті үйренгенше жарыса жүреді. Біршама уақыттан соң тілдік санадан орын алып, қолданыла келе ескіреді де, жаңа бір құбылыс тұрақтала бастайды. Сөйтіп,

белгілі бір уақыттан соң жаңаның өзі үйреншікті, дағдылы нәрсеге айналады. Норма, сөйтіп, үздіксіздік «ескі» мен «жаңаның» арасын сабақтастырып отырады. Осы айтылғанды төмендегідей кестеден байқауға болады:



кесте 1 – Варианттардың қалыптасуы

Осылайша нормадағы сабақтастық үзілмеген жағдайда бір ұрпақтың келесі ұрпақты түсінбей қалу қаупі болмайды. Мысалы, күні кеше ғана *Қазақстан бойынша жеткіземіз – Қазақстан аумағында жеткіземіз, орындықтың арқасы – орындықтың арқалығы, қолды сабынмен жуу – қолды сабындап жуу, тұсқағаздар – тұсқағаздар, гүлмен суретке түсу – гүлді ұстап суретке түсу* сияқты т.б. сөздер біршама уақыт жарыса қолданылып, аз мерзімнің ішінде норма мен узустың аражігін ажырата алмай, қалыпты қолданысқа айналып кетті. Бұлай болатыны – кейбір сөздердің қолданылу жиілігі мен белсенділігі, яғни рекуленттілігі аса жоғары болады. Вариант қолданыстың алғашқы сыңарлары бірте-бірте қолданыстан ығысып, жаңа нормаға орын берді. Бұл процестің қарқынды өтуіне саяси-әлеуметтік фактордың ықпалы ерекше болды. Сөйтіп, жаңа норманың орнығуы жарыспалылық деп аталатын ерекше феномен арқылы жүзеге асып отырады: *рак – қатерлі ісік – обыр* т.б.[37, 106].

Тілдік норманың категория ретінде ұғынылуы әдеби тіл феноменімен, оның ауызша, әсіресе жазбаша түрлерімен байланысты болды. Сөйтіп, әдеби тіл нормасы дегенді адам өзінің іс-әрекетімен саналы түрде араласа алатын категория ретінде танимыз.

Грамматика, сөздік, анықтағыштар т.б. ортологиялық құралдар әдеби тілдік норманың объективтенуі, материалдануы болып табылады. Әдеби тіл нормасы тілдік ережелердің жиынтығы түрінде де материалданады.

Адамның саналы түрде араласқан нормасы зерттеулерде кодификацияланған норма деп аталады. Тілді оқып үйренуге арналған ережелердің жиынтығы түріндегі норма – кодификацияланған норма. Әрине,



кайсыбір адам тілдік ережені, яғни кодификацияланған норманы білмей-ақ дағды бойынша тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана береді. Бірақ бұл ой-сана араласқан, яғни кодификацияланған норма емес, дағды [37,107].

Сонымен, норма дегеніміз – тілдік элементтерді іріктеудің нәтижесінде және оларға элеуметтік баға беру барысында орнығып, қалыптасқан, тілде жарыса қолданылып жүрген элементтердің қатарынан тандалып алынған, қоғамдық қатынасқа қызмет ету үшін ең жарамды деп танылған тілдік құралдардың жиынтығы.

Тілдік норманың түрлерін орфографиялық норма, орфоэпиялық норма, грамматикалық норма, лексика-фразеологиялық норма деп ғалым Н.Уәли топтастырған [37,106].

Ғалым Н.Уәлидің еңбегі бойынша нормаға тән сипаттар. Оларға мыналарды жатқызамыз:

- норманың міндеттілігі;
- норманың жұртшылыққа ортақтығы;
- норманың салыстырма тұрақтылығы;
- норманың салыстырма өзгермелілігі;
- норманың талғамалылығы; норманың стихиялылығы (өздігінен пайда болуы, норманың тосыннан пайда болуы).

Нормаға ұқсас, жақын тілдік категориялар. Оған: тілдік жүйе; тілдік дағды (узус); ереже т.б. құбылыстар жатады. Бұлардың әрқайсысының өзді-өзіне тән ерекшеліктері болады. Әсіресе узустардың көлемін, мөлшерін, түрлерін анықтау аса маңызды болып табылады [37,107].

Норма өзінің ерекшеліктеріне қарай тілдік норма, тілдік емес норма, коммуникативтік норма деп үш типке бөлінеді. Тілдік норма формалды құрылыммен байланысты болса, тілдік емес нормалар сыртқы факторларға тәуелді болады. Ал коммуникативтік норма формалды тілдік және тілдік емес құрылымдарды қамтиды.

Ал әдеби тіл нормасы өз ішінде кодификацияланған норма, кодификацияланбаған норма деп бөлінеді. Кодификацияланған нормаға жазба тіл нормасы, мәтін нормасы, стильдік норма, сөйлеу тілі нормасы, ауызша тіл нормасы түрінде сараланады деп ғалым нақты бөліп көрсеткен. Тілдік жүйе норманы кодификациялайды. Өйткені тілдік норма тілдік жүйеге табан тірейді. Себебі тілдік жүйе тұрақты және дәстүрге берік. Бұлай болмаса, бір ұрпақ келесі ұрпақты түсінбейді, тіпті тілдік ұжымның мүшелері бірінің сөзін екіншісі түсінбейтіндей халге жетеді.

Егер жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, сөз мәдениеті деген ұғым 1) тілдік норма; 2) этикалық норма; 3) коммуникативтік норма деп аталатын норманың үш типін қамтитынын аңғарамыз.

Сонымен, сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіруде әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеру.

1. Тілдік нормалар: орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексика-фразеологиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) нормалар. Норманың бұл аталған түрлері жұмыстың тиісті жерінде арнайы сөз болады.

Екі немесе одан да көп вариант болғанда, олардың біреуін талғап, тандап қолдану қажеттілігі пайда болған жағдайда норма мәселесін сөз етуге тура келеді.

Көп жағдайда бірнеше варианттың біреуі ғана норма деп танылады: *көбі – көбісі емес, туралы – турасында емес*, т.б.

Кей жағдайда екі немесе үш вариант та норма деп танылады *мұны/бұны, келуімен байланысты/келуіне байланысты*. Алайда бұлардың ішінде қайсыбіріне артықшылық берілетін нұсқалары болады.

қонақжайлы/қонақжайлылық

қонақжай/қонақжайлық

Қандай ел? Қонақжай ел. Кей кездері қонақжайлық, қонақжайлылық деп жазып жатамыз. Сонда қайсы дұрыс? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін ойналайық: адам қандай болады? Қонақжайлы бола ма? Қонақжай бола ма? Ереже бойынша зат есім жасайтын *-лылық/-лілік* жеген жұрнақ жоқ. Осы жұрнаққа қатысты: меймандостық-меймандостылық; ол байсал адам, демек оның бойында байсалдық бар – ол байсал адам, демек оның бойында байсалдылық бар; мейірбан кісінің мейірбандығын мақта -мейірбан кісінің мейірбандылығын мақта; айқындық-айқындылық; басымдық-басымдылық; әсемдік – әсемділік, ашкөздік-ашкөзділік; кішіпейілділік- кішіпейілдік; қарапайымдық-қарапайымдылық; дербестік-дербестілік; ғаріптік-ғаріптілік; бірбеткейлік-бірбеткейлілік; егемендік-егеменділік.

Сондай-ақ кейде сын есімнен зат есім жасамас бұрын, оның өзі дәл сол мәндегі зат есімнен шығып тұр ма, жоқ па – тексеріп алған жөн:

<input checked="" type="checkbox"/> бақыт	<input checked="" type="checkbox"/> Әділ	<input checked="" type="checkbox"/> Сенім	<input checked="" type="checkbox"/> Иман	<input checked="" type="checkbox"/> Сабыр	<input checked="" type="checkbox"/> Ақыл
<input checked="" type="checkbox"/> Бақытты	<input checked="" type="checkbox"/> Әділет	<input checked="" type="checkbox"/> Сенімді	<input checked="" type="checkbox"/> Иманды	<input checked="" type="checkbox"/> Сабырлы	<input checked="" type="checkbox"/> Ақылды
<input checked="" type="checkbox"/> бақыттылық	<input checked="" type="checkbox"/> Әділетті	<input checked="" type="checkbox"/> сенімділік	<input checked="" type="checkbox"/> Имандылық	<input checked="" type="checkbox"/> сабырлылық	<input checked="" type="checkbox"/> ақылдылық
	<input checked="" type="checkbox"/> Әділеттілік				
Десе де кейде сөздер <i>-лылық/-лілік</i> дегенге бітуі керек. Өйткені сын есімнің өзінде <i>-лы/-лі</i> жұрнағы бар.					
<input checked="" type="checkbox"/> Екіжүзді	<input checked="" type="checkbox"/> Белсенді	<input checked="" type="checkbox"/> Көшпенді			
<input checked="" type="checkbox"/> Екіжүзділік	<input checked="" type="checkbox"/> Белсенділік	<input checked="" type="checkbox"/> Көшпенділік			
<input checked="" type="checkbox"/> Екіжүздік	<input checked="" type="checkbox"/> Белсендік	<input checked="" type="checkbox"/> Көшпендік			

коммуникативтік дағдылар (коммуникативные навыки)

коммуникация (жасау) машықтары

*Навык(u)/skills* сөзі қазақ тілінде термин ретінде “дағды” болып қате аударылып бекітілген, өйткені “дағды” бір нәрсені күнделікті істеу арқылы

калыптасады, ал *skill* үйренуді талап етеді. Мысалы, “Күнде ерте тұруға дағдыланып алдым” деген дұрыс, ал “Укол салуға дағдыландым” дұрыс емес. Укол салу үйренуді, практиканы талап ететін машық.

✗ Хатымен шақыру (звать по имени)

✓ атын атап шақыру

✗ «өзіне келеді» дегенді қолдануда еш әбестік жоқ секілді көрінеді (орысша тілінен тіркес) бұл тіркестің сорақылығы оны көпше түрде қолданып “өздеріне келеді” дегенде көрінеді

✓ «ес жию» деген жап-жақсы тіркес бар шақыру

✗ тек бір рет қана өмір сүреміз - ✓ бір-ақ рет өмір сүреміз

✗ сауатты аударуға үйренейік - ✓ сауатты аударуды үйренейік

✗ оқып бастағанда - ✓ оқи бастағанда

✗ орысша «почти» сөзіне балама қылып алған «дерлік» сөзін қазақша мәтінде орысшадағы “почти” сөзінің дәл орнына қойып қолдану. Мысалы:

✗ дерлік бірдей- ✓ бірдей дерлік. Әдеби тілдің құрамында қарай отырып, сөйлеу тілінің кодификацияланған нормалардан бөлек, өзіне тән нормасы бар деп танымыз. Сөйлеу тілінде кездесетін *іштеңе, қоя қойшы* тәрізді қолданыстар жазба тіл мәтіндеріне жат болып есептеледі. Бірақ сөйлеу тілі үшін норма деп танылады. Сондай-ақ *студенттер білім алуда, Республиканың экономикасы қарыштап өсуде* сөйлеу тілі мәтініне жат, сөйлеу тілінің нормасы емес.

Қазіргі таңдағы *қанша мен нешені, керек пен қажетті* ажыра алмауымыздан қаншама қате қолданыстардың пайда болып жатқанына куәгерміз.

Этикалық нормалар. Сөз этикасының нормасына а) моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу нормалары мен ә) сөз этикетінің нормалары жатады. Сөз этикасы, сөз этикеті белгілі бір жағдаятта (ситуацияда) тілдесудің, сөз саптаудың тәртібіне тән ережелерді сақтауын талап етеді.

Сөз мәдениетінің этикалық компоненттері негізінен сөз актісінде, яғни өтіну, сұрау, ризалық білдіру, сәлемдесу, құттықтау, қоштасу т.б. тәрізді белгілі бір мақсат көздеп айтылған сөз әрекетінде көрінеді.

Сөз актісі қоғамда қабылданған лингвистикалық емес факторлармен байланысты ерекше ережелер бойынша жүзеге асады. Мұндай ережелер сөз актісіне қатысушылардың жасы, жынысы олардың арасындағы қарым-қатынастың ресми, бейресми түрімен байланысты. Қоғамда қалыптасқан этикалық норма бойынша, қандай жағдайда болмасын, бейпіл сөз айтуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Біреуге дауыс көтеріп айғайлау, зіркілдеу т.б. жағымсыз реңктегі интонациялық құралдардың қолданылуы сөз мәдениеті үшін теріс әрекеттер деп бағаланады.

Коммуникативтік нормалар. Сөз мәдениеті ұғымының коммуникативтік компонентіне қатысты нормаларға ең алдымен тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың

прагматикасына тән нормалар жатады. Тілдік нормада коммуникативтік компонент сөз мәдениетін айқындауда ерекше орын алады. Қарым-қатынастың нәтижелі болуы коммуникативтік компонентпен тығыз байланысты. Мысалы, тілдік норманы сақтағанмен, этикет тәртібін бұзбағанмен тыңдаушыны // оқырманды ескермей, көңілдегідей мәтін құрастыру мүмкін емес.


Мұның өзі сөз мәдениетінің коммуникативтік жағын мықтап ескеруді қажет етеді. Бұл ретте тілдің функционалдық тармақтарға тән ерекшеліктерімен қарым-қатынас прагматикасының шарттарымен санасудың керек екені байқалады.

Сөйлеушінің қарым-қатынас кезінде (ауызекі сөйлеу) күнделікті жіберетін қателіктері бар. Ол *балдар* (дұрыс нұсқасы балалар), *қолбақ* (дұрыс нұсқасы қолғап), *алдыға* (дұрыс нұсқасы алға), *күлкінішті* (дұрыс нұсқасы күлкілі) Бұндай қолданыстар адамның кез келген әрекетіне тән, ал сөйлеу, сөз саптау үдерісінде узустың орын алуы жиі кездесіп жатады. Ал *астына*, *үстіне*, *алдына* сөздерін *астыға*, *үстіге*, *алдыға* деп қолданып жүр (яғни «аст», «үст», «алд» деуге болмайды). Бірақ «арт» сөзі тәуелденбеген күйде де (арт, артқа), тәуелденген күйде де (арты, артына) айтылады. **Аст-ы, үст-і, алд-ы** – тәуелдік жалғанған сөздер. Оларға барыс септік жалғауы *-на, -не* болып жалғанады.

✓ бір кітап оқи бастадым	✗ бір кітап оқып бастадым	Әдеби нормада "белгілі бір іс-әрекетті бастауды" білдіретін көмекші етістік - <i>ып/іп/н</i> жұрнағымен емес, - <i>а/е/й</i> жұрнағымен тіркеседі.
✓ үйді енді жинай бастадың ба?	✗ үйді енді жинап бастадың ба?	
✓ солғын дайындала бастадық	✗ соған дайындалып бастадық	
-ол өлеңін қалай оқыды? - режиссёр әсерлі болуы үшін <i>сыбырлап</i> баста деген еді, бірақ ол сонда да <i>айғайлап</i> бастады, әйтеуір жақсы аяқтады.	- <i>ып/іп/н</i> жұрнағымен тіркесетін жағдайлар да болады, бірақ ол жерде <i>бастау</i> -көмекші етістік емес, ал оның алдындағы <i>-ып/іп/н</i> жұрнақты көсемше - <i>қалай</i> бастағаныңыздың сипаты.	
✓ жүзу білетін оқушылар	✗ жүзіп білетін оқушылар	әңгіме меңгерген машығыңыз жайында болса, <i>білу</i> етістігі тұйық етістікпен тіркеседі. Ең дұрысы, <i>алу</i> көмекші етістігін қолдана салыңыз: <i>жүзе алу, сөйлей алу</i> .
✓ қазақша сөйлеу білесің бе өзі?	✗ қазақша сөйлеп білесің бе өзі?	
✓ шахмат ойнау біледі	✗ шахмат ойнап біледі	
✓ әйтеуір тілін таба білді	✗ әйтеуір тілін табу білді ✗ әйтеуір тілін табып білді	бір жағдайда біреудің бір іске жарап қалғаны, соны сол сәтте істей алғаны, қолынан келгені меңзеліп тұрса, <i>-а/е/й</i> көсемшесімен тіркеседі.

Тілдің әрбір функционалдық тармақтарының өзді-өзіне тән сипаты бар. Мысалы, тілдік тұлғаға ғылыми дискурста көбіне «ұғымдармен» (терминдермен), ал ресми дискурста дайын штамптар, дайын формулалармен жұмыс істеуге тура келеді. Ал сондағы дайын сөз үлгілерін, штамптарды сөйлеу тілінде, көркем дискурста уәжсіз қолдану сөйлеушінің // жазушының функционалдық тармақтардың ерекшелігін ойдағыдай меңгермегенін көрсетеді.

Сөйлеу тілінде функционалдық тармақтар болмайды. Сөз мәдениеті төмендеу адам кез келген коммуникативтік ситуацияда, ресми, бейресми қатынаста бір ғана сөйлеу тілінің нормасымен сөйлей береді, қарым-қатынас ситуациясының парқын ажырата бермейді.



Ескерту – әдебиет негізінде құралған [26]

Әдеби тілдің кез келген функционалдық түрі белгілі бір прагматикалық шарттылықпен байланысты жүзеге асады. Мысалы, ауызша тілдесуде сөйлеуші – жағдаят – тыңдаушының болуы шарт болса, жазба коммуникацияда бұл шарттылық, жазушы – жағдаят – оқырман түрінде болды. Өйткені қарым-қатынас прагматикасы сөз субъектісінен мәтіннің басқаша вариантын түзуді міндеттейді. Ал ситуацияға лайық мәтін түзу – шығармашылық процесс. Бұл айтылғандар әртүрлі прагматикалық жағдайда әдеби тілдің функционалдық түрлерін қолдана білу мәдениетіне жатады. Ситуацияға қарай мәтін түзудің коммуникативтік ережелеріне автордың сөз

саптау шығармашылығына сөз қолданыстағы авторлық дербестігіне мүмкіндік беретіндей икемділік сипаты болады. Ал тілдік нормамен байланысты ережеде мұндай шығармашылық еркіндік бола бермейді, адресантқа екiнiң бiрiн таңдауына тура келедi.

Тiл мэдениетi, норма дегендерге қатысы бар терминдердiң және бiрi – узус. Орыс тiл бiлiмiнде бұған көбiнесе «узус – қолданылып кеткен тiлдiк бiрлiктер» деген түсiнiктеме бередi, узустың қарама-қарсысында окказионалдык бiрлiктер, яғни әдеттегi (нормадағы) мағынадан бөлек, тек сол контексте келтiрiлген мағынада жұмсалған сөздер тұрады. Узус пен окказионализмдер – оппозитивтiк (қарама-қарсы тұрған) дүниелер. Сiрә, дұрыс қолданыстағы бiрлiктi (сөздi, тiркес-тi, сөйлемдi) «узус» дейтiн болсақ, оның «нормативтiк бiрлiк» дегеннен қандай айырмасы болады? Сондықтан бiз узус деп тiлдiк жүйеге қайшы келгенмен, тiлдiк дағдыға айналған қолданысты атағанды дұрыс деп санаймыз [26,14].

Бұған зерттеушi, ғалым Н.Уәлиев жақсы мысалдар келтiредi. Қ.Күдерина [38], Н.Рысалиева[39], Б.Қапалбек [40], А.Әмiржанова [41] ]сынды зерттеушiлердiң де ғылыми тұжырымдары осы тұрғыдан келедi. «Ғылымның әр алуан саласындағы терминдiк мәнге ие болып қалыптасқан атаулар және басқа сөздер де бастапқы тұлғасы сақталып, дағды бойынша бiрге жазылады» делiне тұрса да, баспасөз беттерiнде бұл ескерiлмей, бiрде бөлек, бiрде бiрге таңбаланды. Ғалымдардың пiкiрiне жүгiнетiн болсақ, қазақ тiлiнiң жүйесi нормаға негiзделген, алайда кейбiр қолданыстар орфографиялық сөздiкте де қате берлiгендiгiн атап өтедi [39].

*«Айтпақшы, Дана! Кеше мен базарға бардым. Көп заттар қымбаттап кетiптi»* (Qazaqgrammа парақшасынан) деген күнделiктi сөз қолданысында көптiк жалғауын жалғап айтушылар көбейдi. Қазақ тiлiнiң орыс тiлiнен ең басты ерекшелiктерiнiң бiрi – көпше мағынаның өте сирек қолданылуы (С.Бизақов). Бiздiң тiлiмiзде сандармен және көптiк ұғымды бiлдiретiн *қаншама, талай, бiршама, көптеген, көп, қыруар* т.б. сөздермен келген зат есiмдерге көптiк жалғауы жалғанбайды. Ереже бойынша *Баға өстi, көтерiлдi/түстi, төмендедi* деген қолданысты қазiргi коммуникацияда *баға қымбаттады/ арзандады* деп қолдану белең алып барады. ...*Мiне, осындай сауда-саттықтың салдарынан елiмiзде дәрi-дәрмектiң тапшылығы пайда болды, баға өстi* (16 наурыз, 2021). <https://kazgazeta.kz/news/111944>

Узустық құбылыс мақал-мәтелдерде тiптi көбiрек кездеседi. Мысалы, *iшкен асын жерге қояды* деген мәтелде мағыналық алогизм сезiледi, бұл мәтел «есi-дертi сонда болды, соншама қызықты» деген мағынаны бередi, ондайда *iшкен* (*iшiп болған*) асты емес, ендi *iшейiн* деп отырған асын жерге қоюы (ұмытуы, ескермеуi) керек қой, бiрақ мәтел дәл осы тұлғада (*iшкен асын*) қалыптасқан. Бұл да – узустық құбылыс.

Тегiнде, норма мен узусты айырып таныған жөн. Нормативтiк бiрлiктер де – қолданылып кеткендер, олай болса узус дегенiмiз – әдеттегi тiлдiк жүйеге негiзделген норма емес, тiлдiк дағды, тiптi узустың бiр айырым белгiсi – оның тiлдiк жүйеге қайшы келетiндiгi деп танаймыз.

Тілде болып жатқан жаңалықтар мен көз алдымызда өтіп жатқан өзгерістерге, әртүрлі көріністер мен құбылыстарға объективті түрде, ғылыми негізде оң, терісін ажырататындай баға беру аса өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе «норма» мен «норма емес»-тің межесін айқындау әлеуметтік сұранысқа ие болып отырған бүгінгі таңда тіл дүниелігіндегі әртүрлі жаңалықтар мен өзгерістерді тіркеп, реттеумен шектелуге болмайды. Бұл ретте профессор Р.Сыздық айтқандай, «Тілдік нормалардың өзін ғана көрсетіп қою, яғни бүгінгі лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларды атап, әр алуан ережелер жинағы мен сөздіктер түзу жеткіліксіз. Бұлардың әрі қарайғы қолданылу, қырналу, өзгеріс-жаңалықтарға ие болу бағыты (тенденциясы) қандай деген пікірлер мен ұсыныстар болуы керек» [26, 48].

Алайда көпке дейін «норма» мен «норма еместі» ажыратуда жекелеген пікір басым болды. Бұлай болуы, әрине, түсінікті жайт. Белгілі бір құбылысты тиісті қырынан танып, біліп, бағалау үшін ғылыми-теориялық негіздер болуға тиіс. Қазақ тілінің нормативті дүниелерін танып білуде, әдеби тіл әлеміндегі көріністердің, құбылыстардың оң-терісін анықтауға негізінен тілдік жүйе мен құрылым, «тілдік жүйе мен тілдік норманы бірдей құбылыс» деген таным негіз болды. Сондай-ақ «норма» мен «норма емес»-тің аражігін айқындауда «беделге» арқа сүйеу, «эстетизм» тұрғысынан бағалау, тілдік фактінің қолданылу «жиілігін» еске алу тәрізді тілдік емес факторлар негізгі өлшемдер ретінде алынды.

Қазіргі кезде ұлттық тілдің бұрынғы-соңғы нормаларындағы ерекшеліктер, әсіресе бүтін тіл қолданыстағы әртүрлі құбылыстар мен жаңалықтарды жүйелі түрде, белгілі бір ғылыми-теориялық негіздегі талдаудың елегінен өткізіп, бағалау қазақ тіл мәдениеті саласындағы жаңа бір кезеңнің басы деуге болады. Бұл кезеңді біз ең алдымен Р.Сыздық, Н.Уәли, М.Балақаев, А.Алдаш еңбектерімен байланыстырамыз.

Ұлттық әдеби тілдегі нормалардың түрлерін, олардың негізгі ерекшеліктерін көрсетуде, соңғы жылдардағы өзгерістер мен жаңалықтарға баға беруде ғалымның функционализм бағытындағы принциптерді ұстанғаны айқын аңғарылады. Норманы негізгі объекті ретінде ала отырып, оны тілдегі өзге де ұқсас, бір-бірімен астасып жатқан құбылыстармен қарама-қарсы қою арқылы ортақ тұстары мен айырым белгілерін көрсетеді.

Алдымен зерттеуші тілдік жүйе мен тілдік норманың көп жағдайда сәйкес түсіп жататынына, бірақ жүйе мен норманың үнемі сәйкес келе бермейтін тұстарына айрықша назар аударады. Атап айтқанда, тілдік жүйенің әлеуеттік мүмкіндіктері болады. Бірақ қолданыста болмағандықтан, ондайлар норма деп танылмайды. Мысалы, *егінші, қойшы, бұзаушы* деген жүйенің ізімен айта берсек, *бидайшы, құлыншы* деу қазақ тілінің формалды-тілдік құрылымына жат емес. Жүйеде бар, бірақ қолданыста болмағандықтан, *бидайшы, құлыншы* дегендер норма деп есептелмейді. Бір жағынан, норма дегенді «қолданыстағы жүйе» деуге болады. Бұған қарағанда тілдік ұғымның шеңбері нормаға қарағанда әлдеқайда кең. Жүйедегі тілдік элементтердің бәрі бірдей норма бола бермейді. Яғни норманың талғампаздық сипаты

болады. Нормаға тән мұндай сипат-белгілер ескерілсе, бөкебайсыздық тәрізді әлеуметтік құрылымдық элементтер сөздіктерде кодификацияланбаған болар еді.

Тілдік жүйе тілдік нормаға қарағанда анағұрлым тұрақты болады. Тілдік норма да тұрақты болады, яғни тілдік норма ай санап, жыл санап өзгеріп жатпайды. Алайда тілдік норманың тұрақтылығы салыстырмалы тұрақтылық деп аталады. Мұның өзі жүйе өзгерсе ғана, норма өзгереді деген тұжырымға сүйене берудің жаңсақтығын көрсетеді және жүйе, құрылымдық элементтер өзгергенмен, норманың, әсіресе тұрақты тіркестерде өзгермейтін жайттарын ескеріп отыруды міндеттейді [40, 128]. Олай дейтініміз, қазіргі кезде кейбір тұрақты сөз орамдарының «жаңғырған» нұсқасын, мысалы, *жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* деген мәтелді *жаңбыр бір жауса, ағаш екі жауады* деп «редакциялап» жіберетінін кездестіріп қаламыз. Біздің байқауымызша, бір кездері *терек* сөзі гиперонимдік мағынаны (жалпы ағаш атаулыны) білдірген, ал *ағаш* сөзі, керісінше, гипонимдік мағынада, яғни *терек, қайың, қарағай* тәрізді өсімдіктердің құраған, кесілген, отындық немесе әртүрлі заттар жасайтын «кәделік түрі» дегенді білдірген.

Міне, тілдік норма мен тілдік жүйе арасындағы қарама-қарсылықтың бірлігі мен қайшылығын тани білу сөз қолданысымыздағы кейбір көріністердің оң-терісін саралай түсуге мүмкіндік береді.

Кейбір «жаңа» сөздер уақыт сынынан өтіп, тіл қолданысымызда орныға түскенімен, «сүрленгенше» сөздіктерге енбей, тиісті лингвистикалық әдебиетте көрсетілмей де жатады. Бұлай болуы кейбірімізге ондай жаңа сөздердің құрылымы тілдік жүйеге сай болмай, даулы көрінуінен. Кезінде тек тіл мамандары ғана емес, өзге жұртшылық назарын аударып, пікірталасын тудырған *оқырман, көрермен* тәрізді сөздер тілдік дағдыға енсе де, көпке дейін кодификацияланбағандығын (орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерде, грамматика оқулықтары мен оқу құралдарында, анықтағышта әдеби тіл фактісі ретінде тіркелмегендігін) байқаймыз.

Тілдік норма статикалық тұрғыдан, яғни қазіргі күй-қалпын әңгіме еткенде, тілдік норма дегеніміздің бір кезеңде ғана қатып қалыптасып, әрі қарай өзгермей қатып қалатын құбылыс емес екендігін де қатты ескеру керек. Норма – тарихи-өзгермелі құбылыс болғандықтан, тіл дамуының бір кезеңінде норма ретінде қабылданған (қолданылған) тілдік элемент екінші кезеңінде нормадан ығыстырылуы мүмкін және керісінше, өйткені тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажеттігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді. Осы себептен кейде тілдің құрылымдық заңдылығына сай келмейтін қолданыстардың да норма деп танылып, әдеби тілден орын алуы мүмкін. 90-жылдардың соңында *оралман* деген атау пайда болды. Бұлар енді етістік емес, есім (зат есім) сөздер, әлі орындалмаған, бірақ орындалуға таяу тұрған іс-әрекетті емес, сөз түбірі білдіретін қимылдың, іс-әрекеттің (оқу, көру, тыңдау, оралу сияқты) иесін орындаушысын атайтын атау сөз, тіпті термин сөз болып қалыптасты. Адамдардың қимылына, іс-әрекетіне, кәсібіне т.т.



қарап келмен, күлмен, жүрмен, ойнаман, жазман, сызман деп атамаймыз. Бұл – нормада жоқ, қазақ тілінің құрылымдық заңдылықтары мұндай норманы білмейді.

Бұл сөздер тілдік нормаға сай емес, қайшы келетіндігіне қарамастан, қазіргі әдеби тілімізге енді, оларды әсіресе публицистикалық стиль, яғни бұқаралық ақпарат құралдары: газет, журнал, радио, теледидардан жиі қолданып, тез тұрақталды. Ал қазіргі таңда бұл сөздің орнына «қандас» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, тарихи отанына келген қазақтарды *Оралман* деп атаудан бас тартып, *Қандас* дегеніміз жөн болады деп ұлтымыздың ұғымына сай жарасымды терминді тағы да ұсынды(<https://informburo.kz/kaz/oralman-andas-bauyrlas-aayyn-nemese-otandas-drysy-aysy.html>) 2019 жыл 19 қыргүйек

Кезінде ғалым Р.Сыздық *төрайым* сөзінің нормаға жат екенін дәлелдеп, дабыл қаққанмен, бұқаралық ақпарат құралдары құлақ аспай, әлі де жұртшылықтың санасына сіңіріп жатыр. Мәселенің мәнін байқау үшін, алдымен бұл сөзді жыныстық мағынаға қатысты бірер атаумен салыстыруға болады.

Әлеуметтік жіктелістің мұндай түрлерінде тек биологиялық қаны емес, гендерлік негіз бар. Мәдени-ұлттық дәстүрде әрбір әлеуметтік жіктің өзді-өзіне тән қалыптасқан ұлттық стереотипі, эталоны, этикеттік формулалары бар. Яғни этномәдени семантикаға ие және әрқайсының «жекешелендіріп» алған этномәдени функциясы бар. Грамматикалық род категориясы болмағандықтан, *ұстаз, оқытушы, жұмысшы, дәрігер* дегендер әйел жынысты, еркек жыныстыға бірдей қолданыла береді. Сондықтан қазақ тілінде *аға* сөзімен келетін *төраға, аға инженер, аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер* тәрізді едәуір атаулар ер адамдарға да, әйел адамдарға да қатысты айтылады. Мұндай атаулар әдеби тіл нормасында «ер» жынысты, «әйел» жынысты болып бөлінбейді. Әйел болса да, ер адам болса да ресми жағдайда басқарма төрағасы, жиналыс төрағасы, комиссия төрағасы деп жұмсалады. Сондықтан ресми стильде немесе ісқағаздарында *төраға* деп қолданған дұрыс. Осы жүйе бойынша *мұғалім, азамат, актер, әртіс, төраға* дегендерді мұғалима, азаматша, актриса, әртіскә, төрайым деп қолдану тілдік жүйемен үйлеспейді және олардың «жекешелендіріп» алған әлеуметтік функциясы жоқ. Сондықтан бұлар қолданыста кездескенімен, әлеуметтік қолдау таппағандықтан, норма деп танылмайды. Р.Сыздық бұл ретте *төрайым* сөзін ресми тілде емес, бейресми жағдайда, «төраға»-ның экспрессивті сыңары ретінде ғана қолданылуы мүмкін деген «демократияшылдау» принцип ұстанып, стильдік мағынасын шектеуді қажет деп біледі.

Сонымен, ғалым Р.Сыздық тілдік норманың міндеттілігі, жұртшылыққа ортақтығы, салыстырма тұрақтылығы, салыстырма өзгермелілігі, талғамалылығы, стихиялығы (тосыннан, өздігінен пайда болуы) тәрізді тұрақты сипаттарын тілдік жүйе – тілдік норма – узус категорияларымен байланыстыра келіп, функционализм принципі тұрғысынан бұл үшендік

жүйенің ортақ әрі айырым белгілерін негізге ала отырып, қазақ тілі нормаларындағы кейбір құбылыстарға ғылыми, объективті баға берудің жөн-жобасын айқындап берді [26].

Әлемдік лингвистикада да, қазақ тілтанымында да «норма» мәселесі егжей-тегжейлі зерттелген деуге болады. Тіл тарихына, функционалдық стилистикаға, сөзжасамға, әлеуметтік лингвистикаға қатысты еңбектердің қай-қайсысы да болсын, норма жайы (баяндау барысында әзірше «норма» термині қолданылады) кейде толығырақ, кейде негізгі нысанаға қатыстыра отырып, ішінара талданады. Норманың табиғатына қатысты бір-бірінен алшақтау түсетін пікірлер де жоқ емес. Шетел ғалымы Л.К. Латишев «Технология перевода» еңбегінде «Тілдік норма – сөйлеудің генерациясын бақылайтын тілдік жүйеден кейінгі фактор. Бұл бейнелі тілдік сүзгінің бір түрі, ол тілдік жүйеде көрініс алатын, тілдік қолданыста бар, тілде қызмет ететін және қоғам дұрыс деп таныған нәрсені өткізеді. Сөйлеу тілінде жоқ жүйенің бірліктері қолданылмайды [13,65]. Ал белгілі лингвист Е.Косериу норманы «жүйені – ұжымдық жүзеге асыру» деп тұжырымдайды [12,175]. Дәлірек айтсақ, ғалым норманы сөйлеу (речь) барысында өзгеріп отыратын объективті құбылыс ретінде бағалаған және қоғаммен тікелей байланыстылығын да баса көрсетеді.

Норма – сөз мәдениетінің басты аспектісі, сондықтан осы салаға арналған зерттеулерде норманың көптеген проблемалары тікелей қарастырылған. Бұл ретте, әрине, қазақ тіл мәдениетінің теориялық және практикалық мәселелерінің іргесін қалаған академиктер М. Балақаев пен Р. Сыздықтың тұжырымдары жалпы қазақ сөз мәдениетінің, оның ішінде норманың табиғатын ашу, дәлелдеу жағынан аса құнды. Қазақ тілтанымындағы лексикографиялық еңбектердің барлығында да дерлік норманың анықтамасы қамтылған.

Академик Р. Сыздық әдеби норма ұғымын тілдегі варианттылық құбылысымен байланысты тұжырымдаған. Осындай мәліметтерге қарағанда, тіл ғылымында норма жайы әбден анықталған мәселелердің бірі болып та қабылданады. Дегенмен құрылымдық лингвистика аспектілерінен ауысып, тіл – қоғам (қоғам дамуындағы өзгерістер) – ұлттық сана – жеке адам (тілді қолданушы) – тілді қолданатын қоғамдастық арасындағы байланыс арқылы тілді зерттеудің жаңа бағыттарының пайда болуы мен қарқынды дамуы норма проблемаларына қатысты қалыптасқан тұжырымдарды талдауды және олардың мәнін ашуды қажет етеді.

Осыған байланысты алдымен қазақ тіл біліміндегі көзқарастарды анықтап алу маңызды.

А. Байтұрсынұлы мен профессор Қ. Жұбановтың қалдырған мұраларындағы ой толғамдарында тікелей айтылмағанымен, тілдегі норма қисындарына меңзеген пікірлер бар. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, мағына жағының күштілігімен жағады» немесе «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың

дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады» [41] деген ұлағатты сөздеріне зер салалық. Бұндағы «сөздің сипатының көркемдігі, мағынасының күштілігі» дегені сөзқолданыстың әсерлілігі, жатықтығы, дұрыстығы, дәлдігі деген ұғымдармен астасқан деп танымыз, ал «дағдылы қолданылып келе жатқан сөздер, қолданыстың дағдылы жолы, жүйесі» дегені тілді қолданудағы, жазудағы дәстүрдің сақталуы дегенмен, яғни норма, дәстүрлі ұстанымдар деген түсініктермен, сөз жоқ, үндес.

Тіл ғылымының сан салалы проблемаларын ғылыми тұрғыдан талдаған профессор Құдайберген Жұбановтың айрықша мән берген мәселесінің бірі – емле және терминология. «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен терминология мәселесі дұрыс шешілмей болмайды», – деп жазды ғалым. – «Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады» [7,336].

Тіл мәдениеті саласының маңызды тұстары – жазудың қағидаларын реттеу, сөздік құрамға әсер ететін терминжүйені реттеу, бұлардың реттелуі – халықтың жалпы мәдениетінің бір белгісі, сондықтан ғалымның емле мен терминжүйенің жайын шешуді «тілдің өсуі», «тілдің түрлі тарауы», «мәдениетке қол жеткізу» дегендермен байланыстырғаны тілдік бірліктердің қолданысқа түскен кезіндегі сипатына, бірізге түсірілуіне қатысты.

Академик М. Балақаев зерттеуінде норма туралы анықтаманы былай береді: «Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз» [42,33]. Ғалымның кейінгі зерттеуінде анықтама ширатыла түскен: «Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік. Тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру» [10, 138].

Тілдік норманың тарихи сипатын, «ескі» мен «жаңа» норманы айқындауда Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, А. Салқынбай, Ш.Жалмаханов, М. Сабыров т.б. ғалымдардың тарихи-салыстырмалы зерттеулеріндегі нәтижелерді де атап өтуіміз қажет.

Норма туралы ғылыми пікірлерді топтастыра келе, оларға қойылатын талаптар мен наным-түсініктердің бір арнаға саятындығын байқадық. Осыдан барып мынадай түйін шығардық:

1. нормасыз жүйелі тіл болмайды;
2. норма пікір алысу, түсінісу арқылы жүзеге асады;
3. норма қарым-қатынас үстінде қалыптасады және жүйеленеді;
4. нормада лексикалық-грамматикалық ережелер жиынтығы сақталады.

[43,16].

Қазақ тіл білімінде негізгі анықтама академик Р. Сыздықтың зерттеулерінде берілген. «Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері, норма тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс... Нормалылық танымына тұрақтылық, дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілері де кіреді» [44, 47].

Академик Р. Сыздықтың кейінгі зерттеулерінде сонымен қатар әлеуметтік бағалаудан туындайтын жүйелілік, реттілік, тұрақтылық, дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық және ұтымдылық (лингвостилистикалық норма үшін) сияқты сипаттар норманың белгілері ретінде аталған [26,47-54].

Жоғарыда атап көрсетілген зерттеу нәтижелері мен тілді зерттеудің жаңа бағыттары қазақ тілінің әлеуметтік ахуалын жақсартып, мәртебесін көтерудің сөз мәдениетіне тікелей қатысы бар екенін көрсетіп отыр. Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады. Осыған орай қазіргі қазақ тіліндегі норма мен узусты зерттеу өзекті сипат алып, оның мынадай келелі-келелі мәселелерін айқындап, оларды ғылыми негізде шешуді күн тәртібіне қойып отыр.

Тілдік норма туралы зерттеу жүргізген ғалым Н. Уәлиев өз еңбектерінде норма мен узус мәселесіне терең ғылыми талдаулар жасаған. «Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары» деп тани отырып, Н. Уәли өз еңбегінде дағдыны тілдік жүйеден басым болмайтындығын айтады. Тілдің даму барысында кейде екі түрлі (не одан да көп) жүйе қатарласа қолданыла келіп, оның ішінде тілдің даму тенденциясына сәйкес келген біреуі жалпы халықтық сипат алып, тілдік норма ретінде танылады да, өзгесі тіл майданынан ығыстырыла бастайды. Тіл қолданысынан ығысқан жүйенің кейбір көріністері нормаға айналған жүйемен қатар дағды бойынша қолданылып та отыруы ықтимал. Бірақ оларды белгілі бір мақсатсыз жұмсау – әдеби тіл нормасын бұзу»- деп жазады [40,9].

А. Алдаштың «Тілдік норма: әдеби норма мәселелері. Ортологиялық талдау» атты мақаласы жарық көрді [45]. Мақалада қазақ әліпбиінің латын негізді графикаға ауысуына байланысты қазақ тілінің ортологиялық кодификациясын одан әрі жетілдіру өзекті мәселе екендігіне көңіл бөлінеді. Автор лингвистикада норма/тілдік норма/әдеби норма категорияларының нақтылауды қажет ететін, анықталмаған тұстары да бар екенін ескертеді [45].

Тіл мәдениетін бұзатын түрлі кемшіліктерді атап өтуге болады: біріншіден, түрлі паразит сөздер (*жаңағыз, құсап, нағып, ал, енді*, т.б.), жаргондар, вульгаризмдерді көп қолдану; екіншіден, тілді қасаң етіп, жасанды механизмге айналдыратын түрлі тілдік штамптар, канцеляризмдер, жалған мәнерлілік; үшіншіден, сөздерді қажет жерінде нақты қолданбай, ойды қысқа да нұсқа жеткізбей, жанама сөздерді көп қолданатын көпсөзділік;

төртіншіден, сөздерді қате қолдану (синонимдерді дұрыс таңдамау, паронимдерді ауыстыру, орынсыз, плеоназм, артық сөздерді қосу, екіұшты мағына беретін сөздерді, етістіктерді шатастыру, т.б.); бесіншіден, шет тілден енген сөздерді көп қолдану; алтыншыдан, тіл сүреңсіздігі, жадағай сөйлеу, сөз жұтандығы; жетіншіден, сөйлемдердің шұбалаңқылығы, ой көмескілігі; сегізіншіден, сөздерді сөйлем ішінде дұрыс орайластырмай, ымыраластырмай, ақсандатып қою. Бұл қатарға қазіргі күні дағдыға ене бастаған басқа да бұрыс тілдік қолданыстарды қоса беруге болады. Сондай-ақ тіл тазалығындағы аса маңызды мәселе, айтылымдағы қателіктерді көрсетіп, түзеп отыру, орфоэпиялық нормаларды сақтауды талап ету. Сөзді дұрыс айтпау, екпінді, интонацияны дұрыс қоймау да кемшілік болып табылады, себебі саздылық, интонация сөзге жан беріп, эмоционалдығы, көркемдігі мен түсініктілігі, реңкі мен бояуы артады.

Бұл тұрғыдан да, А. Байтұрсынұлының пікірлері құнды, ғалым тіл әуезділігін екі топқа бөледі: «сөз әуезділігі сөз ішіндегі дыбыстардың құлаққа жағымдылығы, ол дауысты, дауыссыз дыбыстардың оңтайлылығына байланысты; сөйлеу әуезділігі – сөйлемдердің құлаққа жағымдылығы, ол сөйлемдердің тізілуінен көрінеді. Онда буын екпіні мен сөз екпіні ерекше рөл атқарады. Екеуі де дауыс ағымына қарайды». Осы қағидаларды белден басып, сингармонизмді сақтамай сөйлейтін қазіргі жастардың сөйлеу-сөйлесу мәнері құлақты кесетіні өтірік емес.

Узустық қолданыстың барлығы бірдей белгілі бір жүйе түзетін бірліктер болып шықпайды.

Тілдік норманы кодификациялауда практикаға сүйену басым болса, ендігі кезекте оның сүйенетін теориялық негіздерін көрсету, тілдік және тілдік емес нормалардың түрлерін айқындай отырып, сөздің сапасын анықтауда тілдік нормаға сүйену жеткіліксіз, тілдік емес нормаларды да ескеру, тілдік, тілдік емес нормалардан ауытқулардың себептерін уәжді ауытқудың әсерімен ықпалын ашу зерттеудің талқылауына жатады.

Мәселен, норма мен узустың күнделікті тәжірибеде кездесетін мынадай сипаты бар:

Норма	Узус
Жиырманшы	Жиырмасыншы
туған күн	туылған күн
қойын-қолтық	қоян-қолтық
Аспаз	Аспазшы
ғылымының докторы	ғылымдарының докторы
Соңғы	ақтық (журналистердің қолданысында өте көп)

домбыра тартады, шертеді	домбыра ойнайды
Айтылмыш	Аталмыш
Бедеу	Белсіз
Әскер	Әскерлер
менің ойымша	мен ойлаймын
арнаулы курс	арнайы курс
Көктайғақ	Мұзтайғақ
кіруге бола ма?	кіруге болады ма?
ауырдың үстімен, жеңілдің астымен	аурудың астымен, жеңілдің үстімен
сүндетке отырғызу	Піштіру
келіндердің құлағына алтын сырға	министрлердің құлағына алтын сырға
денесі жарақаттанды	мен денемнен жарақат алдым
жұмбақ айтайық	саған жұмбақ жасырамын
назар салғандарыңызға рақымет	назарларыңызға рақымет
таныстыру жалғасады	бағдарламада таныстыруымызды одан әрі өрбітеміз
келесі хабарымызды күтіңіз	Бізбен бірге қалыңыз, Бізбен бірге болыңыз
Құтты болсын	Құтты болсын айтамыз.
Жаттықтырушы	Бапкер
ауыз бөлме	ауызғы бөлме
осы жылғы	ағымдағы жыл
телефон шалу	телефон соғамыз
Қоқыс	Қоқыстар

Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, норма мен узусты айырып, тану үшін де сөздің ішкі мағынасынан хабар болу керек екендігін аңғартады. Сөздің коммуникативтік сапасына «дұрыс» – «бұрыс», «орынды» – «орынсыз», «сөзі бай» – «сөзі жұтаң» деп баға беруде сәтті немесе сәтсіз фактіні бөліп алып, талдау негізгі әдістің бірі болады деп

жоспарлап отырмыз. Сондықтан сөздің коммуникативтік сапасы сөз актісінің аяқталған нәтижесіне қатысы болуға тиіс. Мұндай талап тілдік фактіні тек сөздің құрылымының құрамында қарау жеткіліксіз екенін көрсетеді [43,9]. Мысалдарды «Шалқар» радиосындағы «Біз қалай сөйлейміз» бағдарламасының қонағы О.Жұбаеваның берген сұхбатынан алдық [46]. Мәселен, *айтылмыш – аталмыш, қойын-қолтық – қоян-қолтық арнаулы курс – арнайы курс* деген сықылды сөздерде фонетикалық алмасулар деп қана қарайтын болсақ, қателескендігіміз. Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда *тілдік жүйе – тілдік норма* параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан ғалым Р. Сыздық *тілдік жүйе – тілдік норма – узус* үшендерін бірлікте ала отырып, «узус» деген ұғымды тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс» деп таниды [26,11]. Мысалы, мынадай сөздерде тілдік «жүйе» мен «узус» сәйкеспейді: *-тұса – тұсаула емес, ертте – ерле емес, тізерле – тізеле емес, келтір – келдір емес, қозда – қозыла емес, сөйле – сөзде емес*. Тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, ерле, тізеле, қозыла болар еді [14,46]. Бұл жерде жүйеге сәйкес болмаса да, тілдік узус норма деп танылады.

Когнитивтік тұрғыдан қарасақ, *аурудың астымен, жеңілдің үстімен* тәрізді мақал-мәтелдердің сөз әлеуеті тұрғысынан «жалқау адамның іс-әрекеті» дегенді білдіреді. Ал осындай мағынасынан мына қолданыс тілдің нормасына ауытқығанын бірден байқатады. Ұлттық семантикасынан алшақтап, мүлде қисынға келмейтіндей көрінеді.

*Жатын бөлмеге жеткенше сағатты қойды ертеңге, ауызғы бөлмедегі аяқ киімдерді ретке келтіре салды, ертең шұғыл атқарылуы тиіс шаруалар тізімі жазылған тілдей қағазға тағы үшеуін қосты.* <https://kazgazeta.kz/news/124827> *Ауызғы бөлме емес ауыз бөлмесі деп қолданған дұрыс. Алайда сөйлеу кезінде кететін қателіктер дағды болып, қазіргі қолданыста ауызғы бөлме мен ауыз бөлмесі жарыспалы түрде қолданыста екенін байқадық. Тіпті сөздіктерде де қатар қолданылып жүр.*

Қазіргі қолданыста анасы баласына былай сауал қойды: «*Саған жұмбақ жасырамын*» дейді, өзі «жұмбақ», «жұмбақты жұмбақтаудың қажеті қанша?». «*Жұмбақ жасырамын* демейді, «*жұмбақ айтайық*» десе тілдік нормаға сәйкес келеді. «*Жасыру*» деген артық сөз. Қазақтың сөз тіркесінде жоқ сөз.

Қазіргі дикторлардың қолданысында «*Бағдарламада таныстыруымызды одан әрі өрбітеміз*» дейді. Таныстыру өрбімейді, таныстыру жалғасады. Өрбіген деген басқа мағынада, басқа тұрғыда айтылатын сөздер. Мысалы, қазақтың әдеби тілінің сөздігінде *Өрбі* етістігінің *өсу, жетілу; өркен жаю* ауыспалы мағынасында (Сөздік, XII том: 342) қолданған *өрбіген* сөзінің мағынасынан тым алшақ. Ал «*Бізбен бірге қалыңыз*», «*Бізбен бірге болыңыз*» деп хабарды жүргізетін журналистердің қолданысындағы сөйлемдерді талдасақ. Тындап отырған тындарман «мен онымен қалай бірге қаламын?», «қалай бірге боламын?» деген сияқты ішкі сауалдары туындайды. Функционалдық синонимдерді қолдана білудің мәні

айрықша. «*Келесі берілетін хабарымызға құлақ салыңыз, келесі хабарымызды күтіңіз*» деген сияқты коммуникативтік күзиреттілікті пайдалана отырып әр сөзді орнымен тізбектеген дұрыс. Функционалдық синонимдердің бірі публицистикалық дискурсына тән болса, екіншісі сөйлеу тілі дискурсына тән екені аңғару қиын емес. Сондықтан адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отырып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін тыңдарманның қабылдауына тиімді баяндауды ойластырған абзал. Себебі БАҚ біздің сөзіміздің негізгі қолдану аясының кеңдігін көрсетеді. «Дұрыс» не «бұрыс» кеткен қолданыстар ертеңгі узустың еншісінде болады.

Ана тілдің өмір сүру ортасы, сол ортада оны қызмет етуіне бөгет болатын *нигилистік көзқараспен күресу* әлеуметтік лингвистиканың негізгі міндеттері. Оған дәлел ретінде бүгінгі қолданыстағы «*мен ойлаймын*», «*кіруге болады ма?*» деп орынсыз жұмсау.

Қазақ тілінің табиғаты бойынша есептік сан есімдерге қосымша – *ыншы, -інші* түрінде жалғанады: *бесінші, алтыншы, жетінші* т.б. осы сияқты *жиырманшы* болуға тиісті реттік сан есім дағды бойынша *жиырманшы* түрінде қолданып, норма ретінде танылды. Яғни біз узус деп отырған қолданыстар уақыт өте келе нормаға айналып кетуі әбден мүмкін.

Қате қолданылатын дағдыға айналған варианттар да тілімізде көп. *Аспаз-аспазшы, аттестаттау-аттестациялау, әскер-әскерлер, малшы-мал өсірушілер (шопан), көктайғақ-мұзтайғақ* т.б. Мұндай варианттардың екінші сыңары қате екендігін көрсетеді.

*Құтты болсын айтамыз. Нұржан, тырнақалды жинағыңыздың жарық көргеніне құтты болсын айтамыз* - орыс тілінің ықпалымен орныққан, артық сөз қолдану салдарынан туындаған стильдік қате. Орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөйлем құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Орыс тілінде іс-әрекетке констатация жасалса, қазақ тіліне ондай құрылым жат. Қазақ тіліне жат, өзге тілдің ықпалымен енген құрылымдарға абай болуымыз керек. Дұрысы: *Нұржан, тырнақалды жинағыңыздың жарық көргені құтты болсын!* (Сөзтүзер, 2021: 224).

*Отбасына:* Алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады (Егемен Қазақстан, 21 мамыр, 2019); *отбасына берілетін жәрдемақы; отбасыға:* отбасыға арналған жәрдемақы; *отбасыны:* Ел Үкіметі «Жастар жылы» аясында... алдағы 15 жылда 1,5 млн отбасыны баспанамен қамту ісі... 2019, 2020 және 2021 жылдарды қамтиды (inbisiess, 8 тамыз, 2019); *отбасыда:* Әке отбасыда маңызды рөл ойнайды. Себебі әке – отбасының тіреуі болып табылады (ашық энциклопедия); *отбастары:* Отбастарыңызға амандық тілеймін (ауызекі сөйлеу тілі).

Бұл фактілер тілдік норманың өзгермелі, қозғалмалы сипатын көрсетеді [14,23].

Сөздің басталуында этикеттік қаратпалардың қандай мәні болса, *назар салып тыңдағандарыңызға рақымет, ден қойып тыңдағандарыңызға рақымет, назар салғандарыңызға рақымет* деп сөзді аяқтаудың да соншалықты мәні бар. «*Назарларыңызға рақымет*» деген этикеттік норма



қазіргі коммуникацияда қысқарып бара жатқан сияқты. Бұлай деу бір жағынан этикеттік норма болса, екінші жағынан, аудиториямен коммуникативтік байланыстың аяқталғанын байқататын белгі болып табылады.

Осылайша, тілдік фактілерді талдаудың, зерттеудің нәтижесінде тілді пайдаланушылардың жазбаша және ауызша қарым-қатынастарында:

а) жоғары жиілікпен қолданылған;

ә) қолданылуы дәстүрге айналған;

б) мойындалған тілдік фактілер норма / тілдік норманың үлгісі болып саналады, бұндай тілдік фактілер арнаулы нормативтік сөздіктерге енгізіледі (дескриптивті, яғни сипаттама нәтижесінен алынған норма).

Тілді пайдалану, яғни сөйлеу әр адамның ішкі мәдениетіне байланысты. Сөйлеу мәдениеті, жазу мәдениеті, оқу мәдениеті ұғымдары бір-бірімен тамырлас, келіп, сөйлеу өнерін құрайды. Сөйлеу мәдениеті әрбір мәдениетті, парасатты адам үшін өте маңызды тілдік дағдыға айналуы керек.

Бүгінгідей жаһандану заманында өзіміздің түпкі тамырымызға жақындағанымыз жөн. Өркениетті адам тілдік қарым-қатынастың әртүрлі формаларын жете меңгеруі керек. Әсіресе нарық заманының адамы тілдік қатынаста тек өз саласымен шектеліп қалмай, шаршытоп алдында айтыс-тартысқа түсудің логикалық, әлеуметтік, психологиялық жақтарынан хабардар болуға тиіс. Әрине коммуникацияның біз айтыс-тартыс мәселесінің мәніне егжей-тегжейлі тоқталу зерттеудің тікелей міндетіне жатпайды. Сондықтан күнделікті өмір тәжірибесінде жеке коммуникацияда, бұқаралық коммуникацияда, ұжымдық коммуникацияда жиі байқалатын жайттардың сөз мәдениетіне қатысты қырларына тоқталды.

Әлеуметтік лингвистика саласындағы зерттеулерде осы анықтама жалғастырылып кеңейтіліп беріледі: «Тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, қарым-қатынас үдерісі кезінде пайдаланылатын барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы, тілдік норма тілдің тұтастығын, жалпыға бірдей түсініктілігін (коммуникативтік жарасымдылығын) қамтамасыз етеді, сонымен қатар тілдік норма қозғалмалы, қолданыстың жалпы алғышарттарына тәуелді (коммуникативтік нысаналылық) [36, 80].

Осы зерттеу жұмысына қатысты жабық әлеуметтік сауалнама (социолингвистикалық жүргізілді. Сауалнамаға 159 респондент қатысты. Сауалнама Google Forms сервисінде онлайн форматта өтті.

Осы сала бойынша жоғары білімді респонденттердің жауабын есептемедік.

Біз үшін маңыздысы – жалпыхалықтық пікір, яғни қазақ тілді қоғамның тілдік нормасына қаншалықты мән беретіндігі, тілдің тазалығы мен мәдениетіне деген көзқарастарын анықтау мәселесі болды. Гендерлік ерекшеліктері бойынша – 79,7 пайыз әйел, 20,3 пайыз ер азаматтардың қатысуымен, ал жас ерекшеліктері бойынша 45,1 пайыз көрсеткішпен 30-45 жас шамасындағы респонденттер белсенділік танытқан. 19-29 жас

аралығындағылар – 35,9%, 46-60 жас аралығындағылар – 15%, 61 және одан жоғары жастағылар – 3,9% құрайды. Респонденттердің арасында студенттер, сондай-ақ білім беру саласының мамандары, денсаулық сақтау, сауда саласының қызметкерлері, өндіріс, қаржы саласындағы мамандар бар. Айта кететін жайт, респонденттердің көпшілігі ауылда туылып, қазіргі таңда қалада тұратындар.

Сауалнама 15 сұрақтан тұрады. Қазақ тілінің ережелерін бұзып сөйлесек немесе жазсақ, ол тілдің болашағына әсер ете ме? (*Қатесін міндетті түрде дұрыстаймын; Қатесіз сөйлеуді сұраймыз; Мән бермеймін; Жауап беруге қиналамын*) Егер Сізге әлеуметтік желілерде қатемен немесе паразит сөздерді қолданып, хат жазса, Сіздің әрекетіңіз (*Қателерге мән бермей, хатқа жауап беремін; Болашақта қатесіз жазуды талап етіп, бірақ хатқа жауап беремін; Хатты қатесіз жазып, қайта жіберуді сұраймыз; Мұндай хаттарды жауапсыз қалдырамын*); Мына сөздің қайсысы құлағыңызға жағымды естіледі (**Ағымдағы жылғы 26 желтоқсан – осы жылғы 26 желтоқсан**; Серік, мен саған бір нәрсе **айтуым керекпін** – Серік, саған бір нәрсе **айтуым керек**; Жақсы сөз **айтумен** бастайық, Қайреке! – Жақсы сөз **айтудан** бастайық, Қайреке!); Мына сөздердің қайсысы тіліміздің нормасына сәйкес келіп тұр (*Автобустан шығу – Автобустан түсу; Автобусқа отыру – автобусқа міну; Айландыру – айналдыру; Алдыға – алға*).


Сауалнама нақты тіл мамандарына емес, көпшілікке арналғандықтан, сұрақты мейлінше жеңіл түрде қоюға тырыстық, нәтижесінде тіліміздегі қателіктерге бейжай қарамайтындардың саны артып келе жатқандығын байқаймыз. Сөйлеудегі қателіктерді байқаған жағдайға оны ескертіп, келесі жолы қайталамауын өтінетіндерін байқадық.

Аталған сауалнама қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет ету деңгейін көтеруде кедергілерді жойып, ақсап жатқан жақтарын жетілдіруге, тіл қолданыстың сапасын жақсартуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қоғамның әр алуан саласында қызмет ететін адамдардың тілдік қолданысын бақылай отырып, жіберілген қателердің түрлерін жіктеу, олардың (орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық, лексика-семантикалық, стильдік, логикалық, этикалық т.б.) жіберілу себептерін анықтауға болады.


## Егер Сіз өзге адамның сөйлеуінде қателіктерін байқасаңыз, Сіздің әрекетіңіз

153 ответа



## Қазақ тілінің ережелерін бұзып сөйлесек немесе жазсақ, ол тілдің болашағына әсер ете ме?

154 ответа



Норма, узус (дұрыс, бұрыс) терминдері жайында арнайы сөз қозғап отырғанымыздың уәжі бар. Алдымен, термин мәселесінің тілдің лексика саласындағы нормалану процесіне тікелей қатысы болғандықтан, ғылыми дефинициясын айқындап алуды жөн көрдік. Бұл зерттеу тек тіл мамандары үшін емес, тілді дұрыс пайдалануға ниеттенген қалың көпшілікке, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне, мектеп мұғалімдері мен студенттерге, журналист сияқты қалам иелеріне бағытталғандықтан, мұндағы сөздерді мейлінше түсінікті болуын көздедік, ал бұларды жиі қолданған

себебіміз – бұл жұмыстың ғылыми – **теориялықта**, қолданбалы – **тәжірибелікте** сипаты болуы көзделді.

Тұтас алғанда, тілдік нормалар, әсіресе жазба сөз нормалары – мүлде өзгермейтін, «консервіленген» құбылыс емес [26,15]. Уақыт өткен сайын тілдің өзі сияқты, оның түрлі стильдік парадигмаларындағы нормалары да өзгеріп отырады, бірақ бұл өзгерістер түбегейлі емес, нормасы түп-тамырымен өзгермейді, өзгереді және олардың өзі – бір сәттік, кенет болатын өзгеріс емес, ұзақ уақытты алатын үдеріс болады. Сондықтан тілдік норма мәселесін қарастырғанда, тіл дамуының белгілі бір кезеңін алып, синхронды тұрғысынан зерттеу керек. Әрине, ғылым үшін диахронды аспектіде зерделеуге болады, бірақ мұндай зерттеуде, тәжірибеде пайдалы нәтиже күтетін прагматикалық мақсат көзделмейді. Мұнда тілдің тарихи дамуының объективтік заңдылықтарын ашу үшін әрбір тілдік құбылыстың іліктестігі, жалғастылық сипаты, өзгерістердің негізі (себебі) сияқты ізденістер жүргізіледі.

Тілдік норманы диахронды аспектіде зерттеу ғылым үшін маңызды болғанмен, қазіргі таңда өзекті болып отырғаны – синхрондық сипаттағы, яғни дәл бүгінгі кезеңдегі қазақ тілінің нормаларының күй-қалпын танып-білу және оны тек ғылыми сипаттап, негіздеп қою емес, сол арқылы тіл мәдениетін көтеру болып отыр. Себебі қазіргі нормадан ауытқыған сөздердің қолданысы жиілеп, узустық қолданыстар бірте-бірте нормаға айналу үдерісі байқалады.

Қазіргі кез келген ақпаратты ең бірінші орыс тілінде оқитындығымыз ақиқат. Ондағы ақпаратты қазақ тілінде беру үшін аударма жасаймыз. Аударма жасауда кальканың тиімді жақтары да бар. Көп жағдайда аудармашының шеберлігіне байланысты. Мәселен, «*Ештен кеш жақсы*», «*Асауға тұсау*», «*Көздің қарашығындай сақтау*», «*Лай судан балық аулау*», «*Түймедейді түйедей ету*» деген секілді сөз тіркестері калька аудармалар. Бірақ өте сәтті аудармалар.

Ең сәтсіз, дендеп кеткен калька аудармалардың бірі – «*суретімен бөлісті*», «*пікірімен бөлісті*», «*тәжірибесімен бөлісті*» деген сөздер. Дұрысы, бұл жерде «суретін бөлісті», «пікірін бөлісті», «тәжірибесін бөлісті» боп табыс септігімен айтылуы керек. Егер «пікірімен» бір нәрсені бөліссе дұрыс, ал «пікірдің», «тәжірибенің» өзін бөліссе, онда «пікірін», «тәжірибесін» болады. Бірақ бұл кеңінен таралғаны соншалық, қазір кәрі де, жас та осылай сөйлейді. Сондықтан қайтадан дұрыс нұсқаға оралу керек. Бұл сіңісіп кететін болса, түптеп келгенде өзімізді шатастыратын болады.

Осы мысалдардың көп қолданысынан қайсысы норма, қайсысы узусты қазір анықтай алармыз. Ал дендеп кететін болса уақыт өте келе оны ажырата алмай қалу қаупі бар.

Тіл тазалығы – маңызды мәселе. Біздің зерттеуімізге қатысты сүбелі еңбек, яғни 2021 жылы «Сөзтүзер» атты кітап жарық көрді [47]. Онда 2 мыңнан астам мысал жинақталған. Қазіргі журналистер аудармаға негізделген жаттанды тіркестерді көп қолданып, сөздердің орын тәртібін

сақтамайтындығын естіп жүрміз. Әсіресе, орыс тілінің ықпалы өте күшті екенін зерттеу нәтижелері анық көрсетіп отыр [47].

Сөздіктегі қате қолданыстарды тілдік себептері (орфографиялық, орфоэпиялық, мағыналық, стильдік, пунктуациялық және т.б.) бойынша жіктеуді жөн көріп отырмыз.

**Грамматикалық нормалану.** *Тезек төренің 200 жылдығы республикалық көлемде аталынып өтіледі.* Қосымшалардың табиғатын, тіркесімін ескермеуден туындаған стильдік қате. Ол сөзден кейін келген *өтіледі* етістігі ырықсыз етіс тұлғасында қолданылған. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес ырықсыз етіс қосымшасы екі етістікке де жалғанбай, соңғы сыңарына ғана жалғанады. Дұрысы: *атап өтіледі.*

*Сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атауға шешім қабылданған.* «Атауға шешім қабылдаған» тіркесі орыс тіліндегі үлгі бойынша түзілген. Барыс септігінің *-ға* жалғауы қосылуы қате. Дұрысы: *Сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атауды ұйғарған немесе сол себепті «бургер кингі» «хангри жекс» деп атау туралы шешім қабылдаған.*

*Ол саған анализдерге направление берген соң, келесі күні таң азанмен, ашқарынға барып, анализдерді тапсыруға кірісесің.* Тіркесім дұрыс емес, барыс септігі орынсыз қолданылған. Неге бару деген сұрағын қойсаңыз, қателігі түсінікті болады. Дұрысы: *...ашқарын барып...* Сонымен қатар *анализ, направление* сөздерінің қазақ тіліндегі баламас қолданылуы керек.

*Достар, сендер де осы тәжірибені жасасаңдар болады.* Грамматикалық пішінді қате қолданудан мағынаға нұқсан келтіріп тұр. Қазақ сөйлеуінде әрекетті білдіру үшін шартты райды қолданған соң сол әрекеттің нәтижесі айтылады. Осы сөйлемді мысал етіп алсақ, тәжірибені жасаса, не болатыны, яғни шарттың нәтижесі, айтылуы керек. Ал сөйлеуші *болады* деген сөзді көмекші етістік ретінде беріп отыр. Бұл сөйлемдегі мақсат белгілі бір әрекетті орындауға мүмкіндік, рұқсат беру, мұндайда негізгі етістік барыс септігінде қолданылады да, оған «болады» көмекші етістігі тіркестіріледі. Дұрысы: *..жасауларыңа болады.*

*Қолөнершілердің айтуынша, киізді киіз үйдің сыртын жабу үшін, жерге төсеу үшін және де кереге керу арқылы өз қажеттілігіне орай пайдалана білген(Сөзтүзер).* Мысалда шылаулар қабаттаса жұмсалған, бұл ауызекі сөйлеу тіліне тән, алайда БАҚ-та жол берілмеуге тиіс құбылыс. Дұрысы: *Қолөнершілердің айтуынша, киізді ағаш үйдің сыртын жабу үшін, жерге төсеу үшін және кереге керу арқылы өз қажеттілігіне орай пайдалана білген.*

*Мұражайға қор болар жәдігерлер өте көп.* Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс. Қазақ тілінде *көп (өте көп), аз (өте аз)* сөздерімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауға тиіс. Дұрысы: *жәдігер көп.*

*Бұл жайтты дереу ұялы телефонының бейнекамерасына түсіріп алған әйел видеоны желіге жария етеді. Жария етеді, жариялайды* өзара мәнделес қолданыстар болғанымен, бірінің орнына бірін қолдануға келе

бермейді. Тіркесім заңдылығына сәйкес жария етеді етістігі кімге? нені?неде? сұрақтарына жауап беретін сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, тіркес құрайды. Ал жариялайды, жүктейді секілді етістіктер кімге?//неге? нені?неде? сұрақтарына жауап беретін сөздермен синтаксистік қатынасқа түседі. Дәлірек айтсақ, әйел бейнежазбаны желіге емес, желіде жариялай алады немесе әйел бейнежазбаны желіге жүктейді. Дұрысы: Бұл жайтты дереу ұялы телефонының камерасына түсіріп алған әйел бейнежазбаны желіде жариялайды немесе желіге жүктейді.

*Бетпердені шешу былай тұрсын, коронавирусты жеңуге ұжымдық иммунитет қалыптастырылуы керек.* Септік жалғауын дұрыс қолданбаудан болған мағыналық қате. Дұрысы: *Бетпердені шешу былай тұрсын, коронавирусты жеңу үшін ұжымдық иммунитет қалыптастыру керек.*

*Ит терімді басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр.* Тұрақты тіркесті бұзудан болған қате. «Ит терісі» изафет тіркес, ол бірінші және екінші жақта тәуелденбейді. Тері – ұрыс еститін адамдікі емес, иттікі. Қай жақта айтылса да, «ит терісі» болып қалады. Дұрысы: *Ит терісін басыма қаптап, айтпағанды айтып жатыр.*

*Орыс тіліндегі «95 лет возвращению названия «қазақ» деген тіркесті калька жолмен аударудан пайда болған құрылым.* Мұндай тіркесте тұйық етістік емес, барыс септігіндегі есімше қолданылады. Дұрысы: *Қазақ атауын қайтарып алғанымызға 90 жыл.*

*atway\_kazakhstan\_2021 «Оқу ақылы бола ма немесе грант болады ма?»,- деген сұрақ қалдырыпты (<https://kazgazeta.kz/news/123085>)*Қалыптасқан нормадан ауытқу бар. Қазақ грамматикасында –а, -е, -й жұрнақты көсемшесі арқылы жасалған ауыспалы шақтағы етістікке ма, ме сұраулық демеулігі тіркескенде –ды, -ді жақтық көрсеткіштерін түсіріп тастап айту, жазу нормаға айналған. Дұрысы: *...бола ма?*

**Орфографиялық нормалану.** *Көшелерді жарықтандыру, ауызсу мен ағын судың проблемасы, каналдарды реттеу сындық мәселелер маған жақсы таныс.* Бұл бірлік бекітілген ереже бойынша ауыз су түрінде бөлек жазылады. Дұрысы: *ауыз су мен ағын су мәселесі, арналарды реттеу мәселелсі маған жақсы таныс.*

*Кейінгі уақытта Сәбит пен Ғабиттің шығармашылығына, өмірлік жеке ұстанымына қатысты түрлі желөкпе сөздердің көп айтылып кеткеніне орай батыл да тұжырымды пікір айтып жүрген білікті тұлғатанушы(Сөзтүзер).* Желөкпе тілдік бірлігі фразеологиялық тіркеске жатады. Емле ережелерінде фразеологиялық тіркестің әр сыңары бөлек жазылатыны анық көрсетілген. Алайда соңғы шыққан орфографиялық сөздікте (2013 ж.)сол ережеге қайшы желөкпе жазылымы ұсынылып қате жазуға нұсқаған. Алайда бұл фразеологизм адамға қатысты жұмсалады, ал сөзге қатысты *алыпқашпа әңгіме, жел сөз, қаңқу сөз* деген нұсқалардың бірін қолдаған жөн. Сондай-ақ мысалдағы түрлі, сөздер, көп лексемаларының мағынасында көптік семасы бар, сондықтан бұл сөйлемде *-дер* көптік қосымшасын қатар жұмсау артық. Дұрысы: *өмірлік жеке ұстанымына*

қатысты түрлі жел сөздің көп айтылып кеткеніне орай батыл да тұжырымды пікір білдіріп жүрген білікті тұлғатанушы...

Тұрақты мекендеуге кетіп жатқандарынан басқа жай визамен барып қалып қалғандар, тұруға ихтиярхат күтіп жүргендер қаншама? Әдеби нормадан ауытқу бар. Ихтияр сөзінің араб тілінен енгені, араб тілінде осылай дыбысталатыны рас. Әйтсе де қазақ тілінде араб сөздерін бейімдеп, әдеби тіліне енгізу қалыпты дәстүрге айналған, мысалы мумин – момын, ихтияд – ықтият, т.с.с. Сондықтан ықтиярхат деп жазған дұрыс.

Өйткені екіжақты ресми келісім-шарт бар. Қазақ тілінің нормасында келісім-шарт дейтін қос сөз жоқ, ешқандай сөздікте де тіркелмеген. Автор келісім және шарт сөздерінің іліктестігін ескеріп қос сөз қылып берген болуы керек, қос сөздердің мағыналары іліктес я қарсы сөздерден жасалатынын жоққа шығаруға болмайды. Алайда сөздерді қосарлаудан шығатын мағынада көптік мағынасын да қамтитын жалпылық мән болады, мысалы, *ата-ана* дегенде кемі екі адамды, *ыдыс-аяқ* дегенде бірнеше ыдысты атайтыны белгілі. Ал келісімшарт бір ғана жеке затты атайды. Сондықтан да бұған орай қосарлау тәсілін қолдану жаңсақтық болып саналады. Дұрысы: келісімшарт.

*Қызылжарда көп балалы отбасы далада қалды. Емле қатесінң салдарынан ақпараттық мазмұнға нұқсан келген.* Бұл сөйлемнен «баласы бар көп отбасы далаға қалғаны» туралы да ақпарат алуға болады. Сын есімнің сөзжасамында күрделі сын есім жасалуының бір жолы – сан-мөлшерді білдіретін сөз бен зат есімнен жасалған қатыстық сын есімнің бір сұраққа жауап беретіндей болып бірігуі. Бұл орфографиялық сөздіктерден де көрініс тапқан. Дұрысы: Қызылжарда көпбалалы отбасы далада қалды.

*2021 жылдың қаңтарынан бастап «Білім беру жүйесін тексеру барысында тексеру парақтары мен қауіп дәрежесін бағалау критерияларын бекіту» туралы заң күшіне енді.* Қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс жазылуын ескермеуден туындаған қате. Соның салдарынан қосымшалар да дұрыс жалғанбаған. «Қазақ әдеби тілінде» бұл сөз критерий түрінде берілген. Әрі оған қосымша жіңішке жалғанады. Бұл – дерексіз зат есім болғандықтан, оған көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Дұрысы: критерийін немесе межелетуішін.

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жері қайда кетті: мәселе мәжіліс деңгейінде көтерілді.* Қосымша дұрыс жалғанбаған. Қысқарған сөзге қосымша соңғы буынмен үндесіп, жуан немесе жіңішке нұсқада жалғанады. Дұрысы: ҚазҰУ-дың

**Орфоэпиялық норма.** *Отанымызда өсірілген көкөністі көрейік. Пайдалы тағамдардан тартынбай, күн сайын жеміс-жидек пен көкөністі молынан жеңіз.* Бұл мысалдар хабар жүргізушілердің ауызша сөзінен алынды. Екі дауыстының ортасында кейінді ықпал әсерінен «к» қатаң дауыссызы ұяндап «г» айтылады. Дұрыс айтылуы: көгөніс.

Теле-радиохабарларында, түрлі бағдарламада ауызша сөйлеуде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы үндесімін, үйлесімін, сөз сазын, екпін ерекшеліктерін, интонациялық құралдарды. Қысқасын айтқанда, қазақ

сөзінің орфоэпиялық нормасын сақтауға айрықша мән беру қажет. Мәселен, күн райын хабарлаушылар *Талдықорған, Жезқазған* сияқты қала атауларын айтқан кезде алдыңғы буындағы соңғы дыбыстың ұяң дыбысқа айналып айтылатынын (*Талдықорған, Жезғанған*) ескере бермейді. Бұған сөздің екінші буынына дейін анық естілетін ерін үндестігін де қосуға болады (*шоқжұлдыз-шоғжұлдуз, күндіз-күндүз т.т.*) (Сөзтүзер, 2021: 387)

**Жаңа сөздер мен қате қолданыстар.** *Ал мақсат болмаса, онда жоспарлаудың ешқандай пайдасы жоқ, онда біз жәй хаосты ғана жоспарлаған боламыз.* Тілдегі космополитизм деп бағалауға болады, осы сөйлемнің мән-мазмұнына сай етіп «хаостың» орнына қазақша сөз табуға болады. *Жәй* – ауызша сөзжұмсамаға тән нұсқа, әдеби нормада *жай* нұсқасы орныққан. Оның үстіне хаостың жай түрі, күрделі түрі деген сияқты ұғым жоқ, хаостың негізгі мағынасы – әлемнің бейберекет болуы, ретсіздік. Дұрысы: ...бар болғаны бейберекеттікті ғана жоспарлаған боламыз.

*Әрине, бұрқыратып жұмыс істеп жатырмыз деген имитациялар, қатқыл мәлімдемелер болуы мүмкін.* Тіл шұбарлау, қазақ тіліндегі баламасын ескермеуден туындаған қате. *Имитация* сөзінің қазақша баламалары жеткілікті: еліктеу, алдамшы, ұқсастыру, бояма, көз бояу, т.б. Дұрысы: ...*бұрқыратып жұмыс істеп жатырмыз деген көз бояу ... болуы мүмкін.*

*Джо Байденнің инаугурациясы өтетін 20 қаңтарда қауіпсіздік шаралары барынша күшейтілді.* Тіл шұбарлау бар. *Инаугурация* сөзінің қазақшасы – ұлықтау. Дұрысы: Джо Байденді ұлықтау рәсімі...

*Құрметті көрермендер, кезек жарнамада.* Сөйлем қазақша құрылмаған, баяндауышы тиянақсыз. *Жарнамаға кезек береміз* немесе *Арнада – жарнама* сияқты қолданыстардың бірін пайдалануға болар еді.

*Соның кесірінен түрлі конфликтілер туындайды.* Тіл шұбарлығы. Конфликт сөзінің терминкомда бекітілген анықтамасы – кикілжің. Көптік жалғау да артық жалғанған. Дұрысы: *Соның кесірінен түрлі кикілжің туындайды.*

**Аударма жасаудағы нормалану.** *Сәби, ереже бойынша футбол добын қолмен ұстауға болмайды, оны аяқпен тебу керек.* Аяқпен тебу – орыс тілінен келген калька. Орыс тілінде футбол кезінде аяқпен ұрды деп айта береді. Қазақша қолмен ұрады, аяқпен тебеді. Сондықтан дұрысы: *Ереже бойынша, футбол добын ұстауға болмайды, тек тебу керек.*

*Қазір маған медбике екпе жасайтын болады.* «Жасайтын болады» - орыс тілінен (*будет делать*) тікелей аудару арқылы пайда болған жасанды тіркес. Дұрысы: *жасайды.* Ал дәл осы сөйлемде «егу» етістігін пайдаланған орынды. Мысалы: *Қазір маған медбике екпе салады.*

*Тергеушілердің мәліметінше, шенеуніктер кәсіпкерлермен бірге жоба құнын жасанды қымбаттатып, жалған кәсіпорындардың көмегімен миллиардтаған қаражатты қағаз ақшаға айналдырған.* Орысша «искусственно завысив стоимость проекта» деген тіркестің қате аудармасы. Қазақ тілінде «жасанды» сөзі заттың сипатын білдіреді, бірақ әрекеттің сыны бола алмайды. Мұндай контексте «қолдан қымбаттатып» тіркесін немесе



«құнын шамадан тыс артық көрсетіп» деген тіркесті қолданған жөн. Дұрысы: *Тергеушілердің мәліметінше, шенеуніктер кәсіпкерлермен бірге жоба құнын шамадан тыс артық көрсетіп, жалған кәсіпорындардың көмегімен миллиардтаған теңгені қолма-қол ақшаға айналдырып алған.*

*Әр детальға мән беріңіз. Әлдебір жеміс не әйтеуір бір нәрсе емес, хош иісті жасыл алма деген сияқты сипаттап жазуға тырысыңыз* (Сөзтүзер). Орыс тіліндегі «зеленое яблоко» тіркесінің калькаланған аудармасы сөйлемнің қазақша нұсқасының жатық шығуына кедергі болған. Қазақ өсімдік пен жеміске қатысты «жасыл» түстің орнына «көк» дейді. Тіліміздің паремиологиялық қорындағы «көкті жұлма, обал болады» деген тыйым, «көктей солғыр» деген қарғыс, «көгалдандыру» деген термин, «көк базар» атауы т.б. тұрақты сөз қолданыстары осыған дәлел. Бұл топыраққа себілген дәннің «көктеуіне», яғни *жоғары қарай, көкке тік бағытталып өсуіне* байланысты қалыптасқан. Яғни табиғи түсі «жасыл» болса да, әдеби нормада «көк шөп», «көк алма» деген атаулар қалыптасып орныққан. Дұрысы: *Әлдебір жеміс не әйтеуір бір нәрсе емес, хош иісті көк алма деген сияқты сипаттап жазуға тырысыңыз.*

*Бұл ереже адвокаттардың тәуелсіздігін және іске кірісу кезінде олардың өкілеттіліктерін растау мәселесін шешудің жеделдігін арттыруға бағытталған.* Сөйлем орыс тілінен калькаланып, салдарынан қазақ қоғамы үшін рабайсыз конструкция шығып отыр. Дұрысы: *Бұл ереже адвокаттардың тәуелсіздігін және іске кірісу кезінде олардың өкілеттіліктерін растау мәселесін жедел түрде шешуге бағытталған.*

*Мәскеу мен Астана дәстүрлі діндер саласында өзара тәжірибеге ие, ол әрі қарай жалғасын табуы керек.* Орысша «иметь» етістігінің калькасы. «Иметь» деген сөзді «ие болу» деп аударудан туған қате. *Ие болу* тіркесі нысанның барыс септігінде тұруын талап етеді. Бірақ осы шақта айтылған соң «болуы» түсіп қалған да қисынсыз сөйлем құралған. Одан соң *өзара тәжірибе емес, ортақ тәжірибе* болуы тиіс. Дұрысы: *Мәскеу мен Астананың дәстүрлі діндер саласында ортақ тәжірибесі бар.*

*«Огнеопасно»* деген сөздің қазақша аудармасы бірде-бір жерде дұрыс жазылғанын көрген емеспіз. Барлық жерде *«өртке қауіпті»* деп қате жазады. Оны орысшаға аударсақ, *«огню опасно»* болып шығады. Дұрысы *«өртенгіш»* немесе *«өртке қауіп бар»* десе де болады. **Стильдік қате қолданыстар.** *Наурызбай ауданында жарық тұрғын үйлерде жарық беру мәселесіне разы емес.* Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Оның үстіне жарық сөзі сөйлемде екі рет қолданылған. Бірінше рет қолданылған сөз сөйлемге мағына үстем тұрған жоқ. Ұқыпсыздықтан жіберілген қателік. Дұрысы: *жарықтың берілуіне көңілдері толмайды; жарық дұрыс берілмейді.*

*Алдағы уақытта қалған су айдынына конкурс жарияланатын болады.* Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөз қолдану салдарынан туындаған стильдік қате. Орыс тіліндегі келер

шақ жасайтын «быть» етістігінен «айырылмау» ниетінен пайда болған жасанды күрделі етістік. Қазақ тілінде келер шақты көмекші етістіксіз де беруге болады. Дұрысы: *жарияланады*.

Алматы қаласы бойынша *Абая, Тимирязева, Розабакиева, Шалытина, Утепова және т.б.* көше атауларына келгенде үнемі осылай қолданамыз. Басқа қалаған келген жолаушы бірден әйел тұлғалар ма деп ойламасына кім кепіл. Тілді шұбарлау. Дұрысы *-ева,-ина* қолданыстарын алып, қазақы таныммен айтқанымыз абзал.

*Ұстаздар мерекесі мерекесі қарсаңында да дәл осындай көшеттер отырғызу жұмыстары қолға алынды.* Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жинақтық мәнді зат атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды. Дұрысы: *көшет отырғызыла бастады*.

*Қазіргі таңда елімізде 16 мың үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді. Қазіргі таңда елордасы «сары» және «қызыл» аймақтардың шекарасында тұрғандығы айтылып жатыр.* Стильдік тұрғыдан орынсыз. Қолданылған тіркес. Бір стиль ерекшеліктерін, әдетте, күлкі, сықақ үшін басқа стильдегі мәтінде қолданады, бұл – юмор шығарудың бір тәсілі. Мына контексте көркем стильге тән қолданысты ресми стильге тән мәтінде қолданған. Сөз мәдениетінің талабы бойынша, бұл – сөзді орынды қолданбауға жатады. Сонымен қоса сөз дәлдігіне нұқсан келіп тұр: автор тәуліктің таң мезгілін емес, жалпы уақытты айтқысы келіп тұр. Сондықтан дұрысы: *Қазір ... жұмыс істейді. Қазір ... айтылып жатыр*.

**Сөз мағынасы және оны түсініп жұмсау.** *Және де аяқ-қолы мүгедек жандар бар.* «Аяқ-қолы мүгедек» деген қате тіркес. «Мүгедек» сөзі «он екі мүшесінің бірі кем, жарымжан, кемтар адам» деген мағынаны білдіреді. Яғни, дене мүшесінің қандай да бір кемістігі бар адамды *мүгедек* дейді. Адамның жеке бір мүшесі емес, өзі мүгедек болады. Сондықтан ешқашан «көзі мүгедек», «қолы мүгедек», «аяғы мүгедек» деп қолданылмайды. Радиожурналистің: «*Аяқ-қолы кем жандар бар*», «*Аяқ-қолы кем мүгедек жандар бар*» немесе «*Мүгедек жандар бар*» деуіне болар еді.

*Әжімдерді жазады, нығайтады, қалпына келтіреді.* Телеарна әжімдерді жазатын кремді жарнамалап отыр. Алайда әжімдердің нығаюы, қалпына келуі – жарнама мақсатына, ойға кереғар мәндегі жайт. Крем бет терісін нығайтып, қалпына келтіруге тиіс. Сондықтан бұл сөйлемнің мазмұны логикалық қатеге жатады. Дұрысы: *Әжімдерді жазады, бет терісін нығайтады, қалпына келтіреді*.

*Жемісті қаз қалпында ұзақ сақтау қиын.* *Қаз қалпында* – оқиға, үдерістің өту барысын өзгеріссіз, қайта баяндағанда қолданылатын үстеу. Оны затқа, жеміске қатысты қолдану қисынсыз. Сондықтан бұндай жағдайда *бүлдірмей* сөзін қолданған жөн. Дұрысы: *Жемісті бүлдірмей ұзақ сақтау қиын*.

*Қарағанды қаласындағы орыс мектебінің 8-сыныбында оқитын зiңгiттей қызбала өз мұғалiмiн ... боқтап жiберiптi. «Зiңгiттей» сөзi «зiңгiттей жiгiт», «зiңгiттей азамат» түрiнде ер адамға қатысты ғана қолданылады. Бұл сөз қыз балаға қатысты қолданылмайды. Одан гөрi сойталдай деген дұрысырақ. Екiншiден, «қыз бала» тiркесi бөлек жазылады. Сонда дұрысы: Қарағанды қаласындағы орыс мектебінің 8-сыныбында оқитын сойталдай қыз бала мұғалiмiн .. боқтап жiберiптi.*

*Атап айту керек, жеке тұлға ит бағу барысында белгiлi бiр ереженi сақтауға тиiс. Қазақта «мал бағу», «қой бағу», «жылқы бағу», «сиыр бағу» деп қолданылады. Ал иттi асырайды. Мысалы, Күшiк асырап, ит еттiм, Ол балтырымды қанатты (Абай).*

*Терең үңiлiп қарасаңыз: қойдың бағасы 50 000 теңге. Сол қойдың барлық мүшелерiн кәдесыйға асырсаңыз 75-80 мың теңге кiрiс кiргiзуге болады. Бұл сөйлемдер «кәдеге жарату» фразеологизмi қате қолданылған. Кәде – тұрмыс-салтқа байланысты жасалатын сый-сияпат түрiндегi ырым-жораны бiлдiретiн этнографиялық атау. Кәдесый – қонаққа, сапарлас болған адамға, жақын-жуығына, дос-жаранға кәде ретiнде, сыйға тартылатын бұйым зат. «Кәде» және «сый» сөздерiнiң бiрiгуi арқылы жасалып, кейiнгi кезде «сувенир» сөзiнiң баламасы ретiнде қолданылып жүр. «Кәдеге жарату» тiркесi «бiр затты немесе қаражатты пайдаға жарату» дегендi бiлдiредi. Сөйлемде «кәдеге жарату» фразеологизмiнiң құрамына «сый» сөзiн кiрiктiру орынсыз, стильдiк тұрғыдан да дұрыс емес. Оның үстiне қазақ тiлiнде барлық сөзiнен кейiнгi зат есiм көпше тұлғада қолданылмайды. Сондықтан дұрыс нұсқасы: Сол қойдың барлық мүшесiн кәдеге жаратсаңыз...*

Қазақ қоғамында ұзақ жылдар бойы екi тiлдiң, кейiнгi жылдары үш тiлдiң қатар қолдануына, көптiлдi бiлiм берудiң өрiс алуына байланысты қазақ тiлiнiң дыбыстық, лексикалық, синтаксистiк жүйесiне кең тараған өзге тiлдердiң ықпалы өте күштi болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең таралып, оларды қолдану қалыпты құбылысқа айналып барады. Сол себептi сөз мәдениетiнiң төмендеуiне жол бермей, тiл тазалығын сақтау үшiн тiлдегi қате қолданыстардың бiршамасын жиып, олардың тiлдiк нормаға сәйкес дұрыс нұсқасын көрсету қажеттiлiгi туындап отыр.

### **1.3 Бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникативтiк нормалары**

Қоғам өмiрiнiң айнасы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары ондағы саяси, әлеуметтiк, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және бiлiм беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бiр ғылыми жаңалықтар мен жетiстiктердi көпшiлiкке таныстырып жеткiзетiн де әмбебап құрал болғандықтан, журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесiн жасаушылар деп тану негiз бар. Осы топтың жинау, талдау, саралау, iрiктеу сияқты сатылардан өткiзiп барып көпшiлiкке ұсынатын түпкi өнiмiн медиамәтiн деп атауға болады.

Тележурналистерге қойылатын талаптарға қатысты көзқарастар өте көп. Ал «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» заң телехабарлар тіліне қойылатын талаптар туралы не дейді:

4-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің қағидаттары

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің негізгі қағидаттары:

1) сөз бостандығы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алу және тарату;

2) жариялылық;

3) таратылатын ақпараттың шынайылығы;

4) заңдылықтың сақталуы;

5) жалпы көпшілік мойындаған мораль және қоғамдық имандылық нормаларын сақтау болып табылады. Яғни журналистің сөз мәдениеті, тіл тазалығы туралы айтылған арнайы бап таба алмадық. Жалпы заң жүзінде тілдік норма туралы сөздің жоқ екендігіне көзіміз жетті [48]. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң көңілге қонымды емес, себебі тілдік заңдылықтың сақталуына және әдеби нормаға сәйкес болуына қатысты тармағы жоқтың қасы.

Сала мамандарының кәсіби құралы тіл болғандықтан, «оны қалай пайдаланып жатыр?» «жақсы үлгілермен қатар, кемшіліктің түрлері қандай?» деген мәселелер үнемі назарда болып, арнайы қарастыру сөз мәдениетінің міндетіне жатады. Жалпақ жұртпен сөйлесетін болғандықтан, радио, тележурналист тілдік норма, әдеби тілдің стильдік тармақтары бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік ерекшелігі жөнінде білуге тиіс мәселелер аз емес. Ал мұның өзі, түптеп келгенде, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, тілдік норма, сөз шеберлігі мәселелерімен ұштасып жатады.

Зерттеудің бұл бөлімінің мақсаты – қоғамдағы саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты тілдің бүгінгі даму кезеңінде орын алған өзгерістердің кейінгі жылдардағы қазақ баспасөзіндегі көрінісін жан-жақты қарастыра отырып, медиа-мәтінді адресанттың өз прагматикалық ұстанымын жеткізуде қалайша пайдаланып отырғандығын, сол арқылы тілдің қазіргі жай-күйіне лингвопрагматикалық тұрғыдан баға беру. Тіл мәдениетіне баса назар аударып, нормадан ауытқулардың болмауын мақсат етіп 2023-2023 жылдары жарық көрген ресми басылымдардың <https://kazgazeta.kz/> сайтының («Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Түркістан», «Алматы ақшамы», «Жас Алаш») материалдары пайдаланылды.

XX ғасырдың екінші жартысында шыққан «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеті қазақ баспасөзінің көшбасшысы саналды. Кейін олардың ізін «Айқап», «Қазақ», «Садақ», «Серке», «Сарыарқа», «Абай» сынды газет-журналдар легі жалғастырды. Бұл газеттердің ақпараттық-саяси, ағартушылық қызметтерді атқарғандығы туралы С.Аманжолов, М.Балақаев, Б.Әбілқасымов, Е.Жанпейісов, С.Исаев, Р.Сыздықова, А.Алдашева, Б.Момынова, О.Бүркітов, Ш.Мәжітаева, С.Сапиналар өз еңбектерінде мейлінше терең сөз етеді. Әлбетте, кез келген мерзімді

басылымның өміршеңдігі мен маңыздылығы сол газеттің публицистикасының мазмұндық, кәсіби деңгейімен танылатындығы хақ. Қазақ баспасөзінің негізгі міндеті мен бағытын анықтауда А.Байтұрсынұлының рөлі ерекше. Ол қазақ баспасөзі қызметінің қаншалықты міндет арқалайтындығын терең түсініп, оған қойылатын талаптардың негізгісі ретіндегі газет тілінің оқырманға жақын, түсінікті болуы туралы: «Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз» (Қазақ», №15), - деп атап көрсетеді. Бұл орайда тек тілдік қолданыс емес, мақаланың танымдық жағынан да халыққа жақын болу қажеттілігі меңзеледі.

Бүгінге дейін газет тілі әртүрлі ғылым аспектілері тұрғысынан зерттеліп келеді. Қазақ газеттерін тарихи даму үстінде және оның беттеріндегі терминологиялық, жаңа қолданыстық, стильдік көріністерінің зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, М.Әуезов, Б.Әбілқасымов, С.Исаев, Р.Сыздықова, Ә.Қайдар, М.Серғалиев, Ө.Айтбайұлы, Н.Қарашова, Р.Барлыбаев, А.Алдашева, Б.Момынова, Ш.Мәжітаева, О.Бүркітов, Қ.Қадырқұлов, С.Сапина, Г.Ерназарова т.б. еңбектерінде зерттелді. Ал газет тілінің прагматикалық аспектіде зерттелуін М.Мұқашева, В.Әбішева, Ә.Игенсартова, Б.Райымбекова, Б.Момынова, Қ.Есенова, Ф.Жақсыбаева т.б. еңбектері кұрайды.

Газет тілінің коммуникативтік-прагматикалық талаптарына сай келетін немесе оларды газеттің идеясына автордың мақсатына бейімдеуші тілдік құралдарды анықтау – тілдік қолданыстық әлеуетін зерттеудегі өзекті мәселе [52,30]. Сөз мәдениеті коммуникацияның ойдағыдай нәтижелі болуының, керісінше, нәтиженің ойдағыдай болмауының тілдік фактілерін қарастырады. Бұқаралық қарым-қатынастың сөз мәдениеті тілдік, стилистикалық, коммуникативтік норма тұрғысынан қарастырылып, айқындалады.

Ғалым Н.Уәли бұл жөнінде былай дейді: «Бұқаралық ақпарат құралдарының өзге қарым-қатынас тіліне қарағанда өзіндік жүйесімен, құрылымдық ерекшеліктерімен қарым-қатынастың ерекше типіне айналды. Публицистикалық дискурстың ерекше типі пайда болды. Коммуникацияға қатысушылардың белгілі бір ситуацияда белгілі бір мәдени-әлеуметтік қоғамдастықта вербалды мәтіндер мен өзге де таңбалар кешені арқылы бір-бірімен өзара әсері дискурс деп аталады. Тілдік қарым-қатынастың бұл түрі бұқаралық қатынас тілі деген арнайы терминмен айтыла бастады [27,58].

Ақпарат құралдары мен қоғам арасындағы байланыс бұқаралық коммуникация деп аталады. Зерттеуші Истрате Петру оған мынадай анықтама береді: «Массовая коммуникация – это общезначимый современный текст, в создании и распространение которого принимают участие новейшие технические средства и устройства: мощные печатные машины, радио, телевидение, кино, магнитофонная запись, компьютеры и т.п.» [49,22].

Н.Уәли, Б.Момынова, Қ.Есенова және т.б. ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының *визуалды, аудиалды, аудиовизуалды* ерекшеліктеріне сәйкес үш түрін (газет, радио, теледидар) көрсетеді.

<b>Бұқаралық ақпарат құралдары (медиа-мәтін)</b>			
<b>визуалды (көру арқылы)</b>	<b>аудиалды (есту арқылы)</b>	<b>Аудиовизуалды</b>	<b>Internet</b>
визуалды түріне бұқаралық сипаттағы мерзімді басылымдар жатады.	аудиалды түріне есту сипатындағы радио жатады.	телеарналар арқылы қабылданатын хабарламалар	
- белгілі бір факт, уақиға, мәселе жөнінде жұртшылыққа ақпарат беру; танымдық, тәрбиелік, ағартушылық мазмұнда ақпарат бере отырып, жұртшылықтың (оқырмандардың, тыңдармандардың, көрермендердің) білім қорын молайтуға ықпал жасау; геоденистік ақпарат беру, яғни жұртшылықтың көңіл күйін көтеретіндей ақпарат беру			
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [50,15].			

Осы орайда Internet жүйесін бұқаралық ақпарат құралдарының төртінші түрі ретінде қарастыруға болады. Өйткені Internet-тің ақпарат алмасудағы орны ерекше. Internet арқылы белгілі бір тақырып бойынша ақпаратты оқуға, қажет болған жағдайда дербес компьютердің мультимедиялық мүмкіндігі арқылы тыңдауға, көруге және жауап жазуға, яғни адресат ретінде өзінің субъективтік пікірін қолма-қол білдіруге мүмкіндік бар [50]. Ресми телехабарлар тілін зерттеу барысында қорытынды жаңалықтардың нобайы әзірленген алғашқы мәтіні Internet жүйесінде берілетіндігі анықталды. Өйткені тікелей эфирден берілген ресми жаңалықтар мәтінін бейнетаспаға жазып алып, салыстыру барысында айырмашылық байқалды. Бұдан тікелей эфирдің өзіне тән ерекшелігін және бұқаралық коммуникацияда тілдік қатынасқа дейінгі кезең (алдын ала дайындалып, Internet желісіне жіберілген телемәтін (медиаөнім) және тілдік қатынас кезіндегі кезең (тікелей эфир алдында жүзеге асырылған сөйлесім актісі) және тілдік қатынастан кейінгі кезең (ақпаратты аудиторияның қабылдауы, түйсінуі және кері байланыстың болуы, яғни көрерменнің берілген ақпаратқа қатысты өз ойын білдіруі) болатындығына тағы да көз жеткіземіз[50]. Демек, алдын ала дайындалған кез келген материал тікелей эфир кезінде дәл сол қалпында берілмей, негізгі мазмұны сақталған күйде

қолданылатындығын, бірақ сол мазмұнның тілдік құралдар арқылы берілу жолында өзгешеліктерді байқауға болады.

Ғалым Қ.Ө.Есенова бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке ұсынылатын өнімді «медиа-мәтін» деп атайды. Ғалым оның себебін «Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығын» құрайтындығымен түсіндіреді [51,3].

К. Шваб: «Төртінші индустриялық революцияның бірегейлігі – даму қарқыны мен кең құлаштығынан басқа, сан салалы, алуан түрлі ғылыми пәндер мен жаңалықтарды үйлестіруі мен кіріктіруін үдете түсуінде», – дейді [52]. Сондай ғылыми пәннің бірі әлеуметтік лингвистика қазіргі жаһандану үдерісіне сай өркениеттердің тоғысуы, геосаяси, ұлтаралық, дінаралық, мәдениетаралық диалогтардың медиакеңістікке ықпалының артуы, ақпараттық-технологиялық медиакеңістік шекарасының кеңеюі т.б. жаһандану факторларының салдарынан қазақтілді медиакеңістікте қарқынмен жүріп интеграциялық үдерістердің лингвоэкологиялық тетіктерін іздестіреді.

Алдымен «медиакеңістік» түсінігінің мағынасы «медиа» және «кеңістік» категорияларындағы мағынамен байланысты екенін айту керек. Қазақстандық зерттеушілер алғашында бұл ұғымды «бұқаралық ақпарат құралдары» терминінің синонимі ретінде қолданды. Алайда кейін олардың бір-біріне тең емес екені анықталды. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметті ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі [54].

«Бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымында адамдарды «жағдай мен тәрбиенің өнімі» деп қабылдау түсінігінің негізінде бұқаралық аудиторияға деген авторитарлық қарым-қатынас жатыр. «БАҚ» мен «медиакеңістік» деген терминдердің қазіргі таңда да қолданыста бар екендігін естен шығармағанымыз абзал.

Медиакеңістік мәнін кеңірек түсінуге мына тұжырымдар мүмкіндік береді:

1. Медиакеңістіктің өзегі ретінде бұқаралық коммуникация құралдары танылады (көп ретте БАҚ).

2. Бұқаралық коммуникация құралдары (яғни медиакеңістік) өз кезегінде кеңістіктің басқа түрлерінің (әлеуметтік, мәдени, оқу, діни, т.б.) қалыптасуына ықпал ететін белсенді күш болып саналады.

3. Қазір қоғамдағы өзгерістер трансформациялану үдерістерімен тікелей байланысты, себебі медиакеңістік қоғам дамуының жетекші

үрдістерін көрсетеді, бұл оның дамуын орын алып жатқан қайта түрлену контексінде зерттеуге мүмкіндік береді.

4. Медиакөңістік индивидтің сезім тәжірибесінен тыс жатқан әлем бейнесін қалыптастырады: ол шындықты жай ғана көрсетіп қоймай, әлемді түсінуді құрастырады.

5. Медиакөңістік – өзара байланысты және бүтіннің дамуының ортақ заңдылықтарына бағынатын нақты құрылымдық элементтерге ие күрделі жүйе [55,2]. Ю.М. Лотманның тұжырымы бойынша коммуникацияның кез келген мақсаттарына қызмет ететін жүйе тіл ретінде анықтала алады [56,33].

Тілдің өміршеңдігі сол тілді қолданушылардың әлемінде өмір сүруімен өлшенеді және сол тілді қоғам өмірімен байланыстырмай зерттеу тірі тілді өлі тілге айналдыратыны анық [57]. Сондықтан қазіргі тілдің жай-күйін осы уақыттың құбылыстарымен, қоғам тіршілігінің жалпы жағдайларымен байланыстыра зерттеуіміз керек. Ал қазіргі қоғамның тыныс-тіршілігі толығымен медиакөңістікте көрініс тауып отыр. Себебі бүгінгі қоғамның тілдік ортасы – медиакөңістік. Ендеше қазіргі тілдің лингвоэкологиялық жай-күйін қарастыру мәселесінде медиакөңістік тілін зерттеу міндеті талассыз алға шығады.

Сонымен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі және оның тілдік, коммуникативтік нормаларына тоқталатын болсақ, ғалым Н.Уәли берілген хабардың «ақпараттық нормасы» мен «тілдік нормасын» бөліп көрсетеді. Ақпараттық норманың бұзылуы хабардың тілдік нормасына ықпалын тигізеді. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «БАҚ-тың беретін ақпараттарының мазмұны факт, комментарий, баға беру тәрізді үш түрлі құрылыстық бірліктерден тұрады. Бұқаралық ақпарат құралдарында норманың ақпараттық норма және тілдік норма деген екі түрі болады. Ақпараттық норма тек кәсіп, мамандық мәселесіне ғана емес, тілдік нормаға да әсер етеді. Ақпараттық норма идеологиялық қысымда болуы ықтимал. Идеологиялық қысыммен байланысты ақпараттық норманың бұзылуы тілдік құралдардың жұмсалыуына ықпалын тигізеді: балама сөздер, жасанды метафоралар, ақпараттық мәні ақиқатпен үйлеспейтіндіктен, сөздің құнсыздануы сияқты жағымсыз құбылыстар пайда болады» [37,207].

Баспасөзде, радио, телехабарларда берілетін ақпараттың мазмұндық құрылымы фактуалдық және ықпалдастық деген негізгі екі бөліктен тұрады. Еліміздің массмедиясында хабардың ақпараттық-мазмұндық жағына да, ақпараттық ықпал ету жағына да ерекше көңіл бөлінеді. Көп жағдайда әсіресе, ақпараттың ықпалдастығына иландыру жағына тым аса мән беріледі. Қазіргі журналистикадағы осы бағыт әлі де сақталған деуге болады.

Өркениет дамыған сайын жаңа технологиялар, күнбе-күн дүниеге келіп жатқан жетістіктер жаһандану заманында түрлі елдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, серіктестікте болады. Тіл үшін жаңа болып есептелетін атауларды сол күйінде немесе сөзбе-сөз аударып, сондай-ақ баламалы түрде өз түсінігімен аударып, қолданады. Мұндай қолданыстарды калька деп айтып жүрміз. Демек, өзге тілдегі сөз – ұлттық менталитеттің тілде көрініс табуын



ескере отырып аударылады. Мұндай амалдарды қазақ баспасөз материалдарынан да табуға болады. Мысалы:

Шет тіліндегі сөзді қаз-қалпында қайталап қолдану да белгілі бір деңгейде оқырманды елең еткізуі мүмкін. Мұндай қолданыстар, әсіресе, жағымсыз бағалауды жеткізуде сәтті қолданыс табады. Мысалы, *Қазақстан бизнесті жүргізу жеңілдігі (Doing Business) бойынша әлемдік рейтингте 25-орында. Бұл жаман көрсеткіш емес, бірақ әлеуметтік жағдай, көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлық факторлары ескерілмеген және статистикалық мәліметтер негізге алынған. Және де аталған рейтинг бизнестің дамуындағы мемлекеттің жетістіктерін назарға алмайды.* Ана тілі 2023 ж 17 тамыз (<https://anatili.kazgazeta.kz/news/62176>). Мысалда шылаулар қабаттаса жұмсалған, бұл ауызекі сөйлеу тіліне тән, алайда бұқаралық ақпарат құралдарында жол берілмеуге тиіс құбылыс. Газет бетінде аудармасыз қаз-қалпында қолдануының прагматикалық астары болады. *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Электрондық еңбек биржасы порталында жүктілікке және босануға байланысты табыстан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді проактивті форматта тағайындауға мүмкіндік беретін жаңа функционалды іске қосылды, деп хабарлайды Egemen.kz.*

**Калька жолымен аударылған сәтсіз қолданыстар журналисттің қолданысынан көп байқаймыз:** *Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жастарға жеңілдікпен шағын несие беру тетігі іске қосылған. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.* (Қазақ газеттері, 2023 ж 23 тамыз). Пәленше келін түсіреді екен, бұл туралы көршім айтты демейміз ғой. Сол секілді ресми жаңалықты хабарлайды, жаңалық туралы хабарламайды.

*Айта кетейік, Отырар ауданында бір әулеттен шыққан 4 отбасының мүшесі дарияға демалуға келіп, соңы қайғылы жағдаймен аяқталды. Бүгінде сұған батқан 11 адамның 10-ы табылды. Кеше 9-шы адамның жаназасы шығарылып, денелері жер қойнына тапсырылды.* (Қазақ газеттері, <https://kazgazeta.kz/news/141497> 2023 ж. 23 тамыз). Сөйлем басында мұндай қыстырма тіркестерді қолдану дұрыс емес. Бұл – орыс тіліндегі «надо сказать» тіркесінің көшірмесі. Сөйлем басына бұл тіркесті қолданбау сөйлем мазмұнына нұқсан келтірмейді. Ал «Бүгінде» деп басталатын сөйлемде грамматикалық қате кеткен. *Бүгін* – мезгіл үстеуге айналған сөз. Үстеуге септік жалғауы оны заттандыру үшін ғана қолданылады, басқа жағдайда септеу қате болып саналады. Оның үстіне, мына контексте –де жатыс септігін жалғамай-ақ мезгіл мағынасы беріліп тұр.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде өте жиі кездесетін қателерді (узус, дағды) төмендегідей топтастырып, мысалдар арқылы пысықтауға болады:



**Орфографиялық норма және узус:** Мерзімді басылымдарда көп болмағанымен, орфографиялық қателер ұшырасып қалады. Десе де ол қателіктерді «техникалық» қате, «абайсызда кеткен» қате деп ақтап алуға болмайды. Емлесі тұрақталған сөздерден қателессек, емлесі әлі тұрақтала қоймаған кейбір термин сөздер, кірме атаулардың жазылуындағы әралуандыққа көз жұма қарар болсақ, оқырман алдындағы жауапкершілікпен қоса, басылым беделіне де нұқсан келеді. Біз интернет басылымдардың мақалаларынан іздеген узустарды көрсетуге тырысамыз:

*Бүгінгі күні республика бойынша барлығы 2,4 млн. гектар немесе 14,1% дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. (2023 ж.22 тамыз. <https://kazgazeta.kz/news/141446>)* Мөлшерді білдіретін өлшем бірлігі саннан кейін сөзбен жазылғаны жөн. Сондай-ақ «миллион» және «миллиард» сөздері қысқартылғанда соңынан нүкте қойылмайды, өйткені «н» және «д» - бұл сөздердің соңғы әріптері.

*Сол галереяның алғашқы туындылары ретінде В.Каптеревтің этюдтары қойылды. Қазақ халқын, оның ұлттық бет-бейнесін, ұлттық мінезін ашуда, салт-дәстүрін қалың көпшілікке танытуда В.Каптеревтің еңбегі ұшан-теңіз. (2015 ж 15 ақпан, <https://kazgazeta.kz/news/24452> ).* «Соңғы буынында ю, е, э дауысты дыбыстар келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады.

*Биыл құжаттарды қабылдау eGov арқылы онлайн форматта немесе жоо-лардың қабылдау комиссиялары арқылы офлайн форматта жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ЖОО-да виртуалды қабылдау комиссиясы жұмыс істейтін болады. Құжаттарды қабылдау кез келген жоо (орналасқан жері бойынша) арқылы жүзеге асыруға болады (2023 ж. 13 шілде <https://kazgazeta.kz/news/140154>). Қысқарған сөздердің ережесі бойынша бас әріптермен жазылуы тиіс.*

Неліктен «Ақымет» дегеніміз дұрыс? Қазіргі қолданыста Ахмет емес Ақымет деп жазуымыздың себебін түсіндіруді жөн көрдік. Осы мәселеге байланысты ғалымдар ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қолжазбалар бөліміндегі Ақымет Байтұрсынұлының еңбектерін түгел қарап шықты. Сонда Қазақ білімпаздарының сійезінен кейін жарық көрген басылымдардың бәрінде ғалымның есімі «Ақымет» түрінде берілген екен: Қазақ тіліндегі дыбыстардың тіркесімін ескере келе, қ дыбысынан кейін м дыбысы келе алмайтынын ескеріп, арасына дәнекер ы дыбысын қосып жазған не Ахмет түрінде таңбалаған. Сондықтан «Қазақ тілінің анықтағышындағы» академик Р.Сыздық көрсеткендей, *Ахмет* түрінде берілгені дұрыс. Ал «х – кірме әріп, фонемалық статусы жоқ» деген ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, А.Байтұрсынұлының үлгісімен арасына ы дыбысын қосып жазу керек деп есептейміз.

**Орфоэпиялық норма және узус.** Теле-радиохабарларында, түрлі бағдарламада ауызша сөйлеуде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың үндесімін, үйлесімін, сөз сазын, екпін ерекшеліктерін, интонациялық құралдарды, қысқасын айтқанда, қазақ сөзінің орфоэпиялық нормасын сақтауға айырықша мән беру қажет. Бұл жөнінде академик Р.Сыздықтың төмендегі сөзі әр журналистің жадында жүргені лазым: «Адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдау арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, теледидар үнінің және сахнадан естілер сөздер мен әндердің орны айырықша. Бұлар сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға үйрететін нағыз ұстаздар болуға тиіс.

#### **Лексикалық немесе семантикалық норма және узус.**

Лексикалық узус дегеніміз – әдеби нормаға жат сөздерді қолдану, нормаға сай сөз болғанымен, мағынасына жете мән бермей, басқа сөзбен тіркестіру кезіндегі мағыналық үйлесімді ескермеуден жіберілетін қателіктер. Оның салдарынан тілде қате ұғым қалыптасады.

*«Қазір елімізде жалпы эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Қазіргі уақытта халықтың ұжымдық иммунитеті қалыптасқан. Статистикаға сәйкес, шамамен 10.5 миллион адам вакцинацияланды, сонымен қатар 3,5 миллион адам ревакцинациядан өтті. (2022 ж 13 сәуір. <https://kazgazeta.kz/news/124487>). Сөз дұрыстығына нұқсан келген, себебі «тұрақты» сөзі орынсыз қолданылған. Ахуал сөзінің мағынасында өткіншілік сипат бар, ол тұрақталса, өмір «тоқтап» қалар еді. Сол сияқты індет ахуалы тұрақталса, ол індеттен жазылу мүмкін емес. Эпидемиялық ахуал тұрақтамайды, бұл – өткінші құбылыс. «Тұрақты» сөзін «толастап келеді» деп қолданған дұрыс.*

*ҚР Үкіметінің қаулысымен Денсаулық сақтау министрлігінің құрамындағы электрондық денсаулық сақтау орталығы Цифрлық даму министрлігінің басқаруына берілді (2023 ж 5 қаңтар <https://kazgazeta.kz/news/133003>). Анықтаушы пен анықталушы сөздің орын тәртібін дұрыс белгілемеуден сөйлемнің ақпараттық мазмұнына нұқсан*

келген: *электрондық* анықтаушы орталықтың емес денсаулықтың анықтаушының қызметіне ауысып кеткен. Дұрысы: *...денсаулық сақтау электрондық орталығы.*

*Қақпаға ұпай салды – қақпаға доп салды* деген мысалда қақпаға ұпай салмайды. **Қақпаға доп соғу** – қақпаға доп енгізу, қақпаға доп салу деп қолданғанымыз абзал. Кейде терминдік атауларды жете түсінбей не мағынасына мән бермей қате қолданып жатамыз.

*Автобұсқа отыру, автобұстан шығу* деген тіркестерді де жиі естиміз. Дұрыс қолданылуы: Автобұсқа міну, автобұстан түсу. Қазақ кез келген көлік түріне «міну» етістігін қолданады. Ежелде атқа мінсе, қазіргі таңда автобұсқа, троллейбұсқа, таксиге мінеді. Сонда отыру деген қайдан шықты? Ол орыс тілінен сөзбе-сөз келген аударма (садиться в автобус – автобұсқа отыру). Автобұсқа міндік, демек түсеміз. Кез келген сөзді дұрыс қолданған жөн. Автобұстан шығу деген бір қарағанда қате емес секілді көрінер, бірақ дұрысы – «түсу». Көліктің қай түрі болмасын, «түсу» етістігін қолданғаныңыз жөн. *Әлемде автобұсқа мінуге, сосын метроға, троллейбұсқа және тағы басқасына көшуге болатынын көріп отырмыз. Қазір бұл бойынша жұмыс істеп жатырмыз.* (2023 ж. 22 маусым) <https://stan.kz/12-zhildan-beri-ozgermegen-almatidagi-kogamdik-kolikter-384285/>

*Қызық-қызықты, күлкілі-күлкінішті, егемен-егеменді, зиян-зиянды.* Алдымен зиянды өтеуіміз керек деп айтылды. Біз бұл залалды тек Мұқтарованың мүддесі үшін ғана емес, сонымен қатар Коротенконың қарызын да өтедік. (2023 ж. 2 қараша <https://stan.kz/operator-rop-isi-kompaniyanin-eks-basshisi-920-million-390563/>) Онсыз да сындық мәнді білдіретін сөзге сын есім тудыратын жұрнақ жалғаудың қажеті жоқ. "Қызықты сериалдар үздік платформада": "Қазақтелекомның" TV+ мобильді қосымшасы көш бастады (2023 31 қазан <https://stan.kz/kizikti-serialdar-uzdik-platformada-kazaktelekomnin-tv-390449/>). Жұрнақ сөзге жаңа мағына беру үшін жалғанады, сондықтан аз сөзбен көп ойды жеткізгіміз келсе, ықшамды, дұрыс сөйлеп үйренгеніміз абзал.

**Грамматикалық қателер.** Ең жиі кездесетін қатенің түрі – грамматикалық узустар. Оның өзін іштей бірнеше топқа топтастырып қарауға болады.

*Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган электрондық саудаға жосықсыз қатысушыларын іздестіру іс-шараларын жүргізбейді. Алаяқтық және тұтынушыларды алдау фактілері бойынша интернет-алаяқтарын іздестіру іс-шараларын ішкі істер органдары қарайды,* - деп еске салды (2023 ж 24 тамыз <https://kazgazeta.kz/news/141546>) ). Қос сөздегі көптік мағынаны ескермегендіктен, көптік жалғаудың артық жалнауы. Іс-шара сөзінің өзі бір шара емес, көп шара екенін көрсетеді, сондықтан көптік жалғауын жалғау артық.

**Балнұр БЕКЕТОВА, шаштаразшы:** – *Ақмола облысының Зеренді - ауданында әке-шешем, інілерім мен сіңлілерім тұрады. Өзім Алматы - облысына тұрмысқа шыққанмын. Туысқан ағаларымның қамқорлығын көп*

көрдім.(2017 ж 27 сәуір <https://kazgazeta.kz/news/56660>). Тіліміздегі «шаштараз» сөзі – шаш қиғызып, сақал-мұрт алатын маман» деген мағынаны береді. Бұл атау зат есім тудыратын –шы жұрнағынсыз да кәсіп иесін білдіреді. Сондықтан –шы жұрнағын жатпап «шаштаразшы» деген туынды сөз тудырудың және оны қолданудың қажеті жоқ. «Ұсташы, аспазшы»

Қор қаражаттың бір бөлігі банктік депозиттерде екенін жоққа шығармайды. Алайда оны ұлттық банкқа салады.(2023 ж. 10 қазан) <https://stan.kz/zhil-sonina-karay-dari-bitedi-deputattar-aleumettik-med-389435/>

**Нд, нз, нк, нг, мп, мб, мм, кт, ск, вт, фт, пт** дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары *ы, і* дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады (□лифтқа, ромбқа – √лифтіге, ромбыға). Орыс тілінен енген **рк, рг, ск, кт, кс, нк, нг, лк, нкт** деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады (□банкқа, танктар - √банкіге, танкілер). Ал **сс, лл, мм, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк** дыбыстарына біткен орыс тілінен енген жалпы есімдер атауы күйінде өзгеріссіз жазылады да, оларға қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады (□граммға, металлы - √грамға, металы). **Б, в, г, д, х** әріптеріне аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге үнемі жуан дайысты жалғаулар жалғанады (□цехі, штрихтер - √цехы, штрихтар). Сонымен қатар 2023 жылдың қыркүйегінде Балқаш мыс балқыту зауытындағы күкірт қышқылы цехін күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. (2023 ж 15 мамыр <https://stan.kz/kazakmis-korporaciyasi-balkash-pen-zhezkazganga-eki-min-382253/>). Кірме сөздерге қосымшалардың жалғануында осындай қателіктердің орын алуы күнделікті дағдымызға айналып кетуі тілдік норманы білмегендігімізден шығады.

**Пунктуациялық қателіктер.** Қоғамдағы, оның ішінде БАҚ саласындағы демократия, экспрессивтілік, инновациялық үдерістердің кең қанат жаюы пунктуация жүйесіне де ықпал етеді.

Бірі Америкаға кетіп қалды десе, екіншісі декреттік демалыста деді. Жақында әлеуметтік желіден кездейсоқ көріп қалдым. Бір-ақ сәтте студенттік жылдарым көз алдыма келді. (2020 ж.15 қыргүйек. «**Ұлан**» газеті, №37.

Кезінде сіздің әңгімелеріңіз хит болып еді. Бір-ақ сәтте сізді таппай қалдық. Себебі бар ма? Әлде әдеби ортадан кеткіңіз келді ме?( 2020 ж 15 қыргүйек, <https://kazgazeta.kz/news/107308>).

**Калька.** «Ережеде сондай-ақ жобаларға қойылатын талаптар көрсетілген. Мысалы, құрылыс салушылар халықтың тығыздығын ескеруге, ерекше құрылыстық реттеу аймақтарында, әсіресе тарихи орталықта регламентті сақтауға, көшенің немесе орамның қабаттылығы мен қалыптасқан сәулеттік бейнесін ескеруге міндетті», - деп түсіндірді А. Ахмеджанов.(2021 ж 21 желтоқсан <https://kazgazeta.kz/news/120458>). Сөйлемдегі «халықтың тығыздығы» - орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған

калька тіркес. Осы калька құрамындағы «халықтың тығыздығы» мағыналық-стильдік, логикалық тұрғыдан үйлеспей тұрған тіркес.

*Биыл 135 мың адам ҰБТ-да шекті балл жинағанын жақында ғана айтқанбыз, енді бұл балалар грант конкурсына қатыса алады. Жылдағыдай, білім беру гранты иегерлерінің тізімі үстіміздегі жылдың 10 тамызына дейін жарияланатын болады. (2023 ж 13 шілде <https://kazgazeta.kz/news/140154>). Бұрын тілде «үстіміздегі жыл» деген тіркес болмаған. Бұл – «ағымдағы жыл» деген калька тіркес үлгісімен жасалып, кейін пайда болған қолданыс. Ресми ісқағаздар, нормативтік құжаттар тілінде, БАҚ-та қолданылып жатады. Неге төбеміздегі, асытымыздағы, жанымыздағы емес, «үстіміздегі жыл» болуы керек? Уәжі белгісіз, түсініксіз.*

*Димаш өз жанкүйерлеріне қолдауы үшін бірнеше рет алғыс айтты: «Құрметті жанкүйерлерім, «Fly Away» және «Be With Me» әндерін қолдағандарыңыз үшін және оларға ТОП-10-та қалуға мүмкіндік бергендеріңіз үшін үлкен рақмет! Сіздерді жақсы көремін», - деп жазды әртіс өзінің Twitter-дегі парақшасында. (2022 ж 3 маусым <https://kazgazeta.kz/news/126131>). Сөзбе-сөз аударылған калька. Қазіргі кезде осы нұсқа жиі қолданылып жүр. Дұрысы: Көп рақмет!*

Бұқаралық ақпарат құралдарында көбіне төмендегідей қате қолданыстардың орын алатындығы анықталды:

А) сөз мағынасына мән бермеуден, тіркесу ерекшеліктерін ескермеуден лексикалық немесе семантикалық қателіктерге жол беріліп жатады.

Ә) мағынасы жақын сөздерді тіркестіру арқылы (плеоназм) қате түсінік қалыптасуы мүмкін.

Б) синонимдерді бұрыс қолдану.

В) тұрақты тіркестерді дұрыс қолданбау.

Г) қарапайым сөйлеу тіліндегі диалектизмдер, варваризмдер мен жаргондарды қолдану.

Ғ) сөздердің қазақша баламасы бола тұра, калькаланған аудармаға әуестену.

#### **1.4 Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма және узус**

Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында сол ақпараттардың сан түрін тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі айрықша. Тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мен тіл мәдениетінің сақталуы тұрғысынан қарағанда да бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы мен қоғамдық санаға әсері өте күшті. Сол себептен де қазақ тілінде ақпарат тарататын БАҚ-тың санын да, олардағы жарияланымдар мен хабарлардың сапасын да арттыру мемлекеттік, ұлттық маңызы зор мәселе. Біз бүгінгі таңдағы ақпараттық кеңістігімізден өз орнын алып, қызметтерін атқарып жатқан БАҚ-тарды көпсінбейміз. Әсіресе, қазақ тілінде ақпарат тарататын телеарналар мен сайттардың, порталдардың арта түсуіне мүдделіміз. Екінші жағынан, бүгінгі барымызды бағалап, жетістіктер мен

жақсы тәжірибеден үлгі алып, кеткен кемшіліктерді уақтылы түзетіп отыруымыз да қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы көпшілік пен қалам ұстаған қауым, әсіресе, біз – тіл мамандары БАҚ тілінің мәдениетіне баса назар аударып, оны зерттеп-зерделеп, жақсысын үлгі етіп, кемшіліктерін атап көрсетіп, түзетіп отыруға міндеттіміз. Сонда ғана ұлтымыздың жазу, сөйлеу мәдениеті жоғарылайды, тілбұзарлық, сөзқолданыстағы жауапсыздық пен талғамсыздық өрістемейді.

БАҚ-тың негізгі құралы тіл болып табылады, ал оның субъектісі, яғни адресаты оқырман, тыңдарман, көрермен деп аталады. Міне, осымен байланысты БАҚ-тың дискурсы бірнеше семиотикалық жүйенің синтезі деуге болады.

БАҚ-тың бұл тәрізді тілдік емес ерекшеліктері оның тілдік нормаларына да әсер етеді.

Әдеби тілдің ауызша жүйесі мен жазбаша жүйесінің аражігін біліп қолданудың сөз мәдениеті үшін принципті мәні бар.

Лексикалық нормадан ауытқу көбіне сөздің мағынасын үстірт түсінуден, оған жете мән бермеуден туындап жатады. Тіпті күндегісін-күнде қолданып жүрген сөздің мағынасын жете аңғармай, сөзден «сүрініп» жататын жайт – әсіресе журналист мамандар үшін кешірімсіз нәрсе. Солардың бірер мысалы мына тәрізді: *Бұл постты көптен жазғым келіп жүрген, дәл қазір жазуыма тұрткі болған* - тілді жақсы білетін кісілерден оқыған мына екі сөйлем. Екеуінде де "не только..." сезіліп тұр.

*Тек ақша табу үшін дәрігер болған жоқ.* - бұл жерде ақша табу үшін дәрігер ғана болмады ма, әлде ақша табу үшін ғана емес, басқа себеппен де дәрігер болды ма?

*Желімендер ғана тілді білмейтін шығар?* - мына сөйлемде тілді білмейтін тек желімендер ғана болып тұр.

Бұл сөйлемдерді мысалға ғана алып отырмыз. Осындай сөйлемдерден осылай қиналамыз деп көрсету үшін ғана.

Сөз арасындағы осындай қате қолданыстардың кездесуі кездейсоқ тәрізді. Шын мәнінде бұл «кездейсоқтықтың» ар жағында тілге деген мән бермеушілік, немғұрайдылық жатыр. Сөздің мағынасы айналадағы болмыспен байланысты, бізді қоршаған ақиқат дүниені бейнелейді. Бұндай теріс қолданыстар, түптеп келгенде, автордың сөз мағынасының объективті дүниемен байланысынан бейхабар екенін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің), штамп, клише, стандарттардың өзіне тән нормасы бар. Бұлар бірнеше сөзден тұратын құрамы тұрақталған тілдік бірліктер, сондықтан мұндай дайын құрылымдардың құрамын беталды өзгерте беруге болмайды.

Сонымен, жоғарыда біз сөз мағынасын, тұлға-қосымшаларын, сөздердің байланысу, сөйлем құрау, ауызша және жазба сөздің мәдениетін «дұрыстық» тұрғысынан сөз еттік. «Сөз дұрыстығы» жай ғана айтыла салған сөз емес, ғылыми ұғым немесе термин. Сөйтіп, сөз дұрыстығы дегеніміз алдымен тіл бірліктерін жұртшылық мойындаған және жұртшылықтың бәріне міндетті

деп танылған әдеби тілдің нормасына сай қолдану. «Сөз дұрыстығы» дегенде алдымен сүйенеріміз – әдеби тілдің нормасы.

Жоғарыда әдеби тілдің қойнауынан тысқары жатқан, яғни әдеби нормаға жатпайтын элементтерге, олардың түр-түрін нақты мысалдармен атап көрсеттік.

«Сөзтүзер» еңбегінің авторлары бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде өте жиі кездесетін қателерді төмендегідей топтастырады:

Бұқаралық ақпарат құралдары				
орфографиялық	орфоэпиялық	Лексикалық немесе семантикалық	грамматикалық	пунктуациялық
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [23, 386].				

Сурет 3 - бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде жиі кездесетін қателер

Ал ғалым Ш.Құрманбайұлы бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездесетін қателіктер деп а) сөз мағынасына мән бермеу; ә) тіркесімділік қабілетін ескермей, сәтсіз сөз тіркестерін жасау [58].

Сонымен қатар, біз әдеби тілдің өз қойнауындағы тілдік бірліктерге тоқталып, кейбір сөзқолданыстардың дұрыс-бұрысын әдеби тіл нормасына сүйене отырып, нақты мысалдармен және оларды фонетикалық, грамматикалық, лексика-фразеологиялық деңгейлер бойынша көрсеттік.

«Егемен Қазақстан» және Qazaq gazetteri («Қазақ әдебиеті», «Ұйғур авазы», «Ана тілі», «Қазақ елі» газеттері және «Жұлдыз», «Жалын», «Простор», «Ақиқат», «Мысль» журналдары меншігі негізінде құрылған) сияқты республикалық және көптеген облыстық, қалалық газеттеріміздің, журналдарымыздың «Қазақстан», «Балапан», «Хабар», «Астана»және басқа да телеарналарымыздың, «Қазақ радиосы», «Шалқар» сияқты радиоларымыздың, бірқатар қазақтілді сайттарымыздың ұлттық тіліміздің дамуына, елімізде қазақ үнінің үстем шығуына қосып келе жатқан үлесі, атқарып жатқан қызметі аз емес. Тіліміздің мың бір мәселесін көтеретіндер де, мұң-зарын айтатындар да осы ақпарат құралдары. Мұны атап айту керек. Солай бола тұра, бұл БАҚ-тардың да тілінде кемшілік жоқ деуге болмайды. Біз газет-журналдарымыз бен теле-радио тілінде жиі кездесетін сондай кемшіліктерге қалам ұстаған қауым, журналистер назарын аударту мақсатымен солардың бірқатарын атап көрсетуді жөн санадық. Ең жиі ұшырасатын кемшіліктің бірі – **сөз мағынасына мән бермеу**. Сөздің тура мағынасы, ауыс мағынасы, мағыналық реңктері болатыны белгілі.Тіліміздегі сөздердің едәуір бөлігі көпмағыналы. Солардың арасынан



айтқалы отырған ойды, ұғымды дәл жеткізетінін таңдап алу, мағыналық реңктерді ажырату тілді жетік білуді қажет етеді. Егер сөздің дұрыс таңдалғандығына, тиісті мағынада жұмсалғандығына күмән туындаған жағдайда қажетті әдебиеттерді, сөздіктерді қараған дұрыс. Олай етпесе, төмендегідей қателіктерге жол беріледі. Баспасөз бетінен алынған мысалдарға жүгінелік.

Газет бетінен «Қарағанды қаласындағы орыс мектебінің 8-сыныбында оқитын зінгіттей қызбала өз мұғалімін ...боқтап жіберіпті» («Жас Алаш», 2 қараша 2020 жыл) деген сөйлемді оқыдық. Біріншіден, «қыз бала» бөлек жазылады. Екіншіден, о заманда, бұ заман қазақ қыз балаға қатысты «зінгіттей» сөзін қолданбаған. «Үлкен, ірі және соқталдай, еңгезердей» деген мағыналарды білдіретін «зінгіттей» сөзі «зінгіттей жігіт», «зінгіттей азамат» түрінде тек ер адамға қатысты жұмсалатын еді, енді қыздарымызды да «зінгіттей» дейтін болыппыз.

Эльмира Мәтібаева «Жастардың отау құруға неге құлқы жоқ?» («Айқын», 10 желтоқсан 2021 жыл) деген мақаласында «Осыдан үш жыл бұрын санақшы Мақаш Тәтімов сұрбойдақтардың саны 150 мыңнан асып кетті деген-тұғын» деп жазыпты. Мұндағы «санақшы» деген сөз «демограф» сөзінің мағынасын мүлде бермейді. «Санақшы» тілімізде «бір нәрсенің есебін алушы, санаушы» деген мағынаны білдіреді. «Санақшы» сөзі демографтан гөрі «счетовод» пен «переписчик» сөздерінің баламасы болуға лайық. Ал профессор Мақаш Тәтімов санақшы да есепші де емес, демограф ғалым. Демограф – халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың құрамы мен құрылымын, аумаққа бөліну, орналасу жайын, көшіп-қонуын, санын, өсу не кему динамикасын әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін ғылым саласының маманы. Сол себепті кірме сөздердің, терминдердің орнына тілімізде бар сөздерді дайын күйінде немесе оларды аударып, балама ұсынып қолданғанда да абай болу қажет.

Екінші бір кемшілік – **сөздердің тіркесімділік қабілетін ескермей, сәтсіз сөз тіркестерін жасау.** Тілімізде қолданысы әбден орныққан жүздеген сөз тіркестері бар. Кейде соларды білмегендіктен, ал кейде тың қолданыс, тосын тіркес іздеген қалам иелері сәтсіз сөз тіркестерін туғызып жатады. Поэзияда, прозада ақын-жазушылардың бейнелілік, көркемдік үшін жаттандылықтан, қасандықтан қашып, қиыннан қиыстырып жаңа сөз тіркестерін туғызуы сол көркем әдебиет тіліне тән сипат. Ал негізі міндеті тыңдаушы мен оқушыға ақпаратты жедел, дәл әрі нақты жеткізуді мақсат ететін БАҚ тілінің сипаты өзгешелеу. Сол себептен де ақпарат жеткізуде шектен тыс шығармашылық, импровизаторлық таныту талап етілмейді. Тың тіркестер белгілі бір қажеттіліктен, жаңа ұғымды, бұрын болмаған құбылысты білдіру мақсатымен туындап жатса, бір сәрі. Ал ондай қажеттілік болмаса, «жаңашылдыққа» тым әуестенбеген абзал. Енді осы сәтсіз сөз тіркестері кездесетін бірер мысалға тоқталалық. «Астана ақшамы» бетінен «Қаржыгерлер күш қағыстырды» (8 желтоқсан 2021 жыл) деген сөйлемді

оқыдық. Тіліміздегі «қағыстыр» етістігі «1.Ары-бері қозғау. 2.Соғыстыру, түйістіру. 3.Қаққылап, соққылау, тінту» және «есебін табу, ретін келтіру» деген ауыс мағынада жұмсалады. Бұл мағыналардың қай-қайсысы да «күш» сөзімен үйлесім тауып тұрған жоқ. Сол себептен де «*күш қағыстырды*» деген тіркестің мағынасы күнгірттеу, түсініксіздеу болып тұр. Жұрттың бәріне түсінікті «күш сынасты» немесе оған қарағанда біршама сиректеу қолданылатын «күш таластырды», «күш танытты» деген тіркестердің біріне жіп тақпай, автордың «қағыстыруды» қайдан тапқанын, не үшін алғанын түсіну қиын. Басқасын айтпағанда, қазақ тілі дәл осы күшке қатысты сөз тіркестеріне өте бай. *Күш алды, күш қосты, күш көрсетті, күш жиды, күш қолданды, күш бітті, күшке салды, күш берді, күш бермеді, күш түсті, күшіне енді, күші тасыды, күшке басты, күшін сатты, күші жетті, күшін жойды* деп жалғаса береді.

Гүлмира Әбіқай «Алтын жатырлы аналардың әр келінінен бүгінде 7-8 немере бар» («Жас қазақ», 24 желтоқсан 2020 жыл) деп жазыпты. «Алтын құрсақты аналар» деген әп-әдемі тіркесіміз тұрғанда, оны «алтын жатыр» деп анайыландыру, естір құлаққа ерсі. Айта берсек, тізе берсек, мұндай мысалдар көп-ақ [134].

Жоғарыдағы секілді кейбір сөз тіркестері өз тіліміздегі сөздерді сәтсіз тіркестіру арқылы жасалған болса, кейінгі жылдары орыс тіліндегі сөз тіркестерін тікелей көшіріп аудару арқылы пайда болған «аударма тіркестер» саны арта бастағаны байқалады. Журналист Серікбол Хасан «*Итке қабылған балалары жұқпалы ауруға ұшырай ма деп қорқады*» («Жас қазақ», 2 наурыз 2022 жыл) деп жазыпты. Кейінгі жылдары «туды» немесе «туған» деудің орнына «туылды», «туылған» деп жазу белең алып бара жатқаны сияқты, атам заманнан бері «*ит қапты*» дейтін едік, енді өзіміз барып «итке қабылатын» болыптық. Мұндай жаңалық жасамай-ақ, «итке қабылған» орнына «*ит қапқан*» («*ит талаған*») деген дәстүрлі тіркесті қолданғанда сөйлем түсінікті әрі жатық құрылған болар еді. Мұндай қазақ ұғымына жат, жаңа тіркестердің пайда болуы орыс тілінің ықпалы деуге негіз жеткілікті. Оған көз жеткізу үшін қазақша жазылған осы сөйлемді орысшаға тікелей аударып көрелік. «*Он(а) боится того, что дети, укушенные собакой, могут заразиться инфекционной болезнью*» болып шығады. Жоғарыдағы біздің «итке қабылғанмыз» орыс тіліндегі «укушенные собакой» -дың тікелей көшірілген аудармасы. Тағы бір мысал: *Заңсыз салынған үйлер бұзылуға жатады.* («Алматы ақшамы», 4 қыркүйек 2020 жыл) деген сөйлемдегі «*бұзылуға жатады*» тіркесі де алдыңғысынан аумайды. Бұл сөйлемді оқығанда «*Незаконно построенные дома подлежат сносу*» деген орысша сөйлем. Сөйлемдегі «*бұзылуға жатады*» – «подлежат сносу» -ды тікелей аудару нәтижесінде туған не орысша емес, не қазақша емес, түрі өзіміздікі болып көрінгенімен, түбі бөтен будан тіркес. Осындай аударма барысында туындайтын сәтсіз сөз тіркестері жиі кездесетіндіктен, тіліміздегі «жасанды», «асыранды», «жуынды», «шайынды», «сыпырынды» сияқты жағымсыз мағына беретін сөздердің үлгісімен «көшірінді» деген жаңа

сөз туғызып, оның қатысуымен «көшірінді тіркес» деген лингвистикалық жаңа терминді қолданысқа енгізгің келеді екен. Бұл тіркестер орыс тілінің шылауынан шыға алмай қалудың салдарынан туындаған «...қатысуымен болған», «құрап отыр», «...атап өтілген», «ойымен бөлісті» сияқтылардың қатарына кіреді. Қазір осындай «аударма тіркестер» көп кездеседі, олардың саны жыл санап артып келеді. Бұл құбылыс баспасөзден гөрі заң тіліне, ресми құжаттар тіліне көбірек тән. Тілдің функционалдық стилдерінің өзіндік ерекшелігі болғанымен, олардың арасында қытай қорғаны жоқ. Көптеген сіреспе тіркестер баспасөз тіліне сол ресми құжаттар, ісқағаз тілінен ауып жатыр. Аудармаға тәуелділіктен арылмасақ, алдағы уақытта қазірдің өзінде қаптап кеткен мұндай сірескен сөз тіркестерінен аяқ алып жүре алмайтын жағдайға жететін түріміз бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары тілінде ең бір жиі кездесетін кемшілік – тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолданбау. Мәселен, «Дәніккеннен құныққан жаман» дегеннің орнына «Ашыққаннан құныққан жаман» деп қолдану еш қисынға келмейді. Олардың құныққаны соншалық параны ашық түрде сұрауға көшкен. Атам қазақ: «Ашыққаннан құныққан жаман» демеп пе еді? (<https://kazgazeta.kz/news/31374> 2015 жылдың 19 маусым). Ақ үй басшысы «Бәтеңкелердің оныншы размер екенін ғана байқап қалдым» деп әзілдеген болыпты. «Сасқан үйрек артымен жүзеді» деген осы да (бетті әзірлеген Динара Ізтілеу. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і, 2018 жыл); «Сасқан үйрек артымен жүзеді» демекші, құрыққа түскенін білген қонақүй иесі әрі директоры Ділшат Күзиев қалың темір есігі бар кабинетіне тығылыпты. («Жас Қазақ», 8 қазан 2020 жыл). Қолдана-қолдана мұндағы «артымен жүзеді» деген тіркеске де көпшіліктің көзі мен құлағын үйрете бастағандаймыз. Дұрысы – «Сасқан үйрек артымен сүңгиді». Көлде, көлшікте жүзіп жүрген үйрекке жақын жердегі қамыс арасынан немесе ағаш тасасынан шыға келсеңіз лып етіп суға сүңгіп кетеді. Әрине, тұмсығын суға тығып, басымен, яғни алға қарай немесе «алдымен сүңгиді». «Сасқан үйрек артымен сүңгиді» деген тұрақты тіркес үйректің осы әрекетіне кереғар қимылын білдіреді. Яғни, күтпеген жерден, тосыннан туындаған қауіптен қатты сасқан үйректің суға басымен «алдымен» емес, құйрығымен «артымен» сүңгітінін бейнелеп айтудан туындаған. Адамға қатысты сасқанда орынсыз әрекет, өрескел қылық жасағанын сипаттау кезінде қолданылады. Мағынасы жағынан «Ұялған тек тұрмасқа» біршама жақын, бірақ одан гөрі бейнелілігі, әсерлілігі басымдау әрі уәжі нақтылау [134].

Бірінші бағанның ең басында «Елбасы Обамамен сөйлесті» деген жаңалық беріліпті. Әңгіме барысында Қазақстан – Америка қарым-қатынасының ахуалы мен перспективалары, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды. («Айқын», 23 қаңтар 2019 жыл). «Халықаралық күн тәртібі», «елішілік күн тәртібі» дегенді естіген де, көрген де емеспіз. Бұл сөйлемде «халықаралық» сөзі «күн тәртібінен» кейін тұрып, «халықаралық өзекті мәселелер» деп қолданылғанда бәрі де түсінікті болар еді. Осы сияқты сөйлемді оқу түсініксіздік, қисынсыздық туғызады.

Сол себепті әр сөзді орнымен қолдану өте маңызды екенін әркез назарда ұстағанмыз абзал.

Баспасөзде жарияланған материалдарда, электронды ақпарат құралдарында қосымшалардың дұрыс қолданылмауы да жиі ұшырасып жатады. Ондай қосымшалардың қатарына сөз бен сөзді байланыстыратын жалғаулар да, сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтар да бар. Мысалы, *«Еліміздің дарқан аясында 490 өткінші немесе ұя салатын, қыстап қалатын құс түрлері, 116 балықтар, 12 қосмекенділер, 49 бауырмен жорғалаушылардың түрлері бар»* (Бір топ биолог ғалымдардың проблемалық мақаласы. «Айқын», 4 қыркүйек 2022 жыл) деген сөйлемде көптік жалғауы орынсыз жалғанған.

Баспасөзде орфографиялық норманың бұзылуына да жиі жол беріледі. Бірге жазылатын сөздердің бөлек, ал бөлек жазылатын сөздердің бірге жазылуы, кейде бір сөздің бірде бөлек, бірде біріктіріліп жазылуы көп көрініс беретін болып жүр. Мәселен, «әртүрлі» орнына «әр түрлі», «біртүрлі» орнына «бір түрлі», «ісқағаз» орнына «іс қағаз», «іссапар» орнына «іс-сапар», «мекенжай» орнына «мекен-жай», аражігі» орнына «ара-жігі» жиі ұшырасады. «Аяқкіім», «баскіім», «ішкіім» сөздері де көп жағдайда бұрынғысынша бөлек жазылып жатады. Бұлардың қатарында «көптілді», «көптомды», «көпбалалы», «қазақтілді», «орыстілді», «қысқамерзімді» сөздері де бар. Төмендегі мысалдарда «алааяқ», «мәшине» сөздері де орфографиялық сөздік бойынша жазылмаған. *Алаяқ.* (мақала тақырыбы. Е.Байтілес. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2023 жыл); *«Алаяқтық азаяр емес».* (мақала тақырыбы. Б.Байәділов. «Жас қазақ», 9 қазан 2019 жыл); «Қос кәсіпкер тігін машинасын алды» (А.Сағындықова. «Айқын», 17.01.2022). 2023 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының мақұлдауымен жарық көрген орфографиялық сөздік бойынша «көгөніс», «көгөнісші», «қыргүйек» түрінде жазылуы тиіс бұл сөздер жаппай бұрынғысынша «көкөніс», «көкөнісші», «қыркүйек» түрінде жазылып жүр деуге болады. Кейінгі басылымнан бес-ақ жыл бұрын 2007 жылы жүз мың таралыммен жарық көрген орфографиялық сөздікте бұл сөздер «к» арқылы жазылса, енді «г» арқылы жазылатын болды. Орфографиядағы өзгерістерді жіті қадағалап отыратын жекелеген мамандар болмаса, көпшіліктің осы өзгерістерден бейхабар екендігін сан рет байқадық. Сондықтан мұндай өзгерістер жасалғанда ол жайында жұртшылыққа кеңінен хабарлануы керек екендігін ескермесе болмайды. Жалпы орфографиялық сөздікке жиі өзгеріс енгізе беру жазудағы тұрақтылыққа жеткізеді, көпшіліктің сауаттылық деңгейін көтереді дей алмасақ керек. Оған осы соңғы өзгерістер-ақ дәлел бола алады.

Орыс тіліндегі сөйлем үлгісімен құрылған *Ең көп кәсіпкерлер – сауда мен көлік жөндеуде.* «Алматы ақшамы», 22 қыркүйек 2021 жыл); *Шындығында, бұл бізге сырттан тартылған қарыз ақша емес пе, артының сұрауы бар?* («Жас Алаш», 18 қаңтар 2021 жыл) сияқты сөйлемдерді барлық газет-журнал беттерінен кездестіруге болады. *«На самом деле»* деп

басталатын орыс тілі сөйлемінің үлгісімен құрылған бұл сөйлемдегі «артының сұрауы бар» дегені де келісіп тұрған жоқ. Біздегі орыс-қазақ қостілділігі жағдайында әсіресе, аударма қазақ сөйлем құрылысына шектен тыс әсер етіп отыр. Сонымен бірге айтпақ ойды анық жеткізе алмайтын, олпы-солпы құрылған, логикалық қайшылықтарға толы сөйлемдерді жиі кездестіруге болады. Біз мәселені атап қана өтіп отырмыз.

Диссертацияда негізінен баспасөз тіліне тоқталып отырмыз. Теле-радио тілі өз алдына жеке сөз етуді қажет етеді. Салыстырмалы түрде алғанда, баспасөз тілі электронды бұқаралық ақпарат құралдары тіліне, оның ішінде телеарна тіліне қарағанда көш ілгері деуге болады. Дегенмен, жоғарыдағы мысалдар баспасөз тілі де мінсіз емес екендігін көрсетеді. Баспасөз – қалың көпшіліктің тіл мәдениетін көтеруге тікелей ықпал ететін айрықша қуатты құрал. Сол себепті баспасөз тілінің даму үдерісін үнемі қадағалап, кемшіліктерді түзетіп, жазу мәдениетімізді жетілдіріп отыру маңызды міндет.

БАҚ қоғамдық сананы бұрмалаушы да, түзетуші де қуатты құрал болғандықтан онда пайда болып, сөзжұмсамаға енетін тұрақты қолданыстардың бірыңғай оң жағымды мәнде болуы өзімізге, яғни қоғам мүшелерінің рухани құндылықтар жүйесін қалай түсінуіне және қалай қабылдауына байланысты [61,202].

Тағы бір атап айтарлық ұнамды жайт – БАҚ тілінен, әсіресе «ЕҚ» тәрізді мерзімді басылымдар тілінен жаңа мазмұндағы өрнекті сөз үлгілерін кездестіреміз: *таудың биігі бөлек болғанмен, етегі бір* «дара тұлғалар қанша биік болғанымен, түп тамыры халықта» деген ойды аңғартады; *түйін шешілмесе, кеседі* («ЕҚ»), *күштілер тіл табысса, басқалар бас жарыспайды* («ЕҚ»).

«Түркістан», «Ана тілі», «Жас Алаш» газеттерінен: *Амандық Алладан, сақтық адамнан; Қарттан қасиет кетсе, жастан ұят кетеді; Ақша бәрін билейді, қамырдай етіп илейді; Біңқылдан қыңқыл жаман; Көңілі мұздағанның жүрегі сыздамас; жер жүдемесе, ел жүдемейді* тәрізді мазмұнға бай өрнекті сөз орамдарын ұшыратамыз. Әрине, кез келген жерде асыл сөз екен деп мақал-мәтелді тықпалай бермей, найзағайдай жарқ еткізіп, орынды қолданған өрнекті сөздің орны басқа. Орынсыз тілді жұмсау асылды бейасыл етеді. Бұл жерде әңгіме ұтымды қолданған сөз үлгілері жайында.

Бұқаралық ақпарат құралдар тілінде сөйлеу тілінің элементтерін стиль тезіне салып, коммуникациялық ділгерлікпен қолдану, яғни сөзге қарым-қатынасқа лайық бедер салу мақсатында уәжді жұмсау арқылы адресатқа ықпал етудің бір тәсілі ретінде қолданылатынын байқауға болады.

Ұлттық тіліміздің лексика-фразеологиялық кеңістігінде кейбір сөздер «орталық» аймақтан шеткері аймаққа ығысты; бұрын шеткері аймақ, шет пұшпақта жүретін термин сөздер лек-легімен «орталық» аймаққа шоғырлана бастады. Сыртқы күштің әсерінен болып жатқан сөздік құрамдағы «жылжулар», «ығысулар», «жаңғыру» мен «жаңарулар» тәрізді құбылыстардың қарқын алуы тілдік ұжымның ой-санасындағы өзгерістердің

объективтенуі (көрінісі) деуге болады. Тап қазіргі кезде мұндай құбылыс неге ерекше қарқын алып отыр? Мұның негізгі себебі, байқап отырсақ, бұқаралық қарым-қатынастың жалпылық сипат алуына байланысты.

Қоғам өмірінде болып жатқан толассыз өзгерістер тілімізден дер кезінде лайықты орнын тауып отыруы шарт. Бұл тілдің ішкі мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Тіл орамдары санаулы, бірақ оның орнын тауып, қолдана білсек, мүмкіндігі шексіз. Мұндай жарыспалылықты терминтүзімге демесін деуге бола қояр ма екен? Ана тіліміздегі алуан түрлі сөз жүлгелері, олардың мағыналық қыр-сырларының дені қосымшалар арқылы жасалады десек, артық айтқандық емес. Осындай тұста мұқиятсыздықтан келіп жатқан шалағайлықтар мақұлдарлық жай ма?

Дәл осы сияқты бүгінгі газет бағаналарында *сертификациялау, индексациялау* деген қате қолданыс етек алып барады: «*Институтта астық және астық өнімдері сапасын зерттеу лабораториясы мен сертификациялау орталығы жұмыс істейді*» («Егемен Қазақстан», 31.03.19); «*Егер 2020-2023 жылдары барлығы 116 қазақстандық кәсіпорын басқару сапасын сертификацияласа, биылғы жылы бұл цифр екі еселене түспек*» («Алматы ақшамы», 24.02.18). Бұл сөздердің дұрысы *сертификаттау, индексстеу*.

Кез келген термин – сөзжасамдық әрекеттің нәтижесі. Сөзжасамдық құрылымдарға жатпайтын тұлғаларды қолданып, жоқты жонғандай болып, оңай жерден термин жасай қоюды әдетке айналдырып жатқан сияқтымыз. Осы күндері жиі қолданылатын *жылжымайтын мүлік* дегендегі –*ма, -й, -тын* дегендер сөздің грамматикалық көрсеткіштері ғой. Бұл жерде бөгде тілдің *недвижимое имущество* деген сөзбе-сөз «көшірмесін» қоя тұрып, өзіміздің ана тіліміздің сөзжасам заңдылығы бойынша ықшам түрде *орнықты мүлік* деп алуға, ал «*движимое имущество*»-ны *жылжыма мүлік* деуге әбден-ақ болар еді.

Тілде жаңа сөздің пайда болуы – үлкен оқиға. Ол – сана-сезімдегі сонылықтың, ой-өрістегі өзгерістердің хабаршысы. Бірақ, амал не, қазіргі «жаңалық» дегендеріміздің біразы діттеген жерден шыға бермейді.

Қазақ лексикасындағы деректерге көз жіберсек, бір кездері белгілі бір денотатты универбпен атау үрдісі басым болғанын байқауға болады: *жәутік* қарға аунағанға дейінгі түлкінің баласы, *жәудір* «қарға аунағаннан кейінгі түлкінің баласы»; *сарымық* «жолбарыстың баласы»; *қонжық* – «аюдың баласы»; *қодыға* – «киіктің баласы»; *қодық* – «есектің баласы»; *соқыр* – «мысықтың баласы» т.б.

Мұндай құбылыс әлеуметтік-қоғамдық атауларда да кездеседі: *бише* – «би баласы», *мырза* – «әмірдің баласы»; *бағлан* – «бай баласы»; *құлшар* – «құл баласы»; *мағзұм* – «молданың баласы», *ханишайым* – «хан қызы», *ханзада* – «хан баласы».

Осыған ұқсас универб құбылысын тағам атауларынан да ұшыратуға болады: *саумал* – «биенің сүті» (жаңа сауылған), ал ашығаны – *қымыз*; қымызды бабында ұстау үшін үстіне *саумал* құйып, жиі-жиі пісіп отырады.

*Саума* «сиырдың жаңа сауылған сүті» ( «парное молоко»); *құймақ* – «түйенің жаңа сауылған сүті», ашығаны – *шұбат*. *Шұбатты* жуасытып, ашуын басу үшін үстіне *құймақ* құйып отырады.

Жоғарыда біз үш тақырыптық топтағы – жануарлардың төл атаулары, қоғамдық-әлеуметтік қатынасты білдіретін атаулар, тағам атауларына қатысты сөздерді мысалға алдық. Бұл жүйедегі едәуір сөздік бірлік сирек, көне деп аталатын салғырт қабатқа қарай «жылжыған». Лексикалық қабаттардағы «жылжу» құбылысы негізінен экстрафакторға тәуелді екені белгілі. Мысалы, *бише*, *мағзұм* т.б. қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты бірден салғырт қорға көшті; *құймақ*, *саума* тәрізді ұлттық дастарқан дүниелерін *арақ*, *колбаса*, *шарап*, *сыра* тәрізді басқа мәдениет «өкілдері» ығыстыра түсті.

Жануарларға қатысты *жәутік*, *жәудір*, *қодыға* атаулардың сирек, салғырт сөздердің қатарына қарай «жылжу» құбылысы қазіргі аңшылық кәсіптің ел тұрмысындағы әлеуметтік мәнділігінің бәсеңдеу факторымен байланысты болуы ықтимал. Қысқасы, жоғарыдағыдай атаулардың экстрафакторға байланысты тілдік ұжымның когнитивтік санасында бірте-бірте солғын тарта бастауы поливербтену үрдісінің етек алуына әсер етіп, лексикалық варианттардың пайда болуына ықпалын тигізді: *құймақ* деудің орнына *түйенің сүті*, *саума* деудің орнына *сиырдың жаңа сауылған сүті*, *қонжық* деудің орнына *аюдың баласы*, *қодыға* – *киіктің лағы* т.б. дейтін болдық,

Жұртшылық назарын аударатын тағы бір мәселе – сөз қолдану, сөз жұмсау мәдениеті жайында.

*Қазіргі таңда әлемнің көптеген елінде салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін мемлекет арнайы бағдарламаларды жүзеге асырады*(21 қараша 2023). <https://kazgazeta.kz/news/144264>. Қазіргі күнге дейін *салауатты өмір*, *салауатты өмір салтын ұстанамыз* деген тіркестерді қолданамыз. Дұрысы – *саламатты өмір*, *саламатты өмір салты*. «*Саламатсыз ба!*» деп амандасамыз, «*Сау саламат болыңыз!*» деп қоштасамыз. *Саламат* сөзінің мазмұнында – саулық, амандық, дерттен тазалық, жақсы көңіл-күй – бәрі де бар. Ал *салауат* сөзі әуел бастан-ақ «кешірім», «дұға оқу» дегенді білдірген. *Өткенге салауат* дейтін сөздің мағынасы осыған жақын.

Әдетте «*күн райы жақсы екен*»; «*күн райы бұзылайын деп тұр*» деп айта береміз. Осындағы *күн райы* «погода» деген ұғымды дәл береді.

Әрине, бұл пікірмен келіспейтіндер *күн райы* тек күндізге ғана қатысты, ал түнге қатысы жоқ дегендей уәж айтады. Бірақ бұл сөзден ат-тонымызды ала қашу жөнсіз болар; өйткені *күн райы*, *күн суытты*, *күн жылыды* деген сөздерді тек күндізге қатысты айтылады десек, өз мағынасын бұра тартқандық болар еді. Шаруа адамы «*Күн райының түнге қарай бұзылатын түрі бар*» деп айта береді. Бұл жерде *күн райының* мағынасы «погода» ұғымының тақиясына тар келіп тұрған жоқ.

БАҚ тілінде, ғылыми әдебиет пен оқулықтарда *ауа райын* «климат» деген терминдік ұғымда, ал *күн райын* «погода» мағынасында қолданып жатса, ондай үрдісті қолдау қажет деп ойлаймыз.

Тілдік жүйе бойынша *ақыл, қуаныш, ғылым, ой, сана* т.б. дерексіз ұғымды білдіретін сөздер әдетте көптік қосымшамен түрленбейді. Денотаты «жок» мұндай сөздерді *ақылдар, қуаныштар, ғылымдар, ойлар, саналар* т.б. деп қолдану қазақ тілінің жүйесіне жат. Өйткені қазақ тілінің табиғатында көптік қосымша санамалап айтуға болатын заттың, нәрсенің атын білдіретін сөздерге жалғануды «ұнатады». Денотаты «жок», санамалауға келмейтін сөздерді көптік қосымшасы тосырқап тұрады. Дерексіз ұғымның атауларына көптік қосымшасының жалғанбауы – жүйеге тән, шартты түрде айтсақ *жүйелік норма*. Сондықтан тілдік жүйе тұрғысынан *ғылымдар* деп қолдану – нормаға қайшы. Алайда ресми қолданыста *химия ғылымдарының докторы, математика ғылымдарының кандидаты* деп қолдану дағдыға айналды да әлгідей сөздер норманың мәртебесіне ие болды. Бұл – узустық норма [131, 138].

Сөйтіп, тілдік жүйемен сәйкеспесе де, жүйеге тән құрылым болмаса да қолданыла келе дағдыға айналып, норма мәртебесіне ие болған сөздер тілімізде аз кездеспейді.

Сондай-ақ, тағы бір ескеретін жайт – тілдік жүйе дегеніміз бәрі бірдей норма бола бермейді. Тіл жүйесіндегі құрылымдар, бірліктер норма болуы үшін дағдыда (узуста) болуы шарт. Мысалы, *бөкпендеткізіңізіші* деген сөз формалды-құрылымдық тұрғыдан дұрыс, ал норма тұрғысына бұлай деу дұрыстыққа жатпайды, өйткені дағдыда (узуста) жоқ.

Қазіргі жазба сөзде *келуіне байланысты, келгеніне байланысты, оқу бітіруіне, оқу бітіргеніне байланысты* тәрізді барыс септігімен келген тіркестің жиі қолданыла келіп, узустық нормаға айнала бастағаны байқалады.

*Барлығы, бәрі* варианттарының *барлығы* жүйелік нормаға жатса, *бәрі* узустық норма. *Барлығы* деген туынды сөзге *бар* түбірі негіз болып тұр. *Барша* сөзі де осы «бар»-мен түбірлес. Ал *бәрі* сөзінің бұл аталған жүйеден ауытқу екені байқалып тұр. Бірақ қолданыла келе мұндай ауытқулардың да норма мәртебесіне ие болатындары тілде аз кездеспейді.

Этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары әдет-ғұрпы, моралі, әдебі, тұрмыс-тіршілігімен байланысты ақпараттар жинақтаған тұрақты сөз орамдарының мазмұндық құрылымында ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін ұлттық менталитетті танытатын компоненттер болады. Осыларды айқын аңғара білмеген жағдайда сөйлеуші/жазушы коммуникативтік сәтсіздікке ұшырауы ықтимал. Соңғы жылдары әсіресе радиохабарларда жылы лебізді құттықтау сөз айта келіп, мерейтой иесіне “*қартаймаңыз!*” деп тілек білдіреді. Қазақ мәдени қоғамдастығы “*қартаймаңыз*” деген тілекті қабылдай қоймайды, мұндай тілек “*кәрілік жасқа жетпеңіз*” дегендей сезіледі. Осы мәндес сөздерді «Шалқар» радиосында Оңғар Құралдың «Біз қалай сөйлеп жүрміз» бағдарламасында да сөз болып талқыланып жүр. Қазақ салтында қарттық



үлкен құрмет, адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы мықтап ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде *кәрілікке жеткізсін, жағың түспей, жамандық көрме; ақ сақалды сары тісті бол* дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады.

Сонымен, тілдік тұлғаның коммуникативтік сәтсіздікке ұшырау қаупі жиі кездесетін аймақтың бірі негізінен мазмұн межесі этномәдени семантикаға ие тұрақты сөз орамдарымен, яғни фразеологизмдер мен паремологизмдердің мәдени-ұлттық семантикасымен байланысты деуге болады.

Сәнді сөздердің нақты анықтамасын беру қиындық тудырады. И.Т. Вепрева тілдік сәнді кірме сөздердің енуіне ықпал ететін себептердің біріне жатқызады: «Бір жағынан, кеңестік дәуірдің сөздерін қолданудан қашу ниеті, ал екінші жағынан, батыстық құндылықтарға бағдарлану, ағылшын тілін шектен тыс қолдану – осы өзара байланысты екі негізгі фактор қазіргі орыс тіліндегі сәнді тілдік өзгерістердің динамикасын анықтайды», – дейді [63].

Қазіргі жастардың тілінде *уик-энд* деп аталатын демалыс күндері олар түрлі *пати, бизнес-клуб, тренинг, дансинг-холл, пабтар мен ивенттерге* барады. Телеарналардан түрлі *хит-парадтар мен брейн-рингтер, реалити-шоулар* көреді. Осындай сөздердің барлығы бізге медиакеңістік арқылы еніп, сіңісіп жатыр. Ал мұның салдары жастардың этнотарихи дүниетанымына қауіп төндіріп, қазақ сөзін, оның рухани мәнін, гендік жадын құнсыздандырып, тілдік экологиямызды бұзуға әкеледі.

Қазіргі «импорт» сөздер *дресскод, дедлайн, кештег, шопинг, хит, аватар, кофе-тайм, дайрект, пиар, вебинар, тренинг, коуч, баннер, квест* және т.б. кірме сөздерді, бір сөзбен айтқанда *англоцизм* сөздерді телебағдарламалар мен қазіргі қазақ контентінде жиі кездестіріп, естіп атамыз. Ауызекі сөйлеуде *лайфхак айтыңдар, авама сурет қоямын, оның харизмасы ерекше, аккаунтымды бұғаттап тастапты, дайрекке жазыңдар* және т.б. қолданыстар тілдік санамызды зақымдауда. Күнделікті сөйлеу тіліндегі дағдының нормаға айналмауына кім кепіл бермек?!

Шеттілдік сөздер медиакеңістіктегі фильмдер, телесериалдар, әндер, бейнероликтер арқылы жаппай еніп жатыр. Бұл сөздер біздің тіліміз бен өмірімізге өзге елдің мәдениетін, өмір сүру салтын, дүниетанымын енгізуде. Кірме сөздердің тасқыны мәселесі әлемнің барлық тілдеріне салдарын тигізіп жатыр. Мәселен, орыс тіліне еніп жатқан кірме сөздер туралы Т. Миронова: «Шетелдік сөздер орыс тілінің бір шетін имене айналсоқтап еніп, бүгін дендеп, сыналап кіріп, тілден көрнекі және жақсы орын алатын болды. Сөйтіп, өз орнын тауып, біздің тілімізді толықтыра түсті. Бізді қорқытатыны – бұл сөздердің көптігі емес, олардың басқыншылығының салдарынан орыс жанын жылытып, «жүрегін елжірететін көзге көрінбес реңкі бар» төл сөздеріміздің айналымнан шығып бара жатқандығы [73]. Тіліміздің ұшында *«vip», «супер», «люкс», «процесс», «адекватно»* сөздері дайын тұрғанда көркем тілмен бейнелеп сөйлеу үшін басыңды қатырып, ойланудың қажеті

жоқ. Бір қарасаң, әдемі, ақылды сөздер, бірақ олар сондай суық және құрғақ, көпірген сабын секілді.

Қазақ сөздерін шеттілдік сөздермен алмастыру үрдісін қолдап отырған қазақстандық телеарналардағы жағдай да дәл осындай. Оны еліміздегі мемлекеттік, жалпыұлттық, жеке меншік, коммерциялық 10 арнаның бағдарлама атауларына жасаған талдаудан көруге болады. Қазақтілді бағдарлама атауларының толық ағылшынша немесе жартылай ағылшынша аталуы барлық телеарналардан көрініс табады (8-кесте).

Телеарна атауы	Атауы толық ағылшын тіліндегі бағдарламалар	Атауы жартылай ағылшын тіліндегі бағдарламалар	Атауы орыс тілінде/жартылай орыс тіліндегі бағдарламалар
Abay TV		ART-эксперимент Әнді Ground ART академия	
Qazsport	Sport Review Masters Super BOL The Ring	PRO HOCKEY PRO FOOTBALL	
Balapan	A4 Miss Kaussar ABC+	Күмбір LIVE Super отбасы Bala time Balapan News	
Хабар	STARTUP KZ <b><u>Central Asia's Got Talent</u></b> <b><u>«Online»</u></b> <b><u>«Art Global»</u></b>	Спорт Time Киноман Dala battle <b><u>«Бауыржан Fest»</u></b> <b><u>Дневник «Burabay Summer Fest»</u></b> <b><u>«Tangy fresh»</u></b> <b><u>«Junior Eurovision 2020» күнделіктер</u></b>	Культурный контекст В фокусе Национальный интерес Хронограф - 2021
Jibek joly TV	Flashback	Qazaq LIFE Tangy Fresh Qazaq cinema Q-bilim КазАрт Q-бизнес	Қазақ квест Маңызды даталар Стоп ковид
24.kz	TECH NEWS Made in KZ Тайм аут	Полиция KZ ART&АПТА Stop жемқорлық	

	Agrolife Persona Art Fact Check	Мәжіліс Live	
<u>КТК</u>		Инсталайық Назарбаев. LIVE	Рейдер Кривое зеркало Наша KZAIIA Черный квадрат
НКТ	Insta tv Insta like Taboo ұ-night show revue weekly revue online wi-fi 25 no comments	ҚЫЗЫҚ live Ozmy ғой жұлдызды weekend жаңалike show medlife комикадзе	эксклюзив  тематик show
31 арна		Bala battle Bizdin show Күліп ALL Battle пар	Такси
7 арна		Battle сөз ҚЫЗЫҚТЫ WEEKEND	
Ескерту – автор құрған.			

Бұл мәліметті радиохабар атауларымен де толықтыра түсуге болады: *CanapLike, FilmFan, Ән салLiKE (Қазақ радиосы), Golden Hits, Film music, Cover time, Club mix(Астана радиосы), On Air, Кеуки time (Orda fm), Ұям Parade, Туысstar (Gakku fm), Live, IT radio, British new wave (Tengri fm), Online (Qazaqstan),*

Қазақстандық музыкалық арналар, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін *Star of Asia, Eurasian Music Awards, Qazaq Music Awards* (бұл атаулар да ағылшын тілінде) секілді ұлттық музыкалық жүлделер жастар арасына кең танымал осы өнер өкілдерін медиакеңістікте кеңінен жарнамалауда. Соның әсерінен тіліміздегі антропонимдік дәстүрлер өзгеріп, шет тілдерінен енген есімдер қатарының көбею қаупі алаңдатады.

Г.Б. Мәдиева мен А.Т. Әлиакбарованың «Қазіргі қазақ есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты ғылыми мақалада зерттеушілер 2000-2020 жылдар аралығында туған ұлты қазақ 6093 азаматтың аты-жөнін талдай келе, тарихи-мәдени есімдер (әлеуметтік) тобына заманауи (трансформацияланған) есімдер топшасын енгізуді ұсынады. АХАЖ материалдарын саралау негізінде шет тілдерінен енген есімдердің көптеп кездесетінін айтады. Ондай неологизм есімдер қатарына мынадай аттарды береді: *Альбертгор, Асмир, Марсель, Равиль, Рауль, Рафаэль, Эдуард, Ангелика, Аэлита, Анабель, Альтея, Амалия, Ванесса, Жизель, Каролина,*

*Киара, Лилиана, Сабрина, Селина, Фарангис.* Ана тіліміздегі немесе шет тілдерінен енген есімдердің формасы жағынан өзгеріп, жаңаша сипат алған түрін заманауи (трансформацияланған) есімдер деп атап, олардың қатарына Әрсен, Даниель, Роллан, Аделя, Азмима, Айнель, Айсель, Илана, Тамила есімдерін көрсетеді. «Соңғы жылдары жоғарыда аталған есімдердің қазақ баласына есім ретінде таңдалып алынуы, олардың кеңінен қолданыста болу себебін жаһандану үдерісі, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, сонымен қатар есім таңдауда оның сәнді (модный) болуын, құлаққа жағымды естілуін есепке алумен түсіндіруге болады», – дейді [64, 138]. Бұл пікір медиакеңістік ықпалының тілдік талғамды қалыптастыруға тікелей әсер ететінін тағы бір дәлелдейді[73].

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Қазақ қоғамында ұзақ жылдар бойы екі тілдің, кейінгі жылдары үш тілдің қатар қолданылуына, көптілді білім берудің өріс алуына байланысты қазақ тілінің дыбыстық, лексикалық, синтаксистік жүйесіне кең тараған өзге тілдердің ықпалы өте күшті болып отыр. Соған сәйкес қазақтың төл дыбыстарын дұрыс айтпау, ұлт тіліндегі сөздердің мағынасын айқын ажырата алмау, басқа тілдердің сөздерін орынсыз қолдану, аудармаға негізделген, ұтымды жасалмаған калька тіркестер туғызу, сөздердің орын тәртібін сақтамау, сөйлем құрылымын бұзып өзге тілдің қалыбына салу деректері тым көбейіп кетті. Әсіресе, орыс тілінің ықпалы өте күшті екенін зерттеу нәтижелері анық көрсетіп отыр. Бұл құбылыстың қыр-сырына әлі де терең үңіліп, лингвистикалық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, себеп-салдарын ғылыми тұрғыдан анықтау өте маңызды деп санаймыз.

Осылайша тілдік фактілерді талдаудың, зерттеудің нәтижесінде тілді пайдаланушылардың жазбаша және ауызша қарым-қатынастарында: а) жоғары жиілікпен қолданылған; ә) қолданылуы дәстүрге айналған; б) тілдік нормадан ауытқулардың көптеп қолданылған; в) сауаттылық деңгейін, жазу мәдениетін төмендетіп алған болып есептелінеді.

Аталған қате қолданыс түрлері әсіресе, БАҚ, әлеуметтік желі арқылы кең таралып, оларды қолдану қалыпты құбылысқа айналып барады. Сол себепті сөз мәдениетінің төмендеуіне жол бермей, тіл тазалығын сақтау үшін тілдегі қате қолданыстары жиып-теріп, олардың тілдік нормаға сәйкес дұрыс нұсқасын көрсету қажеттілігі туындап отыр. Баяндалған жайттар норма, узус мәселелерінің жекелеген тұстары ғана екендігіне назар аудартамыз.

## II ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МЕН БАҚ-ТАҒЫ НОРМА ЖӘНЕ УЗУС


### 2.1 Әлеуметтік желідегі қазіргі ауызекі сөйлеу тіліндегі көріністері

Қазіргі жағдайда ортология аса маңызды болғанмен, тілдік норманы ғана бағдарға алған бір ғана векторлы зерттеу, заман талабына толық жауап бере алмайды, сондықтан сөз мәдениеті жаһандану үрдісімен байланысты бүгінгі заманның, күрделі кезеңнің талабына лайық болу керек. Сөз мәдениеті пәнін осы кезге дейін зерттеуде ұстаған басым бағыты әдеби тілдің мәденилігі, ауызша-жазбаша тілдің нормалық сипаты, сөздің коммуникативтік сапасы мен сөз шеберлігі жайында болды. Қазақ сөз мәдениетін зерттеуде бұдан былай мұндай дәстүрлі ескі парадигма шеңберінде қалуға болмайтыны айқын болып отыр. Өйткені сөйлеуші-жазушы, тыңдаушы-оқырманды, айтылған сөздің-жазылған сөздің қандай жағдаятта жүзеге асуын ескермей, «таза» мәтінмен жұмыс істеу мәселенің басқа қырларын көрмеу болар еді. Ауызша мәтінді де, жазбаша мәтінді де тудыратын тілдік емес факторлар екенін мойындауға тура келеді. Ал тілдік емес факторлардың ішіндегі ең негізгісі, ең бастысы – адам, басқаша айтқанда, тілдік тұлға. Әсіресе тілдік тұлғаның коммуникация кезіндегі сөйлеуін зерттеу басым бағытқа ие болып отыр. Өйткені жаһандану заманында, мысалы, саясаткер тілді саясаттың құралы ретінде ғана шебер пайдалануы, блоггер тілді әлеуметтік желіге жаналықтың жеткізудің құралы ретінде, журналист тілді қоғамдық санаға әсер етудің құралы, ғалымдар мен мамандар тілді тек өз кәсібінің құралы ретінде, яғни тілді тұтынушылар ортологиялық тұрғыдан тілді тиімді пайдаланумен шектелмеуі тиіс.

Тілдегі антонимдік бірліктердің оппозициялық қатынасын анықтауда олардың сатылы, қос мүшелі және тепе-теңдік түрлері болады [65, 28-29]. Сатылы оппозициялардың мүшелері белгілі бір қасиеттің, сапаның, сынның ақырғы шекке дейінгі қарама-қарсы деңгейлерін көрсетеді. Олардың арасында мағыналарды дәнекерлейтін ортаңғы мүшесі болады. Мысалы, басы – ортасы – аяғы. Қос мүшелі оппозиция бірін-бірі жоққа шығаратын қасиетке ие, бірақ олардың арасында аралық элемент болмайды. Алайда қос мүшелі оппозициялардың ортаңғы мүшесі болмайды деп айту шартты. Қазір ғылым қарыштап дамуда. Сондықтан кейбір арнаулы ғылым салаларында бір-біріне қарама-қарсы келетін құбылыстар арасында аралық құбылыстар кездесіп жатады. (Мысалы, өлі – тірі және «ком»). Осы тұрғыда, тілімізде нормаға жатпайтын, бірақ қолданысқа еніп кеткен және қате ретінде танылмайтын «аралық» қолданыстар бар. Мысалы, жүйе бойынша реттік сан есімдерге қосымша: *-ыншы*, *-інші* (*ншы*, *-нші*) түрінде жалғанады: бірінші, екінші, үшінші, төртінші... Олай болса, *жиырмасыншы* (тамыз) емес, *жиырманшы* (тамыз) болуға тиіс. Алайда бұл дағдыға айналған құбылыс. Әйтсе де дағды үнемі тілдік жүйеден басым түсе бермейді деп ғалымдар пайымдаса (Р.Сыздық), осы тұжырымды жалғастырушы ғалымдардың пікірін құптайды (А.Абитиярова). Тілдің даму барысында кейде екі түрлі (не одан да көп) жүйе қатарласа қолданыла келіп, оның ішінде тілдің даму үрдісіне

сәйкес келген біреуі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік норма ретінде танылады да, өзгесі тілдік қолданыстар ығыстырыла бастайды. Тіл қолданысынан ығысқан жүйенің кейбір көріністері нормаға айналған жүйемен қатар дағды бойынша қолданылып та отыруы ықтимал. Бірақ олар белгілі бір мақсатсыз нормасын бұзу болып саналады. Мұндай қолданыстар тілімізде «узус» деп аталады. Не қате емес, не норма емес дағдыға айналған мұндай құбылыстар тілімізде жиі орын алып жатады.

Ғалым Н.Уәли өз еңбегінде сөз мәдениетінің бағалауыштық сипатын оппозициялық тұрғыдан былай жіктейді:



Кесте – әдебиет негізінде құрылған [37].

Бұл кестеде сөз мәдениетінің құрылымдық қабаттарын ерекше жіктеп көрсетіп берген. Тілдің барлық деңгейіндегі ортологиялық: дұрыс ↔ бұрыс; сөз этикетіне қатысты: әдепті (дәстүрде бар) ↔ әдепсіз (дәстүрде жоқ); нормативті этикаға қатысты: орынды ↔ орынсыз (мысалы, біреуді көзінше мақтау (орынды), біреуді көзінше мақтау (орынсыз)); сөз байлығына қатысты: сөз байлығы ↔ сөз жұтаңдығы; сөз тазалығына қатысты: сөз тазалығы ↔ сөз шұбарлығы; экспрессивтілікке байланысты: бедерлі ↔ бедерсіз; логикалық құрылымға байланысты: қисынды ↔ қисынсыз; танымдық құрылымға қатысты: тілі ауыр ↔ тілі жеңіл; сөздің қызметтік құрылымына қатысты: лайықты ↔ лайықсыз. Ал кез келген іс-әрекетте, оның ішінде коммуникативтік тәжірибеде: норма ↔ узус деп жіктеуді ғалымдардың еңбектерінен байқадық [37,30].

Зерттеу жұмысында алдымен тілдің сөйлеуде жүзеге асырылуын **бақылау әдісі** арқылы негізге алынды. Узусты анықтау – ғылыми экспериментке жақын келетін, коммуниканттардың сөйлесу барысында не жазбаша қарым-қатынаста тілдік материалдарды зерттеу әдісі. Өйткені тек эксперимент арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады [66,142].

Бір қағаздың екі жағы болатыны секілді бір-бірінен ажырамайтын дүние болғандықтан норма мен узус қатар жүреді. Норма – тілдік құралдарды қолданудың қабылданған ережелер жиынтығы. М.Балақаев

«норманы тідегі бірізділік, тіл материалдарын белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру» деп нақты тұжырым жасаған. Сол тәртіпті орнататын әдеби тіл екендігін де айтқан болатын.


Ғалым Ж.Манкеева «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде: «Қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің нәтижесіндегі қоғамдық сана мен жеке тұлғаның тілдік санасындағы жаңару, жаңғыру үрдісінің қазақ сөзінің төл болмысымен, оның сөз тамырлас болуының айқын тілдік көрінісі мен қызметі аясын сөз мәдениетін зерттеуші ғалымдар да (Н.Уәли, К.Хұсайын, т.б.) кешенді жаңа ғылыми арнада қарастыра бастады. Атап айтқанда: сөз мәдениетінің нормативті аспектісі, функционалдық аспектісі, коммуникативтік-прагматикалық аспектісі, лингвокогнитивтік аспектісі, т.б. \соның негізінде сөз мәдениетімен сабақтас әлеуметтік лингвистика саласы анықталуда. \жалпы, сөздің осы тұрғыдан коммуникативтік қызметінің де антропоэзектік үрдісін талдауға болады. Оның себебі адам болмысының жан дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз құдіретінің мәні қазіргі таңдағы ізгілікке бағытталған адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғанымен байланысты» деген пікірі осыны аңғартады [67].

Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибедегі норма дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлетіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қоссақ, яғни ортологиядеп атауға болады. Ортология дегеніміз – сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім [20, 26].

Қазіргі қолданыста *ит тістеді* деп айтып жүрміз. Қазақы танымда ит пен қасқыр қабады, ара (маса, жылан, өрмекші) шағады, ат (мысық) тістейді.

Сөз саптау қателерінің жіберілу себептері, сөз мәдениетіне көзқарастарын білу және ..... анықтау мақсатында әлеуметтік лингвистикалық сауалнама әдісі қолданылды (қосымша А).

Нормаға ұқсас, жақын тілдік бірліктер деп ғалым Н.Уәли: «Тілдік жүйе: тілдік дағды (узус); ереже т.б. құбылыстар жатады. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Әсіресе узустардың көлемін, мөлшерін, түрлерін анықтау аса маңызды» деп өз зерттеуінде узусты зерттеу қажеттігін ерекше айтып өтеді. Ал узусты тармақтап жіктеген ғалым Р.Сыздық. Үшендік жүйені бірлікте және қарама-қарсылықта ала отырып, морфологиялық узус, лексика-семантикалық узус, фонетикалық узус деп қарастырады. Біз осы топтастыруды басшылыққа ала отырып, узусты төмендегідей топтарға бөлдік:



Орысша сөз қосып сөйлеу сәнге айналды да оның соңы орысша сөздер мен грамматикалық формалар күнделікті сөйленісте орныға бастады. Сөйтіп, түсініксіз қазақша-орысша сөз қалыптасып, ол күнделікті сөйлеу дағдысына айналды.

Қостілділіктің аяғы біртілділікке ұласты: ата-анасы қос тілді болды да, ал баласы ана тілінен қол үзіп, біртілді болды. Әсіресе қала тұрғындары ішінде ана тілінен қол үзген әлеуметтік жік пайда болды. Осындай жіктердің пайда болуынан қазақ тілінің коммуникативтік-қоғамдық позициясын әлсіретті, қазақ тілінің тілдік ортасы шектеулі болды. ҚР Президенті Қ. Тоқаев: «Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір - нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?", - деді президент, тілді дамытуда төрт жолын ерекше атап өтті. Қ.Тоқаев қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн екенін айтты. Біріншіден, "Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында - анахронизмге айналуға тиіс.



**Екіншіден**, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

**Үшіншіден**, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

**Төртіншіден**, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет", - дейді Президент [68]. Кісінің аты-жөнін бұрындары жазу жаппай **–ов, -ев, -ин** түрінде болса, қазіргі қолданыста **тегін жазудың екі түрлі тәсілі рұқсат етілген. Оның бірі – әкесінің есіміне «ұлы», «қызы» деген қосымша қосу, екіншісі – әкесінің не аталарының бірінің есімін қосымшасыз алу.** Сондықтан бұл да тіліміздің өркендеп, қазақыланып келе жатқандығын көрсетеді.

Қазақ сөз мәдениетін көбіне коммуникативтік аспектіде зертеген: әдеби тіл нормасы (М.Балақаев) [9], норма мен оның жүйемен, дағдымен байланысы (Р.Сыздық)[26], Н.Уәлиев [37]; орфографиялық норма (Р.Сыздық) [16], орфоэпиялық норманың түрлері (Р.Сыздық)[28], варианттылық пен норма (С.Бизақов)[69], ортологиямен байланысты (Алдашева) [20] т.б.

Біздің зерттеуіміз сөздің коммуникативтік сапасына қатысты болғандықтан норма мен узустың аражігін ажыратып көрсету – мақсатымыз. Төмендегі мысалдардан (сөз құрылымынан) орынды немесе орынсыз екенін анықтап, мәтіннің тұтастай алғандағы коммуникативтік тәжірибенің жекелеген ғана факті болуы ықтимал.

Орфографиялық норма	Узус	Түсіндірмесі
Алла (Құдай) бұйырса	Алла (Құдай) бұйыртса	Басы артық дыбыс қосу. Діни негіздегі тіркесті айтқанда, яғни «Құдай бұйырса» дегенде «бұйыртса» емес, «бұйырса» деп айту керек
Әумин	Әмин	Қазақ тілінде дұрыс айтылуы мен жазылуы осындай. Орфографиялық сөздікте де солай бекітілген.
Ештеңе	Іштеңе	бейәдеби қарапайым сөйлеу

		тілі
Қата	Қате	Тілдің заңы бойынша қата деу дұрыс.
Бүкіл	Бүткіл	Басы артық дыбыс қосу
Немқұрайдылық	Немқұрайлылық	Қазіргі қолданыстағы әдеби тілде бекітілген норма бойынша «немқұрайды» деген форма дұрыс. Ал енді «немқұрайлы» деген форма бұл жүйеге салып айтып жүрген нұсқа.
Бейнесабақ	Бейне сабақ	Бұл жаңа сөзге жатады, кейінгі орфографиялық сөздіктерде де, терминдік сөздіктерде де бұл біріккен сөз ретінде қаралып жүр.
Ағыл-тегіл	Ағыл тегіл	Қос сөз, сондықтан арасында дефис қойылуы міндетті.
Алайда	Алайда, олар – кәсіби баспагер емес.	Академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышында» шылау сөздердің алдында үтір қойылғанмен, кейін қойылмайтыны (одан кейін қыстырма сөз келмеген жағдайда) туралы сөз болады. Алайда сөзінен кейін кідіріс болғанмен, үтір қойылмауы керек[70].
Сыйынып	Сиынып	Қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейді.
Мораторий	көбіне «мараторий» деп жазылып жүр, «мороторий» деп жазып қоятындар да бар	Орфографиялық нормамен емес орфоэпиялық нормамен айтып, жазып жүрген дағды
Интеллигенция	Журналистер «интелегенция», «интелегент» деп жаза береді	
Бойкот	Екі журналистің бірі «байкот» деп жазса, таңғалмаймыз	
Диктофон	Басылымдарда «диктафон» деген сөз өте-өте жиі ұшырасады	

Мұндай сөз құрылымдар сөздің коммуникативтік сапасын бағалауда басқа да теориялық ізденістерді қажет етеді. Өйткені айтылған сөз – аса күрделі коммуниктивтік құрылым. Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибеде белгілі бір мәтіннің сөз сапасын талдап, сипаттау, тексеруді ойдағыдай жүзеге асырып, сенімді нәтижелерге қол жеткізу үшін тілдік құрылымдарды, нақты психология, когниция, әлеуметтік, этикалық т.б. тілдік емес мәнділіктермен (сөз құрылымын ситуациямен, яғни сөз айтушының

әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшеліктері, жыныс айырмашылығы. Таным/бейтаныстығы, тілдік қатынастың ресми/бейресимилігі т.б.) байланысты қарау қажет.

Грамматикалық норма	Узус	Түсіндірмесі
Филология ғылымының докторы	Филология ғылымдарының докторы	қазақ тілінің табиғатында көптік қосымша санамалап айтуға болатын заттың, нәрсенің атын білдіретін сөздерге жалғанады.
Төраға	Төрайым	Төраға – орысша «председатель» дегеннің баламасы, бұл сөздегі төр компоненті де, аға сөзі де денотаттық (лексикалық, негізгі) мағыналарынан ажырап коннотаттық мағынада жұмсалып тұрғандықтан, аға сөзі жыныстық мағынасынан көшіп, «басшы, басқарушы» деген ауыспалы мағынаны білдіретін компонент болып тұр
Жиырманшы	Жырмасыншы  Жиырманшы деп жүйе бойынша айтпай, жиырмансыншы деп қолданудан да тілдік жүйеден тілдік дағдының басым түсіп жатқандығын байқаймыз.	Есептік сан есімдерге қосымша -ыншы, -інші түрінде жалғанады: бесінші, алтыншы, жетінші т.б. осы сияқты жиырманшы болуға тиісті реттік сан есім дағды бойынша жиырмансыншы түрінде қолданылып жүр
Аспаз мектебі Зергер заттары	Аспаздық мектебі Зергерлік заттар	-лық, -лік жұрнақтарын –і, –ы тәуелдік жалғаудың үлгілерін орынсыз пайдаланады.
Тыныс алу жүйесі	Адамның тыныс алу жүйелері	Қазақ тілінде жүйе сөзі жинақтық мәнде қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбайды. Сол сияқты тілімізде тыныс алу жүйесі, ас қорыту жүйесі, жүйке жүйесі, т.т. тіркестер тұрақтанған.
Ажырасу	Ажырасулар саны	Қазақ тілінде үдеріс атауына көптік қосымшасы жалғанбайды. Оның үстіне <i>саны</i> сөзі де орыс тілінен

		калька аударма нәтижесінде пайда болған. Сондықтан дұрысы – ажырасу.
Азамат	Азаматша	Орыс тіліндегі «гражданка» сөзіне балама іздеуден туған жасанды сөз. Қазақ тілінде род категориясы болмағандықтан «азаматша» деген сөзді жасауға да, қолдануға да қажеттілік жоқ.
Айыптұрақ	Айыппұл тұрағы	Дұрыс жасалмаған күрделі атау ұғым мазмұнын дәл бермей, мағыналық қисынсыздық туғызып тұр. Бұл – айыппұл сақталатын орын(айыппұлдың тұрағы) емес, айып тағылып, соған сәйкес айыппұлы төленгенге дейін көліктерді сақтайтын тұрақ. Дұрыс нұсқасы: айыптұрақ
Айтуымыз керек	Айту керекпіз	Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен керек сөзі жіктелмей, қосымша оның алдында тұрған етістікке жалғанады.
Ағайын	Ағайындар	асабалардың ауызынан «ағайындар» деген қате сөз түспейді. «Ағайын» сөзі де көптік мағынада пайдаланылады.

Орфоэпиялық норма (акцентологиялық норма)	Узус (дағды)	Түсіндірмесі
Амангелді	Аманкелді	Бұл үрдіс орыс тілінің дендеп кіруімен тікелей байланысты.
Ботагөз	Ботакөз	
Әйгерім	Айгерим	
Әсем	Асема	
Мәдина	Мадина	
Анель	Анеля	
Әлихан	Алихан	
Әсел	Аселя	

Лексика-семантикалық норма	Узустық көрініс	Түсіндірмесі
...қағазбастылықтан көз ашпай қойды	...қағазбастылықтан бас ашпай қойды	
Белең алған індет	Белеңдеген індет	
Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні	Тобықтай сөз түйіні	прагматикалық тұрғыдан мәні болғанмен, олардың талғамсыз жұмсалуды сөз мәдениеті (норма) тұрғысынан орынсыз.
Денсаулықтың арқасында Мәдениеттіліктің арқасында Байлықтың арқасында	Арақтың арқасында?	«арқасында» дейтін жағымды сәттерде қолданылады.
Домбыра тартады Қобыз тартады	Домбыра ойнайды Қобыз ойнайды	Еуропадан келген музыкалық аспаптар жайында емес. Оларды ойнайды дей беруге болатын шығар. Ал қазақтың халық аспаптарын ойнайды деген, мысалы қазақта асық ойнайды, домбыра ойнамайды.
Байлыққа кенелді	Байлыққа белшесінен батты	прагматикалық тұрғыдан мәні болғанмен, олардың талғамсыз жұмсалуды сөз мәдениеті (норма) тұрғысынан орынсыз.
Әскери училище курсанттары ант берді.	Әскери училище курсанттары ант қабылдады	«берді» мен «қабылдады» мағыналары әртүрлі
Салықтан босатады, салықтан құтқарады.	Бізді салықтан азат етсе...	Азат ету – отар елдерге байланысты айтылатын сөз орамы.
Пікір алысты	Пікір алмасты	Бұл ретте <i>алмасты</i> сөзін <i>тәжірибе</i> сөзімен тіркестіріп, тәжірибе алмасты деуімізге болады.
	*Нарық экономикасы қылбұрауын мойынға салды	Қылбұрауынды мойынға салмайды. Ертеде жаза ретінде санды буып, қинау үшін қылдан есілген қысқалау арқан. *Қылбұраумен буып, қатты қинады.
	Не керек, Түркістандағы ойдым-ойдым көшелерде «Вискапласт»деп бөсе бастады	«Бөсе бастады» дегенде әдеби норма бойынша «мақтаныш тұтты» деуімізге болады.
Сенат спикері қазақша таза сөйлеп тұр	Бұрын мұндай кездесулерде шетел тұрмақ, өз елімізде орысша сөйлейтін Сенат	Бұл ресми тұлғаға «ызғытып тұр» деген тіркес жараспайды. «Ызғытып

	спикері қазақша ызғытып тұр.	тұр» дегеннің орнына «қазақша сөйлеуге тырысып тұр» деп жазуға болады.
Сөздің парасы, енді бір парасы (Сөздің енді бір тармағы)	Пара беру, пара алу (қазіргі қолданыста)	Қос қанаты деген мағынада қолданылады.
Көзі ашық, көкірегі ояу	Көзі ашық, көңілі ояу	
Жұмыс істеймін	Жұмыс жасаймын	Абстракттілі – жұмыс деген нәрсе, көзге көрінбейді, қолға ұсталмайды. Көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын нәрсені істейді. Нақтылы көзге көрініп тұрған нәрсені жасайды.
	Доп пәленшенің аяғынан табылды Қақпашының қолынан табылды	Сонда доп өздігінен барып ананың аяғына, мынаның аяғына соғылып жүрген сияқты.
	Мергендігімен табылды (спорт комментаторларының сөзі)	
Бұл ұсынысты Рим папасы Иоан Павел екінші мемлекет басшыларына білдірген немесе айтқан	Бұл ұсынысты Рим папасы Иоан Павел екінші мемлекет басшыларына тастаған	Ұсыныс ол зат емес, бұйым емес. «Тастаған» деген сөздің орнына айтқан деп қолдануға болады.
	Мың бұралған биші атағын қанжығасына байлағысы келгендер саны көп болды	Қанжығаға байлау деген ұғым қазақтың түсінігінде аңшылық, саятшылық өнерге байланысты айтылады.
Көріскенше күн жақсы!	Көріскенше күн жақсы болсын! Сондықтан кейбір хабар жүргізушілердің <i>Жүздескенше күн жақсы!</i> деп өзгертіп айтулары дұрыс емес.	Көрісу мен қоштасу, мақал-мәтелдер сияқты әбден ықшамдалған, белгілі бір тұлғада, тіркесте қалыптасқан болып келеді, сондықтан <i>қазақ көріскенше күн жақсы!</i> Дей салады, бұл жерде <i>болсын, болғай</i> деген тіркес ойда тұрады, оны айтпаса да, тілек мағынасы жоғалмайды. Қош айтысудың бұл вариантының әсерлі, икемді болуын к-к (көріскенше күн)деген дыбыс үйлесімі (аллитерация) мен сөздің ықшамдылығы жасап тұр.
Жел тұрмаса, шөптің басы	Жел болмаса, ағаштың	<i>Жел болмаса</i> деген мен <i>жел</i>

қимылдамайды	басы қимылдамайды	<i>тұрмаса</i> деген тіркестердің мағынасы бір емес; желдің жалпы болуы бар да, сәл-сәл басталуы бар, сәл жел тұрса, ағаштың биік басы емес, жердегі жатаған шөптің басы қимылдайтынын бабаларымыз дәл берген.
Жауын-шашын болады	Жауын-шашын жаумайды	<i>Жауын-шашын</i> дегеннен кейін жаумайды етістігі тұра алмайды, өйткені <i>жауу</i> етістігі деректі заттың қимылын білдіреді, мысалы, <i>жауын жауады, қар жауады, бұршақ жауады</i> , ал <i>жауын-шашын</i> деген қос сөз – жиынтық атау, дерексіз ұғым атауы, дерексіз зат болады не болмайды.
	Көшпелі бұл көшеді Нажағай шартылдайды	Ыңғайсыз құрылым. <i>Көшпелі</i> деген сөздің өзі ол бұлттың көшіп жүретінін білдіреді, <i>аспанды көшпелі бұлт қаптайды</i> десе, бір сәрі. Сол сияқты, <i>нажағай шартылдамайды, ойнайды</i> , дыбысқа келсек, <i>күн күркірейді</i> .
Кәрілікке жеткізсін, жағың түспей, жамандық көрме; ақ сақалды сары тісті бол	Қартаймаңыз	Қазақ мәдени қоғамдастығы «қартаймаңыз» деген тілекті қабылдай қоймайды, мұндай тілек «кәрілік жасқа жетпеңіз» дегендей сезіледі [37,66].
Шөберенің қолынан су ішіңіз	Шөберенің қолынан май жалаңыз/шөберенің қолынан май жалататын күнге жеткізсін/шөберенің шылауына шалынып	Бір қарағанда сөз жарыспалығына ұқсас, алайда тілдік норма сақталғаны жөн
-Неше кісі келеді? -Үш кісі келеді?  -Қанша күн жүресің? -Үш-төрт күн жүремін.	Жасыңыз қаншада, қарындас?	Нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда неше? деп сұраймыз, ал дәл санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз.
Алматы – тұрғын үй бағасы жоғары қалалардың бірі.	Алматы – тұрғын үй бағасы ең қымбат қала.	Қазақ тілінде баға жоғары не төмен болады, ал сатылатын заттың өзі

		қымбат не арзан болады.
Әр апта көремін немесе апта сайын көремін	Мен «Қалаулымды» әр апта сайын жібермей көремін.	Әр сөзі тіркескен сөз сайын сөзімен тіркеспей-ақ тіркестің мағынасын бере алады.

Лексико-фразеологиялық норма	Узустық көрініс	Түсіндірмесі
өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда	дүниенің кеңдігінен не пайда, аяқкіімнің тар болса	етік гиперонимдік мағынада жұмсалған, яғни жалпы аяқкіім атаулыны білдірген. Кейіннен бұл құрылым өзгеріп, етік сөзі гипонимдік мағынада немесе аяқкіім атаулының бір ғана түрін білдіретін болған.
Халық айтса, қалт айтпайды	Жұрт айтса, қалт айтпайды	Мақал-мәтелдің қолданысының бірнеше ғасырлық тәртібі бар. Халық, қалт, х,қ –мен үйлесіп тұр.
Иманы саламат болсын Қазаның арты қайырлы болсын!	Иманды болсын	әкесі өмірден қайтқан адамға көңіл айтқан кезде: «Әкең иманды болсын» демек «әкең мұсылман болсын» десең дұрыс па? Кезінде осы жөнінен біреу: «Қалайша тірісінде намаз оқымаған адамды өлген соң мұсылман болсын деп айтасыңдар?»-деген еді. Бұрынғы кезде атамыз қазақ көңіл айтқанда ешқашан «иманды болсын» деп айтпаған!
Ұрпағы мың жасасын!	Қалған ғұмырын бала-шағасына берсін!	Шариғат бойынша адам сол жасқа ғана өмір сүруді нәсіп еткен. Ары қарай қанша ғұмыры қалғаны белгісіз
Ас болсын!	Тамағың тәтті болсын!	Тамақ дәмсіз болып пісірілген болса, ол қалай тәтті болады? «Ас болсын» дегені саған жұғымды болсын, тойымды тамақ болсын дегенді білдіретін сөз еді.
Осы айтылған сөзге құлақ салсын»	құлағына алтын сырға	нақыл сөздің мағынасы «бұл сөзді естімеген болсын, құлағына бұл



		айтылған сөзді емес, алтын сырғаны таққан болайық» дегенге меңзейді
--	--	---

Калька	Узустық қолданыс	Түсіндірмесі
Жаңбыр жаууы мүмкін	Жаңбыр жауады деп күтілуде	«Күтілуде» орысша ожидается» деген болу керек.
	Мен ойлаймын	«Я думаю» сөзін тікелей қазақшаға аударып алғаны. Тек өз ойыңды айтып алып «сен солай деп ойлаймын» деп соңында айту қажет
Жүкті, аяғы ауыр, екіқабат	Жүктілік <i>Артық салмақ жүктілікке теріс әсерін береді.</i>	Орыс тіліндегі «беременность» сөзінің калька аудармасы, яғни көшірінді аудармасы.
Мына зауыт, болмаса мекеме бірқалыпты жұмыс істеп жатыр	Пәлен зауыт ырғақты жұмыс істеп жатыр.	Қазақта ырғақты жұмыс істеп жатыр деген ұғым жоқ. <i>Работает ритмический</i> деген сөзді тікелей аударған.
Көктайғақ	Мұзтайғақ	Гололед
Өткінші жауын	Қысқа мерзімді жауын	Кратковременный дождь
Ала бұлт	Ауыспалы бұлт	Переменный облачность
Сондай бір оқиға болып қалды, тап болдық, көрдік, куәсі болдық	Пәлен жерде осындай оқиға орын алды...	Орыстың «имело место» дегені.
Сіз Димаштың атасысыз ба? Сіз Димаштың анасы боласыз ба?	Сіз ата-анасыз ба?	Родитель сөзінің аудармасы
Сәттілік тілеймін!	Сәттілік!	Удачи сөзінің тікелей аудармасы
Көп рахмет	Үлкен рахмет	Большое спасибо» сөзінің көшірмесі. Дұрысы «көп рақмет!», оны азырқансаңыз «көп-көп рақмет» деп «көп» сөзін екі рет қайталауға болады.
Кіріспе	Алғы сөз Аңдату Сөз басы	Әрқайсысы жеке-жеке термин деп қарастыруымыз жөн.
Қазақ пен өзбек тарихы ұқсас тағдырлас халықтар	Қазақ және өзбек халықтары тарихи жағынан және бүгінгі тағдыры жағынан жақын халықтар	Орыс тіліндегі «и» жалғаулық шылауын «және» деп қана аудару сөздің мағыналық дәлдігіне нұқсан келтіреді. «и» жалғаулығының түрлі мағыналық қолданысына сәйкес келетін қазақ
Арзан әрі сапалы тауарлар	Арзан және сапалы тауарлар  Орыс және қазақ тілдерінде	

Орыс-қазақ тілдерінде іркілмей сөйлеп, еркін жазасыз	іркілмей сөйлейсіз және еркін жазасыз	тіліндегі <i>және, мен, бен, пен, әрі, да, де, та, те</i> секілді айқын баламасы бар[69].
Өтініш пен шағымға тыңғылықсыз қарау хаттың авторларын қанағаттандырмай, жергілікті жерлердің өзінде шешуге болатын мәселелер жөнінде мемлекеттің орталық органдарына өтініш айтуға оларды мәжбүр етеді.	Өтініштер мен шағымдарға тыңғылықсыз қарау хаттардың авторларын қанағаттандырмай, жергілікті жерлердің өзінде шешуге болатын мәселелер жөнінде мемлекеттің орталық органдарына өтініштер айтуға оларды мәжбүр етеді [69].	Осы сөйлемде келтірген сегіз сөздің көптік формасынан бір ғана авторларын дегенді қалдырсақ та көптік мағынаны өз мәнінде толық бере алады. Көптік жалғауын аударма кезінде орынсыз қолданудың салдары.
Түз-үн, құрт-құмырсқа, балашаға, кәрі-жас, жора-жолдас, ақыл, достық (көптік мәндегі сөздер)	Гүлдер, сулар, шырындар, әтірлер, демістер, көкеністер, сусындар  Қойлар жайылды, шаштарым өсіп кетіпті, халдер қалай, сиырлар табыны, сүттер қазандарға толған, жылқылар бағады	Орыс тілінен сөзбе сөз аударып,, көптік жалғауын матап қою сөз саптауымызға жараспайтын оралымдар.
Біраз Бүкіл Көп, барлық, сан мың, көптеген, бірнеше, әлденеше, сан түрлі, қанша, әр, едәуір, ондаған / көп жетістік, ерен еңбек, ондаған кітап/	Зор табыстар, көп-көп жетістіктер, көп сәттіліктер, бірқатар істер атқарылды, ондаған ұсыныстар түсті, көп жұмыстар тындырылды, ұшқыр ойлар, игі істер	Осы секілді сөздермен, сондай-ақ сан есімдермен тіркесіп келгенде көптік жалғауы қажет болмай қалады. Тілдің өз жүйесі, өзіндік нормасы бар.
Солтүстіктен суық ауа ағымы келді	Солтүстік суық ауа фронты келді	
Қатпарлы ыстық самса	Ыстық қатпарлы самса	Горячая слоенная самса
Аяқ киімді жедел жөндеу	Жедел аяқ киім жөндеу	Срочный ремонт обуви
Өкпенің жедел қабынуы/өкпенің созылмалы қабынуы	Жедел өкпе қабынуы	
Саулық қой	Аналық қой	Еркек қойдың басы үлкен, саулық қойдың жасы үлкен» деген сөз бар.
Көп рахмет!	Үлкен рахмет (большое спасибо)	Орыс тілінің ықпалымен қолданыста бар.
Аман-сау болыңыздар!	Аман-сау тұрыңыздар!	
Ресей мен Қазақстан Президенттерінің кездесуінен соң бұл мәселе қайдадан сөз болды.	Ресей және Қазақстан Президенттерінің кездесуінен соң бұл сұрақ қайтадан орын алды.	Бұл жерде <i>сұрақ</i> емес, мәселе болу керек. <i>Орын алды</i> деген мүлде дұрыс емес

Дворда ойнаймыз	Аулада ойнаймыз	
Кешіріңіз	Кешірім сұраймын	Қазақ тіліне нақтылық тән, «кешірім сұраймын», «дегім келеді», «болып табылады» деген сияқты тіркестер қате қолданыс. Бұлар орыс тіліндегі «хочу поблагодарить», «прошу прощения», «является» деген сияқты тіркестердің калькаланған түрі.
	«ойларымен бөлісті», «қызықты идеяларымен бөлісті», «пікірлерімен бөлісті»	Бөлісу етістігі осы уақытқа дейінгі әдеби норма бойынша тек қана «нені бөлісу?» деген сұраққа жауап беретін сабақты етістік болып келген. Қазір «немен?» деген сұраққа жауап беретін салт етістік болып алды, себебі аса мәртебелі орыс тілінде – «поделиться чем?».
	<i>Мен ойлаймын, осы сәтпен пайдаланып, мамандармен тексерілген, ректормен бекітілген, а әрпіне аяқталған, ол кісіге хабарласыңыз</i>	Өзге тілдің құрылысымен жасалған тіркестер
Биыл	Ағымдағы жыл	Орыс тіліндегі «текущий год» тіркесінің баламасы ретінде алынған жасанды тіркес. Тіркес « <i>биыл, осы жыл</i> » деген мәнді білдіреді, алайда қазақтың танымында ағымдағы сөзі <i>осы, биыл</i> деген мәнді бере алмайды.
Азаюына ықпал етеді	Азаюына алып келеді.	Орыс тіліндегі «приведет к...» құрылымындағы тіркесін калькалап аудару арқылы пайда болған жасанды түркес. Салдарды білдіруде тиімді қолданылатын <i>ықпал етеді, әсер етеді</i> құранды етістіктерін қолдануға болады.
Ақ боз ат мінген ханзада	Ақ аттың үстіндегі ақ ханзада	Орыс тіліндегі <i>принц на белом коне</i> тіркесінің калька аудармасынан пайда болған стильдік қате. Қазақ танымында жылқы түсіне қатысты қалыптасқан

		сындық атаулар бар. Жылқының түсі ақ екенін білдіру үшін ешқашан <i>ақ</i> сын есімі дара қолданылмағана, мұндай түсті аттар <i>ақ боз ат, қылаң ат</i> деп сипаттаған.
Топтап сату/топтап алу	Көтерме сауда	Оптовая торговля тіркесінің аудармасы. Себебі «оптом» сөзінің аудармасы көтерме емес. «Көтерме» - комиссионерство (Н.Ильминский «Қазақша-орысша тілмәш») (О.Жұбаева мақаласынан)
Болыпты	Болыпты екен Айтыпты екен	
	Жазып бастадым Оқып бастадым Үйреніп бастағалы бері	
Тәуелсіздік күні құтты болсын! Жаңа жыл құтты болсын! Туған күнің құтты болсын!	Тәуелсіздік күнімен! Жаңа жылыңмен! Туған күніңмен!	Бұл орыс тілінен енген калька. «С днем независимости!», «С днем рождения!», «С новым годом!». Орысшада бұл «поздравляю деген сөзі түсіп қалып, «с рождением ребенка, с бракосочетанием» десе де ұғатындай болып қалыптасып кеткен. Бізге онысы «бірдеңемен құттықтаймын» деп жасанды (грамматика жағынан қисынсыз) тіркес болып кіріп, бір сөзі түсіп қалған жарымжан мағынасыз сөзге айналған. Қазақ құттықтамайды, құтты болсын айтады.
Қолым ауырып тұр	Қолдарым ауырып тұр	Тілімізде қосарлы дене мүшелерінің атаулары көптелмейді.
Саған деген сезімім шексіз	Саған деген сезімдерім шексіз	Дерексіз ұғымдарды білдіретін атаулар да көптелмейді
Алматының тауын жақсы көремін	Алматының тауларын жақсы көрем	Жаратылыс құбылыстарының атаулары да көптелмейді.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың: «Әлеуметтік институттар Интернет пен әлеуметтік желілердің, әсіресе, өсіп келе жатқан жас буынға деструктивті ықпалына алаңдаушылық танытып отыр. Адамдар жаңа құбылыстар мен қатерлерге иммунитеттің қалыптасуын қажетсінеді. Мұның барлығын және өзге де проблемаларды медиа қоғамдастықтар жан-жақты жауап алу мақсатында байыппен зерделеуі қажет» деген болатын [71]. Әлем құбылып, геосаяси қайшылықтар мен жаңа технологиялық мүмкіндіктер шиеленіскен қазіргі жағдайда медиакеністік түрлі мәселелердің туындауы мен алдын алудың жаһандық факторы бола алады.

Қазақ тілінде ұқсас болғанымен, екі түрлі мәнде қолданылатын сөздер бар. Сондай-ақ, күрделі есімдерді жаппай қосып жазу әдеті пайда болды. Оның сыртында, кіріккен сөздердің орфографиялық заңдылығы көп жағдайда сақтала бермейді.

**«Іс-шара» мен «шара».** Осы екі сөзді бірінің орнына бірін қолдана беретін болдық. Негізінде, екеуінің мәні екі басқа. Іс-шара өтеді, ұйымдастырылады. Ол көпшілік жиын, мереке, концерт, ойын-сауық және т.б. оқиғалар болуы мүмкін. Ал «шара» қандай да бір жағдайға байланысты қабылданатын шешім, әлдекімге немесе әлденеге қарсы қолданылатын амал. Орысшалап түсіндіргенде, «іс-шара» дегеніміз – мероприятие, ал «шара» дегенің – мера. Мысал: «Мәдениет үйінде Тәуелсіздік күніне арналған *іс-шара* өтті», «Браконьерлерге қарсы *шара* қолданылды». Сонымен қатар, бұл сөзді «іс-шара», «ісшара» деп жазылу нұсқалары бар. Соңғы орфографиялық сөздікте «іс-шара» деп берген.

**«Керек», «қажет», «тиіс».** Қазіргі таңда калька қолданыстар өте көп. Сәтсіз калька: Ты должен идти - Сен бару керексің. Сәтті калька: Ты должен идти – сен баруың керек. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен модаль сөздер (керек, қажет) жіктелмейді, оның алдында тұрған етістікке (бару) қосымша жалғанады. Бұл орыс тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате.

**«Биылғы жыл», «былтырғы жыл», «бүгінгі күн».** Бұлар – қате жазылып, ағат айтылып жүрген тіркестер. Өйткені «биыл» (бұл+жыл), «былтыр» (бір+жыл+дүр) және «бүгін» (бұл+күн) кіріккен сөздер саналады. Демек, біздер «бұл күнгі күн», «бұл жылғы жыл» деп қолданып жүрміз. Сондықтан олардың қасына «жыл», «күн» сөздерін тіркеп қолдану – үлкен қателік. Айта кетейік, кіріккен сөз дегеніміз – сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамай немесе *түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан ғана емес, дыбыстық құрамы жағынан да кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналған сөздер. Бұлар орыс тіліндегі «сегодняшний день», «этот год» деген тіркестердің тікелей аударылуынан еніп, қазіргі таңда белсенді қолданып жүр.* Сондай-ақ, «ағымдағы жыл», «үстіміздегі жыл» деген тіркестерді қолданудан да аулақ болған жөн.

**«Ауыл шаруашылығы» мен «ауылшаруашылық».** Не омоним, не синоним деуге келмейтін, бір мағына берсе де, екі жерде екі түрлі жазыла

беретін ұғымдардың бірі осы. Шындығында, «ауылшаруашылық» дейтін «жарымжан» сөз болмауы керек. Ол орыстың «селхозының» бірге жазылуына еліктеуден шыққан ба дейміз. Қай кезде де «ауыл шаруашылығы» тіркесі қолданылуға тиісті. Әйтпесе «өсімдік шаруашылығы» емес, «өсімдікшаруашылық», «мал шаруашылығы» емес, «малшаруашылық» деген «жаңа» сөзжасамдар тұтынысқа еруге сұранып тұрар ма еді? Мысал: *Ауыл шаруашылығы министрлігі, ауыл шаруашылығы техникасы, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, т.б.*

**«Елдімекен», «ықшамаудан», «көпбалалы».** Соңғы екі тіркесті орыстың «микрорайоны» мен «многодетныйына» қарап қосып жібердік делік. Ал «населенный пунктін» неліктен «елдімекен» деп қосып жазуды әдетке айналдырып барамыз? «Қандай мекен?» деп сұрақ қойып көріңізші. Алғашқы сөздің бөлек сұраққа жауап беретінін аңғарасыз ғой. Ол аз болса, елсіз қалған мекенді қалай біріктіріп жазатыныңызды ойлап көріңізші. «Ықшам аудан» (әлде «мөлек аудан» немесе «шағын аудан») да бөлек жазылуы тиіс. Қала ішіндегі ауданның бір түрі ғой («спальный район» деген де бар). Дәл осы секілді сапалық сын мен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалатын «көп балалы», «көп қабатты» және басқа тіркестер де бөлек жазылады. Оған көз жеткізу үшін күрделі сын есімдердің жасалу жолдарын қайталап оқуға кеңес берер едік.

**«Өкінішке орай», «өкінішке қарай».** Бұл қыстырма сөздер де аз талқыға түскен жоқ. «Өкінішке орай» деуге болмайды» деп қанша ескерту айтылғанымен, көп жазарманның осы қателіктен бас тартар түрі жоқ. Негізі, «орай» жақсы, жағымды мәні бар сөздерге жалғанып, айтылып-жазылуы керек. Дұрысы – «өкінішке қарай». Тіпті болмаса, «бір өкініштісі» деген нұсқаны пайдалансақ жөн болады.

**«Мереке» мен «мейрам».** Осы екі сөз синоним болғанымен, әрқайсысының қолданылу жөні бөлек. **Мереке дегеніміз** – мемлекеттік, ресми түрде бекітілген салтанатты оқиғалар. Ал **мейрам** – жалпыхалықтық сипаттағы қалыптасқан әрі дәстүрге айналған салтанат, той-думан. Мысал: *Халықаралық әйелдер мерекесі, Тілдер мерекесі, Балалар күні мерекесі; Наурыз мейрамы, Құрбан айт мейрамы.*

Қазақ тілінде сөйлеуде немесе мәтін жазуда бұрыс қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестері өте көп. Олардың басым көпшілігі – орыс тілінен тікелей аударылған калькалар. Ал калька дегеніміз – біздің тілімізге, ділімізге жат, табиғатымызға келмейтін, түпнұсқадағы мәнімен қабылдана салған сөздер мен ұғымдар. Бұлардың тұтынысымызға дендеп енгені соншалық, өзімізге дұрыс әрі қолайлы секілді болып кеткен. Қазақ тілі заңдылықтарына сәйкеспейтін осындай ағат аудармалардың бірнешеуін мысалға келтіріп көрейік.

**«Болып табылады».** Бұл тіркес орыстың «является» деген сөзінің тікелей аудармасы. Басқаларды былай қойғанда, қазір мұны журналистер лексиконынан да жиі ұшырастырамыз. Көзге түрпідей көрінетін осы бір кальканы қолданудан аулақ болған дұрыс. Мәселен, *«Астана является*

*столицей Казахстана»* деген сөйлемді *«Астана Қазақстанның астанасы болып табылады»* деп аударуды қолайлы көріп тұрамыз. Ал, негізінде, ол *«Астана – Қазақстанның астанасы»* деп қана жазылуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, кез келген жағдайда «болып табылады» тіркесінің қызметін сызықша атқаруға тиісті.

**«Жұмыс жасады».** Аталған тіркестің қате екені үнемі айтылып-жазылып жүрсе де, сын-ескертпеден нәтиже болмай келеді. Ендеше, біз мұны тағы да қайталайық. «Жасау» сөзі қолдан жасалатын немесе құрастырылатын заттарға байланысты қолданылады. Мысалы: *құмыра жасау, есік жасау*, т.б. Ал жұмыс жасалмайды, істеледі. Демек, дұрысы *«жұмыс істеу»* болуы керек.

**«Тәуекелге бару».** Бұл да орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған. *«Идти на риск»* деген сөздің калькасы. Қазақ тілінде *«тәуекел ету»* деп айтылып, жазылуы шарт.

**«Өз кезегінде».** Біздің етіміз әбден үйреніп кеткен сөздердің бірі осы. Орыстардың «в свою очередь» деген тіркесінің көшірмесі. Сөйлемнің басын «өз кезегінде» деп бастауға үйірміз. Шынын айтқанда, бұл қыстырманың ешқандай мән-маңызы, атқарар қызметі жоқ. Мысалы: *«Өз кезегінде, ол баяндама жасады»* деген сөйлемнен калька қыстырманы алып тастағаннан мағына өзгермейді. Демек, бұны да әлдеқашан «архаизмге» жіберуіміз керек еді.

**«Орын алды».** Бұл да сөйлем құрау дағдымызға дендеп кіріп алған тіркес. Оқиғамыз да, іс-шараларымыз да «орын алып» жүр. Орыс тіліндегі «имел место» деген сөздің аудармасы. Көбіміз ана тілімізден «орын алдының» орнын басатын сөз таппай қиналатын секілдіміз. Шынтуайтында, оқиға, іс-шара орын алмайды, болады, өтеді. Орынды жарысқа, байқауға қатысушылар ғана алады. Мысалы: *«Өрт орын алды»* емес, *«өрт болды»*.

**«Қатысуымен» және «бойынша».** Осы екі сөз көп жағдайда орынсыз, ретсіз қолданылады. 1. Орыс тіліндегі сөйлемде «с участием» деген сөз бар болса, оны үнемі қалдырмай қолдану міндетті емес. Мәселен, *«В Костанайе произошло дорожное-транспортное происшествие с участием автомобиля «Мерседес»* деген сөйлемді қалай аударып жүрміз? *«Қостанайда «Мерседес» көлігінің қатысуымен жол-көлік оқиғасы орын алды»* деген аударма қабылдана беретін болды. Қазақ тілінің табиғатын осылай бұзамыз. *«Қостанайда жол апаты болды. Онда «Мерседес» көлігінің соғылғаны анықталды»* деп екіге бөле салсақ қайтеді? «Қатысу» етістігін әр жерге қатыстыра бермеу керек. 2. Орыс тілінің сөйлем құрау тәртібінің жетегінде кеткенімізді дәлелдейтін тағы бір деталь – олардың «по» дейтін демеулік сөзін, келсін-келмесін, «бойынша» деп қана аударатынымыз. Мысалы, *«Қостанай облысы бойынша департаменті»* («департамент по Костанайской области»), *«Жастар ісі бойынша комитеті»* (комитет по делам молодежи) деген сөйлемдерді алайық. Бұл жерде «жөнінде» деген сөз сұранып тұр емес пе. Қандай тілден аударсақ та сөйлемді қазақы түсінікке салып, қазақша ойланып жазайық.

**«Бөлісу».** Қазір осы бір қимыл есімі арқылы жасалатын тіркестерді кәрі-жастың бәрі сәтсіз қолданып жүр. *«Пікірімен бөлісті», «тәжірибесімен бөлісті», «қуанышымен бөлісті»* деген сөздерді күнде естиміз, оқимыз. Негізінде, бұл тіркестер көмектес септік жалғауымен жасалмауы керек. Табыс септік жалғауы арқылы *«пікірін бөлісті», «тәжірибесін бөлісті», «қуанышын бөлісті»* делінуі қажет. Өйткені бұл жерде адам «қуаныштың» өзін бөлісіп тұр. Егер «қуанышымен» тағы бір нәрсені бөліссе, онда әңгіме басқа. Қысқасы, дұрыс нұсқаға қайта оралуымыз керек.

Қазақ тіліндегі калька мәселесі өте өзекті болып тұр. Орыс тілінен орашалақ, сөзбе-сөз аудару кеселінен құтыла алмай келеміз. Екі тілдің синтаксистік құрылымы екі басқа екенін ескеру керек. Ана тілінің болмыс-бояуын бұзбауға әрқайсымыз жауаптымыз.

Әуелі айтарымыз, қазір мақал мен мәтелдің айырмашылығын білмейтін адамдарды жиі кездестіретін болдық. Мақал дегеніміз – тиянақты ойы, толық мағынасы бар, қысқа да нұсқа берілген даналық сөз (Мысалы: *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»*). Ал мәтел айтылар сөздің реңін ашып, ойға «тұздық» қосып, әсемдеп сабақтай түседі, сөйлем ішінде болмаса, жеке-дара тұрып мағына бермейді. (Мәселен: *«Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады», «Қойшының қызы қой келгенде...»*). Енді біз қате мәнде қолданып жүрген мақал-мәтелдердің бірнешеуіне тоқталып өтелік.

**«Құлағыңа алтын сырға».** Бұл мәтелді көпшілік жұрт «есіңе сақтап ал, жадыңа тұт, саған қаратып айтып отырмын» деген мағынада қолданылады деп түсініп жүр. Негізінде, мұнда «естімей-ақ қой», «естімеген бол, сыр сақта, айтылған сөз осы жерде қалсын» деген астар жатыр. Ілгері заманда әулеттің үлкендері дастарқан басында жастар естуге болмайтын (ұятты немесе қауіп-қатерлі, құпия, т.б.) әңгіме қозғала қалғанда «балам, құлағыңа алтын сырға» дейтін болған екен. Бүгінгі жұрт та осы мәтелді түпкі мағынасына сай қолданса, қандай ғанибет болар еді.

**«Аузы күйген үріп ішеді».** Бұл мақалдың сақ болу, абайлау, бір қателікті екінші рет қайталамау мағынасында айтылатыны белгілі. Бірақ осы сөзді айтуда және жазуда үнемі ағаттық жіберіп жүрміз. Біріншіден, «үріп» емес, «үрлеп ішеді» деген дұрыс. Екіншіден, осы мақалдың толық мәтіні бұрынырақта басқаша: «Ыстық сүтке аузы күйген салқын айранды үрлеп ішеді» деп айтылған екен. Осы нұсқасын тұтынысымызға енгізсек, мақал әлдеқайда мәндірек болар ма еді деп ойлаймыз.

**«Жүргенге жөргем ілінеді».** Мұның мағынасын да әркім әрқалай түсіндіріп жүр. Елдің оңтүстік өңірінің қариялары «жөргем деген – шырмауық (әлде қаңбақ – ред.) тәріздес өсімдік» деген анықтама айтады. Демек, бұл түсінікке сүйенсек, «жүрген адамға міндетті түрде кедергі кездеседі» дейтін мағынаны ұғар едік. Бірақ бұл мақалдың шығу тарихы туралы басқа да нұсқа бар. Жөргем сойылған малдың піскен ішек-қарыны делінеді. Ашаршылық заманында жансебіл жұрт жегенінен қалған «жөргемді» әлдебір ашқұрсақ міскін талшық етер деген үмітпен тал басына іліп кетеді екен-міс. Біз осы соңғы нұсқа қисынға келеді деп топшылаймыз.



Өйткені қазақта «Екі бас, екі басқа жөргем ас», «Жөргем – сыбаға» деген сөздер де кездеседі. Олай болса, аталмыш мақал «Өлімегенге өлі балық кездесер», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дейтуғын нақылдармен мәндес деуге болады.

**«Таз ашуын тырнадан алады».** Бұл да бір «қазаны оттан түспеген» даулы мақал болып келеді. Әркім әрқалай құбылтады. Бірі мұны «тазы ашуын тырнадан алса керек» дейді, енді бірі сол тазының ызаланып, жерді тырналап тастайтынын қисынға салып жүр. Біріншіден, тазының ашуы келсе, аяқ астынан тырнаны қайдан таба беруі мүмкін? Екіншіден, тазының ызасы қайнап жерді қаза жөнелетінін естіп көрдіңіз бе? Сондықтан мақалдың дұрыс нұсқасы «Таз ашуын тырнадан алады» болуы керек. Өйткені «таз» дегеніміз бастың жарасы, ал сондай жарасы қышып, берекесі қашқан адамның ашуланып, басын аямай тырналайтыны шын ғой. Әлбетте, бұл мақалдың бекерден-бекер ашу шақырғыш, дегбірсіз адамға қаратыла айтылатыны анық. «Битке өкпелеп, тонын жаққан» дейтін мәтел де осымен төркіндес.

**«Кешіріңіз».** Қазақ тіліне нақтылық тән, «кешірім сұраймын», «дегім келеді», «болып табылады» деген сияқты тіркестер қате қолданыс. Бұлар орыс тіліндегі «хочу поблагодарить», «прошу прощения», «является» деген сияқты тіркестердің калькаланған түрі. «Кешірім сұраймын», «кешірім сұрағым келеді» деген тіркестердің келер шақ формасында мақсат қою, ниет білдіру мәнінде жұмсай аламыз: *Мен ертең апайымнан кешірім сұраймын. Бұл әрекетім үшін одан әлі күнге дейін кешірім сұрағым келеді.*

**«Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық!».** Тілімізде кириллицаны қолданған сексен жылға жуық уақытта осы үндестік заңымызға кереғар келген екі жасанды дауысты дыбыс – **и** мен **у**. *Бір-биік, жып-жынақы, сұп-суық, жұп-жуан* сияқты қос сөздерінде күшейтпелі буында **ы**, **і**, **ұ** дауыстылары бар. Егер сөздің түбірінде бұл дыбыстар болмаса, күшейтпелі буында кенеттен пайда болмайтыны анық. Бұл сөзімізді мына мысалдармен дәлелдей аламыз: *жұп-жұмсақ, сұп-сұр, әп-әдемі, жап-жақсы*. Қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейді. Бұл ереже сөзге қосымша жалғанғанда үлкен рөл атқарады. Мысалы, *алма* сөзіне тәуелдік жалғау жалғасақ: *алма-м, алма-ң, алма-сы*. Осы үлгіде *жылу, күлу, Уәли* сөздерін тәуелдеп көрейік: *жылу-ым, күлу-ін, Уәли-і*. Неге бұлай? Берілген сөздердегі **у** және **и** дауысты болса, тәуелдік жалғауы дауыссызға басталуы керек қой. Яғни бұл дыбыстар дауысты емес. (Қ.Қадырқұлов мақаласынан).

**«Америкалық».** Адамның я заттың қай елден шыққанын білдіру үшін жағрафиялық атауға жұрнақ жалғанады. Орыстарға қарасақ, олар «american» сөзін тұтас тарнслитерация жасаған да, соңына «-ская» жұрнағын жалғаған. Біздікілер де кейде осы жолды ұстанып «американ+дық» деп алып жүр. «American-ның» түбірі «America». America+n – тұтас АҚШ әлемін айқындап тұрған заттың сипатын білдіретін сын есім, яғни америкалық немесе американдық дегенді білдіреді. Қайсысының дұрыс, қайсысының бұрыс екенін айқындап беретін өз сөз жасау жаңдылығымыз болса керек. Мысалы,

Алматы+лық, Астана+лық, Семей+лік дегендей. Ендеше сөз тудырушы жұрнақты түбірге жалғауымыз керек. Орысша нұсқасына (американская) жабысуға еш негізіміз жоқ. Олардың тілдік заңдылықтары өздеріне ғана тән. Жапондық⊖-Жапон✓, Американдық⊖-Америкалық✓, Мексикандық⊖-Мексикалық✓, Әзербайжан⊖-Әзірбайжан✓, Венгр⊖-Мажар✓, Дүңған⊖-Дүнген✓, Украиндық⊖-Украин✓, Испандық⊖-Испан✓

**«Сауатты сөйлейтін елге айналамыз»** - *Сауатты сөйлейтін елге айналатын боламыз. «Қатысатын боламын», «тіркелетін боламын», «оқитын боламын», «үйренетін боламын»* деген тіркестер жиі қолданады. Бұл орыс тілінің ықпалымен орныққан, артық сөздерді қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. –а,-е, -й көсемше тұлғалы етістік келер шақ «аусыпалы шақ» мағынасын бере алады. Сондықтан оған әрдайым «бол» етістігін тіркестіре берудің қажеті жоқ. Дұрысы: Айнұр Тұрсынбаеваның курсына қатысамын (қатысатын боламын емес), Робототехника курсында оқимын (оқитын боламын емес), Курста алған білімімді қолданамын (қолданатын боламын емес).

Қазақ тіліндегі кейбір шылаулар қолданыстан шығып бара жатыр. Әдеби шығармалар мен БАҚ-тан ғана кездестіреміз. Қазақ тілінде шылау көп. Оның кейбірін тіпті жалғаулармен шатастырып, бөлек емес, бірге жазып жүр. Ал кейбірі, өкінішке қарай, өте сирек қолданылып, ұмытылу қаупінде тұр. Оларды әдеби шығармалар мен актерлердің сұхбаттарынан ғана кездестіре аламыз:

**шейін** (көпшілік *дейін* деген сыңарын қолданады).

**менен/бенен/пенен.** Күнделікті қарым-қатынаста мен/бен/пен деген қысқа нұсқаларын айтқан қолайлы.

**-мыс/-міс** Болыпты-мыс, беріпті-міс деп қолданушылар азайды.

**-ды/-ді.** «Барған еді» дегенді «барған-ды» деп қысқартып айту ыңғайлы көрінгенімен айтатындар аз.

**құрлы.** «Ішіп алсам, ит құрлы болмаймын» деген сөйлемдегідей, бұл шылай негізінен болымсыз сөйлемдерде айтылады. Мүмкін түсінуге қиындау болғандықтан шығар қолданушылардың саны аз. «Ішіп алсам, тіпті ит сияқты болмаймын» дей салады.

**екеш.** «Бала екеш бала да бұлай істемейді», «Тіпті бала да бұлай істемейді». Бұл шылаудың қолданысында күшейту, менсінбеу, қомсыну мағыналары бар, «баладан да бетер болдың ба?» дегендей.

**Дағы/тағы.** «да/де, та/те» шылауларының бастапқы формалары.

Қазіргі қолданыстағы әдеби тілде бекітілген норма бойынша «немқұрайды» деген форма дұрыс. Ал енді «немқұрайлы» деген форма бұл жүйеге салып айтып жүрген нұсқа. Тек қана қазақ тілінде ғана емес, басқа тілдерде де тілдегі барлық қолданыстар таза жүйемен қолданылмайтынын өздеріңіз білесіздер. Ондай жүйеден ауытқу болады. Тілде барлығы логикаға салына бермейді, бейлогикалық құбылыстар да болады. Бұлай бекітілген норманы біз узус дейміз. Міне, осы «немқұрайды» деген форма ол әдеби тілдегі форма, сондықтан осыдан ауытқымаған абзал. Жазба тілде, әсіресе,

бұны қатты сақтану керек. Ал «көкейкесті» - «көкейтесті» деген сөздер де осыған қатысты ма? Кейде осы «жоғары» мен «жоғарғы» сөздерін ажырата алмай жатамыз. Мысалы, «жоғары оқу орны» дейді, біреулер «жоғарғы оқу орны» дейді. Бұл жерде кейінгі кездегі жастардың тілінде осындай қолданыстар көбейіп кетті. Сондықтан абай болған абзал. «Жоғары оқу орны» болуы тиіс. Өйткені «жоғарғы» дегенде, ол анықтауыштық-анықтағыштық мағына күшейтіп, «-ғы» деген қосымша күшейтіп тұр. «Жоғарғы сөре» болуы мүмкін, «жоғарғы жақ» болуы мүмкін, «жоғарғы сот» болуы мүмкін. Ал оқу орны «жоғары» сөзімен тіркесіп қолданылуы керек. Осыған келген кезде мынау «-ғы, -гі, -қы, -кі» деген бізде функционалдық жұрнақ дейміз тілдік танымда. Осы жұрнақтармен қолданған сөздермен, мысалы, «төмен-төменгі», «жоғары-жоғарғы», міне, осыдан барып ажыратуға болады.

Медиакеңістіктегі тілдік агрессияның кең таралуы коммуникацияның виртуалды болуымен түсіндіріледі. Себебі виртуалды коммуникацияға түсетін тілдік тұлға:

1. жалған атпен (аккаунт, никнейм) жасырын болып қала алады;
2. соның арқасында коммуникациялық үдерісте психологиялық тосқауылдарға ұшырамайды;
3. өзінің шығармашыл «менін» ұялмай сыртқа шығарады;
4. айтқан сөздеріне жауапкершілік танытпайды (арыз түспеген жағдайда);
5. виртуалды ізін жасыра алады.

Француз әлеуметтанушысы А. Иоль масс-медияның дамуы нәтижесінде қоғам мен жеке тұлғаның бұрынғы мәдени жетістігінің мәні жоғала бастайды деп есептейді [73]. Медиакеңістіктегі тілдік агрессияның таралуынан осы пікірдің дәйектілігін көруге болады. Өйткені қазіргі коммуникацияда адамдар мәдениет, әдеп, этика сақтауды азайтып келеді. Агрессивті тіл коммуникацияның әмбебап тіліне айналып үлгерді. Себебі адамдар бірін-бірі түсінуге тырыспайды, біртұтас эмоционалдық орта табуға ұмтылмайды.

В.И. Шаховский сөйлеушінің коммуникациядағы серіктесімен диалогқа түсу үшін, қатысымның позитивті реңкін жоғалтпау үшін тиісті күш жұмсамайтынын айтады. Зерттеуші бұны адамдардың Homo Debilis санатына көшуінің анық көрсеткіші деп есептейді. Индивидтің бұлайша әлсіреу үрдісін ақпараттық, әлеуметтік ортамен, қазіргі қоғам мәжбүрлейтін өмір сүру жағдайларымен түсіндіруге болады [74].

Виртуалды коммуникацияда адамдар бір-біріне ренішті, негативті, былапыт сөздер айтып, жағымсыз күйге түсіреді. Ал сөздің, А. Байтұрсынұлы айтқандай, «қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат ететіні» белгілі [75]. Сондықтан ғалым айтқан тілдің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүректі тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күші адамға еріксіз әсер етеді.

Жалпы агрессия субъектілеріне: *мәңгүрт, өлімтік, санасыз, ардан безген, жексұрын, қанішер, қаншық, жауыз, зұлым, ұры, қарақшы, сайқал, албасты, қарабет, салдақы, бетпақ, жалмауыз, екіжүзді, ауру, тексіз, сорлы, азғын, бишара, бетсіз, арсыз, көргенсіз, ұятсыз, Құдайдан безген, к...н ашып, күлін шапқан, рухани жетім, кеміс, екі аяқты хайуан, мисыз, жың қаққан, мал, жүнін жұлған тауық, сайтанның сапалағы, т.б.*

Дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тепе-теңдікті орнату үшін ескі мен жаңаның үйлесімі орнауы қажет және ол тіл мен тілдік ортаның үйлесіміне әкеледі. Қазіргі тілдегі жаңашылдықтың басым болуы жайлы тілдік жағдаяттың бұзылуына алып келуімен қатар, маңызды тілдік қызметтердің жүзеге асуына кедергі келтіреді. Әрбір коммуниканттың қатысым кезінде бір-бірін толық түсінбеуі; тілдесушінің тарихи санасы бұзылса тілдің танымдық қызметінің бұзылуы, көркем шығарманы немесе мәтінді қабылдауы нашарлайды, яғни эстетикалық талғам төмендейді.

Қоғам мен лингвосфераның арақатынасына тән белгілі бір заңдылық бар. Ол – ұрпақтар сабақтастығын сақтап, қоғаммен бірге дами отырып, тілдің өзін-өзі жоғалтпауы.

Алайда субъективті факторлардың да маңызды рөл атқаратынын ескеру керек. Әлемнің ақпараттық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамып жатқан қазіргі даму кезеңінде тілдердің өмір сүруінің тарихи шарттары күрт өзгеріп, тілдік үдерістер кезінде субъективті факторлардың рөлі айтарлықтай артты.

Ал айқара ашық жатқан қазақтілді медиакеңістікке ағылшын, араб, кәріс, т.б. тілдерінің кірігіп жатқаны белгілі. Мұның салдарынан қазақ тілі түрлі тілдермен араласып, соның негізінде «қазақ-ағылшын», «қазақ-орыс», «қазақ-араб», «қазақ-кәріс» секілді аралас сөйлеу, қазақ тілінде баламасы бар сөздердің өзін негізсіз басқа тілдің сөздерімен алмастыра қолдану үрдіс алып келеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл жағдай тілдік талғам, тілдік сән мәселелерімен тығыз байланысты. Адамның тілдік санасы мен сөз қолданысы тілдік талғам, тілдік сән, тілдік қалау, т.б. секілді маңызды категорияларды анықтайды. Тілдік талғам деп «белгілі бір уақытта белгілі бір тілдік қауымдастық қабылдаған сөйлеу үрдісінің нормалары мен стандарттары» ұғынылады [73].

М. Балақаев: «Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады, тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу», – дейді [42].

## 2.2 Әлеуметтік желідегі норма мен узус

Зерттеудің теориялық негіздемесіне шетелдік және отандық зерттеушілердің монографиялары мен осы тақырыпқа қатысты ғылыми мақалаларындағы теориялық тұжырымдар жатқызылды. Бұл ғалымдардың қатарына интернет аланды әлеуметтік желі деп атаған В.Н.Рябов [76], әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты прагматикалық, коммуникативтік, лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырған А.А.Матусевич [77], қазіргі интернет коммуникацияның құрылымы мен негізгі өлшемдерін зерттеген Е.И.Горошко [78], интернеттегі қарым-қатынас ерекшеліктерін қарастырған Г.Ю.Виноградов [79], әлеуметтік желідегі неологизмдер мәселесін талдаған Е.Н.Вахрамова, Н.В.Кузнецова [80], Н.А.Муравьев [81], әлеуметтік желідегі интернет комментарийлердің синтаксистік ерекшелігін зерттеген Е.В.Холодковская [82], әлеуметтік желідегі шет тілдік коммуникация ерекшелігін зерттеген О.В.Иванова [83], Г.И.Берестенев [84], Л.В.Арнольд [85], компьютерлік қауіпсіздік дискурсындағы метафоралар модельдерін талдаған Е.В.Исаев [86], әлеуметтік желідегі ағылшын тілді комментарийлер ерекшеліктерін зерттеген Е.В.Тетерлева мен И.В.Портнова [87], интернет желісіндегі қазақ тілінің ерекшеліктерін талдаған К.Садирова [88] т.с.с. атауға болады.

В.Н.Рябов [76] әлеуметтік желі деп интернет аланды атайды. Бұл интернет аланды тұтынушылар тіркеліп, өздеріне қатысты жеке ақпараттарын жүктейді де, сол аланды пайдаланушылармен қарым-қатынасқа түседі. Осы интернет аланды әлеуметтік желі деп атаймыз. Әлеуметтік желідегі мәтіндер өзара сілтеме арқылы байланыстырылған. Осылайша әлеуметтік желілер өзара сабақтасқан жүйе құрылымына ие.

Ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, интернеттің, оның ішінде әлеуметтік желінің қарым-қатынас құралына айналу себептері әртүрлі:

- *Шынайы өмірдегі қарым-қатынастың аз болуы.* Егер шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа түсушілер көп болса, интернет желісіндегі қарым-қатынасқа қызығушылығы болмайды.

- *Шынайы өмірінде қол жеткізе алмаған тұлғалық сапасын, қандайда бір рөлді ойнау, эмоциясын шығару мүмкіндігі.* Ол мүмкіндікті туғызатын әлеуметтік қарым-қатынастағы анонимділік, қатаң норманың болмауы, адамды адамның қабылдауының басқаша болуы. Қандайда бір эмоцияны шығару мәтіннің эмоционалдығын күшейтіп берумен жүзеге асады [88, 17].

Қазіргі уақытта сөз әрекетінде тілдің жаңа формасы – *жазбаша ауызекі сөйлеу* – пайда болды деуге болады. Өйткені интернетте әлеуметтік желіні қолданушылар жазбаша қарым-қатынас жасағанымен, сол жазбаша сөзде ауызекі тілдің нормасын пайдаланатыны байқалады. Әлеуметтік желідегі ауызша-жазбаша тілдің белгілерін жіктеп беруге болады. **Ауызша сөз белгілері:** *ақпаратты тез арада беру, диалогты шынайы уақытта онлайн қолдау мүмкіндігі, сөз сөйлеуге жұмсалатын күшті үнемдеу мен тілдік құралдарды үнемдеу, мәтіннің спонтандылығы, орфографиялық ережелердің*

сақталмауы, желілік және компьютерлік сленгтерді пайдалану, эллипстік құрылымдардың, инверсиялардың, ықшамды құрылымдардың келуі. **Жазбаша сөз белгілері:** жазбаша тіркеу, жазба символдар арқылы тікелей сөзді алмасу, визуалды қабылдау, қарым-қатынас барысында ұзақ кідіріс жасау мүмкіндігі, мәтіндік ақпаратты еркін орналастыру мүмкіндігі, жіберген хабарламаны түзету мүмкіндігі.

Әлеуметтік желі дискурсы тілінің мұндай сипаты немесе гибридтік сипаты оның өзіндік ерекшелігін туғызады. Әлеуметтік желіде қарым-қатынас жазбаша да ауызша да жүреді, жазбаша қолданыстардың өзі ауызекі сөйлеумен көрініс тапқан. Осыған орай зерттеушілердің біразы әлеуметтік желі тілінің жағымсыз сипаты туралы сөз етеді. Бұл интернет тілінің, әлеуметтік желі тілінің дәрежелігі, мәдениетсіз, нормаға сай келмейтін сөздердің қолданылуы, тәрбиесіздік, жеке басқа тиісушілік т.с.с. Бұлар жекелеген тұлғалардың психологиялық күйіне, рухани-адамгершілік, моральдық күйіне ықпал етеді.

Әлеуметтік желі – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру орны ғана емес, тілдік үнемдеуге негізделген, интернет желісіне тән өзіндік тілдің қызметін дәйектейтін жүйе. Бұл жүйеде тілді үнемдеу әлеуметтік желі қолданушыларының уақытын ақпарат мазмұнына зиян келтірмей қысқартуға қызмет етеді, яғни «аз уақытта көп ақпарат беруге» қызмет етеді.

Тілдік үнемдеу заңы тілдің әр деңгейінде маңызды, сондықтан әлеуметтік желі тілінде түрлі графикалық сызбалар қолданылады. Графикалық сызбалар аз уақытта аз таңбамен көп ақпарат беруге және хабардың эмоциялы тонын да жеткізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желі тілінде тыныс белгілері мен жазу, яғни орфография да жаңа мәнде қолданылады. Бұл қарым-қатынастағы эмоцияны білдіру мақсатына қызмет етеді.

Леп белгісі әлеуметтік желі тілінде иронияны, қарсылықты, таңырқауды, өз сөзіне ерекше назар аударуды білдіреді. Мысалы, фейсбуктен алынған мәтінге көңіл аударсақ:

*...төмен баға жаңа рекордтарын тағайындадық!!!*

*! тек Сәуір бойы сантехникаға, кафель мен керамогранитқа керемет жеңілдіктер!*

*! әр апта сайын жаңа топтамаларды жеңілдікпен ұстап алыңыздар!*

*Мир Керамикасымен әдемі болу қол жетімді!*

*! Мир Керамикадан кафель мен керамогранитті тиімді бағамен сатып алуды жеберіп алмаңыздар!*

*4 маусымға дейін сатып алыңыздар да, тұрмыстық техника жаңа ұтыс ойынына қатысыңыздар.*

*! Біздің салондарда Kaspi банкінен «Бөліп төлеу 0-0-6» арқылы алуға болады.*

*Тауар саны шектеулі!*

Сұрақ белгісі сарказмды, талап етуді, тұқыртуды, өкінуді білдіреді.

Сондай-ақ осы мақсатта сөздегі дыбыс таңбаларын созып не қайталап жазуды да пайдаланады.

Әлеуметтік желі қолданушылары толықтай паралингвистикалық құралдардан, яғни, сөз темпінен, қандай да бір сөзге екпін түсіруден, дикция, жест, мимика т.с.с. айырылған деуге болады. Сондықтан да әлеуметтік қарым-қатынас нәтижелілігі шынайы қарым-қатынаспен салыстырғанда әлдеқайда төмен болады, психологтардың айтуынша, шынайы тікелей қарым-қатынаста паралингвистикалық құралдар қарым-қатынас нәтижелілігінің 55 % құрайды.

Паралингвистикалық құралдардың мұншалықты жеткіліксіздігін әлеуметтік желіде өзге құралмен толықтыру қажеттілігі туады. Ол құрал – смайликтер. Ағылшын тілінде *Smile* – *күлкі/жымыю* дегенді білдіреді. Бұл өте кең таралды. Дегенмен әртүрлі эмоцияны түрлі смайликтерге бекітіп беріп қолдануға әрекет жасалғанымен, ол табиғи тілдегідей, эмоцияны толыққанды жеткізе алмайды, тек сол бағыттағы сезімнен хабар береді.

Смайликтермен бірге айтылымның белгілі бір бөлігін айырықшылауға «капс» қолданылады. «Капс» ағылшын тіліндегі *CapsLock* пернетақтайдың жоғары регистріндегі түймеше, тіркесті не оның қандай да бір бөлінін БАС әріптермен жазу дегенді білдіреді. Әлеуметтік желіде *капс* дауыстың жоғары тонын білдіреді.

Интернеттегі жаңа әлем немесе әлеуметтік желіде жүргізілетін жаңа қарым-қатынас өзіне лайық жаңа құралдардың пайда болуын не бұрыннан бар көне құралдарды трансформациялауды, өзгертуді талап етеді. Интернет тұтынушылары енгізген сленгтер әлеуметтік желі арқылы жалпы қолданыстағы лексика қатарына өтті. Эпистолярлық жанр электронды жазбалар сипатында қайта туды, оның да тілдік ерекшелігі пайда болды, виртуалды кеңістікте ойын ойнау қарым-қатынасты ойынға жақындатты, бұл сөйлеудің ауызекі сипатын арттырды. Соған орай интернет тілін зерттеуші ғалымдар қазір интернетте жаңа тіл интернет тілі пайда болды деп тұжырымдап жүр. Интернеттегі қарым-қатынас стилі қалыптасқанын дәлелдеп жүр. Бұл стильдер интернет қауымдастықтың өзіндік ерекшеліктері ғана емес, бұл тұтас қоғамға әсер етеді [88,45].

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, виртуалды шындықты құру құралы, бағдарламаудың жасанды тілі технологиялық құрал болып қана саналады, сол арқылы интернет жұмыс жасайды, ал виртуалды қауымдастықтың тілі – әлеуметтік желі қолданушыларының табиғи тілі.

Интернет дискурсты қажетті коммуникацияның, ақпарат алмасудың кепілі десек болады. Оның басқа дискурстарға қарағанда өзіндік ерекшеліктеріне ауызша сөйлеу әрекетіндегідей жедел, ресми еместігі, жазбаша үдерістердегідей ақпарат тіркеудің графикалық тәсілін пайдалану мүмкіндігі, компьютерлік дискурс виртуальды ортада коммуникация ретінде жүзеге асуын жатқызуға болады.

Әлеуметтік желі дискурсы – электронды таңбалар мен сигналдар арқылы интернет ортада жүзеге асатын қарым-қатынас. Әлеуметтік желі

дискурсының негізі – виртуалды қарым-қатынас. Виртуалды қарым-қатынастан бөлек актуалды қарым-қатынас түрі бар. Бұл екеуінің айырмасы – виртуалды қарым-қатынас бейтаныс адамдардың арасында да орын ала береді. Ал актуалды қарым-қатынас телефон арқылы не бетпе-бет кездесу т.с.с. жүзеге асады. Сондықтан әлеуметтік желі дискурсының басты ерекшелігі виртуалды қарым-қатынаста ойдан туған қарым-қатынасқа қатысушыны шынайы қатысушымен алмастыру деп түсіндіруге болады.

Әлеуметтік желі дискурсын бір функционалды стиль аясында қарастыруға келмейді, ол өз бойына бірнеше стиль элементтерін жинақтайды. Виртуалды қарым-қатынаста бейвербалды таңбаларды және эмоциялы лексиканы пайдалану оны қызықты әрі қабылдауға жеңіл етті. Соңғы кезде әлеуметтік желі дискурсында тек әріп таңбасымен берілген хабарлар ғана емес, фото, бейнежазбалар, дыбысжазбалары кеңінен қолданыс тапты. Осы арқылы әлеуметтік дискурс сипаты жан-жақтылығымен ерекшеленеді.

Әлеуметтік желі дискурсында шынайы қарым-қатынас жағдайында қолданылатын мәтіндер мен айтылымдар, ақпараттың құралы сапасындағы әлеуметтік желілер қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрлерін қатар қолдануды туғызды.

Әлеуметтік желі дискурсы және оның өзіндік ерекшеліктерін былайша жинақтап беруге болады:

1) Виртуалды коммуникация барысында әлеуметтік желі дискурсында бейтаныс коммуниканттың шынайы қарым-қатынас үдерісіне қатысуы.

2) Әлеуметтік желі дискурсында бір функционалдық стиль ғана көрінбейді, аралас стиль көрініс табады.

3) Қарым-қатынастың бейвербалды құралдары және эмоционалды-экспрессивті лексика жиі қолданылады

4) Виртуалды қарым-қатынас еркін сипатта өтеді

5) Әлеуметтік желідегі хабарламалар мен ақпараттар тек әріп жазуларымен ғана емес, фото, бейне және дыбыс жазбаларымен де беріледі.

6) Әлеуметтік желі дискурсы гибридік сипатта болады, ол әрі жазбаша, әрі ауызша өте алады.

7) Әлеуметтік желінің тілдік кеңістігі жағымсыз сипатқа да ие: тіл мен сөз мәдениеті нормасының өзгерісі, дөрекілік, тәрбиесіздік, эмоция мен сезімге бой алдыру, сол арқылы әлеуметтік желі тұтынушысының моралдық және рухани-адамгершілік күйіне кері әсер етуі

8) Сөз тілді үнемдеу ұстанымымен құрылады.

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас деңгейі әртүрлі болады. Ол қарым-қатынасқа түсушілердің мінез ерекшеліктеріне, мәдениетіне, қарым-қатынас өткен жағдайларға байланысты болады. Бұл деңгейлер ғылыми зерттеулерде былайша беріліп жүр:



Қарым-қатынас деңгейлері		
1	2	3
<p><b>фатикалық</b> (латын тілінен аударғанда <i>fatuus</i> – ақымақ дегенді білдіреді). Әңгімені қолдау үшін белгілі бір репликамен, фразалармен алмасу. Бұл, негізінен, мәжбүрлі қарым-қатынаста кездеседі. Мұндай қарым-қатынаста адамдар ешбір білім алмайды, қарым-қатынас автоматты, шектеулі, үстірт болады. Қарым-қатынас деңгейі сол әңгімелесушілердің әлеуметтік деңгейіне сай этикет пен әлеуметтік нормаға сай өтеді.</p>	<p><b>ақпараттық.</b> Қарым-қатынастың бұл деңгейінде әңгімелесушілер өз әңгімелерінен бір-біріне пайдалы, жаңа, қызық ақпарат алады. Ақпараттық деңгей бірлескен әрекет жағдайында туындайды. Бұл деңгейдің ерекшелігі – қарым-қатынаста белсенді болу мен оған қызығушылық таныту.</p>	<p><b>тұлғалық.</b> Бұл деңгей қарым-қатынасқа түсушілер қоршаған ортаны, өзін және өзімен әңгімелесушінің тұлғасын тануға қабілетті болған жағдайда мүмкін болады. Сондықтан бұл деңгейде әңгіме дүкен құру рухани өсумен байланысты болады [1]. Бұл деңгейге кез келген қатысушы жете бермейді. Әсіресе әлеуметтік желіде қарым-қатынасты таратқан және дамытқан кезде соншалықты көрініс таппайды.</p>
<p>Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [74].</p>		

Әрине әлеуметтік желідегі қарым-қатынас 1-деңгейден жоғары болғанымен, 3-деңгейге жете алмайды. Сондықтан әлеуметтік желідегі қарым-қатынас сипаты ақпараттық деуге болады. Қазіргі уақытта интернет – нағыз ақпарат көзі. Интернеттің кеңістік кедергісіне ұшырамайтындығының арқасында әлеуметтік желі тек ақпараттық сипатқа ғана ие емес, ол қарым-қатынас орнатуға да қолайлы. Солай бола тұрса да, интернет желісіндегі қарым-қатынас барысында тілдік нормалар өзгеріске түседі. Оған желі қолданушыларының тілдік норманы сақтауға тырыспауы мен уақытты үнемдеу мақсатында түрлі қысқартуларды пайдалануы себеп болады.

Зерттеудің маңыздылығы әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктерін анықтау арқылы интернет тілінің, нақты айтқанда, әлеуметтік желі тілінің тілдің жаңа формасы екені анықталса, практикалық маңыздылығы әлеуметтік желі қазақша мәтіндеріне лингвистикалық талдау нәтижелері ғылыми зерттеулерге дереккөз бола алатындығымен өлшенеді.

Әлеуметтік желі дискурсы мен оның мәтініне талдау жасаған ғылыми айналымда жүрген еңбектерді оқып, негізгі тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, қажетті қорытындылар басшылыққа алынды. Ол тұжырымдар өзара салыстырылып, әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндерде

кездесуіне және ұшыраспауына қатысты сараптама жасалды. Әлеуметтік желіден жинақталған қазақша мәтіндердің құрылымына, лексикалық, грамматикалық сипатына талдау жасалды.

Әлеуметтік желі дискурсының мәтіндері ондағы контенттермен тікелей байланысты. Әлеуметтік желі дискурсының контентін негізінен 5 топқа жіктеу қалыптасқан. Әлеуметтік желі контенті дегеніміз – жеке адамның немесе қауымдастықтың жылжытуға, таратуға қатысты ақпараты. Контенттің ең басты қызметі – ықтимал тұтынушыларды тарту, сондықтан да бұл контент әрі қызық, әрі пайдалы болуы керек. Контент ол әлеуметтік желідегі аккаунтқа посттар жүктеу арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік желі дискурсында контент не пост – осы дискурстың мәтіндері болып саналады. Әлеуметтік желідегі контент түрлерін негізінен 5 топқа жіктеуге болатыны айтылып жүр. Оған нақты тоқталсақ:

1) *Ақпараттық контент немесе жаңалықтар контенті.* Бұл контенттің міндеті тұтынушылар сеніміне ену. Бұл контенттегі посттардың жартысын алады және ол өз мазмұнында мыналарды қамтиды: аккаунт иесінің не мекеменің тарихы, жетістіктері мен табысы; аккаунт иесінің не мекеменің кәсіби құзыреттілігі (курстар мен тренингтен өтуі, сертификаттар мен дипломдар), ұсынылатын өнімнің не қызметтің артықшылығы мен пайдалылығы, оның сипаттамасы; ол өнімнің не қызметтің жасалуы мен берілуін көрсету, шеберлік кластары; тұтас алғанда сол саладағы жаңалықтар, сарапшылардың шолуы, мамандардың пікірлері, рейтингтер мен болжамдар, трендтер беріледі.

Мысалы, фейсбук парақшасынан ақпараттық не жаңалықтар контентінің пост мәтіні 1-суретте скриншотталып берілді. Бұл мәтінге көңіл аударсақ, Қазақ ұлттық университеті А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының аккаунты өз ғылыми қызметкерінің кәсіби құзыреттілігі жоғары екенін жариялау арқылы, өз қызметін тұтынушылар сенімін арттырады. Пост мәтінінде марапат атауына ерекше назар аудартып, көңіл бөлгізу үшін «капс лок», яғни бас әріптер қолданылған. Бұл әлеуметтік желі дискурсындағы арнайы құрал, яғни, белгілі бір эмоцияны (қуану, мақтану сезімін) берудің жолы. Сонымен бірге постта әріптік мәтінмен қоса, фотолар берілген.



Сурет 1. Ақпараттық контент посты (мәтіні)

1) *Сатуға арналған контенттер.* Бұл контенттің мақсаты – ықтимал тұтынушылардың тауарды сатып алу шешімін қабылдауға итермелеу. Әлеуметтік желідегі сатуға арналған пост жалпы контенттің 30% құрау керек, әрі мынадай талаптарға сай келуі керек: тақырыбы ерекше назар аударту керек, өнімді не қызметті жағымды жағынан сипаттау керек, тұтынушының мақсатына сай келетініне уәде беру керек, алынған тауарды қолдануды үйрету керек, өзге бәсекелестерінде жоқ ынталандыру шараларын атау керек, мысалы, акция, жеңілдіктер, тегін жеткізу, өнімнің құнын, сатып алу үдерісін, төлем төлеу түрін нақты сипаттау керек, өнімнің сұранысқа ие екендігін, сапалы, талапқа сай келетінін бұрын сатып алған тұтынушылар пікірлерімен растау, тауарды тиімді, яғни жеңілдіктермен сатып алу уақыт аралығын нақты көрсету.

2) *Білімдік (үйретуші не пайдалы) контент.* Бұл контент аккаунт иесінің өзінің кәсіби саласында қалыптастырған жоғары құзыреттілігіне және тұтынушылардың немесе тіркелушілердің сенімін арттыруға бағытталады. Бұл контент постына мынадай талаптар қойылады: тіркелушілерге пайдалу шолу мақалаларын жариялау, аталған салада өзінің жоғары құзыреттілігіңді көрсететін, білім мен білігіңді танытатын посттар жариялау, қандай да бір мәселені шешуге арналған тіркелушілерге пайдалы онлайн-кеңестер өткізу, жоғары біліктілікке ие, танымал сарапшы тұлғаларды шақыру

Білімдік контент те әлеуметтік желіде өздерінің білім беру қызметін ұсынады, жарнамалайды.

*Коммуникациялық контент.* Біқтимал тұтынушылардың сенімін арттыруға бағытталады. Мынадай талаптарға жауап беруі керек: тіркелушілермен сауалнама жүргізу, пікір қалдыруларын сұрау, жағымсыз пікірлерден қорықпау, тіркелушілерден ақыл-кеңес сұрау, өйткені адамдар өз пікірімен санасқанды жақсы көреді. Бірақ бұл белгілі бір қиындық туғызуы да мүмкін. Егер тіркелушілер диалогқа түспесе, өзге тіркелушілерге ол ұнамауы мүмкін.

Екінші қауіп – пікірталастың жанжалға ауысып кету қаупі бар. Сондықтан бұл контент мәтінін құрғанда өте абай болған жөн.

3) *Көңіл көтеру контенті.* Кез келген аккаунт контентінің 30 %-ын көңіл көтеру контенті құрауы керек. Көңіл көтеру контенті әлеуметтік желі тұтынушыларына өте ұнайды. Осындай контент арқылы тіркелушілерді қызықтыруға болады. Оған мынадай белгілер тән: фотоларды дұрыс таңдау, көңілді және қызықты оқиғалар, аңдардың суреттері, анекдоттар мен әзілдер, психологиялық тест, гороскоп, музыка, клип.

Инстаграм желісіндегі посттарға қойылатын талаптарға мынаны жатқызамыз: мәтін көлемі 2200 таңбадан аспауы керек. Қандай пост болса да, әріптік мәтіннен гөрі суреттер, бейнелер басым болуы керек.

Фейсбук парақшасындағы постқа қойылатын талаптар: мәтіннің көлеміне шектеу қойылмайды, өйткені фейсбукте, негізінен, мәтінді оқуға ниеттілер отырады. Бірақ мәтін мазмұны қызықты, ақпараты мол болуы керек. Бұл постта фотоны салып қою жеткіліксіз, оған міндетті түрде 80-120 таңбадан тұратын сипаттама жазу керек.

Осы айтылғандарға сүйене отырып біз әлеуметтік желінің мәтіндерін олардың контент түрлері мен соған сай салынатын пост мазмұндарына тәуелді деп білеміз. Соған сай әлеуметтік желі дискурсындағы мәтіндерді *ақпараттық, сатуға арналған, білімдік, коммуникациялық, көңіл көтеру* мәтіндері деп топтастырамыз.

Әлеуметтік желілердегі мәтіндер негізіндегі жазбаларға, сол жазбаларға жазылған пікірлерге әлеуметтік лингвистикалық мониторинг жүргізіп, тілдік норма мен узустық көрініс тапқан солардың бірнешеуіне мазмұндық талдау жасалынды. Мәтіндерді талдау – тіл жүйесі мен тіл нормасынан ауытқулардың алдын алу мүмкіндіктерін қарастыру үшін олардың шығу тегін, тілді қолдануда маңыздылығын анықтау. Мазмұндық талдау қорытындысы бойынша тілдік норманың сақталуына байланысты «мәдени қателіктер» жиі кездесетіні байқалды.

Әлеуметтік желі мәтіндерінің бәріне ортақ ерекшеліктері мен құрылу талаптары бар. Олар:

1. Әлеуметтік желідегі мәтін – білім көзі емес, ол жаңалық, көңіл көтеретін мәлімет. Сондықтан ол **қысқа, бірақ мол ақпаратқа ие болуы керек.**

2. Мәтіндегі ақпарат тек әріп жазуымен ғана емес, суретпен, дыбыс және бейне жазбамен де беріледі.

3. Бір мәтін – бір мән (ой/тақырып) ұстанымымен құрылады.

4. Мәтіннің прагматикалық сипаты анық. Әлеуметтік желідегі мәтін мақсатты аудиторияға сай құрылады: әйелдерге арналған мәтіндер мен ер адамдарға арналған мәтіндер бір-бірінен құрылымы жағынан да, тақырыбы жағынан де ерекшеленеді. Мысалы, әйелдерге арналған мәтін эмоционалды, үй жиһаздарына, бояуға, сәнге қатысты болса, ер адамдарға арналған мәтіндер, қысқа, бірақ нақты, көлікке, спортқа т.с.с. қатысты болады.

5. Әлеуметтік желідегі мәтіндерді желі тұтынушыларының стиліне қарай мынадай топтарға жіктеуге болады: даулы (желі тұтынушысы әдейі дау туғызуды көздейді), сенсациялық (таңқалдырар жаңалықты бірінші болып жариялау), шолу (желі қолданушысының фантазиясына байланысты), сұраулы (мәтінде мәселе сұрақ сапасында болады).

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынастың лингвистикалық ерекшеліктері мәтіннің лексикалық, грамматикалық, яғни, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік деңгейінен көрінеді.

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері:

Қазақша мәтіндерде фейсбук тілі терминдері қолданылып, кірме сөздер белсенділігі артты, кірме сөздер мен төл сөздеріміз лексикалық және синтаксистік тіркесімділікке түсті, лексикалық тіркесімділігі жоқ сөздер тіркесті: *фейсбук, поделиться еттім/бөлісіп қойдым, коммент қалдырдым/жаздым, лайк бастым, лайклдедім/ лүпілдеттім, сториске қойдым, стористен көрдім, историяға қойдым, рекке шықтым, + қойып кетіңіздер, туған күніңізді басыңыз (лексикалық тіркесімділігі жоқ сөздер тіркесті), дұрыс айта ма? я\жоқ., хит, вайб (ловить волну/көңіл күйді түсіну), кринж (бұрынғы іске ұялу), чекни (тексеру) т.с.с.*

Біз жинаған, талдаған материалдар негізінде әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін мынадай топтарға бөлуге болады:

- 1) Бастауыштың түсірілуі;
- 2) Шылаулардың түсірілуі;
- 3) Инверсияның қолданылуы;
- 4) Хабарламада сөйлемдегі әр сөйлем мүшесін жекелеген фразалармен бөліп жіберу;
- 5) Қаратпа сөздер мен сұраулық шылаулардың қолданысы;
- 6) Эмотикон-смайликтер, тыныс белгілері мен одағайлардың қайталануы;
- 7) «Айтылымдарды арнайы сызып түзеу»;
- 8) Эмотикон (эмоция+таңба);
- 9) Күрделі смайлдарды қолдану;
- 10) Графикалық түрдегі смайликтер.

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің морфологиялық ерекшеліктері:

- кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары тікелей жалғанып, түрленді (*фейсбукте, фейсбуктен, фейсбукке, лайк+дедім, лайк+л+деттім, сториске, стористен, банға кету,*

- Қысқарған сөздер пайда болды: *инстадан (инстаграмнан) көрдім, тт (тик-ток), телега (телеграмм), в лс (жеке хабарламада), лс-ке (личное сообщение), чел (адам) т.с.с.*

Жаргондар және сленгтермен қоса варваризмдер де тілдің нормасына сай келмей, сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізеді. Мысалы, оқуға қабылдау комиссиясында болған мына диалогты талдасақ:

-Енді квитанцияңызға ақша төлеп келіңіз.

-Қай жерге?

-Любой банкке төлеңіз. (Аinagrammar парақшасынан).

Диалогтағы *любой* сөзі көпшілікке түсінікті, бірақ бұл уайымдайтын жағдай. Сондай-ақ *күлкім пришла, сиырдан серезный, бұқадан блотной страшный түс, весь Алматы, потеря болдым, крышасы бар, тема екен* деген секілді варваризмдердің қыстырма ретінде қолданылуы да жиілеп барады. *Мороженое, остановка, холодильник, простыня, аренда, семья, информация* секілді варваризмдерді күнде қолданыста еститініміз рас және бұл сөздер де әлеуметтік желіде қолданылады.

Бір ғана *отбасы* сөзінің узустық қолданыстары: *отбасыға □-отбасына √, отбасыны □-отбасын √, отбасыда □-отбасында √, отбасыдан □-отбасынан √, отбасысы □-отбасы √.*

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердегі аббревиатураларды (қысқарған сөздер мен сөз тіркестері) мынадай түрлерге жіктеуге болады:

а) әріптерден қысқарған сөздер:

ә) құрамында цифрлармен келген қысқартулар:

б) бір сөзді бір әріппен таңбалау

в) дауыссыз дыбыстарды түсіріп таңбалау «*Спс*», «*пжлст*»

Бұл айтылғандарға мысалдар 2-суретте берілді.

Егер осы әлеуметтік желідегі мысалдарды талдайтын болсақ, ең алдымен қазақша мәтіндердегі лексикалық бірліктердің *кірме бірліктермен* араласып қолданылуы: *ифтар сделаем, ты не представляешь, как меня радует твои сообщения, когда приедешь, биоин англиштан, мы опадем, сенде болдыма стердаун, мы опадем, шучу;*

*Дауыссыз дыбыстарды түсіріп таңбалау* кездеседі: *солго(й), ашип (ы), турат (-ды буыны т әрпімен беріліп тұр), келе бермит (-ейді – т әрпімен беріліп тұр), балдар (-ла буыны түсіріліп тұр), али (ы) келндер (-ің буыны түсіріліп тұр), дәптерн (-і әрпі түсіріліп тұр), сообщ (-ение әріптері түскен).*

*Ой екпінін дыбыстарды қайталау арқылы және смайликтер арқылы таңбалау: это дааа особенно от вас (ішек-сілесі қатқан және ашуланған, еңіреген көз жасының таңбасы) немесе как меня радует твои сообщения (бетін қос қолымен басқан смайлик таңбасы). Гүлді беріп үлгермейсіз-ау))))))*

*Шет тілінен енген айтылымдарды транслитерациямен беру: стердаун, SUUUUUUYYYYOOOOO (бұл жерде эмоция да беріліп тұр).*

- Әлеуметтік желіде кей мәтіндерге мүлдем тыныс белгісі қойылмай да жазылады.

Жоғарыда айтылғандарды ватсап әлеуметтік желідегі қарым-қатынас


мәтінінен көруге болады. Мысалы, *Ертен сабакка барам* сөйлеміндегі қазақ тілінің орфографиялық нормасы сақталмағанын көреміз: қазақтың төл дыбыстарының әріп таңбалары **ң** –ның орнына **н**, **қ**–ның орнына **к** әрпі жазылған.

*Казр, сенше, нестеп, келесіңба, нешүн,  
То есть – яғни, скорый – жедел жәрдем, штук-дана, счет-шот,  
чаевые-шайпұл, свет-жарық, подаркі-сыйлық,* нервiме тiме - ызаландырма т.б. сөздермен шұбарламай, тілдің ережесіне бағынып

Сөйлем құрылымында сұрау есімдіктерін қайталап қолдану кездеседі:  
**Неге жедел көмектесетін дәрі-дәрмектер неге болмаған?**

Сөйлемдегі өзекті ойды білдіру үшін бас әріптерді пайдалану кездеседі:  
Ал СТАЖИРОВКАҒА ҚАНША АҚША БӨЛІНЕТІНІН УНИВЕРСИТЕТ ӨЗІ ШЕШЕДІ ЕКЕН!!! ЯҒНИ БІЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕН АҚША БӨЛІНЕДІ АЛ ОНЫҢ ҚАНШАСЫН БІЗГЕ ЖЕТЕТІНІН УНИВЕРСИТЕТ ӨЗІ ШЕШЕДІ ЕКЕН. Ол не бассыздық...

Сонымен қатар тыныс белгілерін де қайталап қою арқылы сөйлем модалділігін жеткізеді.



Сурет 2. Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері

Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің синтаксистік ерекшеліктері:

1. Қаратпа сөздердің тыныс белгілері сақталмайды.
2. Айырықшалайтын бөлігі БАС әріптермен жазылады.
3. Сөйлем соңындағы тыныс белгілері де сақтала бермейді.
4. Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі сақтала бермейді, инверсияланады.
5. Сөйлемнің модальдылығы мен предикативтілігін білдіруге смайликтер мен түрлі таңба белгілер қатысады.
6. Сөйлем орысша, қазақша сөз тіркестермен араласып құрыла береді. Мысалы: *клиент әкелу, таргетинг үйрену, 2 звания ашу, отправить сообщение басып ватсапқа жазу, тегін сабақты көресіз*
7. Қазақ тілінің сөз тіркесінің жаңа тіркесімділігі бар екені анықталды.
8. Сұраулық шылаулардың жазылу ережесі сақталмауы, дәрекілік: *Көзіме көрінбейтін бол, түсіндің ба* (сингармонизмнің сақталмауы)
- 9) Эллипсис (сөйлемдердің ықшамдалуы, толымсыздығы):
- 10) Сөз арасында белгілі бір сөздердің қыстырылып айтылуы:
- 11) Дыбыстарға еліктеу мен одағайлардың қолданысы:
- 12) сөздің редукциясы мен лексикалық және аффикстердің апакопасы (қалай естісем, солай жазамын)
- 13) тілдік ойын
- 14) ой екінін шрифтерді айырықшалау арқылы таңбалау
- 15) бас әріптер мен кіші әріптерді аралас қолдану
- 16) шет тілінен енген айтылымдарды транслитерациямен берген.

Кесте-1. Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лексикалық ерекшеліктері

Узустық қолданыстар	Дұрысы	Түсіндірме
<i>Барғым кеп жатыр</i>	<i>Барғым кеп тұр</i>	Қалып етістіктерін дұрыс қолданбаған. Адамның қалауын білдіретін сөйлемдерде қалып етістіктері сөйлеушінің қалауының уақытқа қатынасын білдіреді. Мәселен, барғым кеп жүр десе, жалпы барғысы кеп жүргенін, қашан баратынын өзі де шамалай алмайтынын түсінеміз. Барғым кеп отыр десе, ол адам әне-міне жолға шыққысы кеп отырғанын білуге болады. Барғым келіп тұр десе, дәл қазір кеткісі келетінін, бірақ баруына кедергілер де болуы мүмкін



		екенін, соған байланысты жолға шығатын-шықпайтыны белгісіз екенін ұғамыз.
<i>Бару керекпіз</i>	<i>Баруымыз керек</i>	Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен керек сөзі жіктелмей, қосымша оның алдында тұрған етістікке жалғанады.
<i>Бәрі дұрыс па?</i>	<i>Аманышылық па?</i>	Орыс тілінен келген калка сөйлем. Амандасу, кешірім сұрасу, ренжісу кезіндегі сөздер әр халықта әртүрлі болады. Сондықтан бұндай кездерде төте аударма жасауға болмайды. Сөйлемді қазақы етіп құру үшін, бұрынғы қазақ қалай сөйлескенін еске түсіру керек.
<i>Бей-берекет</i>	<i>Бейберекет</i>	Қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс жазылуын білмеуден, біріккен сөз бен қос сөзді шатастырудан туындаған қате. Бей- парсы пілінен енген сөз алды қосымшасы. Қосымша сөзден бөлек жазылмайды. Алғашқы буыны ұқсас болғанмен, оны қос сөзбен шатастыруға болмайды.
<i>Үлкен рақмет</i>	<i>Көп рақмет</i>	Орыс тіліндегі «Большое спасибо»-ның сөзбе-сөз аудармасы
<i>Бешбармақ</i>	<i>Ет жеу, ет асу</i>	Қазақтың кәделі ұлттық тағамы етті «бешбармақ» деп қарапайым сөзбен айту – өрескел қате. Бұл жөнінде көп айтылды. Соған қарамастан бұл қателік түзетілмей келеді. «Бешбармақ» атауының астарында ұлттық тағамға құрметтен гөрі (бес саусақпен жеу, бес саусағын салып жеу) деген сырт көздің сыны, жағымсыз мағына басым. Сондықтан сырттан танылған сзді емес, халықтың өз атауын қолданған дұрыс.
<i>Бір сөзбен айтқанда</i>	<i>Қысқасы</i>	Орыс тіліндегі «одним словом» тіркесінің көшірмесі.
<i>Бір-екі заттар</i>	<i>Бір-екі зат</i>	Заттың мөлшерін айтылған соң, оған көптік жалғау жалғанбайды.
<i>Мыңдаған сайттар</i>	<i>Мыңдаған сайт</i>	Заттың мөлшерін айтылған соң, оған көптік жалғау жалғанбайды.
<i>Направление</i>	<i>Жолдама</i>	Тілді шұбарлау.
<i>Наследство</i>	<i>Мұра, мирас</i>	<i>Наследство</i> соған кетіп қалады деп уайымдап жүрмін. Алайда әлеуметтік

		желіден алынған бұл сөйлем контексіне мұра, мирас сөздерінен гөрі жиған-терген сөзі үйлесетін сияқты.
<i>Негативті адамдар</i>	<i>Жағымсыз, жайсыз, теріс пиғылды</i>	Орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған калька тіркес.
<i>№1 қайызғақ</i>	<i>№1 сусабын</i>	Әлемдегі №1 қайызғаққа қарсы су сабын. Қисынға келмейтін тіркес, анықтауыштың сөйлемдегі орнын айқындай алмаудан жіберілген қате. Дұрысы: Әлемде қайызғаққа қарсы №1 сусабын.
<i>Обязательно</i>	<i>Міндетті түрде</i>	<i>Паразит сөздер.</i>
<i>Оқу жылын аяқтауыңмен!</i>	<i>Оқу жылын аяқтағаның құтты болсын!</i>	Бұл – орыс тіліндегі «С окончанием учебного года!» деген сөйлемнің құрылымын еш өзгеріссіз көшіріп аудару нәтижесінде пайда болған сөйлем.
<i>Оптовка</i>	<i>Көтерме базар</i>	<i>Жаргон деңгейіндегі сөз</i>
<i>Сенімен не болды?</i>	<i>Саған не болды?</i>	Бұл сұрақты қойғанда толықтауышқа көмектес септік жалғауы емес, барыс септігінің жалғауы жалғанады.

Қазіргі әлеуметтік желідегі көп қолданатын сөздердің біршамасын талдадық. Олардың лингвистикалық ерекшеліктерін түсіндірме арқылы талдауға тырыстық. Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге тоқталсақ, Г. Смағұлованың тіл экологиясының тілдік жағдаят, тілдік орта, тілдік тұлға тәрізді негізгі ұғымдары талданған «Сөйлеу мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері» атты мақаласында *тілдік орта* «сол тілде сөйлейтін қоғам мүшелерінің тілдік санасының көрінісі, қолданыстағы тілдің жай-күйі, тілдің қоғамдағы орны мен дамуы» деп түсіндіріледі. Ғалым тілдік ортаны лингвоэкологияның басты нысанына жатқызып, одан қоғамның әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық, мәдени, этнопсихологиялық болмысы көрінетініне мән береді [73,90]. Яғни тілдік орта қазіргі қоғамның түрлі деңгейдегі болмысын сипаттап, қоғам мүшелерінің тілдік санасын көрсетеді.



Ұлттық домбыра күні құтты болсын!

«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», - деп Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, шын мәнінде қазақ пен домбыра – егіз ұғым.

Бала кезден жүрегімізге жақын домбыраның қоңыр үнінде халқымыздың сан ғасырлық

Қадыр Мырза әлі ақынымыздың сөзін осылай жазатындар көбейді. Дұрысы: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!»).

### Актив қолданыс

Норма	Узустық қолданыс	Түсіндірмесі
Сәлеметсіз бе	Сәлеметсізбе!	
Амансыз ба?	Қалыңыз қалай?	Күнделікті қолданыста «қалыңыз қалай?» деп қолданып жүрміз, ал қазақ халқы амандықты «Амансыз ба? Мал-жан аман ба? Секілді әдемі сөздермен қал сұрасқан
	Вообще, значит, так что, конкретно	Бейәдеби сөздер
Жақсы	Ок, yes	Ағылшын тіліне еліктеуден туындаған сөздер.
Сәлем, сау бол!	Привет, пока	Орыс тілінен дендеп кірген сөздер
	Уже, даже, ниче, ваще, тем более, пойдет	Орыс тілінен алынған, ауызекі сөйлеу тілі
	Супер, базар жоқ, класс, круто, чики-чики	Мен келісемін, пікіріміз ортақ деген мағынаны білдіреді
Кеш, жиын, той  Мен саған кешке телефон соғамын	Бешер, вечер Вечерге барамыз ба? Вечерден келе жатырмыз?  Кешке маған звондасай Кешке звондаймын, үйде боласың ба?	Тіл шұбарлау айқын көрінеді. Жаргон деңгейіндегі сөзді ауызекі сөйлеуде қолданады.
Далап сатып алдым	Помада сатып алдым.	Қазақша сөз саптауда сөздің өз орнымен қолданғаны абзал.

		Терминдік, нормативтік сөздіктерде орныққан сөз.
Көп сөйледі, артық айтты	Қуып кетті	Кейде мас адамды, сөзіне мән бермей сөйлеген адамды жастардың арасында осылай айтады
✓ қалың киім ✓ жұқа киім	✗ жылы киім ✗ жіңішке киім	"Жылы киім" де, "жіңішке киім" де - орыс тілінен калька. Қазақша дұрысы "қалың киім" және "жұқа киім".

#### Пассив қолданыс

Ем қабылдап жүрмін	Капельница салдырып, ем қабылдап жүрмін Укол қабылдап жүрмін	Тілді шұбарлау
лапша ілу, құлақтан тебу – алдап кету, сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру – дать в глаз т.б. жатқызуға болады.		Бұл орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Жастардың сөйлеу мәдениетінде екінің бірінде осы тіркестер кездеседі.
Кодталып берілетін сөздер	6068	<b>Microsoft word-та жіберілетін қателік</b>
	668, 667,404	Парақша жұмысын уақытша тоқтатты (Not Found)

*Барлық адамдар, екеулерің, біздер* деген қолданыстар жиі ұшарайды. Қазақ тіліндегі тіркесім заңына сәйкес барлық сөзімен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. Ал *екеулерің, біздер* көптік мағына үстемелемей тек *біз* десек дұрыс болар еді.

«Күлкің келеді ме?», «Ия, күлкінішті», «дид Асқар» (Qazaqgrammar парақшасынан). Осы үш сөйлемде алты қате қолданыс бар. Қазақ грамматикасында *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшесі арқылы жасалған ауыспалы шақтағы етістікке *ма, ме* сұраулық демеулігі тіркескенде *-ды, -ді* жақтық көрсеткіштерін түсіріп тастап айту, жазу нормаға айналған. Дұрысы: *келе ме?*

*Ия* сөзін «*иә*» деп жазу дұрыс. *Жоқ* сөзінің антонимі ретінде *иә* деп жазу қабылданған. *Күлкінішті* деген сөзді көбіне *қорқынышты* сөздің жасалу формасына ұқсатып алған. Көбіне мұны балалардың тілінде *күлкінішті* деп қолданады. Дұрысы: күлкілі. <https://stan.kz/kazak-tilinde-kopshiligi-kate-koldanip-zhurgen-tirkeste-351287/>

*Дид Асқар* деген қолданыс тек әлеуметтік желілердегі қателік. Ықшамдау, яғни дыбыстың немесе буынның айтылмай «жұтылып» кетуі – ауызекі сөйлеуге тән заңдылық. Ал жазбаша формада толық нұсқасын «дейді» деп жазған дұрыс. «Сәбсім», «даже», «уже», «вот», «так», «уже» деген қолданыстардың орнына қазақы әдемі естілетін сөздеріміз «тіпті», «мүлде» қолданғанымыз абзал. Осындай сөздерге сақ болмасақ, әсіресе

әлеуметтік желіде көп қолданылады.

Сонымен әлеуметтік желідегі қазіргі экологиялық емес тілдік орта адамдардың тілдік санасын тарылтып, әлемнің негативті тілдік бейнесін қалыптастырып жатыр. Тілдік кеңістік пен оның артында тұрған тілдік тұлғаның санасына кері ықпал ететін тілдік сананы манипуляциялау, адам ағзасындағы психофизиологиялық өзгерістерге әкелу, нағыз шындықты бұрмалау, эмоционалды «күйреуге» әкелетін негативті хабарлардың экспансиясы секілді түрлі тілдік тетіктер қоғам мен адамға қатысты тілдің деструктивті қызметін орындай алады. Сондықтан бұл үдерістер тіл мен адамның әлеуметтік ортадағы коммуникация кезінде сөйлеу нормаларын бұзатын ауытқулар деп қабылдауға болады. Әрбір посттың (мәтіннің) астында оқып отырған көрерменнің сол оқиғаға не жаңалыққа қатысты білдірген жазбасынан, пікірінен тілді қысқартамыз деп қате жазуға бой алдыртып тұрғанымыз.

Ауызекі сөйлеу тілінің әдеби нормаға сәйкестенуі әлеуметтік ортаның интеллектуалдық деңгейін де арттырады анық. Белгілі ғалым Рәбиға Сыздық: «Ауызша сөздің жиі қолданылатын жері – алқатоп алдындағы сөздер. ...Алқатоп алдында дұрыс сөйлеп дағдыланған адам күнделікті ауызекі сөйлеуде де біршама әдеби нормаға сай, дұрыс сөйлеуге үйренеді. Бұл күнде орыс қауымының, әсіресе, қалаларда тұратындардың басым көпшілігінің ауызекі сөйлеу тілі де ауызша дамыған әдеби тілге ауысып барады, яғни, жалпы әдеби тілдің нормаларын сақтап сөйлейді деген пікір айтылуда. Ал, қазақ қоғамында мұндай теңесу, яғни, күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеудің әдеби тіл нормасымен көрінуі жоққа тән» [26,42]. – деген тұщымды ой айтады. Бұған қазіргі ауызекі сөйлеу тіліндегі эмоционалды реңкі күшті, бірақ, жағымсыздау мәні бар «құлақтан тебу», «құлаққа лапша ілу», «сағыздай созылу» сынды сәтсіз қолданыстардың етек алуы ықпал етіп отыр.

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қазіргі уақытта әлемнің барлық тілдері дерлік сыртқы факторлардың салдарынан ықпалға ұшырап отыр. Әр елдің жағдаяты әртүрлі болғанымен, олардың барлығына ортақ бір сипат бар: ағылшын тіліне негізделген ақпараттық технологиялардың ірі ғылыми-техникалық революциясының нәтижесінде тілдік үдерістердің жаһандануы және әлем халықтарының тілдік кеңістігіне ағылшын тілінің кірігуі. Бұл жағдай тілдің деформациялануы мен деградациялануы секілді түрлі жағымсыз үдерістерге әкеп соғуда. Мұндай лингвоэкологиялық ықпал қазақ тіліне де әсер етуде. Әсіресе, жаңа технологиялық жағдайлардағы әлемдік коммуникацияның нәтижесінде бұл ықпал күн санап артып келеді.

Қоғам мен тілдің арақатынасына тән белгілі бір заңдылық бар. Ол – ұрпақтар сабақтастығын сақтап, қоғаммен бірге дами отырып, тілдің өзін-өзі жоғалтпауы.

Ғалым М.Балақаев: «Тілдік талғамы нашар адамның тіл мәдениеті де төмен болады, тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – тілдің халықтық

қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу» деп тұжырымдайды [10,19].

Заманауи деп танылған ғаламтордың қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы кері әсері көбейді. Жастардың интернет алаңындағы жазбаларында немесе бір-біріне хат алмасқанда пайдаланатын түрлі жаргон сөздер, оған қоса бір сөйлемде қолданылатын бірнеше тілдегі сөздер сәнге айналып барады. Мәселен, «базар жоқ», «құлақтан тепті», «қораға кірді», «лақтырып кетті», «сындырды» деген сарындағы сәнге айналған сөздерге жастар қауымы тым құмартып алған. Бұл көшенің сөздерін бүгін ғаламторда пайдаланған жас буын ертең сөйлегенде де қолданады. Ал түрлі чаттардағы хаттар, ғаламтордағы сайттар, теледидардағы мәнсіз бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі жеңіл әңгімелер арқылы жастардың сөздік қорына енген мұндай сөздер қазақтың тілін, сөйлеу мәдениетін жоғалтпасына кім кепіл?! Теледидардағы қазіргі бағдарламалар жастарды еліктіріп «Той думан» арнасындағы әншілерге арналған бағдарламада жаргон, англоцизмдерді (кlesh, 17.08.2023) талқылап, яғни ол сөздердің мағынасын және қолданыс аясын түсіндіріп сол сөздерді насихаттаудың бір жолы іспетті. Ғабит Мүсіреповтің «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген аталы сөзі бар. Бұған қарап, «бүгінгі қазақ жастарының бәрі өз тілімізге өгей болғаны ма?» деген сауал пайда болады. Сұрақтың туындауы да заңды. Өйткені жастардың бүгінгі сөйлеу тілімен біз жақсы таныспыз.

Ғалым Д.Әлкебаеваның тіл тазалығын зерттейтін ғылым эколлингвистика жайында: «Тіл экологиясының жеке бағыт ретінде қалыптасуы кейінгі жылдардың еншісінде болғанымен, «қазақ тілі ғылымының бұл саласы туралы мәселе қозғалғалы бір ғасырға жуық уақыт өтті деп айтуға болады» деген пікірін арқау етеді [89].

Таңның атысы, күннің батысы әлеуметтік желіде отыратын жастар ұзақ жазуға еріне ме, әлде мұның өзге себебі бар ма, әйтеуір, жаргондармен қысқа ғана жазуға құмар. Жастардың күн сайын қолданатын жаргондарының қатарында мынадай сөздер кездеседі. Мәселен, «тормозы ұстап қалды», «зависать етіп қалды» – бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, «блатной болу» – менменсу, «маяк тастау» – қысқа ғана қоңырау шалу, «вызов тастау» – кездесуге (разборка) шақыру, «құлаққа лапша ілу» – өтірік алдау, «базар жоқ» – сөз жоқ, «маған сынып қалды» – мені ұнатып қалды, «қораға кірді» – басы бөлеге қалды, «лақтырды» – сөзінде тұрмады, «қоянның суретін салып кетті» – қашып кетті деген мағынаны білдіреді. Мұндай жаргондар қатарын жалғастыра берсең, ұзынсонар тізім болары анық. «Батан» (оқымысты), «тормозы ұстау», «зависать ету» (бөгеліп қалу), «құлаққа лапша ілу», «құлақтан тебу» (өтірік айту), «маяк тастау», «скидовать ету» (қысқа қоңырау), «крышасы бар адам» (қолдау көрсететін адамы бар), «көзбен ату» (қадала қарау), «потеря болу» (қобалжу), «сушняк» (сусын), «қораға

кіру» (*тығырыққа тірелу*), «лақтырып кетті», «отырғызып кетті» (*алдап кетті*) және т.б. Осы сарындағы жаргон сөздерді әлеуметтік желілерден жиі кездестіреміз. Сондай-ақ бұл қатарға: «лайк басып тұр», «онлайн эфирге шық», «игнорға тығып таста», «блокқа түсіп қалмасын», «видеозвонок жаса», «қанша подписчигі бар?», «поделиться етші» және т.б. сөздерді қосуымызға болады. Осындай тілбұзар сөздер саф алтындай таза тілімізге өзінің нұсанын тигізбей қоймасы анық. Тіпті бұлар қазіргі жастар арасында «тұрақты сөз тіркестеріне» айналып кетті десек, артық айтпағандығымыз.

Ғаламтордағы түрлі сайттар, шетелдік телеарналар мен ондағы бағдарламалар, компьютерлік ойындар осы тектес паразит сөздердің туындауына себепші болып отыр. Жаһандану дәуіріндегі жан-жақтан ретсіз келіп жатқан ақпараттар тасқыны жастардың санасын осындай сөздермен улап жатқаны айқын. Бірақ бұл мәселеге бас ауыртып жүргендер шамалы. Соған қарағанда, әлі де болса еліміздің ертеңі ана тілінің болашағына байланысты екенін жиі жадымыздан шығарып алып жүрміз-ау. Ана тіліміздің құндылығын дәріптеп, қазақ тілі үшін аянбай күрескен Алаш арыстары бүгінгі ұрпаққа тіліміздің тағдырын да сеніп тапсырды емес пе? Ал бүгінгі тіл тағдырына жауапты жастардың сөйлеу мәнері жоғарыдағыдай болса, тіл тазалығын кімнен талап етеміз?

Жаргондардан бөлек жастардың әрбір сөзінен орыс тілінің компоненттерін де байқауға болады. Мысалы, *копировать эту – көшіру, сохранить ете сал – сақтап қой, удалить ет – өшір, комнатамдамын – бөлмемдемін*. Өз туған тілін егжей-тегжейлі білмей жатып, өзгенің тіліне жармасқан жастарды тәртіпке шақыратын жандар да сирек. Өйткені қазіргі уақытта ешкім де өзге біреу үшін бас ауыртқысы келмейді. Қазақ тілін осындай сөздермен лаптап, шұбарландырып жүргендердің санасында намыс пен ұлттық рухты ояту әзірге қолдан келмей тұр.

Бүгінгі жастар сленгтер (белгілі бір аптада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздер) мен жаргондарды әртүрлі себептерге байланысты қолдануы мүмкін: әсер қалдыру, елден ерекше болу, өзгелер түсінбеу үшін, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін, кейде әзіл ретінде де айтып жататындары бар. Соңғы уақытта жасөспірімдер компьютер ойындарына қатты әуестеніп кетті. Бұл да бір компьютерлік сленгтердің пайда болуына әкеліп соқтырды. Мысалы, ойындағы «ең басты жау» деген ұғымды білдіретін «бродилка», «аркада», «босс» сленгтері пайда болған. Мұны жастар күнделікті тіршілікті де қолдануды әдетке айналдырды.

Осындай түсініксіз сөздердің нәтижесінде қазақ тілінің көркемдік стилі жоғалып барады. «Әлеуметтік желілердегі сленг сөздердің тілімізге енуі заңдылық, тіл пайда болған әлеуметтік құбылыстарға үнемі бейімделіп отырады, бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей қолданысқа ене бермейді». Бүгінгі тіл тазалығына қатысты қоғамда мұндай да пікір бар. Алайда дана Абайдың «*Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы*» деген сөзін жадымыздан шығармағанымыз жөн.

Әлеуметтік желі адамды мәдениетті сөйлеуден ғана емес, мәдениетті ойлау мүмкіндігінен де айыруда.

Бүгінде интернет қолданушы жастардың өз «тілі» қалыптасқан. Зиялы қауым өкілдерін алаңдатып отырған ең бірінші мәселе – әлеуметтік желіде қазақ тілінің қ, ғ, ң, ә, і, ү, ұ, ө тәрізді төл әріптерінің сирек қолданылуы. Әлеуметтік желілерді пайдаланатын жастардың басым көпшілігі жоғарыда аталған әріптерді алмастырып, қазақ тіліндегі сөздерді жетімсіретіп қолданатыны жасырын емес. Желіні қолданушылар көп жағдайда қазақ әріптерін орыс графикасында бар таңбалармен алмастырып қолдануды және латын графикасындағы таңбалармен жазуды үрдіске айналдырып келеді (әсіресе, WhatsApp тілінде), яғни оқушы жастар кейбір сөздердің графикалық формасын қалауына қарай өзгерте береді. Жоғарыдағы әріптерді қолданып жазатындардың қатары бірен-саран. Мұны жастардың өзі де мойындайды. «Салем», «калайсын?», «жаксы», «бари дурыс» деген сөздерде қазақ әріптері алмастырылғанымен, бұл сөздердің дұрыс жазылуы осындай секілді болып жастардың көздері үйреніп кеткен.

Екінші мәселе – орфографиялық және пунктуациялық қателер, ауызекі тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуы. Мұндай қателіктер интернет қолданушыларының арасында бұрыннан қалыптасқан жағдай болғандықтан, оны өзгерту де қиын. Бірақ бұған көз жұмып қарауға мүлдем болмайды. Өйткені ғаламтор пайдаланушылар қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтамауы жастардың сауатсыздыққа бой үйретуіне әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Ғаламторда әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін еместігі түсінікті. Кей мамандардың айтуынша, ғаламтордағы қарым-қатынас тіліндегі біз атап өткен қателіктердің орын алуы заңдылық көрінеді. Ғаламтор тілі тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Оның басты ерекшелігі де осында. Сондықтан, әдеби тіл нормаларын интернетте сақтау міндетті деген қате пікір дегенді қолдайтындардың қатары көп.

Әлеуметтік желілердегі хаттар мен жазбалардың кейбірінен дауысты дыбыстарды таба алмайсың. Жылдам хат жазу үшін сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстарды тастап кету – нағыз грамматикалық қателік. Осыған бой үйретіп алған жастардың ертеңгі күні орфографиялық ережелерге бағынбай кетпесіне кім кепіл?! Сөздерді бөлек, бірге, жартылай бөлек жазу (дефис арқылы) ережелері де назардан тыс қалып жататынын көріп жүрміз. Бұл олардың қол және көз дағдыларына әсер етіп, сауатты жазу дағдысын жояды. Әлеуметтік желі коммуникациясында сөйлеу тіліне жақын құрылымдар көп қолданылады, яғни сөздің тұлғасын өзгертіп кең жазу да етек алып келеді. Біріншіден, жіктік жалғауды түсіріп жазу: *отырм – отырмын, ұйқтайм – ұйықтаймын, билмейм – білмеймін*, егер сөз жалпыға түсінікті болса, дауысты дыбыстарды түсіріп жазу: *кдрп – қыдырып, мсқ – мысық*, сөзді жөнсіз қысқартып қолдану: *раха – рахмет, см – сәлем, сб – сау бол*, шетелдік сөздерге қазақ тілі жалғауларын қосып қолдану: *каксын?, плизбен (please) сойлессейши*, сөзді орфоэпиялық норма бойынша таңбалау:



*не істеватсын (не істеп жатырсың?), дийұана (диуана), барат, келет, бошы (болишы).* Сонымен қатар, ғаламтордағы кейбір жазбалардан тыныс белгілерді мүлдем таба алмайсың. Ал енді бірі сөйлемнің басын, адамның атын үлкен әріппен жазу деген ережені мүлдем ұмытқан.

Ауызекі сөйлеу тілінің элементтері болып табылатын жаргон, диалектизм, варваризмдер де жиі ұшырасады. Белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі сәнге айналған заманда жаргон сөздердің қолданыс аясы да кеңейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Мысалы, *мамбет (артта қалған адам), гламурно (сәнді)* тәрізді сөздер, шоу-бизнес, жарнама, тауар және қызмет көрсету салаларында көптеп кездеседі. Мысалы: *«Вооообще жок ко!», «Ол супермен зой!», «Гламурно все таки, ия», «Мен саган звооондаган едим жоксин зой», «Конешно мен ренжимин саган», «Ойланышы осыган дурыстап»* секілді сөздерде қандай мән-мағына бар? Біріншіден, сауатсыз, көрер көзге дөрекі, естір құлаққа түрпідей тиеді. Тағы да бір мысал келтіре кетейік: *«Бүгін боласың ба? Болам. Колбағымды акелдін бе? Ұмытыппым... кешірші ааааааааа...»* деп жазыпты бір желі қолданушы. Осындай жазбалар самсап тұр. *«Жүре берсең, көре бересің»* демекші, адамдардың кейбір жазбаларын оқып отырып, қазақша сауатты жаза алмайтын адамдарға шара қолданар ма еді дейсің. Бұл – тілімізді қорлау ғой. Оған жол бермеуіміз керек. Бәлкім, заң арқылы реттеуіміз керек шығар. Арнайы нормалар қабылдасақ, қазақша қате, тілді бұзып жазатындар қатары азаяр еді.

Бүгінгі күні қазақтілді сайттардың саны артты. Бірақ бұл интернет қолданушы жастардың сауаттылық деңгейін көтеруге толыққанды көмектесе алған жоқ. Жалпы, ғаламтордағы сауаттылық мәселелеріне бейжай қарау қазақ тілінің болашағына орасан зор қауіп төндіретіні анық. Уақыт өте келе интернет арқылы өзгеріске ұшыраған тіл мәдениетінің нормалары бұзылып, жаппай сленг, жаргон, арго тәрізді дисфемизмдермен ластануы мүмкін. Интернетте тілдік норманы бұзып қарым-қатынас жасау тілдесушілердің тілдік санасында *«бұрыс графикалық портреттің»* қалыптасуына әсер етеді.

Фейсбук желісіндегі жазбаларды оқып отырып кейбір адамдардың сауатсыздығына қарап, іштей қынжыласың. Аталған желі қолданушылары *«Менде сені жақсы көремін», «Сендеде жоқ қой ол», «Бізгеде айта салшы», «Сендерменде, оларменде бармаймын»* тәрізді қарапайым сөздерді сауатты жаза да алмайды. Күндіз-түні әлеуметтік желіде отыратындар мұндай нәрсеге мән бермей ме, әлде мұның өзге себебі бар ма, әйтеуір, жазбаларына қарасаң көңілің құлазиды.

Экс мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандық жастарды әлеуметтік желілерде көп отырмауға шақырған болатын. *«Твиттерде»* немесе басқа да әлеуметтік желілерде отырып, уақыттарыңды босқа ысырап етпендер. Ең дұрысы, өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрындар. Өйткені нағыз дос ғаламторда емес, жаныңда жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер

деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді», – деген Н. Назарбаев. Біздің де айтарымыз осы. Бар уақытын әлеуметтік желіге арнап, сауаттылық деңгейін төмендеткеннен, қолына кітап ұстап, қазақ тілінің көркем сөздерін санасына сіңіргені әлдеқайда тиімді.

С. Тер-Минасованың пікірінше: «Кірме сөздердің лексика мен фразеологияға дендеп енгені былай тұрсын, фонетиканы, морфология мен синтаксисті де қамтып, тереңдеп барады» [61,127]. Мұның дәлелі ретінде қазіргі қазақ тілінде пайда болып жатқан «кентавр бейнелі» будан сөздерді келтіруге болады. Мәселен, Instagram желісіндегі @janasozdik парақшасында осындай 1257 сөз берілген (олардың саны күн санап артып келеді): *ұятмен* (қоғам міндеттеген құндылықтармен шектелген және әдептілігі манияға айналып, абсурдқа жеткен әдепшіл адам), *қыртапер* («бизнеспен айналысу керек еді» деп үнемі айтып жүретін, бірақ дым істемей бос жүретін адам), *көршейриң* (керек болғанда анау-мынау сұрасып-берісетін көршілер жүйесі), *дінкогнито* (дінді жасырын ұстанатын адам), *қққ* (қарқ-қарқ-қарқ күлу), *қайырфандиң* (хипстерлер мен стартапшылардың киберқайыршылығы), *байкетиң* (еш ақпараттық салмағы / қызығы жоқ бола тұра патриархал қауымның жанына жағатын пікіріңді, қалаулы образдағы суреттеріңді бөлісу арқылы байға кету ықтималдылығыңды өсіру әрекеті), *перзентация* (қырқынан шыққан сәбиді алғаш рет көпшілікке көрсету), *қоқыс-нюяс* (қазақша ақпараттық сайттардың басым бөлігі тарататын жаңалықтар), т.б.


Елімізде мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған көптеген мемлекеттік бағдарламамен қатар, бірнеше онлайн платформа мен қозғалыс бар, олардың негізгі мақсаты – қазақ тілін көпшілікке жеткізу. Олардың мәтіндері тартымды түсіндіреді, сол арқылы өзгерістерге қол жеткізеді. Тілге қызығушылықты арттырып, оның қолдану аясын кеңейтеді.

Әлеуметтік желілер күнделікті тіршілігімізге енгелі бері оны тек байланыс құралы ғана емес, пайдалы арна ретінде қолданушылар қатары артты. Желі арқылы тілді меңгеріп, аса күрделі ғылыми теориялық білімді арттыруға болады. Арнайы мониторинг бойынша анықталған (<https://informburo.kz/kaz/tarih/kalkasyz-qazaq-tili-zane-ximiya-mektebi-qazaq-tilindegi-10-uzdik-telegram-arna>) білім мен ғылымды дамыту мақсатында жұмыс жасап жатқан 10 Telegram арнаны ұсынамыз.


№	Telegram арнаның атауы
1	Калькасыз қазақ тілі
2	Gulum Faces
3	"Тұлға болам"
4	Narikbi LIVE
5	JOO.KZ
6	Қазақстан тарихы
7	Абай Құнанбайұлы
8	Химия мектебі

9	Әдебиет Quizizz
10	Ағылшын тілі / Lingvistry
Ескерту – Автормен құрылған.	

*Калькасыз қазақ тілі* Телеграм желісіндегі жоба. "Калькасыз қазақ тілі" арнасы қазақ тілінде сауатты жазып үйренуге, калькасыз сөйлеуге үндейді. Жоба жетекшісі филолог Назгүл Қожабек орыс, ағылшын тілдерінің ықпалымен түрленіп кеткен сөздер мен тіркестерді ғылыми терминдерсіз, жалпыға түсінікті тілмен түсіндіріп келеді. Төменде «Калкасыз қазақ тілі» телеграм жобасының ашылғаннан бергі жылдарда талданған сөздердің санын беріп отырмыз:



Qazaq Grammar Instagram желісіндегі жоба. Парақша авторы – Нұрсұлтан Бағидолла. Жобаның мақсаты – көпшілікке қазақ тілін заманауи әрі тартымды түрде грамматикасы мен жаңа сөздерін жеткізу. Қазақ халқы қысқа сөйлеуге тырысқан. Ал қазіргі жастарымыз орыс тілінің әсерінен көп сөздерді калькалап, қосымшаларды дұрыс қоспай, сөзді созып айтып, жазады. (1-сурет) Ескерту – Автормен құрылған.



Қазнетте орыс не ағылшын мемдерін көріп үйреніп қалғанбыз. QG-да күлкілі әрі сапалы әзіл көргенде көбінің санасы бір төңкеріледі. Мұндай контентті күтпегендер оны әрі қарай бөлісіп, достарына таратады. Бұл тілдің қолдану ауқымын кеңейтеді. Тілдің нормаларын әзіл арқылы беру – заманауи жастардың санасына жеткізудің бір тәсілі деп түсіндік.

Instagram желісіндегі Kazak bubble парақшасы да тіл білімі саласындағы ғылыми парақша. Парақша авторы – Бейбарыс Сейтақ. Kazak bubble атауындағы Bubble сөзі ежелгі Бабыл қаласына сілтейді. Сондай-ақ комикстерде кейіпкердің сөзіне сілтейтін белгі ағылшын тілінде Speech bubble деп аталады. Бұл парақшада ғылыми ақпаратты қарапайым тілмен жеткізуді мақсат еткен. Аталған екі парақша да қазақ тіліндегі контент болып саналады.

Парақшаға жазылған 10 мыңнан астам жазылушы бар. Яғни қазақ тілін үйренуші немесе сауатты жазуға ұмтылатын жастарымыздың көптігін байқатады. Қазақ тіліндегі контент көп болғанмен, сол контентті жарнамалау аз болып тұр. Сондықтан ғылыми мәтіндерді, ережелерді, норманы заманауи

посттар арқылы жеткізу заман талабы. Kazak bubble жазбалары визуалды әрі форматы әдемі. Жастардың көзіне түсердей етіп тартымды жасалған.

Ainagrammar парақшасы Instagram желісіндегі ғылыми-танымдық журнал.


Талдау жұмыстары барысында [Qazaq Grammar](#), Kazak bubble желілерінде келтірілген мысалдар күнделікті коммуникация алаңында жиі қолданатын сөздер екенін көрдік. Әрбір коммуникант сөз қолданысында уақыт өте келе қазір тұрпайы көрінген бұл сөздердің бәрі болмағанымен біразының жалпыхалықтық қолданысқа ену қаупі де жоқ емес. Нормадан ауытқып, узустық құбылыстардың көбеюі анық. (кесте)

Әлеуметтік желідегі узустық қолданыстар	Норма	Түсіндірмесі
Жасыңыз қаншада?	Жасыңыз нешеде?	Нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда <b>неше?</b> деп сұраймыз, ал дәл санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда <b>қанша?</b> деп сұраймыз.
Өкінішке орай	Өкінішке қарай	Орай: бір істің, әрекеттің реті, сәті, жөні; белгілі бір жағдайға сай, соған лайық, сол бағытпен деген мәнде қолданылатын сөз. Себебі өкініштің орайы, сәттілігі болмайтыны белгілі ғой.
Бүгінгі күн Биылғы жыл	Бүгін Биыл	«бүгін», «биыл» сөздері «бұл күн», «бұл жыл» тіркестерінің бірігуі арқылы жасалған. Демек, біздер «бұл күнгі күн», «бұл жылғы жыл» деп қолданып жүрміз. Орыс тіліндегі «сегодняшний день», «этот год» деген тіркестердің тікелей аударылуынан тілімізге еніп, қазіргі таңда белсенді қолданылып жүр.
Тәуелсіздік күнімен! Жаңа жылыңмен! Туған күніңмен!	Тәуелсіздік күні құтты болсын! Жаңа жыл құтты болсын! Туған күнің құтты болсын!	«С денм независитости!», «С денм рождения!», «С Новым годом». Орысшада бұл «поздравляю деген сөзі түсіп қалып, «с рождением ребенка, с бракосочетанием» десе де ұғатындай болып қалыптасып кеткен. Бізге онысы «бірдемемен


		құттықтаймын» деп жасанды (грамматика жағынан қисынсыз) тіркес болып кіріп, бір сөзі түсіп қалған жарымжан мағынасыз сөзге айналған. Қазақ құттықтамайды, құтты болсын айтады.
Қолдарым ауырып тұр  Саған деген сезімдерім шексіз  Алматының тауларын жақсы көрем	Қолым ауырып тұр  Саған деген сезімім шексіз  Алматының тауын жақсы көремін	*Тілімізде қосарлы дене мүшелерінің атаулары көптелмейді  *Дерексіз ұғымдарды білдіретін атаулар да көптелмейді  *Жаратылыс құбылыстарының атаулары да көптелмейді.
Ренжіткенім үшін кешірім сұраймын.	ренжіткенім үшін кешірім өтінемін	Сөйлеудің дұрыс-бұрыстығын, нормаға сай-сай еместігін осы жүйенің бұзылуына қарап білеміз. Бірақ сөйлеу табан астынан шығатын жанды құбылыс болғандықтан және жеке адамның шығармашылықтық қабілетіне байланысты болғандықтан, онда грамматикалық ережелерге сай келмейтін синтаксистік құрылымдар көптеп кездеседі.
Айтпақтай, ертең жұмыс па?	Айтпақшы, ертең жұмыс па?	
Баламды балабақшаға апарамын	Баламды балабақшаға алып барамын.	
Осымен не дегің келіп тұр?-	Не демексің? Айтпағың не?	
Бай-қуатты	Бақуатты	сын. Әл-қуатты, ауқатты, күйлі  Тіпті олар өздерінің ақсүйектердің тұқымы, бақуаттылар өкілі екенін таныту үшін арнайы ұзын тырнақтар өсірген («Жас Алаш»).

Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамытуға арналған [Qazaqsha jaz](#) қозғалысы 2020 жылдан бастап жұмыс жасайды. Қазақстандағы әрбір ірі компаниялардың парақшасына қазақ тілінде ақпарат беруін сұрап бастаған. Қозғалыс жетекшісі – Әлия Сари. Осы күнге дейін [Qazaqsha jaz](#) қозғалысының бастамасымен жүздеген компаниялардың парақшалары қазақ тілінде жазылуына септігі тиді. «Qazaqsha jaz – әлеуметтік желілер мен жалпы интернеттегі қазақ тілінің репрезентациясын арттыруды мақсат еткен

онлайн қозғалыс. Әлеуметтік желі этикасын сақтай отырып, жұмыстарын тиянақты орындап келе жатыр. Осындай жұмыстардың нәтижесі Kaspi.kz қосымшасында қазақша жүргізу тетігі іске қосылды. Сондай-ақ Telegram қосымшасының бета нұсқасын қазақ тіліне аудардық. Қазақ тіліндегі қосымшаны жүктеген адамдар саны анағұрлым көп болған сайын, мессенджердің ресми тілдері қатарына ену ықтималдығы да артады. Әр сайтта әр тілдің статистикасы бар. Мәселен, қолданушылар интерфейсте қазақ тілін таңдамайтын болса, компания қазақ тіліндегі ақпарат оқылмайды деп, ақпаратты тек орыс тілінде береді. Біз мән бере бермейтін күнделікті осындай дағдылар трендке айналып барады. Ол адамдар қатары артқан сайын бұл үлкен өзгерістерге алып келеді. Сонымен қатар KFC, Samsung компаниялары да парақшаларын қазақша жүргізіп, мәзірлеріне қазақша жазуды қолға алған (<https://vlast.kz/vlast-qazaqsha/49660-kazak-tilinde-sapaly-kontent-zok-degen-pikir-mif.html>).



1-сурет



Ойымызды тұжырымдасақ:

1) Әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты дискурс деп танымыз және ол интернет дискурстың бір типі болып саналады.

2) Әлеуметтік желі дискурсының өнімі – мәтін (пост) өзіндік ерекшеліктерге ие, оның сипаты ауызша-жазбаша гибридтелген, тілдік ерекшеліктері қалыпты нормаға бағынбайды, ол адамдардың интернет алаңдағы қарым-қатынасына ыңғайланған, уақытты үнемдеу мақсатында қысқартулар жиі орын алады, өзіндік заңдылықтары мен талаптары бар.

3) Виртуалды қарым-қатынастың, яғни әлеуметтік желі дискурсы мәтіндерінің лингвистикалық ерекшеліктері – лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерде анықталады.

Әлеуметтік желідегі норма мен узус жайлы сөз еткенде күнделікті қарым-қарынаста білінбегенмен, жазу мен талдауда әлеуметтік желіде сөзді қате қолдану өршіп барады. «Тұрк» (тұрмыз), «жүрк» (жүрміз),

Аңдамай қалудан, асығыстықтан кеткен қателер бір бөлек те, «дәстүрлі «түрде айтылып, әдейі бұзылып айтылатын, не жазылатын қателер бір бөлек. Сол асығыстықтан жазған не айтқан қатеміздің көпшілігі узус тарапына өтуде. Мысалы

Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен:

1. Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталса;

2. Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияласа;



3. Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде әлеуметтік желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе;

4. Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бейжай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық.

Әр ата-ана баласына жатарда ертегі оқып, дастарқан басында бата айтып, үнемі нақыл сөздер, мақал-мәтелдерді үйретіп отырса, келешекте олардан жаман адам шықпасы анық. Сөйлеу мәдениетінің деңгейін арттыру бүгінгі тіл білімі саласының өзекті мәселелерінің біріне айналып келе жатыр. Десек те, сөйлеу мәдениетін дамыту мәселесіне Үкіметтің назар аударуы көңілге қуаныш сыйлайды. Мәселен, осы 2023 жылы наурыз айынан бастап, қоғамдық орында былапыт сөз айтқандарға қатысты заң күшіне енді. Енді қоғамдық орындарда былапыт сөз айтқандар 69 000 тг көлемінде айыппұл төлейді немесе 30 тәулікке қамалады [91].([https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakstanda-kogamdyik-oryinda-byilapyit-soz-aytkandarga-347024/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-kogamdyik-oryinda-byilapyit-soz-aytkandarga-347024/))

Бұл қабылданған нормалар азаматтардың құқығын сақтап, тәрбиесін арттырып, мәдениеттілік деңгейін жоғарылатады деп сенеміз. Қазақ тілінің келешегіне алаңдайтын болашақ тіл маманы ретінде сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру үшін мынадай ұсыныстарды айтар едім:

1. Әлеуметтік желілерде сөйлеу мәдениетін дамытатын жобалар (контент) ұйымдастыру. Мәселен, тек қазақша әрі сауатты жазуға шақыратын парақшалармен жұмыс жүргізу, youtube kids желісінде балаларға арналған қызықты, таза, сауатты арна құру, т.б.
2. Мұғалімдерді көркем, шешен сөйлеуге үйрететін қосымша курстарда оқыту;
3. Метроларда, көшедегі led-экрандарда, аялдамалардағы жарнамаларда сленг, жаргон, тіпті термин сөздердің қазақша дұрыс нұсқасын жазып, көрсету.
4. Мектептерде оқушылардың көркем әдебиет оқуға деген ынтасын арттыратын жобалар ұйымдастыру. Мысалы, жазғы демалыста ең көп көркем шығарма оқыған студенттерге ақшалай жүлделер немесе сыйлықтар табыстау.

## **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

Газет пен кино, радио мен теледидар, интернет пен сандық байланыстар саласы әлемдік кеңістікте өз арнасынан шығып, шекара атаулыны түгелге жуық жойды. Бүгінде электрондық басылымдар газеттен де жылдам, ал сайттар радио мен теледидардың да алдын орап, көпшілік аудиториясын шапшаң хабардар ететін дәрежеге дейін жетті. Мұның бәрі де уақыттың әрі кезеңнің тез қарқынмен дамып келе жатқанының нәтижесі. Соған орай көпшілік коммуникация саласы, атап айтқанда кино, радио,

теледидар, интернет, сайт салаларының аудиториясы өз аймағынан асып, бұқараның күнделікті тұтынатын әрі қажетті құралына айналды.

Күнделікті сан миллиондаған аудиториямен байланыс саласындағы тілдік қолданыс аясындағы ұғымдар мен түсініктер сәт сайын алдыңнан шығып, телехабар жүргізушіні не журналистті көптеген қиындықтарға кезіктіруде. Ал, бұл өз кезегінде журналисттің сөйлеу кезінде не жазу барысында тілдік заңдылықтардың сақталуы мен орындалуын қатаң сақтап, оны айналымға қосуды да ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті міндеттеп отырады. Осы қадағалау жұмыстары не тіл сүзгісі сезілді бөлімшелердің аздығы ма әлде журналист қауымның сауаттылық деңгейі төмен бе, тілдік заңдылықтардың бұзылуына не қате жіберу секілді олқылықтар орын алады.

Күн сайын, сағат санап эфирге шығып жатқан алуан бағыттағы бағдарламалар тілі қандай кемелденген, бейнелі, оралымды келсе, сөйлеу тіліміздің байлығы да ізденімпаз әрі шешен жүргізушілеріміздің арқасында толысуда, шыңдалуда. Ал қазіргі кезде сөйлеу тіліндегі жетімсіздік неде десек, сан алуан теле-радиоэфирлерде әлі де болса ана тіліміздегі тілдік қолданыс аясының аздығы дер едік.

Зерттеу нәтижесінде байқағанымыздай төмендегі талап-тілектерді ұсынамыз:

1. Меншік нысанына қарамастан республика аумағында тіркелген барлық БАҚ «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабын (бұқаралық ақпарат құралдарының тілі) сақтауды қамтамасыз ету.
2. Теле-, радиоарналар мен мерзімді баспасөз беттерінде, электронды БАҚ-та ресми және басқа да хабарларды мемлекеттік тілде тарату және насихаттау кезінде орын алатын қателерге тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, себептерін анықтауды қамтамасыз ету.
3. Меншік нысанына қарамастан БАҚ арқылы мемлекеттік тілде жүргізілетін барлық телехабарлар мен жарияланатын мақалалардың дұрыстығына жауапкершілікті бірінші басшыға жүктеуді қамтамасыз ету.
4. Мемлекеттік тілде хабар тарататын БАҚ өкілдері үшін танымал сала мамандарын, медиатренерлерді, осы саланы зерттеп жүрген лингвист-ғалымдарды тарта отырып арнайы оқу курстарын ұйымдастыру.
5. Еліміздің барлық бұқаралық ақпарат құралдарының назарына хабар тарату кезінде «Termincom.kz», «Emle.kz», «Sozdikgor.kz» сайттарын пайдалану керектігін жеткізу және бақылауға алу.
6. Бұқаралық ақпарат құралдарында хабар тарату мен мақалалар жариялау кезінде «Сөзтүзер» қате қолданыстар сөздігін пайдалана отырып, дайындау ұйымдастыру;
7. БАҚ саласындағы мемлекеттік тілді дамыту мақсатында тіл жанашырлары тобын құру және оның жұмысын ұйымдастыру.
8. Жергілікті жерде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тіл тазалығын қамтамасыз ету мақсатында өңірлерде хабар тарататын БАҚ пен интернет-ресурстарға тұрақты түрде мониторинг жүргізуді ұйымдастыру;

9. Өңірлердегі тіл жанашырларымен бірлесіп БАҚ саласында орын алған өрескел қателерді анықтап, көмек көрсетуді ұйымдастыру.

## III ҚАЗІРГІ КИНО ТІЛІ: НОРМА МЕН УЗУС

### 3.1 Қазіргі кино тілі: дискурстық ерекшелігі

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттық бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілігінің көрінісі сақталады. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін өнер түрінің бірі – кинофильмдер. Қазіргі таңда кинофильмдер қай елде болсын ұлттық-мәдени болмыстың айқын көрініс табатын тармағына жатады, әр халықтың өмірінен, мәдениетінен қызықты деректер беретін өнердің ең көп тараған түрі. Осыған орай кинофильмдерде де жанрлық жүктемелер пайда болып, оның әрқайсысы жанрлық ерекшелігіне орай өзіндік кино тілін талап етеді.

Тіл тек таным мен ойдың вербалдануы қызметін атқарып қоймайды, ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттаушы. Осыған орай қазіргі техникалық жетістіктерді кеңінен қолданатын кинофильмдер бүгінде насихаттаушы құралдардың ең бір көп тараған түрі болып саналады. Біздің ойымызша, кинофильмдердің дискурстық, вербалды және бейвербалды амалдарының өзара байланыстары мен қатынастары секілді кино мәселелеріне арналған жалпы сипаттағы зерттеу мақалалардың барлығына қарамастан бұл мәселе қазақ тіл білімінде әлеуметтік лингвистика тұрғыдан алғанда осы күнге дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында басым салмаққа ие болып отырған аударма тілдік тұрғыдан алғанда жауапкершілігі үлкен мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе көрсетілімдерінің тең жарымына жуығын түрліше тәржіме хабарлар, фильмдер қамтитын теледидардағы аударма пайызы мен сапасы бұған нақты дәлел бола алады. Әдетте теледидар мен кинотеатрлардағы кинофильмдердің көпшілігінде билингвизим басым орын алып отыр. Қазіргі нағыз коммуникациядағы қолданыстардың барлығын қамтыған кинолардан узустық қолданыстарды өзге қырынан да қарау қажеттігі туындайды. Бұған басты себеп басы бүтін көркем әдебиет саласына кірмейтін, бірақ көркем әдеби тілсіз туындай алмайтын киноның рухани өмірімізге белсене араласуы. Осылайша бастауын жазба тілден алса да коммуникациялану мүмкіндігіне орай күрделі өзгеріске ұшырап, сөйлеу тіліне бейімделген әдебиет пен экранның синтезді киноның тілін зерттеу мәселесі туындап отыр. Себебі экран мен сахнаға арналған ауызша сөйлеу элементтерінен және жазбаша мәтіннен (сценарий, рөл мәтіні) құралатындықтан сценарий жазушыға функционалдық параметрлерді ескеруін талап етеді. Сондықтан да жазбаша және ауызша тіл мен бейвербалды амалдардың бір мезгілде қатар көрініс беру бірліктері сценарий жазушының әрекеті мен оқиғаны жеткізу нәтижесіне өз әсерін тигізеді. Сонымен бірге жазбаша тілдегі көркем мәтін оқырманға арналса, киномәтінінің сценарийі көрерменге, анығырақ айтқанда күрделі аудиторияға арналған көрермен психологиясын бағытқа алады. Ал қазіргі тарихи кинофильмдерден тіліміздің байлығын, тілдік норманың негізгі үлгілерін

алуға болады. Талдауға алынған кинофильмдер «Қазақстан» РТРК тапсырысы бойынша түсірілген фильмдер санатынан алынды. Сондықтан тарихи фильмдерден «Тар заман» (2018), «Кейкі мерген» (2019), «Сарай сыры» (2022), «Міржақып. Оян, қазақ!» (2023) сынды киноларын талдасақ, қазіргі коммуникациямен түсірілген «Абысындар» (2019), «Күйеу бала» (2022), «Келінжан» (2023), «Сезім толқыны» (2023), «Біздің сынып» (2023) сериалдарын басты нысана ретінде алып отырмыз.

Кино жанры тек тілдік бейнелермен емес, суреттемелі бейнелерден-ақ көрініс табады. Кино жанрының зерттелуі лингвистика және әдебиеттану салаларынан анық байқалады. Кинодағы лексика-грамматикалық, стилистикалық, коммуникативтік бөлшектер осы екі саланың құзыретіне жатады. М.М. Бахтин жанрды екі түрге бөледі: «біріншілік (қарапайым)» – «күнделікті ауызекі сөйлеу барысындағы сөйлесім» және «екіншілік (күрделі)» – «біріншілік жанрдың пайда болатын күрделі үрдіс» (мысалы, роман, драма) [92, 252]. М.Бахтиннің пайымдауынша қарапайым жанрдан диалог дискурсы, күрделі жанрдан кинодискурсы пайда болады. Кинодискурс тілі және ондағы баяндау, сипаттау, мазмұндау тұрақты морфосинтакстік және лексикалық мінездемелерге ие.

Мәскеулік бұқаралық ақпарат құралдарының теоретиктері Н.В. Вакурова мен Л.И. Московкин аналогты тұжырымдамалар аудиовизуалды дискурстан пайда болса да, жанрлық классификацияда типтік және эвристикалық сипатқа ие [93] деп таныған. Француздық киносемiotик К. Метц өз еңбегінде кинофильмдерге «супержанр» немесе «негізгі кинематикалық режимдер» секілді терминдер ұсынған [92, 37]. Кинодискурстағы кино тілі лингвистикалық зерттеулерден өтіп, жанрлық топтарға жіктеледі. Алайда, жеке және универсалды мінездемелер бойынша кино тілін терең зерттеу үшін үлкен тәжірибеден өту керек.

Кинодискурсқа үш түрлі белгі тән: индекстер, маңдайшалар, символдар (жалпы белгілер). Кинодискурстағы негізгі белгілерге – қосалқы жарықтар, актерлік шеберлік, бейнелік декорациялар жатады. Сонымен кинодискурстың үш жанрын зерттеушілер былайша ажыратады:

- көркем (қойылымдық) киномәтін – түрлі әрлегіш суреттемелер арқылы беріліп, көркем әдебиет стилінде жазылатын киномәтін;
- деректі (тарихи-деректі) – ғылыми деректерді пайдалана отырып, ғылыми стильде жазылатын киномәтін (ғылыми және публицистикалық кинодискурс);
- анимациялы (мультипликациялы) – иконикалық суреттемелер арқылы әрленіп, кітаби стильде жазылатын киномәтіндер.

Қазіргі кездегі кинода қойылымдық дискурс эстетикалық жүйелермен қатар, күнделікті қоғам өмірінен алынып, шынайы шығармашылық образдарға ие болып отыр. Бұл сияқты жағдай тек кино саласына ғана емес, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарына да тән. Киномәтінді құрастыруда режиссер, сценарист және композитор үнемі бірлікте жүреді, лингвистикалық зерттеулер тұрғысынан кинодискурста шығармашылық

және ұйымдастырушылық ұжыммен қатар маңызды тұлға режиссер болып есептеледі. Жұмыстың ұжымдық сипаты рөлдерді дифференциалды сомдағанда көрінсе керек. Рөлді сомдаудағы автордың тұлғасы жанрдағы ең маңызды құбылыс. Сондықтан, кинодискурсты альтернативті (авторлық, тәуелсіз) және коммерциялық (жанрлық) бағыттармен ажыратады.

Альтернативті кинодискурста бір адам режиссер, сценарист, продюсерлік сияқты жұмыстарды атқара береді, кейде мұндай жұмыстар бірнеше адамды құрайды. Өзінің төл киносын жарыққа шығарушылар ешкімге тәуелді болмай, жеке стильге ие болады. Артхауста «кино адамының индивидуалды стилі – оның өз мақсаттарын айқын бейнелеп береді» деп М.М. Бахтиннің сөздерімен айтуға болады [92, 254]. Авторлық кинофильмдер кинокөрсетілім фестиваліне жолдама алады және шектеулі көрерменге жол тартып, киносыншылардың назарына ілігеді. Жанрлық кинодискурстың түсінігіндегі коммерциялық жолмен танымалдылыққа қол жеткізген кинематограф аудиторияның қызықтыруға тиісті. Индивидуалды стиль жеке мақсаттың айқындалуына әсер етіп, баяндаудың эпифеномені болады». Көрерменнің формалды параметрі ретінде оның жасы қаралады. Кинодискурстың осы сияқты критерийлері шығармашылық құрылғылардан көрініс табады. Кинодискурстағы айқын адресант жайындағы сұрақтарға В.А. Кухаренконың зерттеулеріне көз жүгіртуге болады. Ол шығармашылық жұмыстарда кинодискурс «танымның белгілі адресанты» ретінде қаралатынын айтады. Оған себеп ретінде кардиналды өзгерістердің көп болуына байланысты репициенттердің әртүрлі болып өзгеруін айтады [94, 7].

М.М. Бахтин де индивидуалды-шығармашыл туындылар үшін белсенді жұмыс атқаратын формалды репициентті баса көрсетеді. Оның пікірінше, адресатқа ұсынылған көркем фильмді не киноны қабылдаушы (адресат) өз позициясын ұстану арқылы шешеді дейді. Яғни адресаттың ол оқиғамен келісуі немесе келіспеуі, берер бағасы, уайымы не қуанышы секілді сезімдерімен бөлісуі арқылы киноны өз танымымен көреді деген тұжырымға келеді [94, 260]. Кинодискурстың репициенті және оның авторы үнемі тығыз байланыста бола отырып, акттың уақыт пен кеңістікке байланысын қарайды. Киноның заманауи сатысындағы формалды байланыс деп кинорецензияны, форумдағы талқылаулар мен бейнебаяндардың түсірілуін, түрлі тақырыптық шоулар мен киім мен аксессуарларын жарнамалаудағы кинокартиналарды айтады. Когнитивті сатыда белсенді әрі жауапты түсінік ретінде көрерменнің кей жағдаяттарға көзқарасы білдіріледі. Сонымен, кинодискурс саласындағы әр тұлғаның таным-түсінігі бойынша кинофильм жай ғана түсіріліп қойылмайды, сонымен қатар кинофильм – аудиовизуалды шығарма, кинофильмде диалогтық кинодискурс қатар жүреді. Мысалы, «Абысындар» кинофильмінде кіріспесінен бастап диалогтық сөйлесімнен басталады:

*-Ал, кірісейік! Бұл - Бақдәулетовтер отбасы. Сенің міндетің осы отбасыға еніп, бәрімен толық танысу.*

*-Иә, мен дайынмын.*

*-Үлкен ұлы – Айдос. Мейірімді, ақкөңіл. Автобазада көлік жүргізуші болып жұмыс істейді. Көп нәрселерді ақшамен емес, малмен шешеді және келіншегінен қорқады. Бірақ барлығын өзім шешем дейді. Ортаншы ұлы – Жандос. Ақылды, мектепті беске бітірген. Кәсіпкер. Ең алғашқы ақшасын сыныптастарына үй жұмысын сатып тапқан. Бұл адаммен өте мұқият болу керек. Астанада агрорлық университетті бітірген. Әзілқой. Бала кезден Дәулет Тұрлыхановтың әндерін көп тыңдап, жылай беретін болған.*

*-Сонда бұл кім?*

*-Сенің көңіл-күйіңді түсірейін. Бұл - сенің күйеуің.*

*-Бірақ сымбатты екен...*

Мына эпизод-диалогтан байқағандай, эмоционалды сәттерді байқай аламыз. Қарапайым өмірдің сәттерін кино тілінен аңғарып, жаңа түскен келіннің мимикасы арқылы оның ақпаратты қабылдауын еркін аңғаруға болады. Оның тіліндегі *отбасыға* сөзі узустық қолданыс. Актив қолданыстағы сөз.

Лингвистикалық көзқарастар бойынша кинодискурсты шығармашылық немесе деректі, стиліне байланысты публицистикалық немесе ғылыми деп ажыратады. Жанрлық ерекшеліктеріне қарай (мысалы, жастар комедиясы, авторлық кинофильмдер) кейбір жанрлар лексика-грамматикалық субстанцияға сәйкес өзгереді делінген. Көркем шығармашылық дискурс өз кезегінде деректі, театралды дискурстармен қатар, драмадағы, көркем әдебиеттегі және ауызекі сөйлеу дискурстармен жымдасады. Кинодискурстар театралды дискурстан қарағанда көркем әдебиетке жақын. Сонымен қатар, көркем кинодискурста жағдаятқа сай туған ауызша дискурс болмайды. Қазіргі кездегі кино саласындағы тұлғалардың тәжірибесі актерлардың актерлік шеберлігі арқылы өлшенеді, ал киномәтінді тіл біліміндегі стилистика-синтаксистік, лексикалық ерекшеліктер арқылы айқындауға болады. Кинодағы сөйлеу мазмұны эстетикалық интерпретациялы құрылымдардың құзыреттілігіне жатады. Мәселен, «Тар заман» кинофильміндегі әрбір актердің сөзінде әдеби нормаларын аңғаруға болады:

*-Атақты түрік теңізшісі Перирис Еуропаның картасын сызған адам. Егер қарасаңыз, әр бұғазды, әр аймақты ыждағаттылықпен атласқа түсірген. Біз үшін қазақ жерлерінің шегарасы дәл осылай тыңғылықты сызылуы керек.*

*-Губернияларда қалып қойған жерлерді заңды түрде талап ету керек (Әлихан мен Міржақып сөзі).*

Мәтін мен дискурс синоним ретінде қолданылса да, олар әртүрлі құбылыстар болып табылатындығы туралы пікірлер біздің зерттеуімізге дейін айтылған. Тілшілердің пікірінше, «дискурс – қолданыстағы тілдесім. Бұл прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б. экстралингвистикалық факторлармен бірге, оқиғалар аспектісінде алынып, осы факторлармен байланыстырылатын мәтін; әлеуметтік мақсатқа бағытталған, әрекет, жұмсалым, қолданыс ретінде қарастырылтын тілдесім [95, 12].

Киномәтініне қарағанда кино дискурсының қолданыстық аясы кең. Киномәтіні ішінде коммуникация элементтерімен бірге оның мәнін ашуға арналған белгілер бар. Ал кино дискурсында хабар алмасу, қосымша ақпарат жеткізу қатар жүреді. Мәселен киномәтінде автор мәтінді қалың көпшілікке арнап, соларға бағыттайды, бірақ өзі тікелей қарым-қатынасқа түспейді. Ал кино дискурстың бүгінгі ұғымы мәдени-әлеуметтік, тарихи факторлардың бірге қарастырылуымен ұштастырылады.

Қазіргі уақытта дискурстың қолданыстық ерекшелігіне байланысты зерттеушілер ғылыми, мемуарлық, феминистік, саяси, әлеуметтік, идеологиялық, діни, кәсіби (медицинаға, педагогикаға, т.б.) дискурстар деп бірнеше түрге бөліп қарастырып келеді. Яғни дискурс әлеуметтік және мәдени институттар қалыптастыратын, ағымдық сөйлеу ретінде зерттелуде. Ал кино саласындағы дискурс кенже қалуда. Зерттеушілердің пікірінше, дискурстың негізгі белгілерінің бірі - «процессеуалдығы» немесе үдерістілігі екен. Дискурсты «құрамында мәтіннен басқа оны түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлары бар күрделі коммуникативтік құбылыс» ретінде қарастыру керек деген көзқарас бар [94, 8]. Бізге дейінгі зерттеулерде дискурс үш деңгейлі құрылымға жатқызылады:

- 1) суперқұрылым;
- 2) байланыс құрылымы;
- 3) синтаксистік құрылым [95, 58].

Бұл еңбектерде мәтін сөз актісінің жазудағы көрінісі, ал дискурс қолданыстағы мәтін деп ұғынылады.

А.Әділова дискурс пен мәтіннің мынадай ортақ белгілері мен айырмашылықтарын келтіреді:

1. дискурс автор интенциясына, стиль ерекшеліктеріне байланысты сұрыпталып, іріктеліп алынатын тілдік құралдардың жиынтығы;
2. дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды қамтиды, ол сөйлеу үдерісі;
3. дискурс нақтылы уақытпен ажырамас бірлікте, ал мәтін тек мәдени кеңістікте өмір сүреді, яғни ол уақытқа тәуелді емес, кез келген кезеңде екінші бір дискурста өзектенуі мүмкін;
4. дискурсты қайта туындатуға болмайды, ал көркем мәтін қайта туындатуға қабілетті және бейім;
5. дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән тудырушы көпқырлы, көпқабатты құрылым [97, 49].

Көптеген зерттеушілер (Фуко М., Ван Дейк, Г.Бүркітбаева) дискурстың белгілері ретінде *белгілі бір уақыт аясында, біреуге бағытталатындығы, сөйлеушілердің ой және ойлау деңгейінде әрекеттесетіндігі, арнайы мақсатты түрде мәтінді тұйықтауы динамикалық, функционалдық, өзектілік, үрдістілік, когнитивтілік әрекет, дыбыстық не графикалық репрезентациядағы тілдік шикізат болатындығы, белгілі бір ортада өтетіндіктен шартты түрде тұйықталатындығы* т.б. сипаттарды келтіреді.



Дискурс ұғымы уақытпен тығыз байланысты, күнделікті өмірдегі тіл, сондықтан ол индивидуалды, қозғалыстағы, айтушы-қабылдаушы деген екі тараптың өзгеріссіз болуы, ауызша сипатта болуы т.б. құбылыстармен бірлікте қарастырылады. Мәселен, «Біздің сынып» кинофильмінде:

*-Жігіттер, кешке не істейміз?*

*-Заттарымды реттеп, ұйықтаймын. Ұйқымның уақытын бұзып алмайын.*

*-Сен интернатқа емес шипажайға бара салмадың ба?*

*-Сұлтан білесің бе, дұрыс ұйықтаған адамның миы жақсы жұмыс жасайды (Сұлтан мен Марленнің сөздері).* Бұл оқушылар Алматы қаласында Республикалық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының тәрбиеленушілері. Сөйлеу мәдениетінен қазақы тәрбиеде өскен жастар екені бірден байқалады. Күнделікті қолданыстағы тіл болса да сөйлеу әдебінде қазіргі сауатты жазатын әрі сөйлейтін жастардың бір парасын байқайсыз. Бұл фильмнің өн бойынан қазіргі жастардың сөз тазалығын сақтап сөйлеуі бірден көзге түседі. Тілді шұбарлаумен түсірілетін фильмдерге қарағанда қазақ фильм қорына сапалы дүние түсірілгенін айта кетуіміз керек.

Ал мәтін статикалық күйде, құрылымдылық, кең өлшемді, терең мәнді, когнитивті әрекеттің қорытындысы, синтезі, жеткізуші және сақтаушы құрылым. Мәтіннің нақты шегін көрсету қиын, тілдік дерек мәтінішілік уақытпен байланысты, екінші деңгейлі күрделі сөйлеу жанры түріне жатқызылады.

Қазақ киносының тілін дискурстық бағытта зерттеу – қазіргі қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік тіл білімінің өзекті мәселесінің бірі. Қазіргі таңда қазақ тілінде бірнеше сериалдар мен фильмдер түсіріліп, қазақ кино өндірісі даму үстінде. Осы ретте оны лингвистикалық бағытта зерделеудің өзектілігі арта түсуде.

Кино дискурсын оқырманға тигізетін ықпалы мен оқырманның зерделеу әрекеті тұғысынан зерттеудің маңызы зор. Себебі, кино дискурсын көрерменге тигізер ықпалы, көрерменнің реакциясы, көрерменнің зерделеу әрекеті тұрғысынан зерттеудің маңыздылығы мен өзектілігі антропоөзектік бағыттағы кино тілінің орны мен қызметін айқындай түседі.

Кино тілі – кино дискурсын жүзеге асыратын тілдік тұлғаның ерекшеліктерін оның сөйленіс деңгейіне, ұлттық танымды игеруіне, айтылған сөзді қорыта алуына, түсінуіне, ондағы эмотивті бірліктерді сезіне алуына, интеллектілік деңгейіне, яғни сөйлеу мәнерінің қалыбына, сөз мәдениетін игеруіне қарай танып-білуге мүмкіндік жасайтын тілдің ерекше деңгейі.

Қазақ киносының тууы мен қалыптасуы туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Соның ішінде қазақстандық кинотанушылар ұлттық киноның тарихын жанрлары мен тақырыптары бойынша нақты кезеңдерге бөліп, сұрыптады. Өнертану кандидаты, профессор Бауыржан Нөгербек фильмдерді «фольклорлық фильм», «тоталитарлық фильм», «тоталитарлық емес фильм», «тоталитарлыққа қарсы фильм» деп төрт топқа бөлген [94].

Жалпы қазақ киносының өркендеуіне ғылыми-шығармашылық тұрғыдан да, қайраткерлік тұлғасымен де өнертану кандидаты, профессор Камал Смайылов елеулі үлес қосты. Оның «Қазақ киносының тарихы», «Фильм осылай туады» атты оқу құралдары жарық көрді. Көптеген кинофильмдердің түсірілуіне септігін тигізген ғалым. К.Смайылов: «Сол кездегі, қазақ даласында болып жатқан қайғылы да, қуанышты да құбылыстарды кинотаспаға түсіріп, болашақ ұрпақтарға өмір кезеңінің шын бейнесін қалдырудан асқан арман болсын ба?...» [98, 140], – деп жазады. Шынында, ұлттық рухымыз, тарихи тамырымыз, ерекше мәдениетіміз жөнінде ауызбен айтып жеткізе алмайтын дүниелер нақтылы дәлел-дәйектер арқылы кинокамераның күшімен өрнектелді.

Мемлекет басшысының сөзінше, қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше.

"Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек [99]. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/)

Негізінен кино өнерінің болашақ алдындағы жауапкершілігі зор. Өйткені онда тәрбиелік мән, ұлттық дәстүрдің қаймағы, тарихтың өшпес іздері жатыр. Яғни, қандай өнер болмасын ол – халықтың мұрасы, өткеннің шежіресі. Соның бірі – кино өнеріндегі экрандық бейне өз бойындағы танымдық мүмкіндікті айқын байқатады. Экран өнері өзінің мүмкіндіктері мен негізгі функциясын мейлінше кеңейтіп, рухани әрекеттің үлгісі ретінде қалыптасады. Сондықтан режиссерлер фильм түсіру кезінде барынша көп көріністерді қамтуға тырысады. Адамзаттың әлеуметтік ахуалы, махаббат тақырыбы, соғыс тақырыбы және ұлттық құндылықтарды әртүрлі сарында сипатталуы бек мүмкін. Сайып келгенде қазақ киноларының сюжеті ұлттық тамырдан ажыраған емес, яғни халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жоралғы қандай кинокартинада болмасын астармен немесе тікелей беріліп отырады.

Зерттеуші Ш.Нұрмышеваның кинодискурсына арналған еңбегінде киноаударманың теориясы, дубляж мәтінінің фонетикалық талдау үлгісі, кинодискурс аудармасындағы баламасыз лексикасының берілу жолдары, киноаударманың коммуникативтік-прагматикалық сапасына әсер ететін жағдаяттарды анықтау сөз етіледі. Қазақ киноаудармасына, қазақ кино тіліне жасалған алғашқы зерттеу десек те болады [94].

Осы тұста айта кететін жайт, «Шалқар» радиосында «Сөз киесі» (Редакторы әрі жүргізушісі Оңғар Құралов), «Сөйлеу мәдениеті» (Редакторы әрі жүргізушісі: Гүлназ Молдабергенова) бағдарламалары арқылы тыңдарманға сөз мәдениеті, норма және узус туралы нақты мысалдармен, талдаулармен жете түсіндіріледі.

Амандасудан бастап «*кеш жарық*», «*қайырлы кеш*» деген сөздерді өзіміздің танымымыздағы (аман өрдіңіз бе?) сөздермен алмастыруды ұсынса, «*әйел-аналар*» дегеннің орнына «аналар», «мақшарда» дегеннің орнына «машқарда», «*баға құнсыздандудың*» орнына «ақша құнсызданады», «*қол соғып қарсы алу*» дегеннің орнына «*шапалақтап қол соғу*», «*машина сынып қалды – машина бұзылып қалды*» деген мысалдарды көптеп айтуға болады [95]. Яғни күнделікті қолданыстағы сөйлеу тілінде қате қолданып жүргендігі байқала бермейді, зерттеушілердің пікірінше мұндай өзге тілдің ықпалы деп түсіндіріледі. Демек, тілдің ғасырлар бойы сомдалған асыл бұйымдары: тұрақты бейнелі тіркестер мен мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, бата-тілектерді өз мағынасында және құрамына қиянат жасамай қолдану – тілдің бүгінгі мәдениетіне, сындарлығын сақтауда қойылатын талаптың бірі. Ғалымдар мен әлеумет көңілін бұл сала да алаңдатады.

Ал youtube-та @Akademiya\_arnasi атты парақша да жұмсалымды лингвистика мен әлеуметтік лингвистика мәселелірі толыққанды түсіндіріледі. <https://www.youtube.com/watch?v=2nspvJHHdCM>. Бұл парақшада ғалым Б.Қапалбектің дәрістері мен сұхбаттары қамтылған. Көтерген тақырыптары «Жүйе-норма-сөйлеу», «Жұмсалымды және дәстүрлі лингвистика», «Коммуникативтік құрылымдар» және т.б.

Қазақтың жас киносы өзімен бірге айтарлықтай көп жаңалық әкелді, сонымен де ұлттық режиссура мектебін жаңа арнаға бұрды. Бұлай дейтінімізге себеп, қазіргі фильмдерде тақырып өзектілігінен бастап, кейіпкер бейнесін сомдау тәсілдері де жаңаша шешімін тапты.

Жас кинематографистер ұлттық режиссура дәстүрін жалғастыра отырып, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін айқынырақ көрсете білді. Егер ұлттық режиссура кезеңіндегі фильмдер ашық әрі жарқын туындылар болса, қазіргі кезең фильмдерінде бұл ашық атмосфера уақыттың ауыр салмағы нәтижесінде еріксіз «бұлыңғыр» тартып тұр.

Жаңа толқын режиссерларының туындылары қазіргі өмір сипатын ашық суреттеген, әр фильмнен уақыт тынысы сезіледі және сол арқылы адам бойындағы өзгерістерді байқауға мүмкіндігіміз бар. Қазіргі кино тілін зерттеп, зерделеп қарар болсақ, ол үшін қазақ кинотеатрлары мен теледидары арқылы көрсетіліп келе жатқан кинофильмдер жайлы болмақ. «Біздің сынып» (2023) кинофильмінде қазіргі өмір салтындағы жаңа туынды деуге болады. Себебі, ондағы сөйлеу тілі билингвизмінен, жаргон, сленгтен таза тіл.

Кино кейіпкерлерінің әлеуметтік сипатын анықтап, оның мінезін, ділін, білігі мен білімін, ақылы мен парасатын анықтау үшін де, кейіпкердің сөзіне көңіл бөлетініміз рас. Әлеуметтік тіл білімінде бұл мәселе В. Я. Задорнова, А.А. Липгарт, В.В. Амочкин т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелуде.

Қазақ кино өнері өзге өнер түрлері секілді мемлекетіміздің алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі таңда дейінгі жүріп өткен жолымен біте қайнасып келе жатыр. Қандай да бір құбылыстың өзінен-өзі пайда болмайтыны және оған міндетті түрде алдындағы құбылыстардың ықпалы болатыны белгілі. Ең

алдымен, қазақ киносының кеңес үкіметінің келмеске кетіп, тәуелсіздікке қол жеткізуімізге тигізген рухани ықпалы мол болғанын айтуымыз керек. Кино әлемінде кеңес үкіметі мен идеологиясына деген қарсылық КСРО ыдырауы алдындағы онжылдықта-ақ басталып кеткен еді.

Соңғы отыз жылда аз фильм түсірілген жоқ. Олардың тақырыптық ауқымы да, жанрлық, стильдік ерекшелігі де әртүрлі. Әрине, олардың барлығының көркемдік сапасы бірдей деп айтуға болмайды. Бірақ бұл фильмдердің сапасы қандай болған күннің өзінде, олардың өн бойынан өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның тынысын аңғаруға болады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында отыз жылда еңсерген тарихымызға шолу жасады. Әрбір айтар ойын жеке-жеке бөлімге аз болса да айтар ойы салмақты, келелі ойларды халқына жеткізді деп ойлаймын.

«Таным мен тағылым» бөлімінде: Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді [100].

Сонымен қатар, тарихқа және ұлттық болмысты көрсететін кинолардың көптеп түсірілуін құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың тарапынан жұмыс жасалуын тапсырды. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеруін және олардың тәуелсіздік жолында ұлт мүддесі үшін халқына адал қызмет еткен дара жолдарын насихатталуына байланысты жұмыстардың жүзеге асуына барша болып атсалысуды ұсынды [100]. Тәуелсіздік бұрын тыйым салынған көптеген тақырыптарды экранға алып шығуға мүмкіндік берді. Осы отыз жыл ішінде Алаш қозғалысының қайраткерлері, 1930 жылдардағы ашаршылық, репрессия құрбандары, полигонның зардабы, Аралдың тартылуы, т.б. сияқты тақырыптарда көркемсуретті және деректі фильмдер көп түсірілді. Тіпті, тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында 1986 жылғы оқиға туралы бірнеше көркемсуретті фильмдер түсіріліп үлгерді. Құнанбай, Мұстафа Шоқай, Ермұхан Бекмаханов, т.б. сияқты тұлғалардың бейнесін экранға алып шығу кеңес үкіметі жылдары мүмкін емес еді.

«Кейкі мерген» дискурсының динамикалық сипаты оның өз көрермендерімен тығыз байланыста болғандығынан көрінеді және режиссер Мұрат Бидосовтың ұзақ жылдардан кейінгі өз туындыларының мәні мен маңызының жойылмауына алаңдауынан аңғарылады. 1916 жылғы Торғай даласында болған ұлт-азаттық көтерілістің батыры, атақты мерген Нұрмағанбет Көкембайұлы туралы телехикая көрермен жүрегінен орын

алды. «Кейкі батыр – ерлігімен халық жадында мәңгі қалған адам. Алайда, Кеңес үкіметі кезінде батырдың атын атауға тыйым салып, кейінгі ұрпаққа әйгілі мерген жайында мардымды мәлімет жете қойған жоқ. Мен Кейкі Көкембайұлы туралы 1963 жылдан бері зерттеп келе жатырмын. Оның көзін көрген адамдармен көп жылдар бойы бірге жүрдім. Сол арқылы бабамыздың ерлік істеріне әбден қанығып, «Кейкі батыр» деген кітабымды жазып шықтым. Оның өмірі мен өнері киноға сұранып-ақ тұр. Бұл телехикая аты айтып тұрғандай батырдың өмірі мен өрлігін әсіресе мергендік шеберлігін көрерменге көрсетпекші. Бүгінгі ұрпақты батыр бабасымен таныстыратын керемет туынды болады деген үмітім бар», - деді Арқалық қаласының құрметті азаматы, өлкетанушы Шөптібай Байділдин [102]. Оның айтуынша, ел арасында таралған «Амангелді көз мерген, Кейкі қол мерген» деген сөздің мәнісі - Амангелді қай нысананы да көздеп атып, көздегенін мүлт жібермеген мерген болса, Кейкі батыр кез келген нысананы жүгіріп келе жатып та, атпен шауып жүріп те шапшаң атып түсіре беретін болған. Оның жастайынан мылтық атуға әбден машықтанғаны соншалық, қандай қимыл үстінде болса да нысананы дәл көздейді екен. Бүгінде батырдың бейнесін толық ашып, осындай жұрт білмейтін қырларын таныту мақсатында көптеген еңбектер жазыла бастады.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындаушы лингвомәдени бірліктерді телехикая тілінен табуда кейбір қиындықтар туындауы мүмкін. Себебі кейбір сөздердің мазмұн межесінде, мағыналық құрамында лингвомәдени компоненттер ашық түрде кездесе, енді біреуінде мәдени ақпараттар мағыналарының тасасында қалады. Сондықтан сөз мағынасындағы көрінбейтін мәдени компоненттер образдар, эталондар, семалар, концептілер аялық білім арқылы ашылады.

Сонымен қатар телехикаяда қолданған тіліне тоқталып, оның қазіргі көрерменге мағынасы бұлыңғыр сөздердің ұғымына лексикографиялық интерпретация жасап отырғанын байқаймыз. Бұл көп телехикаяларда кездесе бермейтін жайт. Осы арқылы сөздің ішкі формасы ашылып, тасаланған мәдени ақпараттар алынады.

«Кейкі Мерген» телехикаясының сценарий авторы Сержан Зәкерұлы қолданған дәстүрлі дүниетанымдық лексика, мәдени лексика элементтері тіл мен ұлттың бірлігін көрсетеді, ұлт тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, тануға негізделген. Сценарий авторы әлемнің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан «ардакүрең», «тәлейі бар», «қарымта», «тамыр», «жанбағыш», «найсап», «түтін» ұғымдарының ұлттық мазмұнын беруде ұтымды әдістерді шебер пайдаланып отырған [3]. Мысалы:

- *Жылқыдан қалағаныңды ал – деп Әбдігаппар сөзін аяқтады*
- *Қолыңызды қайтармайын, анау – ардакүреңді алайын, - дейді Кейкі батыр. (1-бөлім)*
- *Ұры мен қарақшыда ес болушы ма еді? – деді Кейкі*

- *Саған қарыздармын – деп Мәрия жымияды.*
- *Сені қарыздар болсын деп құтқарған жоқпын. Тәлейің бар екен. (1-бөлім)*
- *Кейкі, тоқта! Мынау өзім ұстаған қару еді. Тамыр болайық! Менен саған бір естелік болсын – деп, көпес Степан Березин Кейкіге ұсынады (1-бөлім)*
- *Темірен, сен маған алыс емес жанбағыш үшін Шымырбайға қызмет етіп жүргеніңді білемін. Шымырбайға мына айғырды Кейкі мініп жүр екен деп сәлем айт. (1-бөлім)*
- *Әкеңді ұрайын! Өңкей найсаптар! – деп Шымырбай ашуланады.*
- *Кейбір маған қарайтын түтіннің игі жақсыларыбізге жеңілдік бола ма екен деп табалдырығымды тоздырды – деп Шымырбай түсіндіреді.*

Автор дүниенің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан «қорқаулық», «жотама таспа іледі», «тулақ», «шолғыншы», «қандауыр» тәрізді ұғымдардың ұлттық мазмұнын ашып көрсетеді. Бұл жерде автордың адресатқа логикалық-танымдық мағлұмат беріп отырғанын көруге болады. «Біреудің дүниесіне сұраусыз қол сұғу – қорқаулық», «Шымырбай қоярда қоймай жұмсап еді. Айғырдың басын кесіп алып кел деген. Жануарға жаным ашып, не істерімді білмей әрі-сәре болып тұрмын. Құр барсам, Шымырбай жотама таспа іледі», «Басқа бір тулақ болса, сені шақырмас едім – дейді Әбдіғаппар, - Бір амалын қарастыр – Жердің астына кіріп кетпесе табармыз – деп Аманкелді Иманов жауап береді», «Осы Кейкі сияқты соғысқа барса құйрығын ұстатпас нағыз шолғыншы болар еді – дейді М.Дулатов», «Сес көрсету қара күшке салумен көрінбейді. Сыздаған бітеу жараның түбі бір жарылары анық. – Сол жараны қандауырмен тіліп тастайтын уақыт жетті». Сондай-ақ ұлт дүниетанымында сол кезде бар, қазір өркениет әсерінен өзгеріске ұшыраған немесе жойылып кеткен әдет-ғұрыптар жайлы деректер беріліп, олар жан-жақты суреттелген. Мысалы, құдаласу, асарлату, жеңгелік жасау, ұрын бару, алып қашу, қайғыны естірту.

Қазіргі таңда қолданылатын кәсіп атауларының кейбірінің бұрын болмағанын немесе ертедегі кәсіп атауларының қазір көбіне кездеспейтінін еске алсақ, тіл мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастың кәсіп атауларын білдіретін лексиканың пайда болуы немесе жоғалып кетуіне әсерін тигізетінін көруімізге болады.

*Мерген, қарақшы, аңшы, барымташы, тіс қаққан ұры, жалшылық, т.б.* лингвокультуремалары жаугершілік заманнан мағлұмат берсе, *ат баптар, ұста, саятшылық, айыл тұрман, т.б.* лингвомәдениеттанымдық бірліктер мал шарушылығымен айналысқан ұлтқа тән кәсіп атауларын білдіреді.

Көшпенді өмір кешкен ұлттың біртіндеп жартылай отырықшылыққа ауыса бастағанын *ояз, ауылнай, болыс, көпес, егінші, жүкші, пішениші, саудагер, күзетші, шаруа* тәрізді лингвокультуремалардан байқауға болады. Сол сияқты *жәрмеңке, губернатор, империализм, көпес, дуан, закон,*

*телеграмма, станция* кірме сөздер өркениеттік өзгерістерді көрсететін маркерлі бірліктер.

Соғыстың салмағы далаға да өз септігін тигізді. Саяси терминдер өте көп: Сібір жарғысы, Жихан соғысы, құрылтай және т.б. *Бүгінгі таңда білімнің, ғылымның көкжиегі – орыс тілі. Сондықтан бұл тілді біліп, үйреніп, өз мақсаттарыңа қолдана білгендерің абзал (Мұғалімнің оқушыларға айтқан сөзі). Малдың құнсызданғанынан, болыстың ауысқаны жаман. Айдағанға көнбейтін көшбасшыдан гөрі, айтаққа еретін адам іздегені шығар (Кейкі батырдың сөзі). ...Бұл жолы ара түсіп мал берерміз, ал келесі жолы бүкіл қазақ тақырға отырғанда немізді береміз? Жан береміз! Бұл тұрлаусыз тірліктің түбі соған әкеліп соғады (Әбдіғаппар болыстың сөзі). Тізгінді тартып ұстасаң, шу асаудың өзі айтқаныңа көнеді. Халық сол сияқты, солқылдақ шыбық сияқты. Оны бұлк еткізбей, айрандай ұйытып ұстау керек (Имамның сөзі)*

Фильмде көркемдік уақыт және кеңістіктің барлық формалары өзара біріне-бірі ауысып отырады. *Уақыт* – «патша жарлығының» халыққа тигізіп отырған зияны, әрбір салықты белгілеп қарапайым халыққа зардап шеккізіп, ішкі ширығу арқылы оқиға динамикасының берілу сәттерінде уақыт өте маңызды рөл атқарады.

Сол кездегі зұлмат соғыстың көрінісі, орыстандыру саясаты, аяусыз қазақтарды жаулап алу саясаты, шұрайлы жерді тартып алу, қазақты біріне бірін арандату, қазақ ішінен шыққан көзі ашықтарды халыққа айдап салу және т.б. әлеуметтік сипаттарды толық бере алатын көркем туынды ретінде қарауымыз керек. Бұл көркем шығарма емес, қазақ тарихының шындық бейнесі көрсетілген туынды. Тарихтағы ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошағы Торғай облысының батырлары, болыстары және қазақ зиялыларының барлық әрекеттерін кино әлемінен көре аламыз. Мәселен, Кейкі мерген, Аманкелді Иманов, Әбдіғаппар Жанбосынов, ал Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық бағыттағы зиялылар халықты өкіметке қарсы шықпауға, жарлықты орындауға үгіттеді [103, 51]. Әліби Жангелдиннің сатқын бейнесін айқын көруге болады. Сол кездегі барлық салықтың түрі аталады. Мысалы, *әскери салық, түтін салық, земство салығы, болыс салығы*.

Әлемнің кез келген классикалық шығармасын алып қараңыз, қандай жанрда, қандай стильде түсірілмесін, оның астарынан суреткер өмір сүрген қоғамның, жалпы адам болмысының шынайы келбетін көреміз [104,81]. Сол себепті «Кейкі мерген» фильмі де өзінің көркемдік шындығымен құнды деп ойлаймыз. Шығарма – қазақ халқының қайғы-қасіретке толы күресін баяндайтын реалистік туынды. Мұрат Бидосов осы киносында халқын сүйген Кейкі, Шұбар, Аманкелді батыр, Әбдіғаппар болыс, Темірен сияқты патриоттардың іс қимылдары мен жанқиярлық істері арқылы өз заманының шындығын көрсетеді.

Дүние бейнесінің кеңістік, уақыттық, мөлшерлік, өлшемдік және басқа да параметрлердің көмегімен айқындалатыны аян. Оның қалыптасуына тіл,

әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, табиғат, тұрмыс пен шаруашылық жағдайлары және басқа да әлеуметтік факторлар әсер етеді. Мысалы, *Ол өзі саяқ жүрген мал еді ұстата қояр ма екен?; Ымырт түскенді күтейік, мына түрімізбен барғанша, той тарқайтын болды; Таң атпай сен қыз мазаны алып, шошынғаннан саумысың?! Мұрныңның ұшындағыны көре бермей, алысқа да қарасайшы».*

Ұлттық мәдениетімізді, ұлттық дүниетанымымыз бен таным-талғамымызды айқынырақ танытатын ым-ишараттар бұл телехикаяда молынан ұшырасады. Әйтсе де, ұлтымыздың қайталанбас қасиеттерін білдіретін қайсыбір кинемалардың кей жағдайда әйел мен ер кісіге, үлкен-кіші қауымға ортақ болатынын да ескерген жөн. Мысалы, ер азаматтардың аттан түсіп сәлем беруі, үйге кірерде бас киімін шешіп кіруі, амандық білдіргенде қол алысу. Коммуниканттар көптен бері бірін-бірі көрмеген жағдайда көңіл-күйі мен ағынышын білдіру үшін дене қимылдарынан – құшақтасу және төс қағыстыру кинемаларын қолданады.

Қазақ кино әлемінде жанрлық фильмдердің бірқатары тарихи тұлғалардың өмірбаянына негізделген. «Кейкі мерген» фильмі де тарихи тұлғаны барлық қырынан ашады. Фильмдегі кейіпкерлердің бейнесі бірін-бірі қайталамайды, олардың болмысында, мінез-құлқында, дүниетанымында ұлттық ерекшеліктерді көптеп кездестіреді. Мәселен, әр кейіпкер тілінде көрініс тапқан мысалдарға тоқталсақ. *Ат құйрығын кесіп кету; Үйірінен безген саяқтай сопайып жалғыз келіңсің; екі асап екі бүйірін томпайтпақ екен, Шымырбай тісін қайрап отыр, Сіздің етегіңізден ұстап өмірлік жар болуға мен дайынмын; Сүйекке таңба салдыңдар; Алдарыңыздан өтіп атшапан айыбымды төлеймін, Өкпеге қисақ та, өлімге қимайтын бауырмыз; Ат құйрығын кесіп кетіп не едім; Жарым жолға жетпей жалт береріңді білсемші; Ауыздарын қу шөппен сүртіп отырған жоқ; Көмейіне құм толмай арыны басылмас.*

Фильмнің кейіпкерлерінің тілінде бір сыңарының мағынасы күңгірттенген, бірақ бірінші сыңарымен синонимдес болып келетін қосарлама қос сөздер де кездеседі. Мысалы, *тәтті-тәрмек, қатын-қалаш.*

Қазақ қауымының өзінің төл этникалық территориясымен бірегейлені туралы Н.Әлімбаев әрі қарай былай ой өрбітеді: «Освященные традицией (Балхаш, Іле, Қаратал, ұлы Сарыарқа т.б.), эти объекты – *киелі* – вкуче с соответствующим ритуально-обрядовым комплексом мотивируют коллективную привязанность общинников к данно территории, следовательно, являются весьма эффективным институциональным средством географической самоидентификации [105,13]. Осы мәселеге қатысты А. Жартыбаев Орталық Қазақстандағы XIX ғ. Қалыптасқан топонимдік жүйені саралай келіп, мынадай ой айтады: «Қазақ революциясына дейінгі ойконимдер негізінен ру басы, ауыл иесі есімдеріне сәйкес аталып отырғанын айқын байқаймыз [106,54]. Мысалы, *Торғай даласы, Жыланышық, Кейкінің үңгірі, Сәлімгерейдің жайлауы, Шымырбайдың ауылы, Тұйықсай* және т.б. атауларды фильмде айқын аңғарылады. Бұл қазақ



топонимиясында Қазан төңкерісіне дейін орын алған дәстүрлі топонимдік номинацияның уәжділік сипаты, құрылымдық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық, грамматикалық модельдері халқымыздың этногенезі, жүріп өткен жолы мен уақыты.

Сонымен қатар шығарманың көркемдік құрылымында фольклордың элементтері жиі кездеседі. Ал, ұлы Абайдан бастау алатын жаңа жазба әдебиет фольклорға саналы түрде барды, оған қажетті дәрежеде арқа сүйеді. Бұл жерде біз фольклордағы сөздер мен тіркестер, сюжеттер мен кейіпкерлер, жекелеген жанрлар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар кино тілінде емін-еркін жүретіндішіг айтып отырмыз. Олардың біразы табиғи түрде жүрсе, кейбіреуі мақсатты түрде қолданылған.

Кино ішінде орайы келген сәттерде қазақ шешендік өнерінің көріністерін айқын көре аласыз. Аталы сөз, нақыл сөз, мақал-мәтел деген тұнып тұр. *«Қиырға барып атан болғанша, өз жерімде жүріп бура болғаным артық»*, *«Жақсының жаттығы жоқ»*, *«Сөзсертпен тең»*, *«Адамның күні адаммен»*. *«Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуушы ме еді»*, *«Ер жігіттің ішіне ер-тоқымды ат сияр»*, *«Бөрі азығы, Тәңір ырыздығы»*, *«Жалғыздық тек Аллаға ғана жарасқан»*, *«Сауда сақал сипағанша»*, *«Атан көтерген жүкті, нар көтере алмайды»*, *«Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады»*, *«Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты»*, *«Өлімді жерде молда семіреді»*.

Шын мәнінде, «Кейкі мерген» фильмі – өте мұңды шығарма. Бұл сол кезеңдегі қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңнің бір көрінісі ғана. Тіпті кең далада түсірілген тау мен даланың өзі кейіпкердің өміріндегі аса бір қымбат дүниемен қоштасып тұрғандай әсер қалдырады. Кейкі Көкембайұлының өліміне ел ішінен шыққан сатқындар кінәлі. Оның жерленген жерін, яғни сүйегін даланың көк бөрісіне дейін қорғаштайды.

Киноның күші де, әлсіздігі де тілінде көрініс береді. Сахна тілі тұжырымды әрі қысқа, көздеген жеріне дөп тиетін анық та әсерлі болуы шарт. Кино әлемі автор, режиссер, кейіпкер жұмыла қатысқанда нәтижесін беретін күрделі жанр.

«Кейкі мерген» киносында пафосқа толы ажарлаулар, әр сөздің астарындағы ұлан-ғайыр құбылтулар, айшықталулар, ауысулар бәрі – әр қаһарманның сөзін де, өзін де даралап көрсететін әрекеттер болып табылады. Ұлтымыздың сөз байлығы деген ұшан теңіз. Мәселен, *Ассу дайындау; Бас сауғалау; Мінгесеміз; Ояздың солдаттары тепеңдеп күнде келеді; Қарымтасын беру; Қолды болып жүрмесін. Көзбен шолып, жүрекпен көздеу керек, Қараша халық ұйыса ол бір алып күш. Ол күштің күретамырына бай-болыстарды араластырмай қан жүгірте алмаймыз.* Әр кейіпкер тілінде ұлттық бояуы қанық тіл байлығымен ерекшеленеді.

Баршамызға белгілі бұл киноның артар жүгі ауыр. Мұндағы өмірді образдар, тарихи оқиғалар арқылы әсерлі суреттейді. «Кейкі мерген» кино туындысы батырлық символ ретінде Кейкі Көкембайұлы мен Аманкелді Иманұлының батыр образдары шебер сомдалған. Патшаның отаршылдық

канауына қарсы халықтық стихиялық толқуын, еркіндікке ұмтылуын, патриоттық рухтың кең қуатын «Кейкі мерген» киносы арқылы терең танимыз, тарих таразысына үңілеміз.

Режиссер Мұрат Бидосов елін, жерін сүйген патриоттардың философиялық толғаныс – тебіреністерін баяндау арқылы заман тынысын, ер тарихын танытады. Киноның жастарды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

Зерттеу барысында «Қазақстан» телеарнасының мұрағаттар қорындағы «Сарай сыры» көркем филімнің 12 бөлімі алынды. Әрбір келтірілген тілдік талдауларға логикалық пайымдаулар және салыстырмалы әдіс арқылы мысалдар келтіруде көп септігін тигізді. Кино тілін талдау үшін лексика-семантикалық топтар бойынша талдау мен компоненттік талдау жасалынады.

**Қазіргі кино тілі: «Сарай сыры» көркем фильмінің дискурстық ерекшелігі.** Өнердің әрі жаңа, әрі бұқаралық түрі киноға қазақ халқы да құмарта түсуде. Кино бүгінде халықтың сүйікті сауығы болып алды. Халқымыз әрі көркем, әрі идеялы картиналарды талап етеді. Ол экраннан өзінің тарихи кезеңдерін, ер жүрек батыр ұлдарын, социалистік құрылыстағы титандық күресін көргісі келеді.

Дұрысын айтар болсақ, өзімізді өзіміз таныстыратын кезең келді. Басқаның өнерін насихаттап ешкімді таңқалдыра алмайтынымызға көз жеткіздік.

«Сарай сыры» көркемфильмі – ұлттық тамырымызды, тарихымыздан сыр шертетін экран өнерінің қайталанбас туындысы. Сол туындының тілдік-стильдік сипатын тану мақсатында біз бұл мақалада кино тілінің талдауын жасадық. Халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жоралғылар кинокартинада барынша әдемі берілген және кино кейіпкерлерінің тілінде ұлттық құндылық толық берілген.

Тарихи кинодан режиссер мен сценарий авторларының шығармашылық ізденістерін байқадық және өзіне тән ғасырдың тілдік элементтерін кино тілінен толық аңғарамыз. Көркемтуындының тілі сценарий авторларының даралық мәнері жағынан өзіне назар аудартады. Мақсатымыз - «Сарай сыры» көркемфильмінің сөздік тегін құрамына, сөздердің көне-жаңалығы мен тематикалық және мағыналық жіктелуіне қарай талдап, таныту.

Тақырыпты таңдап алу, өмірлік құбылыстарға, қоршаған ортаға, ең бастысы адамға көзқарас – бәрі-бәрі де біздің халқымыздың өткені мен бүгінгісін, әдеті мен салтын, қазақ жерін сақтап қалу мен тәуелсіздік жолында ерен еңбегін шынайы суреткерлікпен бейнелеу арқылы көрінуге тиіс. Қазіргі түсіріліп жатқан тарихи кинолардың орны ерекше.

Бүкіл қазақ кино өнерінің тарихи жолын шолып шығуды, я болмаса оның бағыт-бағдарларын, проблемаларын айтуды міндет еткен жоқпыз. Ол – күрделі ғылыми сын еңбектің жүгі. Сондықтан кино өнерін сүйетін, көз көріп, көңіл тойдырып жүрген көркем фильм туралы мағмұлат беруді көздедік. Кино дискурсы тәуелсіздік жылдарынан кейін өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі көңіл толарлық тарихи кинолардың тіліне мән беріп, «Сарай

сыры» киносының сценарий жазушыларының еңбектерін саралауды жөн көрдік.

«Сарай сыры» көркем фильмі Ішкі Ордада 1823-1845 жылдар аралығында Бөкейұлы Жәңгір хандық билікті атқарған тарихи оқиғаларға негізделеді.

Бұл жанрдың мән маңызы туралы зерттеген ғалымдар саусақпен санарлық. Бүгінгі күнге тарихи кинолардың тілі туралы зерттеулер аз. Ғылыми зерттеу барысында бұл салаға саналы түрде зерттеу жұмысына тереңдеу қажеттігін түсіндік. Басты мақсат тарихи кино тілінің болмыс-бітімін тануға бағытталады.

Бұл нысанды талдаудың деректері мен нәтижелері, бір жағынан, ХҮІІІ ғасырдың басындағы әдеби тілдің лексико-грамматикалық сипатын белгілі қырынан танып-білуге көмегін тигізер болса, екінші жағынан, қазіргі кино тілінің өзіне тән ерекшелігі және қазақ әдеби тілінің шоқтығы биік орнын танытуға арналатын «Қазіргі кино тілінің теориясы» деп ғылыми курстар мен арнаулы семинарларды жүргізуге, сондай-ақ сол пәндер үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазу барысында пайдалануға болады.

*Кино тілінің лексикасы.* Біздің байқағанымыз, кино тіліндегі лексикалық белгілер, яғни кітаби лексика үлгілердің құрамында қазақ тіліндегілерге қарағанда, араб-парсы сөздері сан жағынан әлдеқайда көп болып келуі және халық тіліне еңбеген бейтаныс шығыс сөздерінің болуы.

Араб-парсы сөздері. *«Сіздің ілтипатыңызды білмей мехнат шектім. Мәжнүннің кейпіне түскен мендей бейшараға бір рет болса да рахым етіңіз!»*, *«Қайқы қылыш гәлләмізді кеспей тұрып, харекет қылуымыз керек»*, *«Сені мазалап жүрген тақ мәселесі екен зой, әлде жөн сілтеп сыртымнан пәтуа шығарып қойдың ба?»*, *«Фатима ханшаға жаңа кітаптардың жайын баян еттім»*, *«Алладан мәдәт етіп»*, *мәслихат етуші еді; гибадат ету; инсан; түрлі ой, түрлі фикер болады.*

Жоғарыда берілген сөздер қолданыс сипаты жағынан діни лексика деп қарастыруға болады, алайда діни емес сөздер де кездесіп отыр, алайда сол хандық дәуірдің тілінде діни мазмұнға лайық, араб-парсылық сөз қабаты да, көбінесе, дінге қатыстылардан тұрады. Зерттеу жұмысымызда абстракт ұғым атаулары да шығыс сөздері арқылы берілгені байқалады. Кино тілінде араб-парсы сөздерінен басқа татар тілі және оғыз тілдеріне жататын жеке сөздердің қолданысы киноның тілдік сипатын ашып, тереңдете түсуге өзіндік үлес қосады.

Кітаби тіл ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда етек алып, жанданып тұрған кезі деп ғалым Р.Сыздық зерттеулері дәйек береді. Әсіресе, бұған діни әдебиеттің дамуы үлкен себепкер болды [108, 16]. Демек біз сөз етіп отырған кезеңде шағатай тілі түркі тілдерінде жазылған еңбектерде теологиялық әдебиеттің ресми тіліне айналған болатын. Ғалымның зерттеулерінде кітаби тіл нормасына араб-парсы лексикасын діни қисса-дастандарда молынан енгізіліп қана қоймай, сонымен қатар көркем әдеби тіл өкілдерінің тілдерінде де орын алған деп көрсетілсе, бұл құбылысты кино тілінен бірден аңғаруға болады.

Көне сөздер. «Желең шекменіңіз құтты болсын, ана!», «Балам, «Шахнаме» бүгін оқып төгесетін дастан емес?», «Қан тұқымында билігін берген қараша халықтың хақы бар, балам!», «...қынабынан суырылған қанжар қиянат кешпейді», «Қырды көрсе қомданатын...», «Өзіңе жүктейтін бір ықтиярым бар», «...бұлай бола берсе ата-дәстүрден ажырап дүдәмал күйге түсеміз», «көлбілтелемей, турасын айт!», «көңілі байсал тартып, жүрегі тынышталмаса ешбір ем дауа болмайды», сұрқия, патшағар, қадым заманнан қадірлі, алдияр, «қырды жасыл желекке айналдыруға болатыны кәдік», «Қазима осы күнге дейін ішкі мәселелерді өзі мәттақандап келді... Ордаға келетін мехман-мінәжаттар...барлығына өзің жауапты боласың».

Халықтың ауызша сөйлеу тілін, ғасырлар бойы қолданыста өңделген ауыз әдебиетін, сонымен қатар өзіне дейінгі және өзімен үзеңгілес қаламгерлер үлгілерін шебер меңгеріп, солардың тілін ұтымды қалыбында пайдаланған кино-сценаристі фильмнің кейіпкерлерінің лексиконына қазақ тілінде ертеректе қолданылып, өз заманында қолданыста сирей бастаған немесе көнере бастаған сөздерді де шебер енгізген.

Желең шекмен, қанжар, қомданатын, дүдәмал, тақылет, көлбілтелеме, көңілі байсал тартып, кәдік, мәттақандап, мехман-мінәжаттар, орғып, қанішер, дүдәмал, ықтияр, алдияр, ымараласу осындай көне сөздер – кез келген лексикалық бірлік өзі жасалып тұрған түбірдің мағынасы арқылы уәжделіп, негізделеді, өзі атайтын ұғымға сәйкес, номинативті белгілер қалыптастырып, уәжді атау туғызады [109, 168].

Лексикалық ескі тұлғалардың көп кездесетін тағы бір тұсы – қос сөздер құрылымы. *Тарту-таралғы, көңіл-қошым, сый-сияпат* секілді қос сөздердің бірінші, не екінші сыңары – қазіргі уақытта жеке қолданылмайтын мағынасы күңгірт сөздер. Олар не бөгде тілдің, не көне түркілік тұлғаның бірі болып келеді.

Көнерген сөздердің пайда болу уәждерінің басты себебі – қоғам дамуы кезінде бір уақыт өлшеміндегі әртүрлі құбылыс, зат атауларының сол реалийлерінің (заттардың, ұғымдардың) сол сәттегі қоғам өмірінен, күнделікті тыныс тіршілігінен, халық қолданысындағы танымынан ығысқандықтан, оларды атайтын сөздердің қолданыстан шығып қалуы [110, 235]. «Шаригат қағидаларына негізделген байырғы дала заңдарына қосымша: Билікке бағынбау, бүлікшілік, кісі өлімі, Орданың шегара-шебін ұлықсатсыз кесіп өту, қазына мүлкіне қол сұғу, жалған ақша жасау, зорлық-зомбылық, барымта және отыз күміс ақшаға дейінгі ұрлық-қарлықты қайталап жасаған жағдайда қылмысы ауыр деп саналып генерал-губернатормен арадағы келісім бойынша бұл істер Орынбор шекара комиссиясымен әскери сотына тапсырылсын. Рубасы, старшындар жылы жауып, жауырды жаба тоқи салатын мәселелерге енді жол жоқ. Дәстүрлі үкім-шараларға, ағайынгершілік-ымырашылдыққа енді жол жоқ» деп Жәңгір ханның жарлығында қаншама термин сөз бар. Олардың дені бұл күнде қолданыстан ығысып, ескіре бастаған бірліктерге айналып барады.

Жаңа сөздер. Орыс сөздері (русизмдер). «Фатиманың арқасында татарша шекмен киіп, көркіміз ашылып қалатын болды», «Далаға арналған жаңа уставты кешеуілдетуі қажет», Қазан университеті, Петербордағы Паж корпусы, Неплюев кадет корпусы, ақ патшаның офицері, прапорщик, граф, кресші, даңғыра (музыкалық аспап), десәтина (десятина), платина, ғылыми кеңестің хатшысы, ғылыми білім, сый грамотасы, пошта бөлімі, газет-жорнал алдырып жаңалықтардан қалмайтын болдық, банка ашты, қағаз ақша, экспедиция, Жасқұс ставкасы, Астрахан губерниясы, православ дін өкілі, генерал-майор.

Қазақтың ауыз екі сөйлеу тілінің, соған негізделген көркем әдеби тілінің бұрыннан келе жатқан принциптерінің бірі – әртүрлі қарым-қатынас нәтижесінде тіл тәжірибесіне шеттілдік сөздерді қабылдап, санамызға бейнелі түрде қабылдап, тіл құзіреттілігін өтейтіндерін тұрақтандыру, әдеби айналымға түсіріп, қолданысқа енгізу болатын. Осындай кезеңдерде лексикамызға, сөздік қорымызға өте ертеден-ақ парсы, моңғол, одан кейінгі кезеңде тарихымызбен астаса отырып, араб, орыс тілі сөздері енгені мәлім. Орыс империясының билігі қазақ қоғамында 1812 жылғы Уставтан кейін-ақ күшін жүргізе бастағаны белгілі. Соған орай *закон, платина, ставка, губерния, кадет оқуы, корпус* және т.б. сөздері сирек болса да әдеби тілге ене бастаған. Әкімшілікке қатысты сөздердің ішінде *шен, офицер, ғылыми кеңестің хатшысы, полковник, генерал-майор* алғашқы енгендердің бірі болар. Ресей патшасының өзге халықтарды бағындыруда қолданған тәсілінің бірі – сол халықтың үстем тап уәкілдерін шен, сыйлық беріп, өзіне қаратып алу болғаны мәлім. Сондықтан қазақ даласына *шен* сөзі отарлау актісімен бірге келген. Осылай кірме сөздер өркениеттік өзгерістерді көрсететін тілдік бірліктер ретінде сөздік қорымыздан орын алды.

Үкім-заң істеріне қатысты сөздер. «Халыққа пәрмен жүргізетін билеушінің де айналасы тартылған жіптей жинақы болу керек. Қырандарыңның қанаты қатайып келеді. Қайсының ұяда, қайсының қияда қаларын бағамдайтын да кез келді. Оны енді өзің де безбендеп жүрсің зой. Ұяластардың арасын ала қылмайтын шешіміңді шығар. Көңілі күпті болғандар болса бәсі басылсын» (Атан ханша сөзі), *абыз билер, билер отырысы, хан кеңесі, дала заңы, «бағытын білсек басалқы кеңес айтармыз», «Патша ағзам өз мизамына сәйкес әкімшілік жүйесін енгізсек дейді», «ата жайлауының етегі еңісте жағасы жыныста қалып, жеріңді орыстың зәкөнімен бөлсең шаруаның жайы шатқа аяқтайды, хан ием!».*

Көнерген және ескірген бірліктердің қомақты бір тобы – үкім-заң істеріне қатысты сөздерді жатқызуымызға болады. Олардың ішінде *билеуші, пәрмен беру, билер, билер отырысы, хан кеңесі, дала заңы, жер бөлінісі, тақтың салмағы* сияқты сөз тіркестерін бүгінгі ғылыми-тарихи еңбектер мен көркем әдебиеттен кездестіреміз. Ал *пәрмен беру* тіркесін қазіргі таңда әскери термин ретінде қолданамыз. Яғни осы секілді сөздеріміз термин дәрежесіне көтеріліп, әдеби тіл нормасына айналды.

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер. «Ұялас қасқырдың барлығы арлан болмайды, біреуі ғана абадан болады», «Шын сөзбен жел сөздің арасын айыра алмайтындар отыр», «Жетімін жылатпаған, жесіріне пана болған елміз», «Ақын ел ішінде жүргенде арқаланады», «Ханда қырық кісінің ақылы бар», «Мейман дос пейілмен», «Әділ дос сырттан сынамас болар», «Ат айналып қазығын табады», «Биліктің безбенін ұстап тұру оңай емес», «дәрежең биіктеген кезде ұяластарыңның өзі жаулықпен қарауы мүмкін», «Ашуыңды ақылмен тізгінде», «Әліптің артын бағайық».

Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер – халықтың өмір тәжірибесіндегі ой-толғамдары, өмір сүру философиясы және өмірді тану түсінігі [110,220]. Кейбір тұстарда түсініксіз сөздер, сөз тіркестері кездеседі. Мысалы, *Ұялас қасқырдың барлығы арлан болмайды, біреуі ғана абадан болады* деген нақыл сөз бар. Мұндағы *абадан* сөзінің мағынасын түсіндірме сөздікте: 1. Қасқырдың топтанған әуегінің көсемі, күшті де мықты бастаушысы. Ау, бөрілер, бөрілер, Бөрімін деп жүрелер, Нәр бірінің баласы, Алтау болар, бес болар, Ішінде *абаданы* бір болар. *Абаданынан* айрылса, олардың нәр біреуі бір итке жем болар (Алдаспан). 2. *Көне*. Бай, ауқатты. Демек, көнерген тұлға, ол көбінесе мақал-мәтелдерде, ХҮ-ХІХ ғасырлардың жырларында кездеседі.

Салт-дәстүрге қатысты сөздер. «*Уа, Жаратқан, адал ниетімізді қабыл ете гөр*» (Қасапшының сөзі), «*Батыр мен ақыннан алған сыбаға алған, сенде арман жоқ*», «*Біз жаққа да ат басын бұрып, қоналқы жаса, Махамбет! Жырыңмен сусындатып, ағаңның мерейін тасытып қайт*», «*Сөзімді жықпай, тілегімді қабыл алғаныңызға бек разымын. Қаралы жанның қам көңілін сейілтп, қал сұрасу...*»(қазіргі «көңіл шай, жұбату шайы»), «*Төркін жұрттан келген тәттімен өзіңізге арнайы шай беруді жөн көрдім*», «*Биліктің бәсіресі хан тұқымының құзіретіндегі шаруа. Жаулықтының жағаласқаны қай дәстүріңде бар еді, Әділкерей сұлтан!*» (Шығай сұлтанның сөзі).

Діни-нанымға қатысты сөздер. *Астапыралла, кәнірат, махшар, Жаратқан, «кебенекке емес кебінге орап әкелгенім», Жаратқанның сынағы, иманигүл өкілдері, сопы, рақымшылық күтпе, дінін сатқан найсап*. Мәтінде араб, парсы тілінің ислам дініне қатысты сөздер баршылық. «*Кебенекке емес кебінге орап әкелгенім*» деп ханның үлкен ұлының қазасына айтылған сөз. Бұл жердегі мағынасы «Кебенек кигеннен безбе, кебін кигеннен без», «кебенек киген келер, кебін киген келмес» мағынасында жұмсалып тұр. *Кебенек* сөзі көне сөз. 1. Малшылардың аяздан, жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киетін, жұқа кигізден тігілген сырт киімі, сулық. 2. Ешкіде ғана болатын аса қатерлі, жұқпалы ауру. Кино тілінде бірінші мағынасында беріліп, баланың сырт киімі ретінде қолданып отыр.

Кино тарихи әрі көркем туынды болған соң мұсылманшылық идеясын ұстанған, бала тәрбиесінде Атан абыз ана немерелеріне Ясауи хикметтерін, Фирдаусидің «Шахмана» жырын оқытып отырған тұстары да байқалады.

Бабаларымыз дәстүр мен дінді үйлестіріп ұстаған. Көркем фильмде жоқтау айтылады, оны сабырға шақырады, аян беру, дастархан басында бата

беру, ақтық сапарға жаназа шығарылып, құран оқылады және т.б. дәстүр мен діннің жалғастығын толық көре аламыз.

Хан мен анасының диалогы, әке мен бала диалогы ерекше сипат алған. Сөзіміз анық болу үшін хан мен ұлы Сақыпкерейдің диалогын беріп отырмыз:

- *Атаң Бөкей хан мені бозбала шағымда жанына ертіп осы жерлермен талай алып жүрген. Өмірде көрген-түйгенін айтып сырласатын. Сол кезде астарлап айтқандарының сырын кейін жүре келе ұқтым. Ешкім мәңгілік емес. Сыртынан теп-тегіс көрінгенімен менің де жолымда қия-құзды аңғарлар жетеді(i).*

- *Иә, әке!*

- *Егер Жаратқанның жазмышымен тосын жағдай болса сарайдағы билікті берік ұстап қалсаң ұстадың. Ал босандық танытсаң айналаңдағы ханталапайға салады. Биліктің бағы да басқа оңай қона салмайды. Әбілқайыр ханға арғы бабаң әз-Жәнібектен араға жеті ата салып қайта оралған бақ бұл, балам. Жадыңа тұт. Біз қазір алмағайып заманда тұрмыз. Атаң Бөкейдің де мойнындағы жүгі жеңіл болмаған. Мына жерді сақтауды маған аманат етіп қалдырды. Көрішінің қаруы да білімі де күшті. Бізге керегі Еділ мен Жайықтың арасын сақтап қалу. Қазақты оқытсам егін еккізіп, кәсіпке баулу. Отаршылдыққа үйретсем деймін. Қолымнан келгенше осы парызды өтеуге тырысамын. Арғы жағы сендерге аманат.*

- *Түсіндім, әке! Тек көрші жағы пайымыңызды ашып айтсаңыз?*

- *Аждаһадай аранын ашып, тым жақын келіп қалды. Ойлаған пизғылы да белгілі. Жайықтың бойы солардың бекіністері. Әрі қарай дендеп ене бермек. Халқымның маңдайына жазғаны да сол шығар. Бірақ қол қусырып отыра беруге де болмайды. Мен қазақтың балаларын Петербор, Қазанға оқуға жіберіп жатқаным да сондықтан. Қарумен қарсы тұра алмасақ та қарыммен, біліммен әрекет жасауымыз керек.*

Хан мен ұлының арасындағы ой-толғаныстарынан барша қазақ даласының тағдыры суреттелген. Режиссердің негізгі нысаны – хан және оның айналасындағы адамдар. Сондықтан ханның елге деген адал қызметін қарумен қарсы тұра алмасақ та қарыммен, біліммен әрекет жасауымыз керек және ол енгізген жаңа жүйелерге қазақты оқытсам, егін еккізіп, кәсіпке баулу. Отаршылдыққа үйретсем деймін көшпелі халықтан шыққан батырлардың көзқарасы, аяқтан шалатындардың іс-әрекеттерін толық сипаттап көрсетіп, кейіпкерлердің образын аша білді.

«Сарай сыры» фильмінің тілінде *ас-су, әшкерә, жалаңқая, тұрақ-жай, ыждағат, мархабат көңіл, кісі киік, соқпақты сүрлеумен келемін, хас шебер, тілдесем деп армандаушы едім, жан сауғалап жүріп, машық еттім, сәл кешеуілдетуді тілек етіп еді, серт бұзылмауы керек, пәндәуи тіршілік, сөзіңнің салмағы бар, малдың нөпірін азайтып, қарарыңызды орындау, алған міндетімізді қабыссыз орындаймыз, мұғдары жеткен пенденің барып жатқан, тауарихына көз салып, ар-иманның таразысын ұстап тұру қиын шаруа, Алланың сотынан ешкім де шет қалмайды, т.б. сөздердің*

қолданылуы кино сценарисінің зерттеуге алып отырған заманның сөздік қабаты, оның ішінде архаизмдерді, жергілікті тіл ерекшеліктерін де шама-шарқынша пайдалана білгенін көрсетеді, өйткені жоғарыдағы мысалдардан контекст ішінде мағынасы ашылатынын және әсерлі образдар жасайтынын көре аламыз.

Көшпенді өмір кешкен ұлттың біртіндеп жартылай отырықшылыққа ауыса бастағанын, одан кейін ауылшаруашылықпен айналысуы *шөпшілер, егінші, саудагер, күзетші, шаруа, қосшы* тәрізді лингвокультуремалардан байқауға болады. Кинода *қамшы, сойыл, әскери шеп, садақ, найза, қылыш* секілді сөздер не сөз тіркестері жиі ұшырайды, яғни кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданған.

*Кино тілінің грамматикалық сипаты.* Кино тіліндегі грамматикалық құрылысы да өзінен бұрынғы көне әдеби тілден, сондай-ақ қазіргі жазба әдеби тіл құрылысынан ерекшеленетіндей түбірлі айырым белгілер бар дей алмасак керек. Дегенмен негізгі әдеби тілдің грамматикалық құрылысымен дәл бірдей деп те айтуға келмейді.

«Сарай сыры» көркем туындысындағы грамматикалық ерекшеліктер, негізінен, қосымшалар мен етістік формаларының аясында байқалады. Сол ғасырларда жазылған еңбектерге тән мұнда да қазіргі тіліміздегі *–да, –де, мен, және* ыңғайластық жалғаулықтарының орнына, кейде солармен жарыстыра, парсы тілінің *һәм* жалғаулығы молынан қолданылған. Мысалы, Жәңгір ханның заңдары мен ағзам патшаға жазған хаттарында көптеп қолданады.

Кино тілінде сөз таптарының әрқайсысынан-ақ көнерген аталымдарды байқауға болады: *ұлық, дарақ (ағаш), сән-салтанат, зекет, соғым салығы, шешек (ауру), дат, куәлікнама, бәс (зат есім), уағдалы сөз, бейәдептер, тұрлаусыздар, парықсыздар* (субстантивтенген), *дүр, бату (тиді), хаймана, оқалы шен, оқалы тон (сын есім), қымсынба, қылаң берсе (етістік) қадым (үстеу), Уа, тақсыр!, Құп, тақсыр! сөздері* (одағай) болып есептеледі. Бұл фактілер тілдің даму барысында көнеруі жан-жақты әр тараптан жүріп жататындығын дәлелдейді.

*Ұлық әскербасшы, қу меден, алымды кісі, болат кездік, гүлзар бақ, байламды тілек, сыралғы дос, жымысқы күлкі* сол тұстағы қызметі тұрғысынан алғанда қазіргі кезде ескіліктен хабар беретін, қолданыстан шыққан көнерген аталымдар болып есептеледі. Мұндағы аталып өткен сөздер метафораға, яғни көнерген аталымдардан ұқсату мен салыстыру арқылы жасалған тілдік құбылыстар.

Тарихи туындының әрбір кейіпкер тілінің ерекше қолданысын кино туындының сценарийін жазған авторларының еңбегі – қазақтың ұлттық сөз күдіретін, ұлттық кодтарды тұнық етіп берген: *«Төріне шығарып, төбе тұтқан», «Кейінгіге жән сілтеп, жол көрсетпесек бекзаттығымызға сын болмас па?!», «Себеппен барып, сейілмен қайтатын болдым», «Қайда барасың? Бүр күні шеңгеліме түсерсің?!», «Тамыры бөлек елдің етене енуі кейінгіге зарарын алып келмесе жарад(ы)», «Уағдалы сөз шын ләктің*



*байламы», «Жер терген өскен шынарым, қырдың аптабына жерсіне қояр ма екен», «Қожеке, түздің тағысымен ашық тайталасып балтырыңызды қанатып қайтесіз. Сазайын тарттыратын бір қалысы болар әлі», «Мырза қожа төтесін қойып, өзекті жылы ұстап сол жақпен қайтайын деді зой шамасы!»*

Қазіргі қазақ көрерменіне берері мол туындыны көріп отырып, сол ғасырдың сөздік қорымен толық сусындап шығары анық. Әдеби тіліміздің нәрі толық сипатталған шығарманың қазақ кино тарихында алар орны ерекше. Әрбір сөзін *бақшарай, шалаң, кезеге, тел өскен, нөкер, қараша жұрт* сияқты әрбір сөзі түсіндірме-талдауды қажет етеді. *Шалаң* сөзінің екі мағынасы бар. 1. Су түбінде өсетін көпжылдық өсімдік, ұзын-ұзын шөп. 2. Көлде, шалшық, лай суларда болатын кішкене ақ құрт [111].

Әйел бейнесі деген ұғымның аясы тек көрікті әрі ақылды бойжеткенмен шектеліп қалмасы белгілі. Қазақ дүниетанымында оң жақта аялап өсірген қыздан өзге, *келін, ене, ана* деген ұғымның да қасиетті екенін кинодағы эпизодтардан ерекше байқалады. Ене мен келін арасындағы қарым-қатынас туралы әңгіменің өзі бір төбе:

*- Не болды? Көңілінің желі басылмаған кеше келген қызыл желектіге қосылып абжыландай арбасып. Бәйбіше деген шідерлі бикелерді ақылменен иландырып, дымын шығармай алып жүрмек емес пе? Хан әулетінің ішкі бейсауыт тіршілігі әміршінің көңіліне алаң салмауы керек. (Қазима келінге айтылған сөз)*

*- Дін аман барып келдік, Абыз ана!*

*- Есен болсын! Жұртыңды түгендеп көңілің жайланған болар. Енді төркініңе мойын бұра бермей, өз түтініңе қара! (Фәтима келінге айтылған сөз).*

Әйел білімді әрі ханға ақыл қосар тіреуі болатынын да тарих көрсетсе, кинодан да осындай әдемі сәттерді көруімізге болады:

*- Хан ием, артық сөйлеп, асылық айтсам қырағыңызға ала көрмеңіз. Қазима бәйбіше өмірден озғалы да жылдан асты. Жайлауыңызды жаңғыртып, кереге кеңейтсеңіз де жарасар еді. Отауыңызды жаңғыртсақ қалай болар екен? (Фәтиманың ханға айтқан сөзінен).*

Киноны ерекше сезіммен көріп, бойыңызға рухани күш пайда болады. Себебі кино тілі қазақтың көркем-әдеби тілімен түсірілген. Ондағы әрбір актердің сөйлеу тілі қазақ шешендік өнерінің сөз саптауы. Кино тілінде рухани-әлеуметтік құндылықтарды бай әрі көркем тілімізбен әлеуметтік шындықты ерекше сипатпен берген [104, 214].

Кинода Жәнібек ханның өзі және айналасындағы тұлғалардың сөз сайыстары мен жұмбақтап сыр тартысқан екеуара астарлы әңгіме-дүкендері, бір-біріне өтімді қалжыңы, олардың әлеуметтік реңкке толы сұрақ-жауаптары, ақыл-өсиеті мол әдепті юморға бай әзіл-оспақтары шешендіктің шырқау шегіне шыққан сөз бен әрекет өнерінің айқын мысалы.

Сөз этикеті әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс болғандықтан, оның қызметі тіл табиғатынан, тілдің қызметтерінен туындайды. Мысалы, «*Арма,*

хан Жәңгір! Алланың өзіңе рахымы мен саламаты болсын!», «Бармысың, Шора сұлтан?», «Сау-саламатсыз, Фатима ханша?», «Армысың, хан ием!», «Есен бе, шайыр?», «Ассалаумағалейкум!», «Ал қария, қош-өзен болыңыздар!» сияқты сөз бірліктерінің өзіндік қолданыс ерекшеліктері бар.

Сөйлеу этикетін тілдік норма тұрғысынан қарастыруға болады. Яғни, дұрыс, мәдени, нормаланған сөйлеу идеясы сөйлеу этикеті саласындағы норма туралы белгілі бір тұжырымдарды қамтиды [112,142]. Мысалы, *Әміршім, тағдыр сіздің көлеңкеңізде жүру несібін жазған мендей пендеде арзу бар ма? Аз-кем тірлікте айыбым болса кешіңіз! (Қазипа ханшаның сөзі), Көңіліңізге алаң салған осындай қиын жағдай екен ғой (Фатима ханшаның сөзі); Мархабат етіңіз! (Жүзім ханшаның сөзі)*. Бұл ханға деген құрмет, күйеуіне деген құрмет. Тіліміздегі әдеби сөздердің әсерлігі сөйлеу мәдениетіміздің ең биік шыңы екені белгілі.

Сөз арасында қолданылатын *кешірім сұраймын, гафу етіңіз, мүмкіндік болса, қажет деп тапсаңыз, рұқсат етсеңіз, мақұл көрсеңіз, лайық деп қарасаңыз, қалауыңыз білсін* т.б. сөздер әңгіме барысында елеусіздеу көрінсе де, тілге сыпайылық мән үстеп, ізеттілікті білдіреді. Мұндай сөздерді қолдану хандық дәуірде хан мен батырларға жарасымды көрінеді, адамның кішіпейілдігін білдіреді. Тәрбиелі адамның сіз бен сен сөзінің қолдану барысынан айнымауы да этикет сақтауға жатады [108,124].

Көне тарихтың куәгері жылқының адам мен қоғам өміріндегі қызметі әртүрлі. Киноның өне бойынан халқымызға тән барлық ерекшеліктер, батырлық үлгіні көреміз. Тілдегі алуан түрлі тіркестер жылқы малымен байланысты: *арғымақтың арынын; хан сарайының май жiлiгiн ұстадым деп, Қарауыл қожа асып-тасқан екен; Бозжорғаның бiлгiрiн-ай, ай бiр тақымына басып шапсаң!*[108,114].

Тілдік норма тұрғыдан үлгі аларлық сценарий ретінде қоюшы-режиссер Бақытас Санитастың «Сарай сыры» көркемфильмі. Сценарий авторлары – Жәмит Көшербаев, Асқар Дүйсенбі және Арман Сқабылұлы. Оқиғаның көп белгілі хан сарайында өтеді. Жәңгір хан – орыс, татар, араб, парсы, француз тілдерін меңгергендігін, ойшыл Еуропаға еліктеген қазақ ханы. Ол алып келген реформалар: Орда қалашығы, тұрақты елді мекендердің пайда болуы, көшпенді халықтың отырықшылдыққа ауысуы, мектептер, мешіттер, дәрігерлік пунктердің ашылуы, жәрмеңкелердің ұйымдастырылуы; хандықтың тек Ресей үкіметі емес, Орта Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық қарым-қатынасының орнауы; әртүрлі деңгейдегі ғылыми экспедициялардың жұмыс жасауы т.б. Осы секілді көптеген жаңалықтарды енгізгені негізгі идея ретінде көтерілген.

Жәңгір хан Ішкі Бөкей Ордасының ең соңғы билеушісі, Әбілқайыр хан шөбересі, Нұралы хан немересі. Ол қазақ даласына саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өзгерістердің жүруіне ұйытқы болған тарихи тұлға. Көркемфильмде жаңашыл реформатор ханның саяси аренадағы орны, сарайдың ішкі өмірі мен қым-қуыт тіршілігі, ханшалардың арасындағы қарым-қатынас, билер төңірегіндегі ойлы мәселелер, Исатай мен

Махамбет, Баймағамбет, Фатима ханым сынды сындарлы бейнелердің сир-сипатын ашып, көркемдік тәсілмен әрленіп беріледі. Сонымен қатар Исатай мен Махамбетке қатысты шиеленіске толы оқиғалар да қамтылады.

Диссертацияның үшінші бөлімінің мақсаты – кино тілінің тек тілдік ерекшеліктерін ғана атап өту емес. Жұмыста қазіргі кино тілін арнайы зерттеу тақырыбы ретінде алынып, оның қолданысы коммуникативтік норма факторы ұғымымен байланысты зерттеледі. «Сарай сыры» көркем фильмінің прагматикалық әлеуеті тілдің басқа да прагматикалық құралдарымен кешенді байланыста қаралып (этнолексикалық бірліктер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, сөздердің көне-жаналығы, зерттеуге алынған дәуірдің тілі кино тілінде түр-сипаты, көнерген сөздердің молдығы және т.б.), олардың кейбірінің тарихи норма үлгісінде қолданылуы аталған көркемфильмінің дискурстық ерекшелігі анықталды. Яғни зерттеу жұмысымыз бертіндегі дәуірді қамтитын тарихи лексикология мен тарихи грамматикаға сәйкес келетіні нақты дәйектелді.

Кино саласы – халықтың өткен тарихын еске түсіріп, сол кезеңнің көрінісін, тілдік қолданысын айшықтайтын, болашақта нені ескеріп, ойымызға қозғау салатын дүниелерді санамызға топтастыратын өнер.

Лексиканың түрленіп, дамуында қазіргі қазақ кино индустриясының өзгеріс-жаңалықтардың әсері бар. Қазіргі көптілділік жағдайында, орыс тілі басымдығы ушығып тұрған өңірлерде әдеби сөйлеу нормасын меңгермеу, қазақша сөйлеуде мәдениет тұрғысынан жағымсыз тілдік құбылыстар жалғасын табуда. «Сарай сыры» көркемфильмі өз кезеңінің өмір шындығын қазақтың бай әрі көркем тілімен жеткізген туынды десек артық айтпағандығымыз. Ендеше көрермендерге осындай туындылардың әсерінен тіл тазалығына мән беретін, әдеби тіліміздің нормаларын сақтауға жол ашады. Кино режиссері мен кино сценарий авторлары көне, сирек сөздер мен өткен дәуірдің өмір шындығын кітаби тілмен, әдеби тілмен, тарихи лексикамен беру арқылы көрерменнің тілдік норманы сақтауға, тілдік жүйені жаңаша кодификациялауға әлеуеті жетеді.

### **3.2 Кинодағы вербальдық және бейвербалдық лебіз: норма мен узус көріністері**

X ғасырда бейвербалды қатынас құралдары жайында алғаш зерттеу жасаған шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби өзінің «Риторика» атты ғылыми трактатында: «Әңгіме айтатын адамның бет әлпетінің кейпі, оның денесінің тұрқы мен мүшелерінің қалпы сол адамның қылығы болып табылады. Мәселен, осы жағдай тыңдаушыға төніп келе жатқан үрейлі оқиға туралы хабарлаған кезде болады. Бұл сәтте оның бет әлпетінен зәресі ұшу, қорқыныш нышаны аңғарылуға тиіс, немесе ол әлдебір затқа қимыл-қозғалыс арқылы нұсқап, не басқа біреудің нұсқағанын істейді. Бұл оның ақиқаттығына сенімін арттырады...», - дей келе [113,70-71], қарым-қатынасқа түскенде адамға тән мінез-құлықтың қаншалықты маңызды екендігін көрсеткен.

XI ғасыр ғұламасы М.Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағында»: «...Кісі ымдалды: кісіге көзбен немесе басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды» немесе ... белгі: ым: нышан. ... ілмелді: ымдалды. Кісі ымдалды. Кісіге көзбен: не басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды», - деген [114] жолдарды кездестіре аламыз. Сөздікте әдеп, моральды-психологиялық сипаттағы әртүрлі ойлар, адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері айтылып, дәріптелген. Демек, М.Қашқари «ым» мен «ишара» ұғымдарының негізін қалаған ойшыл деп тұжырымдауға болады.

Кино тілін меңгерудің қиындығы және бұл сала бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының өнердің басқа түрлерімен салыстырғанда аздау болуы теледидардың, оның ішінде киноның қоғам өміріне кеш енуіне, сонымен қатар жалпы кино құрылымы мен оның тілінің өзіндік ерекшелігіне әрі күрделілігіне қатысты әр алуан факторларға байланысты болуы мүмкін. Бұл кино мәтіндерінің әлі де торлық зерттелмеген ерекшеліктер қатарынан тұратындығын көрсетеді.

Қазіргі таңда күнделікті өмірде бейвербалды және вербалды амалдардың рөлі айтарлықтай маңызды. Күніне біз оннан астам бейвербал амалдарды қолданамыз және оны өзіміз байқай да бермейміз, бірақ басқа адамдарға сол амалдарымыз арқылы ақпарат таратамыз. Қарым-қатынас кезінде ақпарат алмасу вербалды құралдардан басқа бейвербалды деңгейде жүргізіледі.

Қарым-қатынас тілдік қатынасқа қоса немесе сөйлесуге көмекші қызмет атқаратын бейвербалды амалдарды қажет етеді. Өйткені, қатынас немесе көркем кино тілдік қарым-қатынастың сыртында дауыстың құбылмалы реңктерінен, тембрінен, қарқындығынан, қимыл-әрекеттерінен, дене қимылдарынан, бет-әлпеттегі өзгерістерден де құралады. Олардың әрқайсысы баяндаушы мен қабылдаушы арасындағы қатынастың мақсатын ашады, түсінуге мүмкіндік береді.

Ойлау адамның ішкі жан дүниесімен, болмысымен байланысты болып, айналадағы қатынастардың ықпалы арқылы адамның ішкі әлемінде орындалатын күрделі психологиялық құбылыс. Ойдың түгел вербалды жолмен көрініс табуы шарт емес. Адам өзінің ойын кейде бейвербалды қатынастармен де көрсетеді. Оның ішінде ең күрделісі әрі адам ойының толыққа жуық көрінісін таңбалаушысы – көзі.

Эван Маршалл «Язык глаз» атты еңбегінде: «Очень редко мы говорим то, о чем на самом деле думаем, так что естественно, что мы исследуем все возможные средства, чтобы добраться до сути, и хотим знать и понимать языки более выразительные и надежные, чем вербальный. Среди этих других языков язык глаз выражается наиболее откровенно» деп жазады [115].

Көптеген психолог, тілші ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетіп отырғандай, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% вербалды (сөздер, сөйлемдер); 33% вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны т.б.) және 55% бейвербалды амалдар құрайды екен [116].

Басылымдардан – қағаз бетіндегі жазба нұсқадан ақиқат өмірдегі шынайы әрекеттердің тұтастай тілдік құрылымдармен берілген, яғни «жансыз» мәтін түрін оқысақ, радио мен теледидарда музыкалық жеткізілімдермен сүйемелденген дыбыстық түрін естиміз. Әсіресе, мәтіннің бір мезгілде бірден «вербалды, дыбыстық жеткізілімдер мен бейнекөріністер деңгейінде біріге қарастырылып, көп қырлы бір тұтастықты құрауы» [51, 26] теледидардың мүмкіндіктерін күшейтті. Сондықтан бұл ақпарат құралындағы коммуникация адресат санасында бірін-бірі толықтырып, жандандырып отыратын вербалды және бейвербалды ақпараттар креолданған аралас қодта көрініс тауып, оқырман мен тыңдарманға ғана емес, аудиториялық статусы күрделенген, көрермен психикасына бейімделеді. Осы себепті де теледидарға тән төрт түрлі таңбалар жүйесінің төрт түрлі кодына салынады да айтылым туғызушы жағдаятты көзбен көріп, құлақпен ести отырып, басы-қасында жүргендей болу – реципиентке жазылған мәтінді оқығандағыдан әлдеқайда сенімді, қызықты, психологиялық әсер етуші бірнеше семиотикалық жүйенің синтезін бойына сіңіріп нанымдылығы күшейе түседі. Әсіресе бейвербалды әрекеттер аясында зерттелетін кинесикалық, паралингвистикалық ерекшеліктердің сөз субъектісіне тигізетін ықпалы ерекше.

Актер үшін кейіпкерінің әрбір әжім сызығынан сыздықтатып сыр ашу, әрбір қимыл-қозғалысынан астары қалың қатпар-қатпар ой тарқату, әрбір ым-ишара, ишараттан ой тую шын шеберліктің шыңы. Бүкіл дүниежүзіне ортақ, дене тілі, яғни, ым-ишара, ишарат емеурін, қозғалыс тілі. Мысалы, біз бір ғана қол сермеу арқылы нені меңземейді екенбіз? Бәрін де. Атап айтсақ, талап етеміз, уәде етеміз, шақырамыз, қуамыз, үркітеміз, өтініш етеміз т.б. толып жатқан күнделікті өмірімізге қатысты қимыл-әрекетке мағына береміз. Бір ғана бас изеу арқылы келісеміз де, қарсы да боламыз, мойындаймыз, сұраймыз, сендіреміз т.б. толып жатқан мән-мағына білдіреміз. Олай болса, сөйлемейтін қозғалыс, өзіндік бір мағына бермейтін бірде-бір іс-әрекет, қимыл-қозғалыс болмайды [117,18].

Кинодағы қимыл-қозғалыс айшығының әсерлі шығуы үшін актер қауымына қарабайыр түрдегі етістік сөздердегі қимыл-қозғалыспен шектелу аздық етері анық. Сол үшін мықты актер кез келген сөз өзегінен өзіне керекті қимыл-қозғалыс сұлбасын сүзуі қажет. Белгілі сыншы Ә.Сығай: «Іс-әрекет еркін жетіп жатқан шақта сөзді үстемелеудің не пайдасы бар? Кейде сөзге бергісіз қимыл, көзқарастар бар емес пе?[118] – деген пікірінде үлкен шындық бар. Мәселен, «Біздің сынып» фильмінде жастар *ақылың бар ма?* дудің орнына қолын басының тұсына тақауы түсінікті жайт. Ал «Абысындар» фильміндегі келіндердің енесі кіргендегі сәлем беруі қимыл-қозғалыс арқылы амандасқандығын білдіреді.

Қазіргі қазақ киносындағы бесікте жатқан сәбиді алсақ. Олардың дене қимылындағы мәнді әрі сәнді қозғалыстардың адамдар түсінігіндегі қатынастың дәнекерлік қызмет атқаруы өзгеше. Осындай мәнді қимыл-қозғалыстар әлемін ғылыми тілде «бейвербалды коммуникация», яғни дене

қимылы арқылы сөзсіз түсінуге, тіл қатпай жауап алуға болатын құпияны дәлелдеп шыққан ілім саласы. Дене қимылы арқылы шеберлік шыңына шыққан пластика өнерінің алтын дiңгегiн тұрғызған, әлемдi пластика өнерiмен таң қалдырған – ұлы Чарли Чаплин мен қатар Этьен Декру, Марсель Марсо, ал қазақ өнерiнде Қ.Қуанышбаев, Е.Өмiрзақов, М.Бидiбековтер болған едi.

Қазақ сахнасындағы қимыл-қозғалыстар жайлы сөз болғанда, қимыл-қозғалыстың үш түрлi сипатта болғанын айта кетуiмiз керек (1-кесте).

Қазақ сахнасындағы қимыл-қозғалыстар		
1-сипат	2-сипат	3-сипат
Жалпы сахналық қимыл-қозғалыстар: кейiпкердiң жүрiс-тұрысы, әрекеттерi, төрiнде өзiн-өзi меңгере бiлуi	Кейiпкердiң iшкi жан-дүниесiнде болатын өзгерiс, құбылыстар бет құбылысы арқылы, саусақ, қолдары, дене қимылдары арқылы танытатын ым-ишара мен ишаралар шоғыры.	Белгiлi бiр ұлттық үрдiске сай қалыптасып орныққан, жүйеленген, ретке түскен ым-ишара, ишараттардың көрiнiсi.
Ескерту – әдебиет негiзiнде құралған [117,26].		

Әрине, бұл үш түрлi қимыл-қозғалыстар әр кинода сол шығарманың мән-мазмұнына, оқиға желiсiне орай әр деңгейде, әртүрлi дәрежеде қолданысқа түсетiнi белгiлi.

Мәселе, сол қимыл-қозғалыстар шоғырының қазақ кино өнерiндегi сахнагерлер кейiпкерлерiн сомдауда, шеберлiктерiн шыңдауда қалай пайдаланулары жайлы болса керек.

Сонымен қатар адамның бассүйегiнде орналасқан мүшелердiң: қас пен көздiң, ауыздың және т.б. – бейвербалды амалдардың немесе ым тiлiнiң мәтiн логикасына сәйкес қозғалуы да көрерменге әсер етiп, актер тарапынан айтылған сөздi түсiнуге көмектеседi. Сөйтiп, бұқаралық коммуникацияның тиiмдi аяқталуына ықпалын тигiзедi.

Бейвербалды амалдарды тiл бiлiмiнде паралингвистика қарастырады. Паралингвистика терминiн қырқыншы жылдары американдық зерттеушi, ғалым А. Хилл енгiзген. Лингвистикалық түсiндiрме сөздiкте бұл терминге мынандай анықтама берiлген:

1.Сөйлеуде қолданылатын мағыналы хабар жеткiзушi, бiрақ тiлге жатпайтын құралдар.

2.Тiлдiк байланысқа қатынасатын тiлдiк емес құралдардың жиынтығы [119].

Бейвербалды қарым-қатынас – бұл сөздер мен басқа да тiлдiк бiрлiктерге сүйенбейтiн ым-ишара тiлi. Бұл қатынас құралына – поза, жест, мимика, ым-ишара, визуалды қатынас және тұлғааралық қатынасты жатқызамыз. Бейвербалды қарым-қатынас тiлдiк қарым-қатынасты

толықтырушы, дәйектеуші, айқындаушы және мәнді етуші қызметін атқарады. Бейвербалды амалдар – ауызекі сөйлеу тілінің ажырамас бөлігі. Қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар тілдік амалдармен қатар қолданылып, сөйлесу әрекетін жеңілдетеді [120].

Кино тілін паралингвистикалық тұрғыдан қарастыру бейвербалды тіл ерекшеліктерінің (мимика, жест т.б. – ым тілі) тілдік нормаға, көрерменге әсері тұрғысында жүзеге асырылады. Кино әртісі үшін бейвербалды тіл құралдарын меңгеру және оларды тиімді қолдана білу қабілеті – іскерлік қарым-қатынас жасау мәдениетінің қажетті шарты. Коммуникация кезінде әртіс тарапынан жасалған әрбір бейвербалды әрекет (жест) көрерменге белгілі дәрежеде ақпарат береді, өз кезегінде көрермен сол жасырын ақпаратты дұрыс шешуге тиісті. Ал әртіс жасаған бейвербалды әрекеттердің айтылып отырған сөздің мағынасына сәйкестендірілуінің нәтижесінде айтылған ой анағұрлым мәнерлі, жанды болып, оның эмоционалдық әсері арта түседі.

Қазақ киносында бейвербалды коммуникациялар тілдік таңбалардың барлық қызметін орындай алады. Кез келген адам қарым-қатынас кезінде коммуникативтік бағдарламаға вербалды тұлғаны қатыстырып қолданады. Бейвербалды тәсілдермен хабарлаудың, ақпарат жеткізудің жинақталған, топталған мынадай мағыналық компоненттері бар: сілтеу, бейнелеу, түрту, нықтау, қарсылық білдіру, келісім беру, риза болу (модальдық), күрделі (сұрақ – аң-таң боп қалу), символикалық (қорқыту) [121, 47]. Айталық, қарым-қатынас кезінде кез келген вербалды айтылған ойымызды бейвербалды амалдар арқылы қайталаймыз.

«Қарастыратын негізгі мәселесі бұқаралық байланыстын адамдарға (оқырман, тыңдарман, көрермен) ықпал ету формалары, жанры, әдісі т.б. болып коммуникация саласында жеке зерттеуді талап ететін жылдам дамушы ерекше бағыттардың бірі бұқаралық ақпарат» [51, 24] қызметін іске асырушы арналардың қатарында: баспасөз (визуалды; көру), радио (аудиалды; есту), теледидар (аудиовизуалды бір мезгілде тындауға және көріп қабылдауға негізделген) деген мағынаны береді секілді ақпарат таратушылық пәрмені күшті құралдар аталады. Аталған ақпарат құралдарының мақсаты бір болғанмен ішкі айырмашылықтары жөнінде тіл зерттеушілері Н.Уәли, К.Есенованың еңбектерінде біршама нақтылап мәтіндегі ақпаратты өз өлшемдеріне салуда коммуникациялаудың әдіс-тәсілі, жазылған. Әрқайсысының тілдік және тілден тыс мүмкіндігі әртүрлі бағытқа құрылғандықтан адресат психологиясына әсер ету ықпалы да әрқалай. Мәселен, басылымдардан қағаз бетіндегі жазба ақиқат өмірдегі шынайы әрекеттердің тұтастай тілдік құрылымдармен берілген, яғни «жансыз» мәтін түрін оқысақ, радио мен теледидарда музыкалық жеткізілімдермен сүйемелденген дыбыстық түрін естиміз. Әсіресе, мәтіннің бір мезгілде бірден «вербалды, дыбыстық жеткізілімдер мен бейнекөріністер денгейінде біріге қарастырылып, көп қырлы бір тұтастықты құрауы» [17, 26 б.] теледидардың мүмкіндіктерін күшейтті. Сондықтан бұл ақпарат құралындағы

коммуникация адресат санасында бірін-бірі толықтырып, жандандырып отыратын вербалды және бейвербалды ақпараттар креолданған аралас кодта көрініс тауып, оқырман мен тыңдарманға ғана емес, аудиториялық статусы күрделенген, көрермен психикасына бейімделеді. Осы себепті де теледидарға тан торт түрлі таңбалар жүйесінің төрт түрлі кодына салынады да айтылым туғызушы жағдаятты көзбен көріп, құлақпен ести отырып, басы-қасында жүргендей болу реципиентке жазылған мәтінді оқығандағыдан әлдеқайда сенімді, қызықты, психологиялық әсер етуші бірнеше семиотикалық жүйенің синтезін бойына сіңіріп нанымдылығы күшейе түседі. Мәселен, «Келінжан» филімінен:

*-Тұрыңыз, аға!(көрпесін ашып, түрткілей бастайды)*

*-В чем дела?*

*-Тұр! Ну ка тұр!*

*-Не болды? Жұлқыламышы.*

*-Тұр!*

*-Тұрам! Все!*

*-Неге жетісіп жатсың түске дейін ұйықтап.*

*-Е, пашамайт. Ай, Айсара, сен білесің зой, менің сабағым түстен кейін екенін. Не? Не жетпейді саған?*

*-Түске дейін жұмыс істе. Жұмыс тап. Алмагүлдің күйеуін көрдің бе? Рахат! Он бес күн вахтада, вахтадан келеді. Таксовать етеді. Ақша табады. Қандай күшті! Сен не? Мектептен денеңді босқа апарып келесің, жүресің ана портфельді көтеріп. Бүйтіп ербең-ербең етіп. Ақша тап*

*-Енді жүрейін таксовать етіп?*

*- Сен мектеп директоры ма едің? Мұғалімдер таксовать етпейді деп кім айтты. Қылышбек пен Айсараның диалогы арасындағы бейвербалды әрекеттер аясында зерттелетін ерекшеліктердің сөз субъектісіне тигізетін ықпалы ерекше бірден байқалады. Сонымен психологиялық ықпал салмақтай отырып, бір отбасының өзара айырмашылықтарын ақпаратты жеткізуде тілден тыс прагматикалық ерекшеліктерге бай екендігін ақпарат құралдарының әрқайсысының мәтінен байқадық. Әрине, табиғи дауыс пен музыкаға қоса «жанды» бейнелер көмекші қызмет атқарып, ақпаратты ерекшеліктерін айшықтай түскенімен сөздің орны өз алдына бір төбе. Бірақ теледидарға бейімдеп, кодтаудың теледидардағы лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктердің бір мезет аясында қамтылуы сөйленер сөзге ықпал етпей тұрмайды. Уақыт шектеулілігі мәтін құрамындағы синтаксистік құрылымдарға өз әсерін тигізіп, ойды жеткізуде жазба тілдегідей құрылымы күрделі құрмалас сөйлемдермен емес, мүмкіндігінше қысқа да нұсқа тіл құралдарымен сөйлету талабын қояды. Сондай ерекше қасиетке ие, өз алдына жеке бір өнер туындысы ретінде бағаланушы кинофильмдер де экранды коммуникациялық құрал ретінде пайдаланатын көркем ақпарат түрлеріне жатады. Адамзаттың шартараптан ақпарат алудағы, өзін қоршаған ортаны тану, танытудағы негізгі құралы тіл болғанмен, одан өзге екінші тараптағы әуен, сәулет, кино, сурет секілді құрал*



түрлерінің бар екендігі де белгілі. Демек әлемді жазба көркем әдебиет шығармаларынан басқа осы өнер туындылары арқылы да тануға болады. Бұлардың әрқайсысының адам санасын этикалық-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуде өзара айырмашылықтары, ақиқат дүниені бейнелеуде қолданатын тек өздеріне ғана лайықты құралдары бар. Сол секілді «адам мен оны қоршаған дүниені іс-қимылында, экрандағы бейнелерді дыбыстық-көзбен көру дамуында бейнелейтін» [94, 156] экран мен көркем әдебиеттің синтезінен шыққан кино өнеріне тілдік және тілден тыс өзіндік ерекшеліктер тән.

Кино – ежелгі арабтың сүфілік «син» сөзінің кодтық қаріптері «КН» түбірінен жасалған «қарау, бақылау, ойды жинақтау» деген мағынаны берсе, парсыша да осы мағыналас: «күпия нәрселерді қарау, ақпарат жинақтау», ал грек тілінде - <cinema> - «қимыл» деген мәнінде қабылданады [94, 4].

Аты айтып тұрғандай «қимылды қарауға, ақпарат жинақтауға» арналған бұл өнер алғашында мазмұнын музыкалық сүйемелдеу арқылы жеткізетін «мылқау» болғанымен, уақыт өте келе көрермен талабымен вербалданды. Осылайша кино табиғи көріністер, неше түрлі дыбыстық толықтырулар мен кейіпкердің бейвербалдық әрекеттеріне қоса лайықты лексика, сөйлеу интонациясы секілді өзіндік тілі бар аудиовизуалды аса күрделі өнерге айналды.

Осыған орай, кино вербалды және визуалды коммуникациялардың ең бір айқын синтезін көрсетуші құрал болып табылады. Себебі: «визуалды коммуникация адамның айтқан сөздерінен ғана емес, сондай-ақ оның визуалды кейпінен де құралады. Өйткені адамның үстіне киген киімінің өзі кей жағдайда айтып тұрған хабарламасы мен эмоционалдық күйі жайында ақпарат әлдеқайда толық беруі мүмкін» [20, 303 б.]. Сол сияқты «коммуникативті мақсатта адресатқа әсер етудің тікелей және тікелей емес түрлері қолданылады. Тікелей коммуникация автор, адресат, хабарламаны қамтиды, бірақ басқа жағдайда айтылым автордың тікелей жолдаған ой мазмұнынан тұрады. Тікелей емес коммуникацияда мән айтылымнан тікелей алынбағандықтан оны түсіну үшін қосымша интерпретациялаушылық әрекет керек» [94, 74 б.].

Коммуникация теориясы мәселелерін жан-жақты Г.Г. Почепцовтың пайымдауынша, қарастырған ғалым «Адамның коммуникациясы негізгі вербалды және визуалды екі арна арқылы жүргізіледі. Вербалды коммуникация элем реалийлеріне сәйкес келетін лексикалық бірліктер негізінде құрылады. Коммуникацияның бұл түрі тілдің бүкіл сөздік қорын пайдалану арқылы хабарламаның сансыз көп түрін жасай алады. Ал визуалды коммуникация мұндай алдын ала белгіленген тілдік бірліктер жиынтығына ие бола алмайды. Сондықтан да визуалды коммуникацияны қабылдау үдерісі әмбебаптық сипатта етеді» [94, 31 б.].

Байқағанымыздай, кино тілінің коммуникативтік табиғаты мәселесін зерттеуде кино ғылымының ең негізгі категорияларының бірі – сценарий мәтінінің коммуникативтік аспектісінің маңыздылығы аса жоғары. Өйткені

кино тілінің тарихтағы орын алған оқиғамен сәйкестік деп бастапқы және сценарий мәтіндердің құрылымдық, мағыналық және ақпаратты құрамдас бөліктерінің толық сәйкес келуі түсініледі. Алайда зерттеушілердің көбі оған қол жеткізу мүмкін емес деп санайды. Мысалы, кинолардағы коммуникация мүддесіне орай негізделген сәйкестік түрінде көркем әдебиет тілі мен кино тілі құрылымдық жақындығы аса жоғары деңгейде көрініс бермейді, бірақ сөйлеу мақсаты сақталады. Белгілі ғалым Р.Якобсон сөйлеу мақсатының бес түрін ажыратып көрсетеді:

1. эмотивтік - сөйлеушінің көңіл-күйін, сезімін және эмоциясын білдіреді;
2. референттік хабарлама мазмұнына бейімдеу;
3. фатикалық байланыс орнатылғанын тексеру мақсатында болады;
4. металингвистикалық тілдің өз құрылымы жайлы сөз болады;
5. поэтикалық - хабарламаның эстетикалық әсер етуіне бағытталған [22,198 б.]

Біздіңше аталған сөйлеу қызметтерінің ішінен үшеуінің кино тілін зерттеуде маңызы зор деп санаймыз. Бұл пікірімізді нақты мысалдармен дәйектеп көрсетуге болады. Мысалы:

- *Майнинговая?*
- *Иә*
- *Қоя тұр, сен маған майнинг деп айтқан соң май шығаратын зауыт ашқан шығар деп ойлап тұрмын ғой, а?! Сен сонда компьютерный клуб аштың ба?*
- *Қумаи, қайдағы компьютерный клуб?! Жүрейін сол кішкентай бала сияқты. Бұл бар ғой криптовалюта дегенді естіп пе ең? Биткоин дегенді естіп пе ең?*
- *Ааа, енді түсіндім!*
- *Иә, кетірдім осыған.*
- *Е, ешак (екеуі төбелесіп қалады). («Келінжан» фильмі Мәдош пен Балқияның диалогы)*

Көркем әдеби мәтіндегідей тарихи фильм мәтіндегі тілдік бірліктердің қызмет салмағы ұқсас. Ал қазіргі күнделікті тіршілікті сипаттайтын «Келінжан» фильмінде тілдік бірліктер ауызекі сөйлеу стиліне тән. Мысалы, кино мазмұнын түсіну жеңіл, себебі тілі жеңіл. Мұнда сөйлеудің ұрыс формасына айналды.

Ең алдымен аса қажетті ақпараттық, коммуникативтік қызметі маңызды, функционалдық қызметі басым лексикалық бірліктер (ақпарат беру, экспрессия туғызу қызметі күшті доминант элементтер) маңызды саналады да, аса мәнді емес, ақпарат беру, экспрессия туғызу жүгі жеңіл, түрлендіруге өңдеуге болатын сөздер немесе сөз тіркестері сияқты қосалқы элементтер кейде түсіріліп тасталады. Бірақ олардың орнын кинода көрініс пен дыбыс толықтырады. Сондықтан да кино сценарийі коммуникативті-функционалды тәсіліне сүйеніп жасалады.

Кино мәтінінің прагматика тұрғысынан сөйлеу субъектісінің айқын және жасырын айтылым мақсаттары (иллокутивтік күштер), сөйлеу

тактикасы, сөйлеу іс-әрекетінің түрлері, сөйлеу ережелері, прагматикалық прессупозиция (сөйлеу субъектісінің адресат білімін, оның психологиялық жай-күйін, мінез ерекшеліктерін бағалауы), сөйлеушінің хабардар етіп жатқан ақпаратына өзінің қатынасы т.б. мәселелер де жан-жақты қарастырылады. Осымен байланысты адресат тұлғасына қатысты оған әсер ететін (перлокутивтік әсер) сөйлеудің интерпретациялау принциптері, сөйлеу реакцияларының түрлері т.б. зерттелінеді. Ал коммуникацияға қатысушылардың арасында болатын қарым-қатынастар тілдесімнің сөйлеу формалары (ақпараттық диалог, достық әңгіме, пікірталас, ұрыс т.б.) сөйлеудің әлеуметтік-этикалық жақтары (қаратпа сөз формалары, тілдесім стилі) мәселелерімен тығыз астасып жатады.

Мәселен, «Келінжан» фильміндегі онлайн психолог сабағында отырған Айсара ханым:

*-Күнімхан анау! (дәптерге жазып отыр)*

*-Айсара ханым, менің сізбен индивидуалный сағаттап отыратын уақытым жоқ, тездетіп жазыңызшы. Өтініш!*

*-Неге осы сіздер уақытым жоқ деп шығасыздар? Осы курсқа қатысқаниша, жазылған жанымызды аласыздар зой. Бір күн қалды, бір сағат қалды деп. Енді келіп өздеріңізше болып қаласыздар.*

*-Жарайды, кешіріңіз! Тездетіп жазыңызшы.*

*-Мм, жаздым. Жаздым, бір адам.*

*-Бір-ақ адам. Мүмкін күйеуіңізден, әпкеңізден, сіңлілеріңізден, абысындарыңыздан кешірім сұрайтын шығарсыз?*

*-Ойбай, мүмкін олар менен кешірім сұрасын. Жан баласына тырнақтай зияным жоқ. Иә, Қылыш? (Күйеуіне қарап сұрайды, ол естімеген сыңай танытады).*

*-Енді бұны не істеймін?*

*- Жарайды енді. Алыңыз да өртеп жіберіңіз? (онлайн сабақты аяқтайды).* Диалогтан байқағанымыздан әлеуметтік орта, қоғамның бір көрінісі тілдік тұрғыдан беріледі. Сөз қолданыстарда билингвизм орын алған және тіл тазалығы сақталмаған. Мұндағы актив сөз: *уақытым жоқ* тіркесі.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым З.Ерназарова: «Прагматиканың негізінде сөйлеу жағдаяты мен конвенциялық ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асатын екі жақты әрекет жатыр. Әрекетті тудыру, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтау сөйлеушінің мақсаты. Мақсатқа лайық сол тандалған құралдардан құрылған мәтінде немесе сөйлеу әрекетінің тандалған түрінде жиі қайталанатын ерекшеліктер мен белгілер стильді қолданыс түрлері болады. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі бір стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады» деп көрсетеді [23, 17]. Осыған байланысты киномәтін аудармасын мәселелеріне қатысты түпнұсқа авторының ойын, интенциясын жандандыру тілдік емес жағдаятқа лайықтап кодтаған тілдік таңбалар жиынтығы реципиенттің дәл өзін аша білуі үшін

түпнұсқа тілінің лексика-семантикалық мағыналарына қоса қай стильге жататынын ажырата білуі шарт. Мысалы:

- *Егер жеңіліс тапсаң, онда Новгородқа қайтып келуші болма!* («Орбұлақ шайқасы»).

- *Ал ол туар жұлдыздың мекенжайы, тегі кім?* («Көшпенділер»). Мұндағы «*жеңіліс табу*» тіркесі мен «*мекенжай*» сөзі публицистикалық стиль мен ресми стильге тән. Егер осы сөздердің орнына фильмде өтіп жатқан оқиғаның уақытына сай «талқаның шықса» немесе «мекені қайда?» тіркестерін пайдаланса әлдеқайда ұтымдырақ болар ма еді? Яғни стильдік ерекшеліктерін тән прагматикалық қолданыстарды жөнсіз араластыра беру фильм қателіктерінің біріне жатады. Фильмдердің де тіл мәдениетіне тигізер ықпалы барын ұмытпаған жөн. Осы тұрғыда аудармашы әрбір стильдік жүйені іштей бірнеше жанрға тармақталатынын үнемі назарда ұстауы керек. Мысалы көркем әдебиет стилінде проза, поэзия, драматургия; публицистикада ақпараттық, бас мақала, репортаж, газети очерк жанрлары; ресми стиль қағаз жанры (арыз, өтініш, іспарақ, бұйрық, жарлық); ғылыми стиль (монография, ғылыми мақала) т.б. Көркем әдебиет стилі – бүкіл көркем әдебиет жанрларын (проза, поэзия, драматургия) қамти отырып, аталған бүкіл стильдердің элементтерін ерекше әдеби жүйеге енгізіп, жаңа эстетикалық қызмет атқартады. Осының өзі-ақ бұл стильдің үнемі шығармашылық даму үстінде болатынын аңғартады. Ал өз алдына орны бар сөйлеу стилі – тұрмыстық әлеуметтік, ғылыми, іскери сөйленістер түрінде көрініс береді. Бұлар диалог формасында қарым-қатынас қызметін атқарады, ортақ мақсат коммуникативтік әрекетке негіздейді.

Ғалым Қ. Есенова: «Прагматикалық бағдарды ұстанған көзқарас бойынша сөйлеу актісі теориясы мен мәтін теориясының арасында тікелей байланыс бар. Мәтіннің прагматикалық бағдарлылығын сипаттағанда оның (мәтіннің жасырын немесе ашық көрінетін) адресаты болатыны ескерілуі тиіс. Тіпті кей жағдайда адресанттың өзі мәтіннің адресаты болады. Яғни мәтіннің өзі қашанда диалогтік сипатта болады. Сондықтан онда автор өзге диалогтарға қатысты түсініктемелер де беріп отыруы ықтимал», - дей келіп, жалпы мәтін бастапқы және соңғы нүктесіне дейін қосып көрсететін мәтін метакөңістік ұғымын енгізеді [17, 215 б.].

Ғалымның жоғарыда келтірген «мәтін қашанда диалогтік сипатта болады деген дәлеліне сүйене отырып, киномәтін негізінен, диалогтық форма ретінде кездескенмен, кей жағдайда монологтық түрде де көрініс береді деп тұжырым жасауға болады. Мәселен, «Тар заман» фильміндегі университет ұстазы монолог (еске түсіру) түрінде бастапқы оқиғалары көрсетіледі.

Дәйек ретінде тіл білімінде сөйлеу түрлері мәселесіне қатысты жіктелер топтастырмасына назар аударайық:

1. Ауызша сөйлеу;

а) ауызша сөйлеу (қарым-қатынастағы тілдесім, фольклор);

5) риторикалық сөйлеу (саяси, сот істері сөздері);

б) репродукциялық сөйлеу (жазбаша нұсқаны ауызшаға көшіру: диктордың

сөзі, театрдағы орындау).

2. Сөйлеудің жазба түрі (хат, құжат, мазмұндама).

3. Баспа түріндегі сөйлеу (көркем, ғылыми материалдары).

4. Бұқаралық коммуникация (радио, теледидар, газет, кино) [24, 164 б.].

Шешендік дискурсының қатысым әрекетін зерттеуші Ә.М.Жұмағұлова пікірінше: «Жалпы алғанда сөйлеу:

1. Ауызша не жазып алынған түрде;

2. Диалогтық немесе монологтық түрде өтеді.

Осындай қарама-қарсы қойып салыстырулар нәтижесінде сөйлеудің негізгі төрт типін бөліп көрсетуге болады:

1. Ауызша диалог

2. Ауызша монолог;

3. Жазбаша диалог;

4. Жазбаша монолог» [25, 121 б.]. Осы аталған дәйектемелердің көпшілігі кинофильмдер және олардың сценарийін жазуда сүйенетін негізгі формалар.

Жоғарыда аталған формалардың түрлері экрандағы ақиқатқа сәйкес келсе, сценарийдегі айтылымның коммуникациялық сапасының жоғары болғандығы.

Байқағанымыздай, киноның мәтіндік және дискурс түріндегі мәтіндері арасындағы айырмашылықтар үдерістік және прагматикалық ерекшеліктерді туындатады. Және осының бәрі де сценарий авторларының реципиент көңілін тілінің көркемдігімен баурап әкетуі үшін істелінетін әрекеттерге келіп тіреледі.

Қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің басталуынан бұрын туындайды, демек, оған дейін қарым-қатынас жасаушылар белгілі бір ара-қашықтықты сақтап, дене қалыбын ұстайды. Осы жағдайға лайық бет әлпетін өзгертіп, сәлемдесу дистантты дене қимылдарымен (қол алысу, бас изеу т.б.) алмасады. Осы аталған формалар сөйлеу әрекетіне түсу үшін қолайлы жағдай жасап, қарым-қатынас жасаушылардың қарым-қатынас орнатуға дайын екендігін анықтауға мүмкіндік жасайды. Мұндай элементтер сөйлеумен етене жақын, онан алыс болуы мүмкін емес. Яғни дене қимылдары, ым, көзқарас қатынастың мағыналық жағын толықтыру функциясын атқарады. Мәселен, «Келінжан» киносындағы Айсараның сөйлеу әрекетінде қимыл қозғалыстар сөйлеуді эмоционалды түрде қабылдауына септігін тигізеді:

*-Отырсайшы, айналайын!*

*-Жоқ, ана. Асығыспын. Сіздерге жақсы жаңалықпен келдім.*

*-Қылыш әкім бола ма?*

*-Жоқ! (Айсара қолындағы кеседегі шайын ұсынайын деп тұрған жерінен басқа адамға ұсынды, яғни жақтырмағандығын бірден білдіріп қойды).*

*-Ана, жаңалық болғанда жарты гектар жеріңізді бизнесмендер сұрап келді.*

*-Қайдағы жер, бізде жер жоқ!*

*-Ана, кезінде Темірбек атамыз жер сатып алып қойыпты.*

*-Не дейді?*

*-Содан жас бизнесмендер келді, ұнатты. Алсаңдар 1 млн теңге дедім. Аламыз деді.*

*-1 млн теңге (Айсараның көзін бақырайта қарауы, яғни таңғалуы).* Мұндағы Айсараның сөйлесу кезіндегі мимикалары көрерменге мағыналық функцияларын тереңдете түсетіні анық.

Коммуникация барысында қолмен берілетін қимылдар көп қолданылады. Солардың бірі қол алысу қимылы. Қол алысу қимылының беретін семантикалық сипаты ауқымды. Мысалы, қол алысу – сәлемдесу мен қоштасу, алғыс білдіру, құттықтау, танысу, келісімге келу, шартқа отыру, растау, қолдау және бәстескен кездегі сияқты дене қимылдары әдеп ұғымымен ұштасып жатады, сол себепті бұл кинема лексикалық элементке қосымша мағына үстейді.

Қол алысып көрісу қазақ халқының ежелгі дәстүрінде бар. Бұрынғы кезде қазақ халқы амандасу барысында қос қолдап көрісетін болған (жас мөлшеріне байланысты). Қазақ халқында көп жасаған, көпті көрген адамдарға арнайы барып сәлемдесу, олардың батасы мен ақыл-кеңесін алу салты, таныстармен сәлемдесу рәсімдері бар. Бұл сәлемдесу реттері ауызша да, онымен қатар жүретін қимыл ізетімен де қоса атқарылады. Мысалы, «*Арма, хан Жәңгір! Алланың өзіңе рахымы мен саламаты болсын!*», «*Бармысың, Шора сұлтан?*», «*Сау-саламатсыз, Фатима ханша?*», «*Армысың, хан ием!*», «*Есен бе, шайыр?*», «*Ассалаумағалейкум!*», «*Ал қария, қош-өзен болыңыздар!*» («Сарай сыры» көркем туындыдан).

Амандасу кезінде дене мүшелерінің ішінде қол қимылы жиі қолданылады. Осыған орай қазақ тілінде *қол беру, қол алысу, қол қысу, қол қусыру* сияқты тіркестер қалыптасқан. Қазақтың амандық білудегі бейвербалды амалдарының өзі бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мәселен, бауырына басып амандасу; қол беріп (созып, ұсынып) амандасу; қос қолдап сәлем беру; бас изеп, бас иіп амандасу; иек қағып (көтеріп) амандасу; төс қағыстырып амандасу; қолдан, маңдайдан, беттен сүйіп амандасу; қол көтеру.

Жоғарыда аталып өткен амандасу этикеттері қазақ киносында айрықша етіп берген. Мәселен біз зерттеу нысанына алған тарихи кинолардан («Кейкі батыр», «Сарай сыры», «Міржақып. Оян, қазақ!», «Мағжан», «Ұлт ұстазы. Ахмет» және т.б.) осы сипаттағы амандасуларды бейвербалды және вербалды құралдар арқылы тілдік қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде қолданылып, негізгі аппелятивтік, фатикалық қызметімен қатар эмотивтік, кейде коннотивтік қызметтерді де қоса атқарады.

Ал қазіргі киноларда бұл үрдіс бар. Тек коннотациялық қызметтері солғындау, ал бейвербалды амалдары ретінде «Келінжан», «Күйеу бала» фильмдерінде амандасу кезінде дастарханның басында отырса түрегелдеп тұрып амандасу рәсімдері көрсетіледі. Жылдар өте бара қол алысып амандасу рәсімі өзгерістерге ұшыраған. Бұл өзгерістің нәтижесі (немесе бір қолын созып амандасу) бір қолдап амандасу.

Қол бұлғау қимылы арқылы да сәлемдесу рәсімін жүзеге асыра аламыз. Жастар бірін-бірі алшақтау жерден көрсе, онда олар бір-бірімен қол бұлғау арқылы амандасады. Мұнда қол бас деңгейіне дейін немесе одан жоғары көтерілуі де мүмкін. Мысалы, «Күйеу бала» фильмінде жастардың амандасуы:

*-Ғашықтар, қалайсыңдар? (машинадан түсіп, жастардың қасына жақындайды)*

*-Жақсымыз.*

*-Ауылды күзетіп отырсыңдар ма?*

*-Күзетіп отырмыз. Өзің түнделетіп не істеп жүрсің?* Мұнда қол алу мүлдем жоқ, тек «қалайсыңдар» деп ауызша амандасты. Мұндай жағдай жастар арасында жиі орын алып отыр.

Еуропа елдерінің көпшілігінде жоғары интелегенция өкілдерінің арасында ізеттілікті білдіретін қол сүйіп амандасу рәсімі де кездесіп жатады. Бұл қол алысу, қол бұлғау, қос қолдап амандасу сынды қимылдардың мағынасымен синонимдес болып табылады. Тек бір айырмашылығы аталмыш қимыл қазақ қарым-қатынасында қолданылмайды. Сондықтан кино өндірісінде бұл бейвермалды амал көрініс таппайды. Басқа ұлт өкілдерінде кездесетіндіктен қазақ киносында орын алмауы да орынды.

Күнделікті өмірде бір-біріне алғыс білдірудегі қимыл – басын ию қимылы. Сонымен қатар алғыс білдіруде оң қолдың алақанын кеуденің орта тұсына апарып қою (қолын кеудесіне қою) қимылы да бас ию ишарасымен ұқсас болып келеді, яғни синонимдес ым-ишара. Кейбір елдерде бұл қимыл түрі сол елдің әнұраны ойнаған кезде де қолданылады, оның мағынасы алдыңғылармен сәйкеспейді, өйткені бұл қимыл ел рәміздерін құрметтеу, қадірлеу мақсатында қолданылып отырады.

Өзінің ризашылығын білдіруде, рақмет айтуда қолданылатын, вербалды компонентпен қоса жүретін қол алысу кинемасы көркем шығармаларда былайшы беріледі. Ризашылығын білдірудегі әңгімелесушінің қолын қос қолымен қысу (немесе керісінше) қимылы оған шексіз риза екендігін аңғартады. Бұл қимылмен қатар, жымию, бас изеу қимылдары да қосарланып қатар жүреді. Мәселен, «Келінжан» фильміндегі ауыл әкімі жақсы жаңалықты Күнімхан апаның отбасына айтқан кезде үлкен ұлы Қылышбек әкімнің қолын қысып тұрып, рақметін айтқан кезді айтуымызға болады.

Этикет нормалары қол алысу кинемалары амандасу, рақмет айту мағыналарымен бірге, танысу кезінде де қолданылады. Қимылдың орындалуы жағынан бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Бұлар тек қана қарым-қатынастағы жағдайға, контекске байланысты ажыратылады.

Қол алысу кинемасының бере семантикалық сипаты кең. Солардың бірі – татуласы кезінде қолданылатын қол алысу болып табылады. Адамдар ренжісіп, араздасып қалып жатқанда бірімен-бірі татуласы үшін де қол алысады. Мұның мағынасы *айыбыңды кешірдім, сенімен татуластым*

дегенді аңғартады. Мысалы, «Келінжан» филімінде ағайынды үш бауыр араздасып қалған кезде:

*-Мәдош, мен аға болып не істедім? Аға болып осы уақытқа дейін не бітірдім? Енді араласпай-ақ қояйықшы. Анам өзі шешсін. (жер мәселесі бойынша).*

*-Братандар, ренжімеңдерші. Сендерден бұрын барып қойғаным үшін.*

*-Посмотрим.*

*-Асылым зой, түнімен миымды жеп.*

*-Жарайды, кешірдік*

Ал бірін-бірі құттықтау, бір-бірімен бәстесу мағынасында қолданылатын қол қысу немесе қол алысу қимылдары көркем фильмдерде былайшы беріледі. Мысалы,

*- Ал, Мағжан! Дүниеге келген күніңді думандатып жатыр екенсің? Еліңнің ақыны бол!*

*- Бірақ ескертейін. Сенің туған күңде мен кешікпеймін. Сен де соны үйрен (қолдарын алысқан Сәкен мен Мағжан)*

*- Әрине, сен кешікпейсің. Өйткені жолыңда Софиядай сұлулар торуылдамайды. (Сәкен)*

Екі ақынның ортада тұрып сөйлесуі, өзара қол алысуы, ондағы сөзсіз қимыл-әрекеттердің бейвербалды коммуникацияны көрсетсе, бұл жердегі қимыл-қозғалыс тетігі сөз өнерінің сыртқы бедерінде бадырая көрініп тұрғаны белгілі.

Қарым-қатынас барысындағы қоштасу жағдайында дене қимылдарынан қол алысу, қол бұлғау, қолды жоғары көтеру қимылдары қолданылады. Қоштасу кезінде, амандасқанда қолданылатын қалыптасқан дене қимылдары бар және олар көптеген тілдерге ортақ. Орыс тіліндегі осы саланың көрнекті зерттеушісі Н.И. Формановская: «Әңгімелесушілердің контактісінде қоштасу барысында дене қимылдары қолданылады. Олар сәлемдесу рәсімінде қолданылатын кинемалармен байланысты» - [126,90] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым қазақ тіліндегі кинемалар табиғатына да жат емес.

Қоштасу рәсіміндегің қол алысу: Бұл жолғы дидарласуда біз бір-бірімізді ренжіткен жоқпыз, алдағы кезде де осындай ақ пейіл, адал ниетпен, дос көңілмен кездесіп, қол алысатын болайық! – дегенді аңғартады.

Қоштасу рәсімінде қол бас деңгейіне дейін алақан алға созылған күйі, толқынды суреттеген тәрізді қимыл жасалады, яғни мұны қол бұлғау қимылы деп те атауға болады.

Көбінесе жасы кіші немесе бастауыш сынып оқушылары амандасу, қоштасу жағдайларында және жеке бейресми әңгіме үстінде ым-ишараларды жиі қолданады. Балалар амандасу сәтінде қолын сәл жоғары көтеріп бұлғайды. Ал қоштасу сәтінде арқадан қағады немесе қолын бұлғайды. Бұл балалардың бейвербалды амандасуы мен қоштасуы ер балаларға тән.

Қолды бұлғау қимылынан біз адамның адресатты өзіне шақыруын біле аламыз. Егер де бұл қимыл түрі біріншісінде, қолын ақырын бұлғаса, бұл



асығыс емес жәйтті білдіреді, екіншісінде өте тығыз бір шаруаны айтуда немесе қарым-қатынас жасаушысының өзіне өте қажет екендігін аңғарта алады. Мұнда қимылды алғашқысындағыдай ақырын бұлғау арқылы емес, қолын тез бұлғағандығы арқылы ажыратуға болады. Мысалы, .....Бұл қимыл түрі, шамамен айтқанда, 60-70-ші жылдардың ішінде енген деген пікірлер де айтылады.

Қол көтерудің халқымыздың таным-түсінігінде бірнеше мән-мағынасы, ұғымы, нышаны бар [127]. Бірінші – сөзім бар, айтарым бар дегені. Екінші – «тоқта, тоқтат, жетер» жегені. Біріншісіне «Ахмет. Ұлт ұстазы» кинотуындыда Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралы мектебінде ұстаздық еткенде:

- *Енді айшылық алыс жерлерге жылдам хабар алғызды деп Ыбырай мұғалым нені айтып тұр?(оқушы қол көтереді, ұстазы басын изегенде орнынан тұрып жауап береді)*
- *Мұнда Ыбырай мұғалым телеграфты айтып тұр.*

Күнделікті тұрмыста тығыз бір нәрсені айту барысында шулап, адамға сөз бермей, күбірлесіп сөйлеп отырған қауымды тынышталдыру, сөзді «қоя тұрыңыздар», «сабыр етіңіздерші» дегенді білдіретін қимылдардың да түрі бар. Мұнда қарым-қатынас жасаушы бір қолының немесе екі қолының алақандарын адресаттарға бағыттаған күйі бас деңгейіне дейін (немесе бастан сәл жоғары көтерілуі де мүмкін) көтереді, мұның мағынасы «қойшы», «тыныш», «тыныштық сақтаңыздар» сөздерімен пара-пар. Бұны сөзбен айтпай-ақ, қолын көтере салуға да болады. Мысалы, .....

Алайда қол көтеру қимылдарының барлығы бірдей тынышталдыру мағынасын бере бермейді, кей жағдайда олар дауыс беру кезінде жақтаушылардың, қарсы шығушылардың санын анықтау мақсатында да қолданылады. Мұндай жағдайлар көбінесе қоғамдағы түрлі жиналыс, сайлау т.б. жиындарда көрініс табады. Дауыс беру барысындағы қол көтеру қимылдары мен қол алысу, қол қысу қимылдары көптеген халықтардың қарым-қатынасында кездеседі. Қимылдар етістік, зат есім, одағай т.б. сөз таптарының қызметін атқарумен бірге сын есімнің қызметін де атқара алады. Керемет, әдемі, тамаша деген сөздердің орнын бейвербалды амалдардан үлкен, яғни бас бармағын көрсету кинемасы ауыстыра алады.

Тұрмыстағы салт-дәстүр ишараттары сөз болғанда бейнелеушілік ишараттары мен нұсқаулық ишараттардың да күнделікті тіршілікте молынан кездесетіндігін ұмытпауымыз керек. Жеке адам белгілі бір ишаратты таңдауда әртүрлі жағдайларды есепке алып, қоғамның үндестігін басшылықта ұстайды. Бейнелеуші ишараттарды қолдану көп жағдайда қатынаста үндемеуге, яғни ондағы қарама-қайшылыққа байланысты болады. Бұл – уақыт үнемдеу, бұлшық еттер күшін үнемдеу немесе бір уақытта сол екеуін де үнемдеуі болуы мүмкін. Бұл, әсіресе зат пішінін бейнелейтін біреудің немесе бір нәрсенің ишарамен қозғалыс ерекшелігі жайлы әңгімеде анық байқалады. Бейнелеуші ишарат сөйлеу мүшелері әрекетін ауыстыра отырып хабарды жеткізу нәтижесінде ауызша сөйлеуге қарағанда жылдам да

дәл жеткізумен айрықшаланады. Біздің ойымызша, кез келген тілде, әсіресе бейнелеуші ишараттардың болғандығының, болуының және болатындығының бірден-бір себебі осында жатса керек. Сезім ишараттары көмегімен үлкен бейнелікке, лексикалық хабарламаның айқындылығына қол жеткізуге болады.

Опера әншісі С.Татубаев пікірінше, бейнелеуші ишараттар нұсқаулық ишараттарға қатысты қосалқы, қосымша рөл атқаратын сияқты [128]. Біз С.Татубаевтың пікірімен келіспейміз, төмендегі мысалдардан бейнелеуші ишараттың қосымша рөл атқармайтындығы анық байқауға болады:

Ал «Мағжан Жұмабаев. Мен жастарға сенемін!» төрт бөлімді кинотуындыда Мағжан ақын өлеңдерін оқығандағы тыңдап отырған аудиторияның қанша қимыл-әрекет, іс-қимыл, ым-ишара жиынтықтары жымдаса қабысқанына куә боламыз. Омбы қаласындағы жиналған қауымға Ғайман бай: *Оттан жаралған ақын келді. Даланың жолбарысы даланың тілінде сөйлесе еш қателік болмас. Абайдан кейінгі ақыным – Мағжан Жұмабай!*– деп таныстырады. Ортаға жас Мағжан ақын шығып:

...Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,  
Күңіренумен бір-біріне үн беред.  
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,  
Қара түнде көр көзімен не көред?!

...Ерте күнде отты Күннен Ғүн туған,  
Отты Ғүннан от боп ойнап мен туғам.  
Жүзімді де, қысық қара көзімді,  
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,  
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.  
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:  
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.

Өлең жолдарын оқығанда қолын сермеп, арылы-берілі қимыл-әрекеттер тыңдаушысына ерекше әсер береді. «Қара түнде көр көзімен не көред(i)», «Қайғылы ауыр жер жыры», «Күнбатысты қараңғылық қаптаған», «Білген емес иман деген не нәрсе, “Қарын” деген сөзді ғана жаттаған» сияқты сөз орамдарында адамның сан қатпарлы ішкі жан сарайының қаншама сыры, мұңы сипатталған. Әрине, адамзат баласы қай текке, қай ұлтқа қатысы болмасын, жаратылыс болмысы, тән бітімі, тұла бойы әлгіндей сезім иірімдерге бай екендігіне күмәніміз жоқ.

- *Жаңа байқадым, көзіңізге жас тұнғандай (Юлиана)*
- *Дастарқанға қараңызшы, қымбатты Юлиана! Маған ет асап, шарап іш дейді. Ал менің даламда аштық буындырып барады. Тамағымнан өте ме? (Мағжан)*

«Көзіңізге жас тұнғандай» деп сұрауы, оның бет-әлпетіндегі ым-ишаратты толық көрсетіп тұрса, «тамағымнан ас өте ме?» деген жауаптан соң актер қыздың басы салбырауы «бәрі түсінікті» деген бейнелеуіштік ишаратпен диалогты аяқтайды.

- Мына тұрған татардың өзінде он шақты газета бар. Бізде біреуі де жоқ.
  - Бүгін өнер-білімнен малымызды аясақ, ертең өрге тырмысқан өзге жұрт ұрпағымыздың обалына қаламыз.
  - Осы отырған әрқайсысыңыз мың қойға пәленбай процент салық беріп отырсыздар. Соның көбісі заңсыз. Русяның мұжықтары төлемейді де онғы. Газет осының бәріне халықтың көзін ашу үшін керек.
- Сырттан жылқының кісінеген дауысы естіледі*
- Ей, мынау менің атым зой
  - Менікі сияқты (екі бай бірінің артынан бірі сыртқа шығып кетеді)
  - О, тоба. Бергісі келмеген адамға тебіскен атта сылтау екен зой.

Соңғы шыққан кинофильмдерден, мультфильмдерден көптеген қателерді де кезіктіреміз. «Құрметті халықтар» деп бір састырып еді. Балаларға арналған «Қазақ елі» атты тамаша мультфильмде «Әскерлер жиылсын» дегенді тағы естіп, жағамызды ұстадық. Халық та, әскер де көптік мағына беріп тұрған сөздер, оған жалғау мүлде жалғанбауы керек. Ол тіліміздің заңдылығы. Ал «Абысындар» фильмінде кіші келіні үлкен абысындарын «абысын» деп атауы дұрыс емес. Абысын – ағайынды, туыстас адамдардың әйелдерінің бір-біріне қарым-қатынасын көрсететін туыстық атау. Сырттан таныстырғанда абысын деп таныстырып, жеке өзін шақырғанда жеңеше, жеңгей деп айтқаны дұрыс. Сосын келін деген атауды бәріне бірдей қолданыс деп жүрген жастар, үлкені абысын, кішісі келін емес, ажын болады. Уақыт өте келе бұл қолданыстан түсіп қалып, қазіргі таңда тек *келін* қолданысы актив пайдаланамыз.

Қазір кинодан алпауыт күш жоқ. Жақсы кино – мәдениеттің тірегі, арзаны – күйреуі. Голливудта аты аңызға айналған режиссері Джеймс Кэмеронның “Аватар. Су жолы” картинасының қазақша дубляж көрсетілімі кинотеатрларда көрсетіліп жатыр. Әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде сеанстарға қолдау көрсету үлкен қолдауға ие болып отыр. Ал осы фильмнің көрерменге, оның ішінде қазақ көрерменіне берері бар ма?! Біз соған назар салып көрейік.

Ең маңыздысы – Аватар жастардың ағылып баратын кинолардың бірі. Оқиға келешектегі 2154 жылдың есебімен бастау алады. Жер бетінде табиғат ресурстарын барынша пайдаланып, түкеткен адамзат енді өмір энергиясын өзге планеталардан іздеуді көздейді. Демек, сюжеттің басты дінгегі отарлау мәселесіне келіп байланатынын көреміз.

Кейінгі кезде үлкен экранға шығып жүрген блокбастерлердің қазақша дубляжі барынша сапалы болып келеді. “Қазақ тілі – бай тіл, оралымды, ырғақты” деген Ғ.Мүсіреповтің сөздері есіме оралып отыр. Қазақ тілі

кинодағы барлық эмоция мен сезімдерді әдемі, нанымды жеткізген. Қазақша дубляжды қолдай отырып, кинодағы кейбір дубляжды жасау кезіндегі сәтсіз аудармаларға тоқталайық:

Калькаға қатысты сәтсіз аудармалардың көбеюінен узустық қолданыстарымыздың саны артып барады. Мәселен, кинотеатрларда көрсетіліп жүрген “Аватар: су жолы” филімінде кездескен калькалар:

-Спайдер қайда?

-Оны алып кетті. □

-Аналар алып кетті. ✓

\*\*\*\*

- Әке, істей аласыз □

-Әке, қолыңыздан келеді. ✓

\*\*\*

Бас терісі □-құйқа ✓

\*\*\*

-Дәл қазір баруың керек □

-Дәл қазір кетуің керек ✓

\*\*\*

-пропорционал тұрғыдан □

-пропорция жағынан ✓

\*\*\*

-балаларды ұстады □

-балаларды ұстап алды/қолға түсірді ✓

\*\*\*

-жарақаттанды □

-жараланып қалды ✓

\*\*\*

-оны қалай тастаймыз □

-оны қалай тастап кетеміз ✓

\*\*\*

-мен сені ұмытпадым □

-сені ұмытқам жоқ ✓

(Н.Қожабек парақшасынан).

Дубляж барысындағы мәселелер бізге белгісіз. Жұртшылық осы аудармамен көрген соң калька мен қазақ тілінің нормасын ажырата алмайтын жағдайға жетпесек болды.

«Келінжан» киносы екі тілде түсірілген «қазақша кинолардың» («Сержан братан», «Бизнес по казахский», «Келинка Сабинка», «Байдың қызын аламын», «Бесбармақ», «Белгісіз батырлар» және т.б)) ішінен кино тілін сараптаудағы жақсы түсірілген кино дей аламыз. Алайда нормаға қатысты талдау жасалғанда узустық қолданыстар жиі ұшырасады. Әрбір сөзде «просто», «как обычно», «барып сразу аламын», «короче, мен пападан

*ақша сұрап қойдым», «енашамайт», «я обеспечиваю, маған мына үйіңді пихать етпе», «сам уходи», «мыналарың жынды ма», «кнопкасы істемейді», «сіздерде бәрі дұрыс па?», «спичка берші», «по пути зой, жеңгешка», «нап-нармальный ет», «обедке кел», «өтірік қой, через не хочу арқылы берген», «удостворениемді тастап кетемін», «базар жоқ, дәмді болыпты», «конешна дәмді болады», «тұздап, чеснок тап беретінмін», «как всегда Айсара жексұрын», «тоқты бір нәрсе етіңізіші, свет өшіп қала береді», «мынандай телефонға зарядка бар ма», «салатын шығар, здания ма бірдеңе», «никокой субординация ұстамайды мына келін», «за то менің күйеуім на лево, на право жүрмейді» және т.б.*

Кейіпкер сөзінің кино құрылымындағы аса маңызды құраушылардың біріне айналуы бұл жанрға түбегейлі өзгерістер алып келді. Ең бастысы, киноға айналған көркем шығарманың естіп, көріп қабылдаудан туындайтын әсер етуші коммуникативтік-прагматикалық күші өзге жазба түрімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Себебі, қағаз бетіндегі шығарма тек санамызда ғана емес, көз алдымызда қимыл-қозғалысқа түсіп «тіріледі», қимыл-әрекет өтіп жатқан уақытқа тәуелді дыбыс (сөз, әуен, табиғи шу) пайда болады, кейіпкерлері сөйлейді.

Осы аталған нәрселерді кинорежиссер өзінің түпкі ниетіне сай етіп тандап, орын-орнына қойып, әсер етуін көздей отырып, көрермен тарапынан қандай да бір пікірдің, психологиялық әрекеттердің туындауына ықпал жасайтын бүтін бір экрандық шығарма жасап шығарады. Көрермен экрандағы бейвербалдық әрекеттерді көре отырып, соған сәйкес мәтінді тындап, ақпарат алады, прагматикалық қарым-қатынасқа түседі. Сәтті шыққан әрекеттердің бәрі жинақтала келе фильмнің түпкі мақсатының көрерменге қатесіз, тура жетуіне ықпал етеді. Біз мұны жалпы кино прагматикасы деп атадық. Әсіресе мәтін мен оның дыбыстық жеткізілуінің белсенді рөлге ие болуы фильмдегі коммуникациялық мақсатты жүзеге асыратын тілдің коммуникативтік-прагматикалық қарымының ауқымданып, көрерменнің оқиғаға илану мүмкіндігін күшейте түседі.

### **3.3. Кинодағы фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норма**

Ұтымды актер әр ойыны сайын қуат құлшынысы артып, қиялы ұштай түсіп, кейіпкерін өзге қырынан түрлендіріп, өзгеше тебіреніспен ойнайды. Кинодағы кейіпкерін мықты актер адам ырқынан тыс болатын, көзге көрінбейтін, санамен сезілмейтін, көбіне актердің өзіне де сыбысын таныта қоймайтыны сезім байланыстары арқылы көрерменге жетеді. Сахна өнерінің маманы Т.Жаманқұлов бұндай «коммуникациялық арналармен көрерменге жететін» жағдайды «сезім – әрекет – сөз» деп жүйелейді [129,9]. Біздің бұл жүйенің тізбегіне алып қосарымыз болмаса да, жүйенің ішкі орналасу тәртібін өзгертіп, сәл басқашалау тізбектеп: «сөз – әрекет – сезім» - деген

ұстанымда алу мақсатымыз. Өйткені кино өнерінде ең алдымен *сөз*, сосын, *қимыл-әрекет*, сонан соң барып *сезім* орын алады.

Сөз өнері жөнінде, оны тудыратын тіл қызметі жөнінде Р.А.Будагов былай деп жазады: «Әрбір ұлт – әр алуан ойларды көрсетудің құралы ғана емес, сол тіл туған тілі болып саналатын халықтың әр алуан сезімдерін көрсетеді. Тілдің біздің күн сайынғы тәжірибемізге, дағдымызға сүйенетіні белгілі, тіл өнердің барлық түріне қызмет етеді. Біздің сезімімізге қатысты тілдің қызметі орасан зор»[129, 101-103].

Актер сөз айтардың алдында (кейде сөзбен қатарластыра), «әуелі ойша, суреткерлік ақылымен жасайтын образын қиял әлемінде орнатады, сосын барып, көрерменнің санасынан орын алып, жүрегіне жетуге тиісті шеберлік әдістерін, сахналық әрекеттерін, қимыл-қозғалыс, ишараларын жан күйзелістерін «іске қосады»[129, 101-103].

Осы тұрғыдан келгенде кейбір фильмдерге, біріншіден, мәтіннің лексика-семантикалық тартымдылығы нашар; екіншіден, сөз нормасы сақтала бермейді, терминдік атаулардың қолданылуында бірізділік жоқ; үшіншіден, тембр, интонация, дауыс ырғағы, екпін, т.б. дұрыс қолданылмайды, төртіншіден, фильмдегі бейвербалдық амалдардың кинесикалық көрініс аударма тіліндегі просодикалық амалдармен сәйкес келмейді деген секілді жалпы сын көп айтылады. Шындығында да, кино - идеологиялық құрал ғана емес, ол адамға рақат сезім сыйлайтын тұтастай этика-эстетикалық шығармашылық өнер. Ал тіл мен сөз осы өнерді тұтастырып тұрушы ас маңызды элемент. Осы себепті де осындай прагматикалық нюанстарды ұсақ-түйек деп есептеу ана тілімізді де, қазақ көрерменін де сыйламау болар еді.

Кино – көрермен алдындағы өте жауапты сын, яғни олармен бетпе-бет келетін майдан іспетті. Теледидар көрермендері қызықсыз, тартымсыз хабарларға көңіл аудармайды. Көрерменнің қызығушылығын оятуда тіл байлығы мен сөйлеу өнерінің қатарласа қатысқаны керек. Сондықтан кино форматында ауыр жүк актер иығына түсіп, оның жауапкершілігі шексіз өсіп, білімі мен парасаты, мәдениеті мен жағымды дауысы, шешендігі мен тіл байлығы алдыңғы қатарға шығады. Кино тілінде сөзді жұмсай білу үшін, олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдебие, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу қажет. Актер өз сөзінде бейпіл сөздер мен диалект сөздерді қолданса, онда ол сөз шеберлігін аяққа басқаны болады. Айқын ойдың көріктілеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді. Сондықтан да бұлдыр ойдан туған сөзде де алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Ондайdan аулақ болу үшін редакциялау кезінде сөз саптауға баса көңіл аударып, жазылған сценарийді бірнеше рет түзетіп, әрбір сөйлемді, сөз тіркестерін мұқият өңдеу қажет.

Тілдегі жаңалық тілдің ішкі заңы негізінде, тілде бар дәстүрді, норманы бұзбай, соларды дамыта, қалыптасыра түсу үшін іздену жолымен жасалады.

Актер сөйлеу барысында фонематикалық, интонологиялық және акцентологиялық нормаларды ескеру қажет.

Соңғы жылдары көркем фильмді зерттеуге арналған еңбектерде *кинофильм, киномәтін, бейне вербалды мәтін, кинодағы диалог, кинодискурс, фильмнің дискурсты кеңістігі, кинематограф, кинематографтық дискурс, кинодағы баяндау* секілді түрлі жаңа атаулар мен терминдер пайда болды. Бұл терминдердің қолданыстық сипаты зерттеу аспектісіне байланысты жан-жақты қарастырылып келеді. Кино саласында *кино тілі, киномәтін, кинодиалог, кинодискурсы* сияқты терминдердің орны ерекше. Лингвистердің пікірінше, *киномәтін* – ауызша (лингвистикалық) және бейвербалды (иконикалық немесе индексалды) белгілердің көмегімен ұжымдасқан толықтай байланысқан, біртұтас және аяқталған мәтін. Ол кинематографиялық кодта тіркелген және көрерменнің аудиовизуальды қабылдауына сәйкес құрылады. Ал, *кинодиалог* семиотикалық таңбалар бойынша да, вербалды компоненттердің көмегі арқылы да, сонымен қатар аудиовизуалды мағынасының біртұтастығының қамтамасыз етілуі нәтижесінде пайда болады. Осы екі жиі қолданылатын ұғымдарды салыстыру арқылы кино жұмысының түрлі анықтамалары, мақсат-міндеттері айқындалады. Бұл ұғымдар құрылымдық вербалды және бейвербалды компоненттер фильмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір вербалды немесе бейвербалды компоненттің жалпы міндеті – авторлық идеяларға тәуелді болатынын білдіреді. Бұл ұғымдар кино тілін тек зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар жұмыс істеу ерекшеліктері (белгілер және оларды ұйымдастыру) арқылы тәжірибе жинауға, лексика-грамматикалық, стилистикалық және лингвомәдени аспектілерді пайдалану арқылы сөз мағынасының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Себебі, кинофильм ұғымы үнемі динамикалық сипатта болады. Көрермендерге автордың (режиссердің) рұқсатымен ақпарат жеткізіледі. Бейвервалды және ауызша кодтар мен аудиовизуалды мәтін өзара байланысты болады. Кинофильм ұғымы киномәтін аспектісі аясында нақтылана түсері сөзсіз.

Ал кинодискурстың негізгі параметрлеріне – модус, жанр және үндесім жатады. Дискурсты модус бойынша бөлу коммуникативтік тәсілге байланысты жүзеге асады. Автордың хабарды, ақпаратты жеткізуі тұрғысынан кинофильмде бір мезгілде екі бағыт коммуникацияға түседі. Олар акустикалық және визуалды коммуникациялар. Модустың ерекшелігі – бейнежазу модусының болуында. Киноны салыстыруға арналған жазбаша модус әдебиеті, ауызша модус, вербалды коммуникация, визуалды модус, кескіндеме, фотосурет және аудиалды модус – музыкалық шығармаларда және радио трансляцияларында қолданылады. Олар белгілі жағдайға сәйкес кино саласындағы түрлі арналардағы маркетингтік үрдісті жылдамдатуды көздейді. Бұл корей киноларын жасауда басшылыққа алынып келе жатқан тәсілдің бірі. Корей сериалдарындағы діріл, жаңғырық, тым көтеріңкі дауыс толқындарының берілуі осының дәлелі бола алады. Кинодискурс лингвистикалық компонент арқылы екі бағыт бойынша жүргізіледі әрі

кинодискурстағы ауызша модус пен жазбаша модус арқылы байланыстырылады. Ауызша вербалды код кинофильмнің дауыс толқынында қарастырылады. Кинодискурстың ерекшеліктері туралы әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Кинодискурсты кейбір зерттеушілер «ауызша және суреттелген белгілерге байланысты диалектикалық характер болып құрылады» [94, 63] деп есептесе, ал испандық тәжірибеші Ф. Чауме аудиовизуалды аударма осы екеуінің теңдігінде құрылатынын айтады [2,26]. Кино тілі тек вербалды компоненттер көмегімен емес, сонымен қатар бейнелік және әуенді бөлшектердің әсерімен де жазылады. Осындай құрылымдар арқылы толыққанды сценарий жазылады. Киносценарий проза жанрындағы романдар мен повестер секілді «толық, аяқталған шығарма» емес, кинодағы сценарийге түсірілім барысында көптеген жазбалар жазылып, дамытылады [108, 9].

Экран алдына жіпсіз байлайтын киношығарма арқылы күнделікті өмірімізде болатын жағдайларға сырттан қарай отырып, өзге болмысқа көзқарасын, құлықтық табиғатын, әлемтануын көз алдымыздан этномәдениеттің кодтарын өткереміз, бағамдаймыз. Сонымен бірге шығарма оқиғасынан әсер алып кейіпкерімен бірге қуанамыз, қайғырамыз, ойланамыз, тіпті рухани тәрбие де аламыз. Егер де фильмнің мазмұны көрерменін осы айтылған қалыпқа жеткізсе, кино тілінің тазалығы диттеген мақсатына жеткен деген сөз. Осы себепті де бастапқыда кино режиссерінің мақсаты болған аса маңызды коммуникативтік мәселелер кино тілінде көрініс беру үшін сценарий авторына үлкен салмақ жүктеледі. Байқағанымыздай, киноның тілінің сапасына әсер ететін үш жағдай бар: біріншісі - лексикасы, екіншісі просодикасы, үшіншісі -әрекетпен қисыны. Осы үшеуін үйлесім таптырып, түпнұсқадағы бейвербалды іс-әрекетке қисындастырып келтіру аса күрделі құбылыс. Сонымен кино жасау негізі үш кезеңнен тұрады: 1. Мәтіннің мазмұны; 2. Сценарий мәтінін актерлердің орындауы; 3. Бейвербалды әрекеттермен әрлеу.

Киноның ұзақтығына байланысты киносценарий көлемі шектеледі, себебі кино ұзақтығы ереже бойынша 30-120 минутты құраса, ал деректі фильм 10-60 минутты құрауға тиіс [122]. Кез келген тілдегі кино шығарма, ең алдымен сол тілде сөйлеуші халыққа арналады. Сонымен бірге олар қаржы табу мақсатында немесе жалпыадамзаттық құндылыққа ие болуына байланысты өзге тілдерге жиі аударылып жатады. Алайда киношығармалар мәтіндері прагматикалық айырмашылықтардың ескерілуін қажет етеді. Өйткені әрбір кино сол халыққа байланысты деректер мен оқиғаларды суреттейді:

а) сол халықтың тарихы. Мысалы:

- *Жәңгір ханның таққа отыруы әлі ерте. Буыны қатайсын Қан тұқымында билігін берген қараша халықтың хақы бар, балам! («Сарай сыры»).*

ә) түрлі мәдени және эстетикалық ассоциациялары. Мысалы:

- Біздің елде ата-дәстүрде үлкен-кішінің бәрі тәу етеді. Ұлықтың алдында кішік болып тағзым етсе жарасар.



- Уәжің дұрыс. Қазақ босаға аттағанда қолын кеудесіне қойып сәлемдеседі («Тар заман»).

б) тұрмыс-тіршілігі. Мысалы:

- Шаңырақ биік болсын!

- Айтқаныңыз келсін, Қаршеке! («Тар заман»).

- Көш байсалды болсын («Тар заман»).

в) салт-дәстүрі. Мысалы: От ана, тәу-тәу! Өзіне тапсырдым. (Белдікті стқа тосып-тосып алады) Жер ана тәу-тәу! Өзіңе тапсырдым. Ақ төсек, тәу -гу! Өзіңе тапсырдым. (Белдікті төсектің ортасына ұзынынан салады) «Қыз Жібек»).

г) ұлттық тағамдары. Мысалы:

Күнім-ау, қымыз ішсеңші!

- Жоқ, апа! Сарбаздар ішсін! («Қыз Жібек»).

31

д) киім-кешегі. Мысалы: Сәукелен де бітті, еркем, киіп көресің бе? («Қыз Жібек») және т.б.

Ғалым Э.Косериудің пікірінше: «Тілдердің салғастырмалы түрлі тілішілік құрылымдарға негізделуі кажет. Атап айтатын болсақ:

1) тілдік норма деңгейінде (тілдік қызметтердің дәстүрлі жүзеге асуы)

2) тіл түрінің деңгейінде (тілішілік құрылымдық принциптері мен жұмсалымдық категориялардың байланысы);

3) тілдік жүйе деңгейінде (жұмсалымдық оппозициялар, мысалы лексикалық және грамматикалық өрістер)» [37, 57 б.]. Сондай-ак зерттеушінің «Тілдің жүйелі-құрылымдық және салғастырмаларының аудармаға соншалықты катысы жоқ. Контрастивтік лингвистиканын аударма теориясына ен жақыны тілдің іс-әрекеттегі бағытын зерттеуге ынғайланған саласы болып саналады» [37, 68 б.]. Яғни аударма теориясы үшін ең маңыздысы тілдік құрылымдардың сөйлеуде жүзеге асуы, тілдің сөйлеудегі қызметі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде тілдің сөйлеудегі ең бір айқын көрінісі кинофильмдер тілі екендігі сөзсіз.

Негізінде, фильм кейіпкерлері жасанды, бірақ оқиғасы өмір шындығынан сұрыпталып алынатындықтан оның тілдік құрамы да әртүрлі болуы заңды. Мысалы, әрбір кейіпкердің, оның тілдік прагматикасының фильм интенциясын іске асыруда өзінің шешуші ролі бар. Осыған орай кейіпкер бейнесін ашу мақсатында кейде әдеби тіл кеңістігінен тысқары жататын, бірақ халық тілінде кездесетін қарапайым сөйлеу тілі, жаргон секілді бірліктерді де көркемдеушілік қызметте қолданысқа түсіріп жатады. Мұның бәрі де киноны тамашалаушы әлеуметтік ортаның білім деңгейі мен талабын ескеруге байланысты. Көрермен мен фильм арасында коммуникацияның, диалогтың іске аспауы немесе корермен санасындағы шындыққа сәйкес келмеуі фильмнің ары қарайғы тағдырына әсер етеді. Ойткені кино да адресат үшін түсіріледі. Осылардын ішінде біздің еңбегімізге негізгі өзек болатыны көркем фильмдер аудармасы

Кинода диалог басым болғандықтан, сөйлеу актілері көбірек көрініс береді. Ал ол өз кезегінде көбіне жай сөйлемдерден жасалады. Себебі сөйлеу

тілінде шұбалаңқы, құрмалас сөйлемдердің көп болуы адам санасына салмақ түсіріп, ақырында түсінуге туғызады. Үшіншіден, кинодағы коммуникациялық құрылым тілдік және тілдік емес, тілдік ситуациялардан тұрғандықтан құралдарды пайдалану тілдік емес жағдаяттарға тәуелді.

Аталған кино түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталуда ғалым Н.Уәлидің: «...ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Керісінше, жазба елдегідей елеп-екшеуден өткен ойды объективтендіруде ең керекті деген бірліктерді таңдап-талғауда... сөйлеушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай нес...» [34, 114 б.], - деген дәлелі ойымызға дәйек бола түседі.

Тарихи кинолардың қиындығы әсіресе ұлттық колориті мол, реалий сөздер мен фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер жиі қолданылатын фильмдерді талдағанда байқалады. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер ұлттың жан дүниелік байлығының, ой көркемдігінің, тарихтағы тамырының терендігінің өлшемі. Әрине, негізгі мағынаны бере алатын екі-үш ауыз карапайым сөзбен де бүтіндей бір көріністің айтар ойын түсіндіруге болады. Бірақ бұл тәсілмен дубляждалушы фильм өзінің нағыз коммуникативтік мақсатына жетеді дей алмаймыз. Өйткені ұлттық нақышқа бай мұндай фильмдерді бүтін бір ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін, болмысын әлемге таныстыру, жарнамалау, дұрыс көзқарас қалыптастыру болып табылады.

Дубляж кезінде дублердің оқылуындағы мәтіннің немесе басқа тілдегі диалогтын эмоциясы және оның мағынасы экрандағы актердің бет әлпетіндегі құбылысы мен ерін кимылына сай келіп, экрандағы болып жатқан оқиғалармен орайласуы шарт. Кинофильмнің дубляждalған жаңа нұсқасында дауыс, сез мәнері, интонация және актер артикуляциясы мүмкіндігінше түпнұсқа фильмге ұштастырылады. Аударма көркемділігі сақтала отырып, мәтін мағынасы тура берілуі талап етіледі, сонымен бірге буындық артикуляциясы да мейлінше сәйкестендіріледі. Бәрімізге белгілі, сөйленіс әртүрлі қиын құрылымдардан куралса, сөйлем дауысты, дауыссыз дыбыстардан, буыннан, паузадан тұрады. Соның ішінде дауысты дыбыстар сөзді анық қабылдатуға айрықша оры алады. Буын мен сөз бір-бірінен паузалар арқылы ажыратылады. Міне, осы шарттарды қатаң сақтап, көпшілікке сапалы жеткізуде дубляждың техникалы үдерістеріне аудармашылардың, жана мәтіннің авторларының, режиссер, актерлердің еңбектері орасан зор.

Әрбір ұлт тілі - өзіндік фонетикалық, архитектуралық және ритмикалық айырмашылыққа, сонымен бірге өзіндік ауызекі сөйлесу калпына да ие. Бір фразаны әр адамның оқуында тындарман әрқалай әсер алып, бөлекше сезіммен басқаша қабылдауы мүмкін (бұған «Шыңғысхан» фильмінің қытай казактары мен Қазақстанда аударылған нұсқалары мысал). Сонымен қатар экранда сомдалып жатқан кейіпкердің іс-әрекетінің жағымды-жағымсыздығына қарай дауыс ырғағы да өзгеріп отырады. Осыған орай дауыс темпі де түрліше құбылады.

Дубляждың өзге аудармалардан басты айырмашылығы үндестігіне, артикуляциялық базамен тығыз байланыстылығында, барлық оның буын күрделілік осы арадан туындайды. Себебі, «Сөйлеу мүшелері барлық ұлттарға ортақ болғанымен, әр тілдің өзіне ғана тән дыбыстарды жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің жинтығы жасалым қоры болады. Кез келген сөйлеу мүшесінің, мысалы, тілдің қозғалысы барлық тілде бірдей емес. Сол сияқты сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға топтана қатысы да біркелкі болмайды. Сөйлеу мүшелерінің жеке-жеке қозғалысы, сондай-ақ олардың топтана қатысы бір тілде бір түрлі, екінші тілде екінші түрлі болады» [45, 136.]. Осындай тілдік ерекшеліктерге байланысты аудармашы түпнұсқа артикуляциялық ұқсастыққа ұштастыру үшін барынша буындары сәйкес кино тілі мен дубляжды қолдануға тырысады. «Әр тілде сөйлейтін адамның санасында нақты бір айтылым және естілім базасы болады. Егер сөз сол базаға сәйкес келмесе коммуникация мақсатына жетпейді. Орыс тілді адамның естілімі сөз ішіндегі бір буынның ерекше айтылуына, қазақ тілді адамның естілімі сөз ішіндегі дыбыстардың үндесімділігіне, қытай, кәріс тілділердің естілімдері сөз тонына бағышталады. Осы естілім базасына сәйкес келмеген сөзқолданыстар санадағы дыбыстық елеске ассоциация бермейді, сөз танылмайды, адам сөз мағынасын түсінбейді» [45, 41 б.]. Осы себепті де агглютинативті тілден флективті немесе аналитикалық тілге дубляж жасау көп ізденістерді талап етеді. Осыдан келіп алғашқыда көрсетілген үлгі мынадай өзгеріске ұшырайды: автор-сценарист, мәтін, аудармашы мәтін; дыбыстаушы; көрермен. Дубляж күрделілігі әсіресе ұлттық болмыс пен салт-дәстүрлік көрініске бай тарихи фильмдерді аудару кезінде айқындала түседі. Мысалы, жазба мәтін аудармасында «оқырманның басқа халықтың өмірі мен тұрмысымен танысуға әсер ететін реалий сөздер мен олардың түсініктемесін 1) мәтіннің өзінде 2) диалогта; 3) сілтемеде: 4) соңында комментариялау» [46, 312 б.] арқылы беруге болады. Ал дубляжда уақыт шектеулі. Бұл екінші ерекшелігі.

Үшінші ерекшелігі коммуникациялық әсерлілігінде. Яғни, түрлі көркемдеуші дыбыстардың құлаққа нақты естіліп, оқиғаның, бейвербалды эмоциялардың көрерменнің көз алдында өтуі, илануы.

Міне, дубляждың осындай ерекшеліктері ақпараттың адресат санасындағы кодталуына айрықша әсер етері сөзсіз. Адам болмысындағы тылсым құпияның бірі ақпараттың санада кодталуы. Негізі, код, кодталу деген әртүрлі ақпарат беруге, өндеуге, әрі сақтауға арналған шартты белгілер жүйесі.

### **Кинодағы фонематикалық норма.**

**Кинодағы интонологиялық норма.** Алыстан таңданып келе жатқан Міржақып:

- *Пах, пах, пах! Япырай-ай!*
- *Жай ма, Жақа?*
- *Шіркін! Осындай да жылқы жолығады екен-ау?! А!*
- *Қайсысы? Мына көкбегінің қасындағы ма?*

- *Иә. Құдайдың құдіретін-ай. Мына қылқұйрықтың орнына адам сұраса қияр едім!*
- *Орнына мені тастап кетпекпісің?* (Міржақып пен Сидаштың диалогы)

Жазушы «өзінің сөз қорын мейлінше байытып, әркім бір қолданып, әбден ығыр қылған арзан сөздерге жоламайтын болады» (Беранже). Сонда ғана киноның сценариін жазушы әр сөзді таңдап, талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізер тың және тартымды суреттер жасай алады. Мұның өзі жазушының тілінің үш түрлі ұтымдылығына – дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа негізделуі шарт [125,129]. Сценарий жазушының тіл шеберлігін ерекше байқауға болады. Ал «Келінжан», «Күйеу бала», «Абысындар» кино тілінде «*жаным*» деген сөз өзі сүйген жарына айтылса, екінші қолданысы анасының баласына деген ықыласын білдіреді.

Қазақ тілінің орфоэпиялық (сөзді дұрыс айту, дұрыс дыбыстау) нормаларын сақтамай, одан ауытқитын тұстары бар. Бұл ауытқулар ауызша сөйлеушілердің, әсіресе шаршы топ алдына шыққандардың, теле-, радио дикторларының, комментаторларының, кейбір әншілер мен әртістердің тарапынан байқалады. Бұл – сөз сазы деп аталатын орфоэпиялық нормаларды жақсы білмеушіліктің, оған мектептер мен жоғары оқу орындарында дұрыс үйретілмейтіндіктің және жалпы жұртшылықтың сөзді дұрыс айту дегенге өз дәрежесінде мән бермеушіліктің салдарынан туып жатқан ауытқулар.

Сөйтіп, бүгінгі таңда қазақ тілін зерттеушілердің де, ана тілінің дұрыс дамуына мүдделі қалың жұртшылықтың да тілге, тіл мәдениетіне, нормаларына қатысты назарын аударып отырған мәселелер мынадай:

- 1) тілдің графикалық құралы, яғни ең қолайлы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін әліпби (алфавит) таңдау, бұл проблема қазақ жұртшылығының жазу таңбасын өзгертіп, кириллицадан латынға көшу саясаты көтерілген кезеңде туып отыр;
- 2) емле мәселелері, қазіргі қолданып отырған жазуымыз бойынша түзілген емлеміздің қырнайтын, толықтыратын, ықшамдайтын тұстары барына назар аудару және қазіргі емле қағидаларының негізінде латын жазуына сәйкестендіріп жасалатын емле ережелерін дұрыс түзу;
- 3) жазудың тілдік нормаларды қолдануға және оларды қалыптастыруға қатысты оң және қолайсыз сәттері, яғни орфографиялық нормалар мен орфоэпиялық заңдылықтардың бір-біріне қайшы тұстары, оларды реттеу жолдары;
- 4) ғылыми және басқа да терминология жайы; төл тілдік және кірме терминдердің арасалмағы; термин жасау принциптерін тұрақтандыру; кірме терминдердің тұлғалануы (жазылуы мен айтылуы);
- 5) лексикалық қазынаны байыта түсу мақсатын жалау етіп, қазіргі қазақ тілін әдеби нормадан тысқары тұратын элементтерді, оның ішінде әсіресе жергілікті сөздерді ешбір уәжсіз қолданудан сақтандыру, көне, сирек

сөздердің де қолданысына қатаң қарау, олардың мағынасын дәл біліп, орнымен жұмсауды, көпшілікке түсініктілігін талап ету;

б) тіл мәдениетін, тілдік нормаларды насихаттайтын, түсіндіретін, үйрететін ғылыми-практикалық, анықтамалық құралдардың өте аздығы, барларының араларына 5-10 жыл салып келесі басылымдары әрең жарық көретіндігі;

7) мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу кестесінде тіл мәдениетіне арналған сағаттардың не жоқтығы, не жеткіліксіздігі.

Бұл – жалпы түрде аталған проблемалар, олардың сыртында жеке мәселелерге қатысты танымдық та, ғылыми да, практикалық та іс-қарекеттер тұрғанын айтуға болады.

**Кинодағы акцентологиялық норма.** Тәрбиелік танымдық маңызы бар киноның ұлттық кодтарды танытатын тұстары – салт-дәстүрлер. Тұнып тұрған мәдениет, әдет-ғұрып, дін мен діл осы тұстардан айқын көрініс табады.

«Сарай сыры» киносындағы мынадай қолданыстар: *Үлдемен бұлдеге оранып өскен Тотыш, Ордаға келген кезде бораны ұшырып, аптабы тотықтырып әрең жерсініп еді. Енді міне, қарға аунаған түлкідей үлгілдеп отыр», «Тұяғы жерге тимеген нағыз тұлпар», «Ай да ажарыңызды одан сайын аша түсті, Жүзім ханша», «Отты көзіңіз алғаш көргендегідей қымсындырды зой, хан ием!», «Жанарыңнан баяғы қырмызы Қанипаны көріп тұрмын», «...Сарайда жүрсе тордағы тоты құсқа айналады», «сұр жылан», «сұр мерген».*

Уақыт пен кеңістік аясында шығармаларда жасалған образдар, теңеулер, метафора секілді көркемдеу элементтері үзілмей сақталып, дәстүр жалғастықпен қазір де көркем шығармаларда қолданады. Бұл үрдіс ауыз әдеби тілі мен жеке авторлар арасында да, әр дәуір ақындарының өз араларында да сақталған. Сондықтан фольклорлық жырлардың *аптабы тотықтырып, қарға аунаған түлкідей, отты көз-дері* қайталанып келуі осы принциппен жасалған деп ойлаймыз.

Ал кинодағы бата-тілектерден ұлттың құндылық кодтары ерекше дәріптеледі. *«Тағыңыз тұғырлы болсын!», «Билігіңіз баянды болсын, хан ием!», «Ат-көлік аман келуіңізбен!», «Тақ мұрагері тұңғышыңызға көңіл шапағатыңыз кемінесе екен деп тілеймін, хан ием!», «Білім-шырағың молайып, жұртыңа есен-аман оралуды жазсын!», «Жарайсың, бабың таймапты!», «Білегің қарымды, көкпарың салымды болсын», «Байрағың жығылмасын, қыраным», «Алла разы болсын сізге, Жібегің бөз болғанша ки!», «Алланың бергенінен берері мол болып, ризығың көбейсін!», «Тәңір тілеуіңді берсін, хан ием!», «Болған іске болаттай болыңыз!», «Дәрісімізді Алланың атымен, Пайғамбарымыздың шапағатымен, Әміршінің амандығымен бастаймыз! Әумин!», «Жақсы хабарлар жалғасты болғай!», «Сіздерге хаятым біткенше бек разымын». («Сарай сыры» филімі бойынша).*

Сол кезеңдегі қалыпты сөздер қазіргі біздер үшін әдеби норма мен тарихи лексикологияның аясында ғана қарастыратын сөздер мен тіркестер болмауы қажет. Оны өз қолданысымызға енгізсек құба-құп болар еді.

Ал қазіргі тіршілікті бейнелейтін «Келінжан» киносында «Тұқымың өскір» деген қолданыс бата ретінде айтылған сөзболғанымен Күнімхан апамыздың ашуланған кездегі қолданатын сөзі.

Қазақтың халық поэзиясы мен көркем әдебиетінің шын мәніндегі алғашқы шығармашылық тоғысуы Абай поэзиясынан айқын көрінеді. «Кейкі батыр» кейіпкерлерінің тілінде Абай тілі жиі ұшырасады. Мәселен, *Тесік моншақ жерде қалмас; Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап және т.б.*

*«Молдеке, шайтанды аластасаң, періште нәпақасыз қалмай ма? – Астағфиралла, сен қарақшыға жақсасып халықты Хақ жолынан тайдырма! – Халық хақ жолынан таймаған, жазықсыздың жанын алып дарға асу бұл далада болмаған пәтуа. Шарифат пен дала заңын шатастырма. Құдай берген жанды Құдай ғана ала алады»* қазақ діні мен дінінде жазылмаған дәстүрлердің толық көрініс табуы – дініміз ислам екендігін және ол қазақтың дәстүрімен етене араласқандығын көрсетеді. Дала заңы мен шарифат заңын кино туындыда берілуі дұрыс деп ойлаймыз. Ал пышақтың қырымен тұрып қалуы, айға қарап дұға тілеу секілді ырым-тиымдардың болуы да заңдылық. Себебі тарихымыз дін мен ділге берік ұстанған халық екендігімізді көрсетеді.

Режиссер Мұрат Бидосовтың шығармасы азаттық күресінің үні болғандықтан, кино лексикасында қару-жарақтардың барынша кең қамтылуы – заңды құбылыс. Мәселен, *жалаң шоқпар, зеңбірек, садақ, қорамсақ, қылыш, жебе, мылтық.* Жалпы қару-жарақтар – ұлттық мәдениеттің көрсеткішінің бір бөлшегі. Сондықтан кино туынды лексикасындағы әлеуметтік жіктелістер, ұрыс-соғысқа байланысты жауынгерлік лексиканың жиі кездесу заңды.

*«Атқа салдым ерімді, Бермедім жауға жерімді, Аттым мылтық бесатар Дұшпанды қырдым көп қатар. Қанша дұшпан қырсам да, Қияметте таң атар, Ақжан сұлу ерді зой. Құдай маған берді зой. Үш жыл бұрын көрген түс Айнымай бүгін келді зой. Тістеумен өттім тілімді Бермедім жауға елімді Ел ішінен жау шығып, Сындырдың Алла белімді»* деп рух кейпінде сөйлеген Кейкі мергеннің сөзін толық нұсқасын келдірдік. Бұл режиссер Мұрат Бидосовтың кесектігін айқын дәлелдейді. Бұл, әрине, Кейкі батырдың таргедиясы болатын.

Режиссер Кейкі мергеннің ұстанған тұлғалық, батырлық, азаматтық қағидасының барлық көріністерін фильмде анық бейнелейді. Себебі дәл осы фильмде ол суреткер ретінде нағыз күрескерлік мінез танытады. Мұнда да кеңестік идеологияның жеңіс табуымен аяқталса да, сол идеологияға ұлттық дүниетанымды, ұлттық болмысты қаймықпай қарсы қояды. Фильм сыртқы идеологияның әсерімен халықтың өмір сүру салтындағы, дүниетанымындағы тағы бір өзгерістердің басталу кезеңін бейнелейді

### **Үшінші тарау бойынша тұжырым**

Отандық телевизия тарихындағы контенттің қалыптасу кезеңдеріне тоқтап, оның тарихи тұстарын айқындайды. Телевизиялық контент, соның ішінде ұлттық контент және оның құрамы, негіздері зерттеліп, қазіргі телевизия – кино саласының мәселелерін ашып айтамыз.

Экрандалған ақпарат көрермен әрі тыңдармаға ауызша, дыбыстау, бейнекөріністер арқылы синтезді түрде беріледі. Сол себепті де теледидарда да кино тіліне мән берілу тиіс. Кинофильм мәтіні диалогтардан, кадрлардан тыс комментарийлерден тұрады. Кино сценарий авторларына сөздің орын тәртібін, эмфазасын, интонациясын, қажетті сөздерді синтаксистік позициясына сәйкес таңдай білу қажет. Себебі мәтін интонациясы мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Бұл ақпараттық код адресаттың мәтін мазмұнын түсінуге, дыбыс қабылдауға бағыт-бағдар береді. Мәтіннің мазмұны мен интонациялық бедер, реңктер үйлесіп жатады. Сөйтіп, мәтіннің сөз мазмұны мен мәтін интонациясының мазмұны тұтасып, бүтін бірлікке айналады.

Кинодискурсының ұлттық-мәдени құрылымы мәселесіне байланысты кез келген үдеріс секілді коммуникация белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтуі өзіндік құрылыммен ерекшеленеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақтілді медиакеңістіктің, әлеуметтік желінің, кино тілінің түрлі құрылымдарында көрініс тапқан норма мен узус мәселелерді теориялық тұрғыдан зерттеу төмендегідей қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі әлемнің жаһандық үдерістерінің ғылымның интеграциялануына алып келуі тілдің қоғаммен етене араласуы тілдің әлеуметтік сипатының өзектілігін дәйектейді. ХХІ ғасырдағы зерттеулердің нысанына тілдің тазалығы, сөз мәдениетінің әлсіреуі, қате қолданыстардың актив түрінде пайдалана келе ол дағдыға айналуы, яғни узустық қолданыстардың санының артуы тіл мәселесі ретінде алынуының себебі де осы. Сондықтан тіл білімі мен тіл тазалығы тоғысында пайда болған әлеуметтік лингвистика бағытының бүгінгі маңыздылығы уақыт талабымен өзектеледі.

Тілдің өміршеңдігі сол тілді қолданушылардың әлемінде өмір сүруімен өлшенеді және сол тілді қоғам өмірімен байланыстырмай зерттеу тірі тілді өлі тілге айналдыратыны анық. Сондықтан қазіргі тілдің жай-күйін осы уақыттың құбылыстарымен, қоғам тіршілігінің жалпы жағдайларымен байланыстыра зерттеу мақсатында зерттеу нысанына қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желі және кино индустриясы алынды. Себебі бүгінгі қоғамның тілдік ортасы – медиакеңістік.

Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің қоғамға деструктивті ықпалы үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Медиакеңістіктегі бұл проблемалар адамдардың жаңа құбылыстар мен қатерлерге иммунитетін қалыптастыруын, медиа қоғамдастықтардың медиадағы үдерістерді жан-жақты зерделеуін қажетсінеді.

Бұл ретте коммуникативтік, мәтіндік, ақпараттық орта секілді күрделі құбылыстардың қазіргі тәжірибе алаңында дұрыс-бұрыс сипатын бекіту және олардың көптеген мәтіндік хабарламаларды қолданатын, жалпыға ортақ диалог контекстінде өмір сүретін адресаттардың санасына әсер етуін қарастыру мәселесі алға шығады. Елдің әлеуметтік-мәдени кеңістігіне енетін адамның азаматтық санасының дамуына оң жағдай туғызатын ақпараттық тепе-теңдікті анықтау мақсатында телеарналардың қазақтілді жаңалықтар бөліміне жүргізілген лингвоэкологиялық мониторинг телеарналарда негативті ақпараттың басым екенін дәлелдеді.

Зерттеу материалдары қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желі мен кино индустриясы салаларында узустық қолданыстардың жиі орын алуы себеп болып отыр.

Тіл дамиды, оны дамытатын – жеке адам. Жеке адам жүйедегі құралдарды икемдеп, басқа мағынада жұмсап, жаңа өң беріп қолданады. Бұның өзі кейде кемшілік, кейде артықшылық болып шығады. Кемшілік



болатыны – кейбір жеке қолданыстар көпшіліктен қолдау таппай, заңдылыққа айнала алмай, тіл жүйесіне ене алмай, сол қолданылған жерде қалады. Артықшылық болатыны – тілдің жеке адамдардың шығармашылығы арқылы дамуы. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды», – дейді А.Байтұрсынұлы. Ғалымның «Тілдің міндеті ... жараяу» дегені – тілдің (жүйенің) ішкі мүмкіндігі (потенциалы) шексіз дегені. Ал «жұмсай білетін адамы болса» дегені – тілді сөйлеу (речь) арқылы дамытатын жеке адам дегені. Осы бір қысқа ғана тұжырымда әлемге танымал тілші ғалымдардың ғасырлар бойы зерттеп, дәлелдеп, бірақ әрқайсысы әртүрлі атап келген (Ф.де Соссюр – язык и речь; Л.Ельмслев – схема и узус; Н.Хомский – компентация и употребление) тіл мен сөйлеудің арақатынасы анық, дәл көрсеткен.

Тіл – мемлекет заңдары сияқты қатаң нормаға бағынады. Норманы белгілейтін, кейде қалыптастыратын да тілші мамандар. Лингвистер тіл заңдылықтарына, тілдік дәстүрге, тілдік құралдардың әдеби нормаға сай қолданылуына, фонетикаға, грамматикаға, стилистикаға сүйене отырып, норманың бұзылуын бірден байқайды. Тілдік норма сөздіктер (түсіндірме, орфография, орфоэпия) түрінде, грамматикалық және орфографиялық ерекшеліктер түрінде сақталуы тиіс.

Сөйлеу – сөз қолданыс, айтылым, жазу кезінде, шындығында, әдеби тіл нормаларына сүйенетіндігі, соған бағынатындығы рас. Бірақ норма сол сөйлеу кезінде ғана бұзылады. Өйткені тіл жалпыға ортақ, сөйлеу жеке адамға тән. Сондықтан сөйлеу норманы үнемі жаңартып отырады. Бұл тілді дамытудың кілті. Егер норма норма деп қатып отырсақ, онда тіліміз дамымас еді. Сөйлеуде нормадан гөрі екеуара түсіністік маңызды.

Сөйлеу кезінде сөйлеушінің мақсатына қарай тіл жүйесіндегі морфологиялық құралдар, синтаксистік құрылымдар, лексикалық бірліктер берілетін мағынаны айқындау үшін бірігіп қозғалысқа түседі. Өмірдегі құбылыстың бәрі тілден өз көрінісін табады. Егер шынайы құбылыс тілде әлі көрініс таппаған, бейнеленбеген болса, оны «адамы табылып» тілге енгізеді. Сөйтіп, белгілі бір мағынаны беру үшін әлгі адам жұмсаған, бірақ бұрын тілде жоқ элемент (құрылым) тыңдаушыға жатық болса, жүйеден орын табады. Тіл мен сөйлеудің біріне-бірі негізделетіні, бірінің дамуына бірі негіз болатыны осыдан көрінеді.

Қазіргі коммуникация тәжірибесінде норма мен узустың орын алу себептері әлеуметтік лингвистиканың сөйлеу формалары бойынша айқындалады; қарым-қатынастың ауызша түрінде ойлау мен ойды тіл арқылы жарыққа шығару сәтінің бір уақытта жүзеге асырылуына байланысты узустық қолданыстарды пайдалану ықтималдығы жоғары анықталды.

Ақпараттық технологияның прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленетін жаһандық платформалар аясында қазақ тілді әлеуметтік желі жүйесіндегі мәтін мазмұны сарапталды. *Facebook*, *Whatsapp* желілеріндегі узустық қолданыстар анықталды.

Кино тілінде қолданылатын әр алуан әдеби лексикалық бірліктер қабылдаушы топтың лексикасына әсер етіп, тілдік сипатын қалыптастырады, олардың сөздік қоры мен құрамын толықтырады. Тарихи кинолар арқылы қазіргі көрерменге норма көрсетілді, ал қазіргі түсіріліп жүрген кино тілінен узустық қолданыстар анықталды. Кинодағы вербалдық және бейвербалдық лебіздердің ерекшеліктері де анықталды.

Зерттеу жұмысында тілдік материалдардың жалпы саны – 2000-нан астам бірлік алынды. Бұқаралық ақпарат құралдарынан жинақталған материал (950-ден астам), 500-ден астам әлеуметтік желі мәтіндері, кинокурс мәтіндерінен (400-ден астам) тілдік бірлік, эксперимент материалдары (200-ге жуық).

Өткізілген эксперимент жұмысы қазіргі коммуниканттардың сөз дұрыстығына мән беретіндігі және коммуникацияға түсетіндердің тіл тазалығын сақтауға мән беретін – қазақтілді ортаның артуы дәлелдеді.



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. Алматы: Жазушы, 1992. -292 б.
3. Гузеев Ж.М. Проблематика словника толковых словарей тюрских языков. – Нальчик: Элбрус, 1984. – 158 с.
4. Ступин Л.П. Проблема нормативности в истории английской и американской лексикографии. Ленинград, 1979
5. Ицкович В.А. Норма и ее кодификация// Актуальные проблемы культуры речи/Сб.ст. – Москва, 1970. С. 9-39
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
8. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы, 2004. – 536 б.
9. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989. – 88 б.
10. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 182 б.
11. Крысин «Современный русский язык: Система – норма – узус». –Москва, 1998
- 12.Косериу Е. Новое в лингвистике /ред. В. А. Звегинцев. – Москва : Изд-во иностр. лит., 1963. – 569 с.
13. Латишев Л.К. Технология перевода: Учеб.пособие для студ. лингв. Вузов и фак. /Лев Константинович Латышев М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 320с.
14. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. – 220 б.
15. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А.Словарь-справочник лингвистических терминов. – М.: Просвещение, 1985. – 399 с.
16. Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В.И. Ярцевой. – М., 2002. – 707 с.
- 17.Ерофеева Е.В., Кудлаева А.Н. К вопросу о соотношении понятий текст и дискурс // Проблемы социо и психолингвистики: Сб. ст. / Отв. ред. Т.И. Ерофеева – Пермь, Перм. ун-т, 2003. – 28-36 с.
- 18.Горбачевич К.С. Нормы современного русского языка. – Москва: Просвещение, 1978. – 240 с.
19. Ожегов С.И. Очередные вопросы культуры речи // Лексикология. Лексикография. Культура речи. – Москва, 1974. – С. 259-260.
20. Алдаш А. Тілдік норма және әдеби норма мәселелері: ортологиялық талдау//Turkic Studies Journal №2, 2021
21. Караулов Ю.Н. Русский язык. Энциклопедия. – Москва: Дрофа, 1997. – 721 с.
22. Yaman E. Türkiye Türkçesinde Güncel Söyleyiş Sorunları ve Dil Yanlılıkları / Türk Dili Dergisi. – Ankara, 2013. – 67-73 s.

23. Kurmanova, B., Utegenova, A., Sultaniyazova, I., Khassanov, G., Almagambetova, N., & Abdigazi, S. (2023). Multilingual practices in the students microcommunity. *International Journal of Society, Culture and Language*, 11(1), 146-159. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.1978443.2862>
24. Sadirova, K., & Nauryzbaikyzy, G. (2023). National features of family discourse: A comparison of Kazakh, Russian, and English Languages. *International Journal of Society, Culture and Language*, 11(1), 61-75. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.563424.2793>
25. Kurmanbekova, Z., Sarekenova, K., Oner, M., Malikov, K., & Shokabayeva, S. (2023). A linguistic analysis of social network communication. *International Journal of Society, Culture and Language*, 11(1), 119-132. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1972010.2824>
26. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). *Көптомдық шығармалар жинағы*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 292 б.
27. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
28. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 352 б.
29. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
30. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
31. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания (оқу құралы). – Алматы: Арыс. 2008. – 472 б.
32. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Павлодар: ПМУ, 2010. – 132 б.
33. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 258 б.
34. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі: лексикология. оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2008. 1-бөлім. – 101 б.
35. Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1992. – 143 б.
36. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1995. – 113 б.
37. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филология ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация // Алматы, 2007
38. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 б.
39. Әміржанова Н.С., Үркінбаев С.Ж. Эколингвистиканың негізгі аспектілері // ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2017. – №3(61). – Б. 23-27.
40. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
41. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
42. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, Қазақстан, 1971. – 152 б.

43. Абдрахманова Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер прагматикасы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2013
44. Сыздықова Р. Сөз сазы. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2014. -296 б.
45. Алдаш А. Тілдік норма және әдеби норма мәселелері: ортологиялық талдау//Turkic Studies Journal №2, 2021
46. Жұбаева О. Сөз киесі <https://qazradio.fm/shalqarfm/kz/programs/64/>
47. Сөзтүзер (Қате қолданыстар сөздігі) Ш. Құрманбайұлы, Ж. Жақыпов, Т.Ермекова, О. Жұбаева, Б. Сүйерқұл, Н. Қожабек, А. Әлменбет) – Нұр-Сұлтан, 2021. – 402 б.
48. “Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы” Заң//ЕгеменҚазақстан, 1991. 21 тамыз.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000865>
49. Истрате П. Лингвистические и риторические особенности спортивного репортажа как жанра СМИ (на материале футбольного репортажа): автореф. ...канд.филол.наук: 10.02.01. – Москва: Гос.ин-т рус.яз. им. А.С.Пушкина, 2006. -22 с.
50. Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі. «Хабар» телеарнасының қорытынды жаңалықтары бойынша. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2010. -120 б.
51. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде. – Алматы: 2007. -450 б.
52. Шваб К. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 200 б.
53. Кириллова Н.Б. Медиакультура как объект исследования // Известия Уральского государственного университета. – 2005. – №35. – С. 63-74.
54. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) // [https://kk.wikipedia.org/wiki/Бұқаралық\\_ақпарат\\_құралдары](https://kk.wikipedia.org/wiki/Бұқаралық_ақпарат_құралдары). 09.09.2018.
55. Монастырева О.В. Медиапространство: обзор представлений и подходов к пониманию // Вестник АМГУ. – 2013. – №50. – С. 1-6.
56. Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб: Изд-во «Искусство СПб», 2003. – 621 с.
57. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
58. Құрманбайұлы Ш. Жаһандану жағдайындағы ұлттық тіл // Ұлы дала тұлғалары: академик Рәбиға Сыздық және қазақ сөзінің күдіреті: халықаралық ғыл-теор. конф. – Алматы, 2019. – 84-90 бб.
59. Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі. – Алматы: Тарпанбаева А.Ш., 2023. – 496 б.
60. Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. Алматы: Қазақ унив-ті, 2011. -141 б.
61. Даулеткереева Н.Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні (2007-2009 жж.) филол. ғылм.канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010. -183 б.

62. Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи: из наблюдений над речевой практикой масс-медиа. – М., 1994. – 247 с.
63. Вепрева И.Т. Языковая рефлексия в постсоветскую эпоху. –Екатеринбург: Изд-во Урал. Ун-та, 2002. – 1379 с.
64. Мәдиева Г.Б., Әлиакбарова А.Т. Қазіргі қазақ есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2018. – №3(171). – Б. 137-145.
65. Жампеисова Ж. «Ақ» - «қара» концепті: оппозициясы мен қызметі. Фил.ғыл.канд....дисс. –Алматы, 2007. -138 б.
66. Абитиярова А.А. Сөз саптау үдерісіндегі кателер (әлеуметтік лингвистикалық сипаты). Филолол.ғыл.канд. ғыл.дәрежесін алу үшін дисс. Алматы, 2010
67. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері: монография. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 638 б.
- 68.[https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/)
69. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. Алматы, 1997 – 320 б.
70. Сыздықова Р. Қазақ тілі жайында анықтағыш. - Алматы, 2004.
- 71.Жиёмбай М. Қасым-Жомарт Тоқаев XVI Еуразиялық медиа форум қатысушыларына құттықтау жолдады // <http://lenta.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-xvi-euraziyalik-media-forum-katysushylaryna-kuttyktau>. 28.05.2018.
72. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Филология ғыл. докторы дәр.алу үшін дисс. –Алматы, 2003
73. Жумагулова А. Қазақтілді медиакеңістіктің лингвоэкологиясы: теориялық-әдістемелік негіздері. Философия докторы дәр.алу үшін дисс. – Нұр-сұлтан, 2021
74. Шаховский В.И., Солодовникова Н.Г. Лингвоэкология: объект, предмет и задачи // <http://uapryal.com.ua/training/shahovskiyv-i.23.12.2017>.
75. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 637 б.
76. Рябов В.Н. Необычные слова и формы слов как отражение особенностей художественного текста//Язык. Текст. Дискурс. Выпуск 10. С. 15-25
- 77.Матусевич А.А. Общение в социальных сетах: прагматический, коммуникативный, лингвостилистический аспекты характеристики. - Москва, 2016. – 190 с.
- 78.Горошко Е. И. Современная интернет-коммуникация: структура и основные параметры // Интернет-коммуникация как новая речевая формация: коллективная монография / Наука, 2012. 328 с.
- 79.Виноградова Т.Ю. Специфика общения в интернете / Т.Ю.Виноградова // Русская и сопоставительная филология: лингвокультурологический аспект. – Казань, 2009. – С. 63 — 67.

80. Вахрамова Е.Н., Кузнецова Н.В. К вопросу о лингвистических перспективах неологизмов социальных сетей // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2009. № 6. С. 270-275.
81. Муравьев Н.А. Неологизмы в социальной сети Фейсбук Н.А. Муравьев // Диалог -2014: Междунар. конф. по компьютерной лингвистике <http://www.dialog21.ru/dialog2014/presentations/Muravyev.pdf>.
82. Holodkovskaya E.V. Osobennosti sintaksisa angloyazychnogo internet-kommentariya social'noj seti Facebook // Vestnik Volgog. gos. un-ta. Ser. 2: Yazykoznanie. 2018. № 1. S. 79–83
83. Ivanova O.V. Osobennosti inoyazychnoj kommunikacii v social'nyh setyah // Yazyki. Kul'tury. Etnosy. Formirovanie yazykovoj kartiny mira: f logicheskiy i metodicheskiy aspektu. 2017. T 1. № 1. S. 240–247
84. Берестнев Г.И. О новой «реальности языкознания». - Москва, 1996
85. Arnol'd I.V. Leksikologiya sovremennogo anglijskogo yazyka: ucheb. posobie. 2-e izd., pererab. M.: FLINTA: Nauka, 2017
86. Исаева Е.В. Модели метафоры в дискурсе компьютерной безопасности. - Автореферат, диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Пермь, 2013. С.20
87. Teterleva E.V., Portnova I.V. Grammaticheskie osobennosti angloyazychnyh kommentarijev v social'-noj seti Instagram // Problemy romano-germanskoj filologii, pedagogiki i metodiki prepodavaniya inostrannyh yazykov. 2018. № 14. S. 91–94
88. Садирова К.Қ. Интернет желісіндегі қазақ тілінің ерекшеліктері // Дискурсология мәселелері. Монография. – «Колибри» баспасы, 2019 жыл. 71-78 бб.
89. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.
90. Смағұлова Г. Сөйлеу мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Абай институтының Хабаршысы. – 2011. – №4(10). – Б. 67-71.
91. Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 3 қаңтардағы № 187-VII ҚРЗ [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakstanda-kogamdyik-oryinda-byilapyit-soz-aytkandarga-347024/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-kogamdyik-oryinda-byilapyit-soz-aytkandarga-347024/)
92. Бахтин М. М. Проблема речевых жанров // Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества: сб. ст. / сост. С.Г. Бочаров. Изд-е 2-е. -М.: Искусство, 1986. - С. 250-296.
93. Вакурова Н. В., Московкин Л. И. Типология жанров современной экранной продукции [Электронный ресурс]. URL: [http://leomosk.narod.ru/works/GANRE\\_I.htm](http://leomosk.narod.ru/works/GANRE_I.htm) (дата обращения: 26.01.2015)
94. Нұрмышева Ш. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты. Фил.ғыл.канд...дисс. –Алматы, 2010
95. Құралов О. Біз қалай сөйлейміз? Алматы, 2021.
96. Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвопоэтикасы. Филология ғыл. док. ғыл. дәр.дисс. - Алматы, 2010. - 40 б.



- 97.Тымболова А. Дискурс аясындағы драматургиялық мәтін//ҚазҰУ хабаршысы Филология сериясы, 2007. - № 6
- 97.Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009.- 235 б.
98. Бакеева М. Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары. Режиссура. Филос.док. дәрежесін алу үшін дай. Дисс. Алматы, 2020
99. Тоқаев Қ. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-kazak-tl-maselesn-sheshudn-tort-jolyin-ayttyi-406391/)
100. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат//KazInform сайты. –Астана, 2021 жылдың 5 қаңтары.
- 101.[https://www.inform.kz/kz/keyki-mergen-teleserialy-tauelsizdik-kuni-merekesinde-korermente-zhol-tartpak\\_a3288878](https://www.inform.kz/kz/keyki-mergen-teleserialy-tauelsizdik-kuni-merekesinde-korermente-zhol-tartpak_a3288878)
102. «Кейкі мерген» <https://www.youtube.com/watch?v=Jy1zwI9n6ds>
- 103.Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.
- 104.Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. Зерттеулер, мақалалар жинағы. – Астана, 2017. -451б
- 105.Алимбаев Н.О. О механизмах реализации отношений собственности в кочевом обществе//Маргуланские чтения. Сборник материалов конференции. Алма-Ата, 1992. С.13-19
- 106.Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.К., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005
107. «Сарай сыры» көркемтуынды. - URL: <https://qazaqstan.tv/serials/saray-syry/>
108. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. 1 том. Алматы: Ел-шежіре., 2014.-384 б.
109. Салқынбай А. Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі. Алматы: Қазақ университеті, 2010. -206 б.
- 110.Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2014. -296 б.
- 111.Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Арыс, 2004.-238 б.
- 112.Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2014. -296 б.
113. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: қазақтың психологиялық ой-пікірлері. – Алматы: Таймас, 2006. -10 т. -480 б.
114. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хантә баспасы, 1997. -1 т. -592 б.
115. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Эверо, 2008. -464 б.
- 116.Аллан Пиз. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестам, 2007. 272 с].

117. Құлбаев А.Б. Сахнадағы сымбаттылық. – Алматы: Қазақ университеті. - 374 б.
118. Сығай Ә. Сахна саңлақтары. – Алматы: Жалын, 1998. – 512 б.
119. Сейсенова А.Д. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау. Филол.ғыл.канд.ғыл.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2012-121 б.
120. Зекенова Ш.З. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативті сипаты. Филол.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация. Алматы, 2010.
121. Горелов И.Н. Невербальные компоненты коммуникации. – Москва: Наука, 1980. -104 с.
122. Абаған А. Киномәтін және кинодискурс ұғымдары: құрылымы мен түрлері//Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы Филология сериясы, 2016.№4 6-11 бб.
123. Ешимов П. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар: қол қимылдарының семантикасы. //ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2014 №3. 91-96 б
124. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. Алматы, 2014.
125. Тұранқұлова Д. Сахна тілі: оқулық. – Алматы: Білім. 2016. – 216 б.
- 126.Формановская Н.И. Употребление русского речевого этикета. –Москва: Русский язык, 1982. -193 с.
- 127.Момынова Б.Қ., Бейсембаева С.Б. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.
128. Татубаев С. Жесты как компонент искусства. – Алматы: Казахстан, 1979. – 110 с.
129. Жаманқұлов Т. Шешендік өнердің ұлттық театрды дамытудағы орны: өнер. ғыл.канд. ...диссертация. –Алматы, 2009
130. Назгүл Қожабектің “Калькасыз қазақ тілі” телеграмм каналынан алынған <https://t.me/kalkastop>
131. Жұбаева О.С. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі. Доктор ғыл.дәр. алу үшін диссерт. – Алматы, 2010.
132. Рсалиева Н.М. Біз қала сөйлеп жүрміз? «Ақиқат» журналы, 29 желтоқсан 2020 <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11329>
133. Астана тіл сақшысы <https://vk.com/public180195542> (25.03.2019 - 22.04.2019)
134. Қапалбек Б. Тіл, норма және сөйлеу. «Тілтаным» 2013. №1, Алматы.
135. Құрманбайұлы Ш. Бақ және тіл мәдениеті. Алматы, 2015

## Сауалнама

1. Жынысыңызды белгілеңіз  
Ер/Әйел
2. Жасыңызды белгілеңіз
  - 14-35
  - 35-55
  - 55-тен жоғары
3. Біліміңіз туралы ақпарат
  - Жалпы орта мектепті аяқтағанмын/орташа кәсіби/жоғары
  - Бакалавриат/магистратура/аспирантура
  - Докторантура/резентура
  - Басқа
4. Сіз өзіңізді сауатты адамдардың қатарынан көресіз бе?
  - Мен өте сауатты жазамын, қателеспеуге тырысамын
  - Мен сауатты жазамын, кейде қате жіберемін
  - Сауаттылық деңгейім төмен, арасында қате жіберемін
  - Көп қате жіберемін
5. Сіз өзге адамның жазуында немесе сөйлеуінде қателіктерін қаншалықты байқайсыз?
  - Жиі
  - Кейде ғана
  - Мүлдем байқамаймын
  - Басқасы
6. Сөйлеу кезінде немесе жазу кезінде қатесін байқасаңыз ашуыңыз келе ме?
  - *Ашу шақырады*
  - *Мән бермеймін*
  - Басқасы
7. Нақтырақ қандай қателіктерін байқаған жағдайда ашуланасыз? (бірнешеуін таңдасаңыз болады)
  - Емле/орфоэпиялық және фонетикалық қателер
  - Тіл жүйесінің морфологиясы мен жалпы грамматикасын түсінбеуі
  - Лексика/сөз мағынасына
  - Екпіннің дұрыс қойылмауы/жергілікті тіл ерекшеліктерін жиі қолдануы
  - Сленг, жаргон сөздерді көп қолдануы
  - Шет тілден енген сөздерді жиі қолданса
7. Сөйлеу мен жазуда тілдің нормаларын сақтауы, тіл мәдениетін дұрыс пайдалану Сіз үшін қаншалықты маңызды?
  - Мен үшін өте маңызды
  - Бейжай қарамаймын
  - Мен үшін тіпті маңызды емес
8. Сіз тіліміздің нормаларын сақтамай сөйлеген адамды білімді, сауатты деп ойлайсыз ба?
  - Иә
  - Жоқ
  - Білмеймін

9. Сіз үшін қазақ тілінің грамматикасы тіпті қиын деп есептейсіз бе?

- Иә
- Жоқ
- Басқасы

10. Төмендегі қай ұстанымды қолдайсыз?

- Қазақ тілінің ережелерін өзгерте бермесе екен
- Тіл дамып отырады, сондықтан жаңа сөздерді өзіміздің табиғатымызға сәйкес қабылдасақ екен
- Латын әліпбиіне жылдамдатып көшуді қолдаймыз.

11. Бірінші ұстанымды не үшін таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?

12. Екінші ұстанымды қандай себеппен таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?

13. Үшінші ұстанымды не үшін таңдадыңыз? Пікіріңізді өз сөзіңізбен толықтырып жіберсеңіз?

14. Тіліміздің ережелерін бұзып сөйлесек немесе жазсақ, ол қазақ тілінің болашағына әсер ете ме?

- Иә, .....
- Жоқ, .....
- Басқасы

15. Бір сөздің бірнеше вариантының болуы және оны әртүрлі етіп жазуына қалай қарайсыз?

- Тіл қолданушылар үшін тиімдірек болады.
- Қазақ тілінің сөздік қоры өте көп.
- Ережелерді білмегендігімізден шығатын мәселе деп білемін.
- Тұрақты норма болса, сол қағидаттармен жүргеніміз абзал.

16. Мына сөздің қайсысы құлағыңызға жағымды естіледі:

- Ағымдағы жылғы 26 желтоқсан – осы жылғы 26 желтоқсан
- Серік, мен саған бір нәрсе айтуым керекпін – Серік, саған бір нәрсе айтуым керек
- Жақсы сөз айтумен бастайық, Қайреке! – Жақсы сөз айтудан бастайық, Қайреке

17. Мына сөздердің қайсысы тіліміздің нормасына сәйкес келіп тұр:

- *Автобустан шығу – Автобустан түсу*
- *Автобусқа отыру – автобусқа міну*
- *Айландыру – айналдыру*
- *Алдыға – алға*

18. Сіз БАҚ-тағы тілдік қателіктерді байқайсыз ба: газет мақалаларында, тележүргізушілердің сөйлеуінде және т. б.?

19. Мына сөздердің қайсысы «дұрыс», «бұрыс» деп ойлайсыз?

- *Отбасы, жанұя*
- *Қоқыс, қоқыстар*
- *Құба құп, құба-құп*
- *Премимальный, сыйақы*

20. Кез келген жердегі жарнамаларды көргенде қатесіне назар аударасыз ба?